



Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Иран Ислам Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісімді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 24 желтоқсандағы № 147-VIII ҚРЗ.

2023 жылғы 25 желтоқсанда Санкт-Петербургте жасалған Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Иран Ислам Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісім ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ

Бейресми аударма

Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Иран Ислам Республикасы арасындағы еркін сауда туралы КЕЛІСІМ

КІРІСПЕ

Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі "ЕАЭО" деп аталады) пен Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы (бұдан әрі "ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер" деп аталады) және екінші тараптан Иран Ислам Республикасы (бұдан әрі "Иран" деп аталады) (бұдан әрі "Тараптар" деп аталады):

Тараптар арасындағы бұрыннан қалыптасқан достық қарым-қатынастарды және дәстүрлі жан-жақты ынтымақтастықты нығайтудың маңызды екенін **ТҮСІНЕ ОТЫРЫП;**

өздері арасындағы сауда-экономикалық қатынастарды дамыту үшін, сондай-ақ Тараптар арасында өзара мүддені білдіретін салалардағы экономикалық ынтымақтастықты дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауды **ҚАЛАЙ ОТЫРЫП;**

2018 жылғы 17 мамырдағы Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Иран Ислам Республикасы арасындағы еркін сауда аймағын құруға алып келетін уақытша келісімге сәйкес бұрын белгіленген преференциялық сауда қатынастарына **СҮЙЕНЕ ОТЫРЫП;**

сауданы одан әрі дамыту және экономикалық ынтымақтастыққа жәрдемдесу және бизнес үшін осы Келісімде көзделген мүмкіндіктерді кеңейту қажеттігін **МОЙЫНДАЙ ОТЫРЫП;**

Тараптар арасындағы өзара қарым-қатынасты өзара сенім, сауда рәсімдерінің транспаренттілігі мен оңайлатылуы негізінде дамытуға одан әрі жәрдемдесу қажет екенін **АТАП КӨРСЕТЕ ОТЫРЫП;**

өздерінің Дүниежүзілік сауда ұйымына тезірек кіруін қолдайтынын растай отырып және ЕАЭО мен оған мүше мемлекеттердің (қазіргі уақытта Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшелері болып табылмайтын) және Иранның Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелігі олардың көпжақты сауда жүйесіне интеграциялануын тереңдету үшін қолайлы жағдайлар жасайтынын және Тараптар арасындағы ынтымақтастық деңгейін арттыратынын **МОЙЫНДАЙ ОТЫРЫП**;

төмендегілер туралы **УАҒДАЛАСТЫ**:

1-ТАРАУ. ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ БРЕЖЕЛЕР

1.1-бап

Жалпы анықтамалар

Егер өзгеше көзделмесе, осы Келісімнің мақсаттары үшін:

(a) "кеден органдары" - ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің немесе Иранның кеден органы немесе кеден органдары;

(b) "күндер" - демалыс және мереке күндерін қоса алғанда, күнтізбелік күндер;

(c) "декларант" - кедендік мақсаттар үшін тауарларды декларациялайтын немесе өзінің атынан тауарлар декларацияланатын тұлға;

(d) "Еуразиялық экономикалық комиссия" - 2014 жылғы мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа (бұдан әрі "Одақ туралы шарт" деп аталады) сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың тұрақты жұмыс істейтін реттеуші органы;

(e) "Үйлестірілген жүйе" немесе "ҮЖ" - Тараптардың өздерінің тиісті заңнамаларын және нормативтік актілерін қабылдауы мен қолдануы бөлігінде 1983 жылғы 14 маусымдағы Тауарларды сипаттау мен кодтаудың үйлестірілген жүйесі туралы халықаралық конвенция құрған Тауарларды сипаттау мен кодтаудың үйлестірілген жүйесі;

(f) "заңнамалық және басқа да нормативтік актілер" - кез келген заң немесе кез келген басқа нормативтік құқықтық акт;

(g) "шара" - Тараптың заң, нормативтік акт, қағида, рәсім, шешім, әкімшілік іс-қимыл, қалыптасқан практика нысанындағы немесе кез келген өзге де нысандағы кез келген шарасы;

(h) "шығу тегі" - осы Келісімнің 6-тарауында белгіленген шығу тегі қағидаларына сәйкес келетін;

(i) "Тараптар" - бір тараптан Одақ туралы шарттан туындайтын өзінің тиісті құзыреті шеңберінде бірлесіп немесе жеке жұмыс істейтін ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер мен ЕАЭО және екінші тараптан Иран;

(j) "Тарап" - не Одақ туралы шарттан туындайтын өзінің тиісті құзыреті шеңберінде бірлесіп немесе жеке жұмыс істейтін ЕАЭО-ға мүше мемлекет пен ЕАЭО немесе Иран;

(k) "тұлға" - жеке немесе заңды тұлға.

1.2-бап

Сауданы ырықтандыру және еркін сауда аймағын қалыптастыру

Осы құжатпен Тараптар халықаралық қағидаларға, стандарттар мен практикаларға сәйкес еркін сауда аймағын құрады¹.

¹Осы Келісімнің Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болып табылатын Тараптары үшін "халықаралық қағидалар, стандарттар және практикалар" деп ДСҰ туралы келісімнің тиісті ережелері, атап айтқанда, 1994 жылғы Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісімнің XXIV бабы түсініледі.

1.3-бап

Мақсаттар

Осы Келісімнің мақсаттары:

(a) Тараптар арасындағы тауарлар саудасын, *inter alia*, осы Келісімнің ережелеріне сәйкес тарифтік және тарифтік емес кедергілерді азайту немесе жою арқылы ырықтандыру және оңайлату;

(b) Тараптар арасындағы өзара экономикалық және сауда іс-қимылын қолдау;

(c) Тараптар арасындағы сауданы кеңейту мен әртараптандыруды көтермелеу;

(d) осы Келісіммен қамтылатын салаларда барынша тығыз ынтымақтастықты нығайту және Тараптар арасындағы өзара іс-қимылды жеңілдету болып табылады.

1.4-бап

Өзге халықаралық шарттармен арақатынасы

1. Осы Келісім Тараптардың өздері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттемелеріне қатысты нұқсан келтірілместен қолданылады.

2. Осы Келісімнің 6.7-бабының ережелеріне нұқсан келтірместен, осы Келісімнің ережелері ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің арасында да, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер мен ЕАЭО арасында да қолданылмайды, сондай-ақ ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер тек бір-біріне ғана ұсынатын құқықтар мен артықшылықтарды Иранға ұсынбайды.

1.5-бап

Бірлескен комитет

1. Тараптар осы арқылы Бірлескен комитет құрады, ол әрбір Тараптың өкілдерінен тұрады және оның тең төрағалары - біреуі ЕАЭО мен оған мүше мемлекеттерден, екіншісі Ираннан келген екі өкіл болып табылады. Тараптардың өздері осы мақсат үшін уәкілеттік берген жоғары лауазымды адамдар тараптардың атынан өкілдік етеді.

2. Бірлескен комитет мынадай функцияларды жүзеге асырады:

(a) осы Келісімнің қолданысы мен оны қолдануға байланысты кез келген мәселелерді қарау;

(b) осы Келісімге сәйкес құрылған немесе осы баптың 3-тармағына сәйкес Бірлескен комитеттің қалауы бойынша құрылған барлық кіші комитеттердің, жұмыс топтары мен басқа да органдардың жұмысына қатысты бақылауды жүзеге асыру;

(с) Тараптар арасындағы өзара сауда қатынастарын одан әрі дамыту жөніндегі мүмкіндіктерді қарастыру;

(d) осы Келісімге кез келген түзетулер туралы Тараптарға ұсынымдарды қарау және дайындау;

(е) Тараптардың уағдаластығына сәйкес осы Келісім шеңберіндегі кез келген мәселе бойынша басқа да іс-қимылдарды орындау.

3. Бірлескен комитет өз функцияларын орындау мақсатында қосалқы органдарды, оның ішінде *ad hoc* органдарын құра алады және оларға нақты мәселелер бойынша міндеттерді орындауды тапсыра алады. Бірлескен комитет қажет болған кезде, өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша үшінші тұлғалардың немесе топтардың пікірін сұрата алады.

4. Егер Тараптар өзгеше уағдаласпаса, Бірлескен комитет:

(а) әр жылы Тараптардың аумақтарында кезектесіп өткізілетін тұрақты сессияларға; және

(b) 30 күн ішінде Тараптардың қайсыбірінің сұрау салуы бойынша басқа Тараптың аумағында немесе Тараптар арасындағы уағдаластық бойынша басқа жерде өткізілетін арнайы сессияларға шақырылады.

5. Осы Келісімге сәйкес құрылған Бірлескен комитет және оның қосалқы органдарының барлық шешімдері Тараптардың консенсусы негізінде қабылданады.

6. Тараптардың немесе Бірлескен комитеттің атына берілетін барлық хабарламалар, сұрау салулар мен басқа да жазбаша мәлімдемелер ағылшын тілінде немесе, егер осы Келісімде өзгеше көзделмесе, ағылшын тіліне тиісті аудармасымен бірге орыс тілінде не парсы тілінде ұсынылады.

1.6-бап

Бизнес-диалог

1. Тараптар Тараптардың іскерлік қоғамдастықтарының өкілдері арасында өткізілетін, Тараптардың осы іскерлік қоғамдастықтары арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында бизнес-диалог платформасын құрады.

2. Бизнес-диалог платформасының Тараптар арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту жөніндегі ұсыныстарды қоса алғанда, осы Келісімді қолдануға қатысты мәселелер бойынша, сондай-ақ Тараптар арасындағы өзара саудаға жататын басқа да мәселелер бойынша ұсыныстарды Бірлескен комитеттің қарауына енгізуге құқығы бар.

3. Бизнес-диалог платформасы қажеттігіне қарай, Тараптар арасындағы өзара сауда мен экономикалық қатынастарды дамыту мақсатында семинарлар, іскерлік көрмелер, жәрмеңкелер, дөңгелек үстелдер және басқа да бірлескен іс-шаралар өткізетін болады.

1.7-бап

Байланыс пункттері

1. Әрбір Тарап осы Келісімге жататын кез келген мәселелер бойынша Тараптар арасындағы өзара іс-қимылды оңайлату үшін байланыс пунктін немесе байланыс пункттерін тағайындайды және Бірлескен комитетті өзінің байланыс пункті немесе байланыс пункттері туралы хабардар етеді.

2. Тараптың сұрау салуы бойынша басқа Тараптың байланыс пункті немесе байланыс пункттері нақты мәселе бойынша жауапты ведомство немесе ресми тұлға туралы хабарлайды және қажеттігіне қарай Тараптар арасындағы байланыстарды жолға қоюға жәрдемдеседі.

1.8-Бап

Құпия ақпарат

1. Әрбір Тарап өзінің заңнамасына және нормативтік актілеріне сәйкес осы Келісім шеңберінде басқа Тарап құпия ақпарат ретінде берген ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді.

2. Осы Келісімде ешнәрсе Тарапты ашылуы құқық қолдануға кедергі келтіруі немесе қоғамдық мүдделерге өзгеше түрде қайшы келуі немесе мемлекеттік немесе жеке кәсіпорындардың коммерциялық заңды мүдделеріне қысым жасауы мүмкін құпия ақпаратты беруге міндеттемейді.

1.9-бап

Жалпы ерекшеліктер

Мұндай шаралар дәл сол шарттар қолданылатын елдер арасындағы негізсіз немесе құқыққа сыйымсыз кемсіту құралы немесе халықаралық сауданы жасырын шектеу ретінде қолданылмаған жағдайда, осы Келісімде ешнәрсе қандай да бір Тараптың мынадай шараларды:

- a) қоғамдық моральды қорғауға қажетті;
- b) адамның өмірін немесе денсаулығын, жануарларды немесе өсімдіктерді қорғауға қажетті;
- c) алтынды немесе күмісті әкелуге немесе әкетуге қатысты;
- d) осы Келісімнің ережелеріне қайшы келмейтін заңнамаға немесе нормативтік актілерге сәйкестікті қамтамасыз етуге қажетті, оның ішінде кеден заңнамасының сақталуын қамтамасыз етуге, осы Келісімнің 2.11-бабына сәйкес жұмыс істейтін кәсіпорындар құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуге, патенттерді, тауар белгілерін немесе авторлық құқықтарды қорғауға, сондай-ақ адал емес практикаларды болғызбауға байланысты;
- e) сотталғандар өндірген тауарларға қатысты;
- f) көркемдік, тарихи немесе археологиялық құндылыққа ие ұлттық қазынаны күзету үшін қолданылатын;
- g) егер мұндай шаралар ішкі өндіріске немесе тұтынуға салынатын шектеулермен бір мезгілде қолданылса, сарқыллатын табиғи ресурстарды сақтауға қатысты;

h) үкімет жүзеге асыратын тұрақтандыру жоспарының бір бөлігі ретінде отандық материалдардың ішкі бағасы әлемдік бағаға қарағанда анағұрлым төмен деңгейде болған кезеңдер ішінде отандық өңдеуші өнеркәсіптің осындай материалдарының жеткілікті көлемімен қамтамасыз етуге қажетті, мұндай материалдардың экспортын шектеуге байланысты шаралар қабылдануына немесе олардың орындалуын мәжбүрлеп қамтамасыз етуге кедергі келтіретіндей болып түсіндірілмейді; мұндай шектеулер экспорттың кеңеюіне немесе осы отандық өнеркәсіпті қорғауға жәрдемдеспеген және осы Келісімнің кемсітпеуге қатысты ережелері сақталған жағдайда;

(i) кез келген осындай шаралар Тараптардың осындай тауарлардың халықаралық жеткізілімдерінің тең үлесіне құқығы бар қағидатқа сәйкес келуге тиіс болған және осы Келісімнің басқа ережелеріне сәйкес келмейтін кез келген осындай шаралар, оларға байланысты қабылданған шарттар тоқтағаннан кейін тоқтатылған жағдайда, тұтастай алғанда немесе нақты өңір үшін тапшылық жағдайында тауарларды сатып алу немесе тарату үшін қажетті шаралар қабылдануына немесе олардың орындалуын мәжбүрлеп қамтамасыз етуге кедергі келтіретіндей болып түсіндірілмейді.

1.10-бап

Қауіпсіздік пайымдары бойынша ерекшеліктер

Осы Келісімде ешнәрсе:

(a) қандай да бір Тараптан ол ашылуы өз қауіпсіздігінің негізгі мүдделеріне қайшы келеді деп есептейтін ақпаратты беруді талап ететіндей; немесе

(b) қандай да бір Тараптың ол:

i. ыдырайтын материалдарға және олардан өндірілетін материалдарға қатысты;

ii. қару-жарақпен, оқ-дәрілермен және әскери материалдармен саудаға, сондай-ақ қарулы күштерді жабдықтау мақсаттары үшін тікелей немесе жанама түрде жүзеге асырылатын басқа да тауарлармен және материалдармен саудаға қатысты;

iii. егер олар соғыс уақытында немесе халықаралық қатынастардағы басқа да төтенше мән-жайларда қабылданатын болса, өз қауіпсіздігінің негізгі мүдделерін қорғауға қажет деп есептейтін шараларды қабылдауына кедергі келтіретіндей, немесе

(c) Тараптың халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысына сәйкес өз міндеттемелеріне сай шаралар қабылдауына кедергі келтіретіндей болып түсіндірілмеуге тиіс.

1.11-бап

Төлем теңгерімін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар²

1. Осы Келісімнің 2.7-бабының 1-тармағының ережелеріне қарамастан, Тарап өзінің сыртқы қаржылық жағдайын қорғау және төлем теңгерімін қамтамасыз ету мақсатында, осы баптың келесі тармақтарының ережелерін орындаған жағдайда, импортқа рұқсат етілген тауарлардың санын немесе көлемін шектеуге құқылы. Осы бапқа сәйкес Тарап белгілеген, сақтайтын немесе күшейткен импорт жөніндегі шектеулер:

i. өзінің валюталық резервтеріне төнген қатердің алдын алу немесе олардың елеулі түрде азаюын тоқтату үшін, немесе

ii. Тарапқа барабар емес немесе өте төмен валюталық резервтер қаупі төнген жағдайда, өз резервтерінің ақылға қонымды өсу қарқынына қол жеткізу үшін қажетті шектеулерден аспауға тиіс.

Екі жағдайда да осындай Тараптың резервтеріне немесе оның резервтерге деген қажеттігіне, оның ішінде, егер оған нысаналы сыртқы кредиттер немесе басқа да ресурстар қолжетімді болса, мұндай кредиттердің немесе ресурстардың тиісінше пайдаланылуын қамтамасыз ету қажеттігіне әсер етуі мүмкін кез келген ерекше факторларға тиісті көңіл бөлінуге тиіс.

Мүдделі Тарап өзінің сыртқы қаржылық жағдайын және төлем теңгерімін қорғау үшін осындай шараларды енгізу ниеті туралы, сондай-ақ оларды қолдану мен күшін жоюдың уақыттық шегі туралы екінші Тарапқа хабарлайды.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес шектеулерді қолданатын Тараптар оларды осы тармақшада белгіленген шарттарда осы шектеулердің қолданылуын одан әрі ақтайтындай шамада ғана сақтай отырып, оларды жағдайдың жақсаруына қарай біртіндеп әлсіретеді. Егер шарттар осы тармақшаға сәйкес оларды енгізуді немесе сақтауды одан әрі негіздемесе, олар шектеулердің күшін жояды.

3. (a) Тараптар өздерінің ішкі саясатын жүргізген кезде берік әрі орнықты негізде төлем теңгерімінің тепе-теңдігін сақтау немесе қалпына келтіру қажеттігіне және өндірістік ресурстарды экономикалық жағынан ақталмайтындай түрде пайдалануды болғызбаудың орынды екеніне тиісті көңіл бөлуге міндеттенеді. Олар осы мақсаттарға қол жеткізу үшін халықаралық сауданы қысқартпайтын, керісінше дамытатын шараларды мүмкіндігінше жылдам қабылдаудың жөн екенін мойындайды.

(b) осы бапқа сәйкес шектеулерді қолданатын Тараптар анағұрлым елеулі болып табылатын тауарларды әкелуге басымдық беру үшін түрлі тауарлардың немесе тауарлар топтарының импортына қатысты шектеулердің тиімділігін белгілей алады.

(c) осы бапқа сәйкес шектеулерді қолданатын Тараптар:

i. кез келген басқа Тараптың коммерциялық және экономикалық мүдделеріне қажетсіз нұқсан келтіруден алшақ болуға³;

ii. шектеулерді алып тасталуы әдеттегі сауда арналарын бұзатын ең аз коммерциялық мөлшердегі кез келген тауар атауының импортына ақылға қонымды негіздерсіз кедергі келтіретіндей етіп қолданбауға; және

iii. коммерциялық үлгілерді әкелуге кедергі келтіретін немесе патенттер, тауар белгілері, авторлық құқық туралы ережелерді немесе ұқсас рәсімдерді сақтауға кедергі келтіретін шектеулерді қолданбауға міндеттенеді.

(d) Тараптар толық және нәтижелі жұмыспен қамтуға қол жеткізуге және оны сақтауға немесе экономикалық ресурстарды дамытуға бағытталған ішкі саясаттың

нәтижесінде Тарап осы баптың 1-тармағында көрсетілген өзінің валюталық резервтері үшін қауіпті қамтитын импортқа деген жоғары сұранысты бастан кешуі мүмкін екенін мойындайды. Тиісінше қалған бөлікте осы баптың ережелерін орындайтын Тарап осындай саясаттағы өзгерістің өзі осы бапқа сәйкес қолданатын шектеулерді қажетсіз ететіні негізінде шектеулердің күшін жоюға немесе өзгертуге міндетті емес.

4. (a) Егер осы бапқа сәйкес Тараптар арасындағы сауданы шектейтін тепе-теңдіктің жалпы бұзылуының бар екенін айғақтайтын импорт шектеулерін жүйелі түрде және кеңінен қолдану орын алса, Тараптар төлем теңгерімі қиын жағдайдағы Тараптардың немесе тепе-теңдіктің бұзылуының негіз қалаушы себептерін жою үшін төлем теңгерімі ерекше қолайлы дамып жатқан Тараптардың басқа шараларды қолдана алатыны-алмайтыны жөніндегі мәселені талқылауды бастайды.

(b) осы баптың 1-тармағында көрсетілген шектеу шаралары қабылданған немесе қолданылған жағдайда Бірлескен комитет дереу консультациялар жүргізеді. Мұндай консультациялар барысында мүдделі Тараптың төлем теңгерімінің жай-күйі және осы бапқа сәйкес қабылданған немесе қолданылатын шектеу шаралары, басқалармен қатар, мынадай факторларды ескере отырып бағалануға тиіс:

- i. төлем теңгеріміне байланысты проблемалардың сипаты мен дәрежесі;
- ii. шектеулердің екінші Тарап экономикасына ықтимал әсері; немесе
- iii. қолжетімді болуы мүмкін балама түзету шаралары.

Консультациялар осы баптың ережелеріне сәйкес кез келген шектеу шараларын келтіруге бағытталуы тиіс.

² *Тараптар осы баптың ережелеріне сәйкес кез келген консультация жүргізген кезде қатаң құпиялықты қамтамасыз етеді.*

³ *Шектеулерді қолданатын Тарап Тараптың экономикасы өзіне көп жағдайда тәуелді болатын өнімнің экспортына елеулі залал келтіруді болғызбауға бар күш-жігерін салады.*

1.12-бап

Транспаренттілік

1. Әрбір Тарап өзінің заңнамасына және нормативтік актілеріне сәйкес мүдделі тұлғалар мен Тарапқа өзінің осы Келісімде қамтылатын кез келген мәселеге қатысты, жалпы қолданылатын заңдарымен және нормативтік актілерімен танысу мүмкіндігін беру тұрғысынан олардың дереу жариялануын немесе еркін қол жеткізу үшін өзгеше түрде, оның ішінде, егер мүмкін болса, электрондық нысанда ашық болуын қамтамасыз етеді. Тараптар тиісті ресми басылымдар мен электрондық бұқаралық ақпарат құралдарының тізбесін алмасады.

2. Әрбір Тарап:

(a) осы баптың 1-тармағында көрсетілген, осы Тарапта қабылдануы жоспарланып отырған заңдар мен нормативтік актілердің жобаларын жариялайды; және

(b) мүдделі тұлғалар мен басқа Тарапқа осы баптың 1-тармағында көрсетілген, осы Тарапта қабылдануы жоспарланып отырған осындай заңдар мен нормативтік актілерге түсініктеме ұсыну үшін ақылға қонымды мүмкіндік береді.

3. Әрбір Тарап басқа Тараптың сұрау салуы бойынша, сұрау салушы Тараптың ол туралы алдын ала хабардар етілгеніне не етілмегеніне қарамастан, қандай да бір қолданыстағы немесе жоспарланып отырған заңға, нормативтік актіге, жалпы қолданылатын рәсімге немесе әкімшілік қағидаға қатысты ақпарат ұсынады және сұрақтарға жауап береді. Тарап сұрау салуды алған күннен бастап 45 күн ішінде осы тармаққа сәйкес ағылшын тілінде ақпарат береді.

4. Тараптар басқа Тараптан келетін импортқа қатысты өздерінің тиісті талаптарының айқындығы мен ашықтығын қамтамасыз етеді және осы Келісім күшіне енген күннен бастап 6 ай ішінде басқа Тараптың экспорттаушылары үшін өздері импортты реттеуге қолданатын әр қадамы көрсетілген басшылық құралды жариялайды және екінші Тарапқа береді. Жоғарыда көрсетілген басшылық құрал ағылшын тілінде жасалады және жалпы жұрттың танысуы үшін, оның ішінде тиісті Тараптың жалпыға бірдей қолжетімді, тегін ресми веб-сайтында еркін қол жеткізу үшін жарияланады. Тараптар осы басшылық құралда өздерінің импортты реттеуіндегі кез келген өзгерістерді дереу көрсетеді.

5. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген хабарлама, егер тиісті ақпарат жалпы жұрттың танысуы үшін, оның ішінде тиісті Тараптың жалпыға бірдей қолжетімді, тегін ресми веб-сайтында еркін қол жеткізу үшін жарияланса, жүзеге асырылды деп саналады.

6. Осы бапқа сәйкес берілетін кез келген хабарлама, сұрау салу немесе ақпарат басқа Тарапқа тиісті байланыс пункттері арқылы беріледі.

1.13-бап

Заңнаманы және нормативтік актілерді өзгерту

Осы Келісім күшіне енген кезге қарай Тараптар өздерінің осы Келісімге сәйкес міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін жалпы және арнайы сипаттағы барлық қажетті шараларды қабылдауға міндеттенеді және қажет болған жағдайда, өзінің тиісті заңнамасын осы Келісімнің ережелеріне сәйкес келтіру мақсатында оған түзетулер енгізеді.

2-ТАРАУ. ТАУАРЛАР САУДАСЫ

2.1-бап

Барынша қолайлылық режимі

1. Импортқа немесе экспортқа қатысты немесе оларға байланысты қолданылатын немесе импорт немесе экспорт үшін төлемдерді халықаралық аударуға қолданылатын кедендік баждар мен кез келген түрдегі алымдарға қатысты және осындай баждар мен алымдарды алу тәсіліне қатысты, сондай-ақ импорт пен экспортқа байланысты барлық

қағидалар мен формальдылықтарға қатысты және осы Келісімнің 2.2-бабының 2 және 3 -тармақтарында көрсетілген барлық мәселелерге қатысты Тарап қандай да бір басқа елдің аумағында өндірілген немесе оған арналған қандай да бір тауарларға ұсынатын кез келген басымдық, жеңілдік, артықшылық немесе босату басқа Тараптың аумағында өндірілген немесе оған арналған ұқсас өнімдерге дереу және сөзсіз түрде ұсынылады.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері:

(а) қандай да бір Тарап шекара маңындағы сауданы оңайлату мақсатында көрші елдерге ұсынған;

(б) қандай да бір Тарап кеден одағы туралы немесе еркін сауда аймағы туралы келісімге немесе кеден одағын немесе еркін сауда аймағын құру үшін қажетті уақытша келісімге немесе 1979 жылғы 28 қарашадағы Дамушы елдердің сараланған және барынша қолайлы өзара іс-қимыл режимі және неғұрлым толық қатысуы туралы шешімде белгіленген талаптарға сәйкес келетін преференциялық сауда келісіміне сәйкес ұсынған (L/4903);

(с) Тарап дамушы және неғұрлым аз дамыған елдерге тарифтік преференциялардың жалпы схемасына сәйкес ұсынған преференцияларға қолданылмайды.

2.2-бап

Ұлттық режим⁴

1. Тараптар тауарлардың ішкі сатылымдарына, тауарларды сатуға, сатып алуға, тасымалдауға, бөлуге немесе пайдалануға арналған ұсыныстарға қатысты ішкі салықтар мен басқа да ішкі алымдар және заңдар, нормативтік актілер мен талаптар, сондай-ақ тауарларды белгілі бір мөлшерлерде немесе үлестерде комбинациялады, өндеуді немесе пайдалануды талап ететін ішкі сандық шектеулер импортталатын немесе ішкі тауарларға ішкі өнімді қорғау мақсатында қолданылмайтынын мойындайды⁵.

2. Тараптың аумағынан басқа Тараптың аумағына импортталатын тауарлар ұқсас ішкі тауарларға тікелей немесе жанама түрде қолданылатыннан асып түсетін кез келген сипаттағы ішкі салықтың салынуына немесе басқа да ішкі алымдардың алынуына тікелей түрде де, жанама түрде де жатпайды. Бұдан басқа, Тараптар ішкі салық салуды немесе басқа да ішкі алымдарды импортталатын немесе ішкі өнімдерге бұл осы баптың 1-тармағында⁶ белгіленген қағидаттарды бұзатындай етіп, өзгеше түрде қолданбайды.

3. Тараптың аумағынан басқа Тараптың аумағына импортталатын тауарларға шығу тегі ұлттық ұқсас тауарлардың ішкі сатылымдарына, оларды сатуға, сатып алуға, тасымалдауға, бөлуге немесе пайдалануға байланысты барлық заңдарға, нормативтік актілерге және талаптарға қатысты ұсынылатын режимнен қолайлылығы кем емес режим қамтамасыз етіледі. Осы тармақтың ережелері өнімнің шығарылған еліне емес, көлік құралдарының экономикалық қызметіне ғана негізделетін ішкі көліктік сараланған алымдардың қолданылуын жоққа шығармайды.

4. Тараптар тауарларды белгілі бір мөлшерлерде немесе үлестерде комбинациялауға, өңдеуге немесе пайдалануға қатысты, шектелуге жататын қандай да бір тауардың қандай да бір белгілі мөлшері немесе үлесі ішкі көздерден берілуге тиіс екенін тікелей немесе жанама түрде талап ететін қандай да бір ішкі сандық шектеуді белгілемейді және сақтамайды. Бұдан басқа, Тараптар ішкі сандық шектеулерді осы баптың 1-тармағында⁷ белгіленген қағидаттарға қайшы келетіндей етіп, өзгеше түрде қолданбайды.

5. Тауарларды белгілі бір мөлшерде немесе үлестерде комбинациялауға, өңдеуге немесе пайдалануға қатысты ішкі сандық шектеулер осындай қандай да бір мөлшерді немесе үлесті сыртқы беру көздеріне бөлетіндей етіп қолданылмайды.

6. (a) Осы баптың ережелері мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік мақсаттарда сатып алынатын және коммерциялық қайта сату немесе коммерциялық сатуға арналған тауарларды өндіруде пайдалану мақсатында сатып алынбайтын өнімді беруін реттейтін заңдарға, нормативтік актілерге немесе талаптарға қолданылмайды.

(b) Осы баптың ережелері тек қана ішкі өндірушілерге субсидиялардың, оның ішінде ішкі өндірушілерге осы баптың ережелеріне сәйкес қолданылатын ішкі салықтардан немесе алымдардан түскен түсімдерден алынған төлемдердің және ішкі өнімді мемлекеттік сатып алу арқылы өткізетін субсидиялардың төленуін жоққа шығармайды.

7. Тараптар, тіпті осы баптың басқа ережелері сақталған жағдайда да, ең жоғары бағаны ішкі бақылау шаралары импортталатын өнімді беретін Тараптың мүдделеріне нұқсан келтіре алатынын мойындайды. Тиісінше осындай шараларды қолданатын Тарап мұндай залалды мүмкіндігінше болғызбау үшін басқа Тарап экспортының мүдделерін ескеруге тиіс.

⁴ Осы Келісімнің 2.2-бабының 1-тармағында айтылатын және импорттық тауарлар мен оларға ұқсас отандық тауарларға қолданылатын және импорттық тауарлар әкелінген сәтте немесе әкелінген жерде алынатын немесе оларға қатысты қолданылатын кез келген ішкі салық немесе басқа да ішкі алым немесе осындай түрдегі кез келген заң, қағида немесе талап, соған қарамастан, осы Келісімнің 2.2-бабының 1-тармағында айтылатын ішкі немесе басқа да ішкі алым немесе осындай түрдегі кез келген заң, қағида, талап ретінде қарастырылуға тиіс және тиісінше осы Келісімнің 2.2-бабының ережелеріне бағынады.

⁵ Тараптар өңірлік және жергілікті мемлекеттік басқару органдарының, сондай-ақ өз аумақтарындағы билік органдарының осы Келісімнің 2.2-бабының 1-тармағын сақтауын қамтамасыз ету үшін өздеріне қолжетімді болатын ақылға қонымды шараларды қабылдайды. "Ақылға қонымды шаралар" термині, мысалы, егер күшін жою тиісті жергілікті мемлекеттік басқару органдары немесе билік органдары үшін қаржылық жағдайды едәуір қиындататын болса, жергілікті мемлекеттік басқару

органдарына осы Келісімнің 2.2-бабының ережелеріне формальды түрде сай келмесе де, іс жүзінде оның рухына сай келетін ішкі салықтарды қолдануға уәкілеттік беретін, қолданыстағы ұлттық заңнаманың күшін жоюды талап етпейді. Жергілікті мемлекеттік басқару органдарының немесе билік органдарының осы Келісімнің 2.2-бабының ережелеріне де, рухына да қайшы келетін салық салуына қатысты "ақылға қонымды шаралар" термині, егер сай келмейтін салық салуды бірден алып тастау елеулі әкімшілік және қаржылық қиындықтар туғызатын болса, Тараптың оны өтпелі кезең ішінде біртіндеп алып тастауына мүмкіндік береді.

⁶ Осы Келісімнің 2.2-бабының 2-тармағының бірінші сөйлемінің талаптарына сәйкес келетін салық, бір жағынан, салық салынатын тауарлар, ал екінші жағынан, осыған ұқсас салық салынбаған, тікелей бәсекелесетін немесе бірін-бірі алмастыратын тауарлар арасында бәсекелестік орын алған жағдайларда ғана екінші сөйлемнің ережелеріне сәйкес келмейді деп саналады.

⁷ Осы Келісімнің 2.2-бабы 4-тармағының бірінші сөйлемінің ережелеріне сәйкес келетін нормативтік акт нормативтік актілерге бағынатын барлық тауарлар ел ішінде елеулі мөлшерде шығарылған кез келген жағдайда да екінші сөйлемнің ережелеріне қайшы келеді деп қаралмайды. Нормативтік акт нормативтік реттелуге жататын әрбір тауарға қатысты үлес немесе мөлшер импортталатын және ішкі тауарлар арасында теңдей арақатынасты негізде екінші сөйлемнің ережелеріне сәйкес келетін акт ретінде қарастырыла алмайды.

2.3-бап

Кедендік баждарды азайту және (немесе) жою

1. Әрбір Тарап басқа Тараптың шығарылатын тауарларына қатысты өзінің осы Келісімге 1-қосымшадағы тарифтік міндеттемелері тізбесіне сәйкес белгіленген режимге қарағанда, қолайлылығы кем емес режим ұсынады.

2. Басқа Тараптың тарифтік міндеттемелер тізбесіне сәйкес Тараптың шығарылатын тауарлары осындай басқа Тараптың аумағына импортталған кезде және оның тарифтік міндеттемелерінің тізбесінде белгіленген шарттар, талаптар мен нақтылаулар ескеріле отырып, оларға мөлшері тиісті тарифтік міндеттемелер тізбесінде белгіленген мөлшерден асып түсетін кедендік баждардың мөлшерлемелері қолданылмайды. Мұндай тауарларға тарифтік міндеттемелер тізбесінде белгіленген кедендік баждар мөлшерлемелерінің мөлшерінен асып түсетін, импортқа немесе импортпен байланысты қолданылатын кез келген басқа баждар және кез келген типтегі алымдар да қолданылмайтын болады.

3. Осы бапта ешнәрсе Тараптардың қайсыбіріне кез келген уақытта кез келген тауардың импортына қатысты мыналарды:

(а) ұқсас отандық тауарларға немесе импортталатын тауар өзінен толық немесе ішінара өндірілген немесе қайта өңделген кез келген материалға қатысты осы

Келісімнің 2.2-бабының 2-тармағына сәйкес белгіленген ішкі салықтарға балама алымдарды;

(b) осы Келісімнің 3-тарауына сәйкес салынатын кез келген бажды;

(c) тиісті қызметтерді көрсетуге жұмсалған шығындарға мөлшерлес алымдар мен басқа да ауыртпалықтарды белгілеуіне тыйым салмайды.

4. Егер Тараптың аумағынан шығарылатын тауарға осы Келісімге 1-қосымшаға сәйкес қолданылатын кедендік баждың преференциялық өлшерлемесі дәл осы тауарға қатысты барынша қолайлылық режиміне сәйкес қолданылатын кедендік баж мөлшерлемесінен жоғары болатын болса, онда мұндай тауар үшін соңғысы қолданылады.

2.4-бап

Қолданылатын тарифтік номенклатурадағы өзгерістер

1. Әрбір Тарап өзінің ҮЖ-ге және оған сипаттамаға негізделген, қолданылатын номенклатурасына енгізілетін кез келген өзгеріс осы Келісімге қосымшаға сәйкес белгіленген тарифтік міндеттемелерге нұқсан келтірместен жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

2. ЕАЭО-ның ҮЖ-ге және оған сипаттамаға негізделген қолданылатын тауар номенклатурасына және Иранның ҮЖ-ге және оған сипаттамаға негізделген қолданылатын тауар номенклатурасына осындай өзгерісті тиісінше Еуразиялық экономикалық комиссия мен Иран жүзеге асыруға тиіс. Тараптар ҮЖ-ге және оған сипаттамаға негізделген қолданылатын номенклатураға кез келген өзгерістерді еркін қолжетімді түрде уақтылы жариялайды, сондай-ақ бір-біріне осындай өзгерістер туралы жыл сайын ақпарат береді.

2.5-бап

Импортқа және экспортқа байланысты баждар, алымдар және формальдылықтар⁸

1. (a) Тараптар импортқа немесе экспортқа қатысты немесе олармен байланысты қолданатын кез келген сипаттағы барлық төлемдер мен алымдар (осы Келісімнің 2.2-бабына сәйкес әкелу және әкету баждарынан және салықтардан басқасы) көрсетілген қызметтердің болжамды құнының мөлшерімен шектеледі және ішкі тауарларға жанамаланған қорғауды немесе импортқа немесе экспортқа фискалдық мақсатпен салық салуды білдірмейді.

(b) Тараптар осы тармақтың (a) тармақшасында көрсетілген баждар мен алымдардың саны мен түрлерін қысқарту қажеттігін мойындайды.

(c) Тараптар импорттық және экспорттық формальдылықтарды оңайлату және олардың көлемдерін минимумға дейін қысқарту, сондай-ақ импорт және экспорт құжаттамасына қойылатын талаптарды қысқарту және оңайлату қажет екенін де мойындайды⁹.

2. Тарап басқа Тараптың сұрау салуы бойынша осы бапқа сәйкес өз заңдары мен нормативтік актілерінің қолданысын қайта қарайды.

3. Тараптар кеден қағидаларының немесе рәсімдік талаптардың болмашы бұзылғаны үшін елеулі айыппұл санкцияларын қолданбайды. Атап айтқанда, кедендік құжаттамадағы оңай түзетілетін және айқын алаяқтық ниетпен және өрескел абайсыздықпен жасалмаған кемшілік немесе қателік үшін айыппұл санкциялары ескерту ретінде ғана қолданылуы қажет шаралардан аспайды.

4. Осы баптың ережелері үкіметтік органдар әкелуге және әкетуге байланысты, оның ішінде мыналарға:

- (a) консулдық операцияларға, мысалы, консулдық фактуралар мен сертификаттарға;
- (b) сандық шектеулерге;
- (c) лицензиялауға;
- (d) валюталық бақылауға;
- (e) статистикалық есепке алуға;
- (f) құжаттарға, құжаттамаға және сертификаттауға;
- (g) талдау мен тексеруге; және

(h) жүктің карантиніне, санитариялық бақылануына және өңделуіне қатысты белгілейтін алымдарға, төлемдерге, формальдылықтар мен талаптарға қолданылады.

5. Әрбір Тарап өзінің құзыретті органдарының өзі қолданатын баждар мен алымдар туралы ақпаратты өздерінің ресми веб-сайттарында танысу үшін жариялауын қамтамасыз етуге тиіс.

⁸ Осы Келісімнің 2.5-бабы соншалықты көп валюта бағамдарының қолданылуын қамтымаса да, осы Келісімнің 2.5-бабының 1 және 4-тармақтары көп валюта бағамдарының практикасын жүргізу тәсілі ретінде валюталық салықтарды немесе алымдарды қолдануды құптамайды; егер, алайда Тарап валюта бағамдарының көп болуы кезінде Халықаралық валюта қорының қолдауымен, төлем теңгерімі пайымдары тұрғысынан валюталық алымдар алса, осы Келісімнің ешқандай ережесі Тараптың Халықаралық валюта қоры Тараппен айырбас туралы арнайы келісімінің баптарына сәйкес валюталық бақылау немесе валюталық шектеу шараларын қолдануын жоққа шығармайды.

⁹ Тауарлардың Тарап аумағынан басқа Тарап аумағына импорты кезінде тауардың шығу тегі туралы куәлік аса қажет болған жағдайларда ғана оның берілуі талап етілетін ереже осы Келісімнің 2.5-бабының 1-тармағына сәйкес келеді.

2.6-бап

Сауда нормаларын әкімшілендіру

1. Тараптар қолданысқа енгізетін, кедендік мақсаттар үшін тауарлар құнын сыныптауға немесе айқындауға немесе кедендік мөлшерлемелерге, салықтарға немесе басқа да алымдарға, сондай-ақ импортқа немесе экспортқа немесе олар үшін

төлемдерді аударуға қойылатын талаптарға, шектеулерге, тыйым салуларға байланысты немесе сатуға, бөлуге, тасымалдауға, сақтандыруға, қоймада орналастырылуын тексеруге, көрсетуге, қайта өңдеуге, комбинациялауға немесе басқа да пайдалануға ықпал ететін заңдар, нормативтік актілер, сот шешімдері және жалпы қолданылатын әкімшілік қаулылар билік пен сауда компаниялары олармен таныса алатындай түрде кідіріссіз жарияланады. Халықаралық сауда саясатына ықпал ететін үкімет пен үкіметтік ұйым арасында қолданылатын келісімдер де жарияланады. Осы тармақтың ережелері Тараптарды ашылуы заңның орындалуына кедергі болатын немесе қоғамдық мүдделерге өзгеше түрде қайшы келетін немесе жекелеген мемлекеттік, сондай-ақ жекеше кәсіпорындардың заңды коммерциялық мүдделеріне қысым жасалуына алып келетін құпия ақпаратты ашуға міндеттемейді.

2. Тараптар қабылдаған, белгіленген және тұрақты практикаға сәйкес кедендік баж мөлшерлемесін немесе импортқа салынатын басқа алымдарды арттыруға байланысты жалпы қолданылатын шаралар немесе импортқа немесе ол үшін төлемдерді аударуға жаңа немесе анағұрлым ауыртпалықты талап, шектеу немесе тыйым қолдану ресми жарияланғанға дейін күшіне енбейді.

3.(a) Әрбір Тарап осы баптың 1-тармағында көрсетілген өзінің барлық заңдарын, нормативтік актілерін, шешімдері мен қаулыларын біркелкі, әділ және ақылға қонымды түрде қолданады.

(b) Әрбір Тараптың *inter alia*, кедендік мәселелерге қатысты әкімшілік әрекетті жылдам қайта қарау және түзету мақсаттары үшін сот, төрелік немесе әкімшілік трибуналдары немесе рәсімдері болады немесе оларды бұл қаншалықты ақылға қонымды болса, соншалықты жылдам құрады. Мұндай органдар немесе рәсімдер өздеріне әкімшілік құқық нормаларын қолдану жүктелген органдардан тәуелсіз болады және олардың шешімдерін осындай органдар орындайды және осындай органның орталық басшылығы, егер бұл шешім заңнаманың белгіленген қағидаттарымен немесе нақты фактілермен үйлеспейді деп пайымдауға жеткілікті себептер болса, осы мәселені басқа іс жүргізу тәртібімен қайта қарау үшін шаралар қабылдай алатын жағдайда, соңғылары, егер импорттаушылардың шағым беруі үшін белгіленген кезең ішінде жоғары тұрған сатыдағы сотқа немесе органға апелляциялық шағым келіп түспесе, өз практикасында осы шешімдерді басшылыққа алады.

(c) Осы тармақтың (b) тармақшасының ережелері осы Келісімнің күшіне ену күнінде Тараптың аумағында қолданылған, тіпті егер мұндай рәсімдер өздеріне әкімшілік құқық нормаларын қолдану жүктелген органдарға толық немесе формальды түрде тәуелсіз болмаса да, әкімшілік әрекеттердің объективті және бейтарап түрде қайта қаралуын іс жүзінде қамтамасыз етіп отырған рәсімдердің күшін жоюды немесе оларды алмастыруды талап етпейді. Мұндай рәсімдерді қолданатын кез келген Тарап сұрау салу бойынша басқа Тарап осындай рәсімдердің осы тармақша талаптарына сай келетінін не келмейтінін айқындай алуы үшін олар туралы толық ақпарат береді.

2.7-бап

Сандық шектеулер¹⁰

1. Тараптардың ешқайсысы, баждарды, салықтарды немесе басқа алымдарды қоспағанда, квоталар, импорттық немесе экспорттық лицензиялар немесе басқа да шаралар нысанында болсын, кез келген басқа Тараптың аумағынан кез келген тауарды әкелуге немесе кез келген басқа Тараптың аумағына арналған кез келген тауарды экспорттау үшін әкетуге немесе сатуға ешқандай тыйымдарды немесе шектеулерді белгілемейді немесе сақтамайды.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері мыналарға:

(а) экспорттаушы Тарап үшін маңызды азық-түлік тауарларының немесе басқа да тауарлардың өткір тапшылығын болғызбау немесе азайту үшін уақытша қолданылатын , экспортқа салынатын тыйымдарға немесе шектеулерге;

(b) халықаралық саудада тауарларды сыныптау, сұрыптау немесе олардың маркетингі үшін стандарттарды немесе нормативтік актілерді қолдануға қажет болатын , импорт пен экспортқа салынатын тыйымдарға немесе шектеулерге;

(с) Үкіметтік шараларды орындау үшін қажетті, кез келген түрде¹¹, импортталатын кез келген ауыл шаруашылығы немесе балық шаруашылығы тауарларын импорттауға салынатын:

i. өткізуге немесе өндіруге рұқсат етілетін отандық тауарға ұқсас тауарлар санын немесе, егер ұқсас тауардың отандық елеулі өндірісі болмаса, импортталатын тауармен тікелей алмастыруға болатын осындай отандық тауар санын шектейтін; немесе

ii. қолда бар артық мөлшерді отандық тұтынушылардың кейбір топтарына тегін немесе ағымдағы нарықтық бағадан төмен бағада беру арқылы отандық ұқсас тауардың уақытша артық мөлшерін немесе, егер ұқсас тауардың елеулі отандық өндірісі болмаса, импортталатын тауармен тікелей алмастырыла алатын осындай отандық тауардың уақытша артық мөлшерін нарықтан алып тастайтын; немесе

iii. егер осы тауардың отандық өндірісі салыстырмалы түрде мардымсыз болса, өндірілуі импортталатын шикізат тауарға толықтай немесе негізінен тікелей тәуелді болатын, өндіруге рұқсат етілген, жануардан алынатын кез келген өнімнің санын шектейтін шектеулерге қолданылмайды.

Осы тармақтың (с) тармақшасына орай кез келген тауардың импортына шектеу қолданатын кез келген Тарап болашақта белгілі бір кезең ішінде импортқа рұқсат етілген тауардың жалпы саны немесе құны және мұндай сандағы немесе құндағы кез келген өзгеріс жөнінде жұртшылықты хабардар етеді. Бұдан басқа, жоғарыда көрсетілген (i) тармақшасына сәйкес қолданылатын кез келген шектеу жалпы отандық өндіріс көлеміне қатысты жалпы импорт көлемін олардың арасында шектеулер болмаған кезде ақылға сыйымды түрде күтуге болатын арақатынаспен салыстырғанда қысқартпайды. Осы арақатынасты айқындау кезінде Тарап алдыңғы репрезентативті

кезеңде басым болған арақатынасқа, сондай-ақ тиісті тауарлар саудасына ықпал ете алатын немесе ықпал еткен кез келген ерекше факторларға¹² тиісінше назар аударады.

3. Ұқсас тауарлардың барлық үшінші елдерден импортына немесе ұқсас тауарлардың барлық үшінші елдерге экспортына осыған ұқсас түрде тыйым немесе шектеу салынған жағдайларды қоспағанда, Тарап қандай да бір тауарлардың басқа Тарап аумағынан импортына немесе басқа Тараптың аумағына арналған қандай да бір тауарлардың экспортына тыйым салу немесе шектеу қолданбайды.

4. Кез келген тауарларға шектеу қолданылған кезде Тарап осындай тауарлармен жасалатын сауданы басқа Тараптың осындай шектеулер болмаған кезде күте алатындай саудаға қатысу үлесін мүмкіндігінше дәлірек көрсететіндей етіп бөлуге ұмтылады және осы мақсат үшін мына ережелерді сақтайды:

(a) бұл іс жүзінде ақталатын жерде, рұқсат етілген импорттың жалпы санын білдіретін квоталар (олар тауар беруші елдер арасында бөлінгеніне не бөлінбегеніне қарамастан) тіркеледі және осы баптың 5 (b) тармағына сәйкес олардың мөлшері туралы хабарлама жіберіледі;

(b) квота іс жүзінде жүзеге асырылмайтын жағдайларда, шектеулер импортқа лицензиялар немесе квотасыз рұқсаттар арқылы қолданылуы мүмкін;

(c) Тараптар осы тармақтың d) тармақшасына сәйкес бөлінетін квоталарды қолдану мақсаттары үшін көзделгеннен басқа жағдайда, импортқа лицензияның немесе рұқсаттың нақты елден немесе көзден берілетін тиісті тауарлардың импорты үшін пайдаланылуын талап етпейді;

(d) квота тауар беруші елдер арасында бөлінетін жағдайларда, шектеуді қолданатын Тарап квотадағы үлестерді бөлу мақсатында басқа Тарапты қоса алғанда, осы тауардың берілуіне елеулі мүддесі бар елдермен келісімге келуге ұмтылуы мүмкін. Бұл әдіс ақылға қонымды түрде өзін-өзі ақтамайтын болып табылған жағдайда, Тарап басқа Тарапқа осы тауар импортының бүкіл санынан немесе құнынан үлес бөліп береді, ол үлес басқа Тараптың алдыңғы репрезентативті кезең ішінде осы тауарды беру арақатынастарына негізделеді, бұл ретте одан әрі осы тауар саудасына ықпал ете алатын немесе ықпал ететін кез келген ерекше факторлар назарға алынады. Әкелу квота¹³ жатқызылуы мүмкін белгіленген уақыт кезеңінде жүргізілген жағдайда, кез келген Тараптың өзіне бөліп берілген кез келген осындай жалпы тауар беру санының немесе құнының үлесін толық пайдалануына кедергі келтіре алатын ешқандай шарттар немесе формальдылықтар белгіленбейді.

5. (a) Импортқа лицензиялар импортқа шектеулерге байланысты берілетін жағдайларда, шектеулерді қолданатын Тарап, импорттаушы немесе беруші кәсіпорындардың атауларына қатысты ақпарат беру міндеттемесі болмаған жағдайда,

шектеулерді, таяу кезең ішінде берілген импортқа лицензияларды реттеуге және осындай лицензияларды тауар беруші елдер арасында бөлуге қатысты барлық тиісті ақпаратты екінші Тараптың сұрау салуы бойынша береді.

(b) квоталарды белгілеуге алып келетін импортқа шектеулер болған жағдайда, шектеулерді қолданатын Тарап белгілі бір болашақ кезең ішінде тауарлардың жалпы санын немесе құнын немесе импорттау үшін рұқсат етілетін тауарларды және осындай сандағы немесе құндағы кез келген өзгерістерді жалпыға бірдей мәлімет үшін жариялайды. Ресми хабарламаны жариялау кезінде тасымалдау процесінде жүзеге асырылатын тиісті тауарларды кез келген жеткізу олар, мүмкіндігінше, тиісті кезеңде импортқа рұқсат етілген сан есебінен, сондай-ақ қажет болған кезде, келесі кезеңде немесе кезеңдерде импортқа рұқсат етілген көлемдер есебінен есепке жатқызылу мүмкін жағдайда, сондай-ақ, егер қандай да бір Тарап ішкі тұтыну үшін келіп түскен немесе ішкі тұтыну үшін қоймалардан алынған тауарларды осындай ресми хабардар ету күнінен кейін күн ішінде әдеттегі тәртіппен осындай шектеулерден босатқан жағдайда, мұндай практика осы тармақшаға толық сай келетін практика ретінде қарастырылатын жағдайда әкелуден алып тасталмайды.

(c) тауар беруші елдер арасында бөлінген квоталар жағдайында, шектеулерді қолданатын Тарап екінші Тарапты қазіргі кезде саны немесе құны, тауар беруші әртүрлі елдер бойынша бөлінген квотадағы үлестер туралы дереу хабардар етеді және ол туралы хабарламаны жалпыға бірдей таныстыру үшін жариялайды.

6. Осы баптың 2 (c) тармағына немесе 4 (d) тармағына сәйкес мұндай Тарап екінші Тараптың сұрау салуы бойынша айқындалатын үлесті немесе таңдап алынған негізгі кезеңді реттеу қажеттігі немесе тиісті арнайы факторларды қайта бағалау қажеттігі немесе тиісті квотаның бөлінуіне немесе оның шектеусіз пайдаланылуына қатысты біржақты тәртіппен белгіленген шарттарды, формальдылықтарды немесе қандай да бір басқа да ережелерді алып тастау қажеттігі мәселесі жөнінде екінші Тараппен дереу консультация жүргізген жағдайда, қолданылатын шектеулерге қатысты қандай да бір тауарлар үшін репрезентативті кезеңді таңдауды және тауарлар саудасына ықпал ететін қандай да бір арнайы факторларды бағалауды бастапқыда шектеуді қолданатын Тарап жасайды.

7. Осы баптың ережелері кез келген Тарап белгілеген немесе сақтаған кез келген тарифтік квотаға қолданылады және қаншалықты қолданылса, осы баптың қағидаттары экспортты шектеулерге де қолданылады.

¹⁰ Осы келісімнің 2.7-бабының барлық тармақтарында "импортты шектеу" және "экспортты шектеу" терминдері мемлекет жүзеге асыратын сауда операциялары арқылы қолданылатын шектеулерді қамтиды.

¹¹ Осы тармақтағы "кез келген түрде" деген ұғым бастапқы қайта өңдеу сатысында тұрған және әлі де болса тез бұзылатын тауарларға жататын, жас өнімдермен тікелей

бәсекелесетін және еркін әкелінген жағдайда, жас өнімдерге салынатын шектеулерді тиімсіз ететін тауарларға ғана қатысты.

¹² *"Ерекше факторлар" термині осы Келісімде рұқсат етілмеген тәсілдермен қолдан жасалған өзгерістерді емес, отандық және шетелдік өндірушілердің немесе әртүрлі шетелдік өндірушілер арасындағы өнімділіктің салыстырмалы деңгейіндегі өзгерістерді қамтиды.*

¹³ *Квоталарды бөлу үшін қағида ретінде "коммерциялық пайымдар" туралы ешқандай ескерту жасалмады, өйткені оларды үкіметтік органдардың қолдануы әрдайым орынды бола бермейді деп есептелді. Бұдан басқа, бұл орынды болатын жағдайларда, Тарап бұл пайымдарды осы Баптың 4-тармағының бірінші сөйлемінде баяндалған жалпы қағидаларға сәйкес келісімге қол жеткізу процесінде қолдана алар еді.*

2.8-бап

Транзит еркіндігі

1. Тауарлар (багажды қоса алғанда), сондай-ақ кемелер мен басқа да көлік құралдары, партияларды қайта тиеу, қоймаға жинау, бөлшектеу немесе көлік түрін ауыстыру болған немесе болмаған кезде осындай аумақ арқылы алып өту өзінің аумағы арқылы жүктің қозғалысы жасалатын Тараптың шекарасынан тыс жерде басталатын және аяқталатын толық маршруттың бір бөлігі ғана болып табылса, Тараптың аумағы арқылы транзитте болып есептеледі. Мұндай сипаттағы қозғалыс осы бапта "транзиттік тасымал" ретінде айқындалады.

2. Халықаралық тасымалдау үшін екінші Тараптың аумағына немесе аумағынан транзиттік тасымалдар үшін анағұрлым қолайлы маршруттар бойынша әрбір Тараптың аумағы арқылы транзит еркіндігі белгіленеді. Кемедегі туға, шығарылған, жөнелтілген, кіретін, кететін немесе межелі жеріне немесе тауарларды, кемелерді немесе басқа да көлік құралдарын меншіктеуге жататын қандай да бір мән-жайларға негізделіп, ешқандай ерекшелік жасалмайды.

3. Тарап өзінің аумағы арқылы транзиттік тасымалдардың тиісті кеден арқылы жасалуын талап етуі мүмкін, бірақ, қолданылатын кеден заңнамасына және нормативтік актілерге сәйкес келмеу жағдайларын қоспағанда, екінші Тараптың аумағынан келе жатқан немесе оның аумағына бара жатқан мұндай тасымалдар қандай да бір артық кідіртулерге немесе шектеулерге ұшыратылмайды және тасымал үшін алымдарды немесе транзит туындататын әкімшілік шығыстармен немесе ұсынылатын көрсетілетін қызметтердің құнымен мөлшерлес алымдарды қоспағанда, кедендік баждардан және транзитке қатысты белгіленген барлық транзиттік немесе өзге де алымдардан босатылады.

4. Екінші Тараптың аумағына немесе аумағынан жасалатын транзиттік тасымалдар үшін Тарап белгілеген барлық алымдар мен қағидалар тасымал шарттарын ескере отырып, ақылға қонымды болуға тиіс.

5. Транзитке байланысты барлық алымдарға, қағидалар мен формальдылықтарға қатысты әрбір Тарап екінші Тараптың аумағына бара жатқан немесе аумағынан келе жатқан транзиттік тасымалдарға кез келген үшінші елге немесе одан жасалатын транзиттік тасымалдарға берілген үшінші елге немесе одан жасалатын транзиттік тасымалдарға берілген режимнен қолайлылығы кем емес режим ұсынады¹⁴.

6. Әрбір Тарап кез келген екінші Тараптың аумағы арқылы транзитте болған тауарларға, егер мұндай тауарлар шығарылған жерінен межелі жеріне осындай екінші Тараптың аумағы арқылы өтпей тасымалданса, оларға ұсынылатын режимнен қолайлылығы кем емес режим ұсынады. Тараптар, дегенмен, өздері үшін мұндай тікелей тиеп жөнелту тауарларды баждардың преференциялық мөлшерлемелері бойынша әкелуге құқық алудың бұлжымас шарты болып табылатын немесе баждарды алу мақсаттары үшін тарап белгілеген бағалау әдісіне қатысты болатын кез келген тауарларға қатысты осы Келісім күшіне енген күні болған тікелей тиеп жөнелту туралы өз талаптарын күшінде сақтап қалуы мүмкін.

7. Осы баптың ережелері ұшақтардың транзиттік қозғалысына қолданылмайды, бірақ тауарлардың (оның ішінде багаждың) әуе арқылы транзитіне қолданылады.

¹⁴ *Көліктік алымдарға қатысты осы Келісімнің 2.8-бабының 5-тармағында жазылған қағидат бірдей жағдайда дәл осы маршрутпен тасымалданатын ұқсас тауарларға да қатысты болады.*

2.9-бап

Тауарлар саудасы комитеті

1. Тараптар осы арқылы әрбір Тараптың өкілдерін қамтитын Тауарлар саудасы комитетін (бұдан әрі "Тауарлар комитеті" деп аталады) құрады.

2. Тауарлар комитеті осы Тарауға және осы Келісімнің 3, 6 және 7-тарауларына байланысты туындайтын қандай да бір мәселені қарау үшін кез келген Тараптың талап етуі бойынша жиналады.

3. Тауарлар комитеті мынадай функцияларды орындайтын болады:

(а) осы баптың 2-тармағында көрсетілген Тараулардың орындалуы мен қолданылуына шолу және мониторинг;

(б) нарыққа қол жеткізуді дамыту және оңайлату мақсатында осы Тараудың ережелеріне және осы Келісімге 1-қосымшадағы Тарифтік міндеттемелер тізбелеріне кез келген түзетулер бойынша қажет болған жағдайда тиісті ұсынымдарды шолу және Бірлескен комитетке әзірлеу;

(с) кез келген туындауы мүмкін проблеманы шешу жөніндегі шараларды айқындау және ұсыну;

(d) осы Тарауды қолданудан туындайтын кез келген басқа проблеманы бағалау нәтижелерін Бірлескен комитетке беру.

2.10-бап

Міндеттемелерді орындамау немесе оларды бұзу

1. Егер қандай да бір Тарап осы Келісімге сәйкес өзіне тікелей немесе жанама түрде арналған қандайда бір пайда

(a) екінші Тараптың осы Келісімге сәйкес өз міндеттемелерін орындамауы, немесе

(b) екінші Тараптың осы Келісімнің ережелеріне қайшы келетін немесе қайшы келмейтін қандай да бір шараны қолдануы, немесе

(c) қандай да бір басқа жағдай салдарынан жоққа шығарылады немесе төмендейді немесе Келісімнің қандай да бір мақсатына қол жеткізу қиындайды деп санаса, Тарап мәселені қанағаттанарлық түрде реттеу мақсатында екінші Тарапқа жазбаша мәлімдемелер немесе ұсыныстар беруге құқылы. Өзінің атына осындай өтініш келіп түскен Тарап өзіне ұсынылған мәлімдемелерді немесе ұсыныстарды ықыластана қарайды.

2. Егер Тараптар 60 күннен аспайтын ақылға қонымды мерзім ішінде қанағаттанарлық түрде реттеу жүргізбесе немесе, егер қиындықтардың сипаты осы баптың 1-тармағының (c) тармақшасында көрсетілгенге жататын болса, мәселе Бірлескен комитеттің қарауына берілуі мүмкін. Бірлескен комитет өзіне осыған байланысты берілген кез келген мәселені дереу қарайды және тиісті ұсынымдарын береді немесе тиісті жағдайларда мәселе бойынша шешім шығарады.

3. Егер Бірлескен комитет мұндай шараны негіздеу үшін мән-жайлар мейлінше елеулі деп санаса, ол тиісті мән-жайларда өзі қажет деп табатын, осы Келісімге сәйкес осындай басқаға берулерді немесе басқа да міндеттемелерді екінші Тарапқа қолдануды тоқтатуға Тарапқа уәкілеттік беруге құқылы.

4. Егер Бірлескен комитетте Тараптар арасында келісімге қол жеткізілмесе және талқыланып жатқан мәселе ашық күйінде қалса, мүдделі Тарап екінші Тараптың осы Келісімнің 8-тарауына сәйкес осы мәселе бойынша талқылауға бастама жасау құқығын сақтай отырып, басқаға берулерді біржақты тәртіппен тоқтатуға құқылы.

5. Осы баптың 4-тармағына сәйкес басқаға берулер тоқтатылған күннен бастап 60 күн ішінде мүдделі Тарап екінші Тарапты осындай тоқтата тұру туралы жазбаша хабардар етеді.

2.11-бап

Мемлекеттік сауда кәсіпорындары

1. ¹⁵ (a) Әрбір Тарап, егер ол орналасқан жеріне қарамастан, мемлекеттік кәсіпорын құратын болса немесе оны сақтап қалатын болса немесе кез келген кәсіпорынға формальды түрде не практикада айрықша немесе ерекше артықшылықтар¹⁶ берсе, мұндай кәсіпорынның импортқа немесе экспортқа байланысты сатып алу немесе сату

кезінде осы Келісімде жеке кәсіпкерлер жүзеге асыратын импортты немесе экспортты қозғайтын үкіметтік шаралар үшін көзделген, кемсітпейтін режимнің жалпы қағидаттарына сәйкес келетіндей әрекет етуін қамтамасыз етеді.

(b) Осы тармақтың (a) тармақшасының ережелері мұндай кәсіпорындар осы Келісімнің басқа ережелерін тиісті түрде ескере отырып, бағаны, сапаны, қолжетімділікті, бәсекеге қабілеттілікті, тасымалдауды және сатып алу мен сатудың басқа да шарттарын қоса алғанда, коммерциялық пайымдарды,¹⁷ ғана басшылыққа алып, кез келген осындай сатып алу мен сату жасауын талап ететіндей түсіндіріледі, сондай-ақ екінші Тараптың кәсіпорындарына қолданылатын іскерлік практикаға сәйкес осындай сатып алуларға немесе сатуларға қатысу үшін күресуге қажетті мүмкіндік береді.

(c) Тараптардың ешқайсысы өз юрисдикциясындағы қандай да бір кәсіпорынды (ол осы тармақтың (a) тармақшасында атап көрсетілгеніне не атап көрсетілмегеніне қарамастан) осы тармақтың (a) және (b) тармақшаларында белгіленген қағидаттарға сәйкес әрекет ету мүмкіндігінен айыра алмайды.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері мемлекеттік мақсатта дереу немесе түпкілікті тұтыну үшін және қайта сату немесе өзгеше түрде сату үшін тауарлар өндірісінде пайдалану үшін тауарлардың импортына қолданылмайды.¹⁸ Осындай импортқа қатысты әрбір Тарап екінші Тараптың саудасына әділ әрі тең құқықты режим ұсынады.

3. Тараптар осы баптың 1(a) тармағында сипатталған типтегі кәсіпорындар саудаға елеулі кедергілер тудыратындай етіп басқарылуы мүмкін екендігін мойындайды; демек, осындай кедергілерді шектеуге немесе төмендетуге бағытталған екіжақты өзара тиімді негіздегі келіссөздер халықаралық сауданың қолданылуы үшін маңызды.

4. (a) Тараптар осы баптың 1 (a) тармағында сипатталған үлгіге жататын кәсіпорындар өздерінің аумақтарына импорттайтын немесе өздерінің аумақтарынан экспорттайтын тауарлар туралы Бірлескен комитетті хабардар етеді.

(b) Осы Келісімге 1-қосымшаға енгізілмеген, тауарлар импортына монополияны құратын, сақтайтын немесе оған рұқсат беретін Тарап екінші Тараптың сұрау салуы бойынша осындай Тарапты таяудағы репрезентативті кезең барысында тауардың импорттық бағасына¹⁹ үстемеақы туралы немесе, егер бұл мүмкін болса, тауарды қайта сатуға белгіленген баға туралы хабардар етеді.

(c) Өзінің осы Келісімге сәйкес мүдделеріне осы баптың 1 (a) тармағында сипатталған типке жататын кәсіпорынның әрекеттері арқылы қысым жасалып жатыр деп пайымдауға себептері бар Тарап осындай кәсіпорынды құратын, сақтайтын немесе оған рұқсат беретін Тараптан оның осы Келісімнің ережелерін орындауға байланысты қызметі туралы ақпарат беруін талап етеді.

(d) Осы тармақтың ережелері қандай да бір Тарапты ашылуы заңның орындалуына кедергі болатын немесе қоғамдық мүдделерге өзгеше түрде қайшы келетін немесе жекелеген кәсіпорындардың заңды коммерциялық мүдделеріне қысым жасалуына алып келетін құпия ақпаратты ашуға міндеттемейді.

¹⁵Тараптар құратын және сатып алу қызметіне немесе сатуларға қатысатын Маркетинг кеңесінің қызметі осы Келісімнің 2.11-бабының 1-тармағы (a) және (b) тармақшаларының ережелеріне бағынады. Тараптар құратын және сатып алу қызметімен немесе сатулармен айналыспайтын, бірақ жекеше саудаға қолданылатын нормативтік актілерді белгілейтін Маркетинг кеңесінің қызметі осы Келісімнің тиісті Баптарында реттеледі. Осы баптың ережелері мұндай әртүрлі бағалар экспорттық нарықтардағы жеткізу және сұраныс шарттарын орындау үшін коммерциялық пайымдар бойынша белгіленген жағдайда, мемлекеттік кәсіпорындардың әртүрлі нарықтарда тауарларды сату үшін әртүрлі бағалар белгілеуін жоққа шығармайды.

¹⁶Сыртқы сауданы жүзеге асыруда сапа мен тиімділік стандарттарын немесе ұлттық табиғи ресурстарды пайдалану үшін ұсынылатын, бірақ билікке тиісті кәсіпорынның сауда қызметіне бақылауды жүзеге асыруға уәкілеттік бермейтін артықшылықтарды қамтамасыз ету үшін қолданылатын үкіметтік шаралар "айрықша немесе ерекше артықшылықтар" болып табылмайды.

¹⁷"Байланыстырылған кредитті" алатын ел осы кредитті шет елдерде тұтынылатын материалдық құралдарды сатып алу кезінде "коммерциялық есеп айырысу" ретінде ескеруге құқылы.

¹⁸Тауарлар" термині сауда практикасында түсінілетінге сәйкес тауарлармен шектеледі және көрсетілетін қызметтерді сатып алуға немесе сатуға арналмайды.

3-ТАРАУ. ІШКІ НАРЫҚТЫ ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ

3.1-бап

Анықтамалар

Осы Тараудың мақсаттары үшін:

(a) "демпингке қарсы шара" - материалдық залал келтіретін немесе келтіруге қауіп төндіретін немесе экономика саласын құруды айтарлықтай бәсеңдететін демпингтік импортқа қарсы іс-қимыл жасау немесе оны болғызбау үшін Тарап екінші Тараптан тауар импортына қатысты осы Тараудың ережелеріне сәйкес қолданатын шара;

(b) "екіжақты қорғау шарасы" - осы Келісімге сәйкес кедендік баж мөлшерлемесінің азаюына немесе алып тасталуына байланысты осындай тауардың импорты ұлғайған кезде туындаған, экономика саласына қатысты елеулі залалды немесе осындай залал келтіру қаупін болғызбау немесе жою мақсатында Тарап екінші Тараптың аумағынан шығатын тауардың импортына қатысты осы Тараудың ережелеріне сәйкес қолданатын шара;

(с) "өтемақы шарасы" - соңғы Тараптың аумағында берілетін, материалдық залал келтіретін немесе келтіруі мүмкін немесе экономика саласын құруды айтарлықтай бәсеңдетуі мүмкін ерекше субсидияның әсерін бейтараптандыру үшін Тарап екінші Тараптан тауар импортына қатысты осы Тараудың ережелеріне сәйкес қолданатын шара;

(d) "арнайы қорғау шарасы" - барлық елдерден осындай тауардың өскен импортынан туындаған экономика саласына елеулі залалды немесе осындай залал келтіру қаупін болғызбау немесе жою мақсатында Тарап осы Тараудың ережелеріне сәйкес қолданылатын шара.

¹⁹ "Үстемеақы" термині монополия импортталатын тауарлар үшін импортқа белгілеген құн (осы Келісімнің 2.2-бабына сәйкес ішкі салықтарды, тасымалдауға, бөлуге арналған шығыстарды және сатып алу, сату немесе одан арғы әрекеттер барысындағы шығыстарды, сондай-ақ пайданың ақылға қонымды коэффициентін шегеріп тастағанда) қоймадағы тауардың құнынан асып түскен кездегі айырмашылықты білдіреді.

3.2-бап

Демпингке қарсы және өтемақы шаралары

1. Әрбір Тарап осы Тарауда көзделген жағдайларды қоспағанда, демпингке қарсы және өтемақы баждарын қолдану тәртібін реттейтін өз заңнамасына сәйкес демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолданады.

2. Егер бір Тараптан екінші Тарапқа экспортталған осы тауардың экспорттық бағасы экспорттаушы Тарапта тұтынуға арналған ұқсас тауар саудасының әдеттегі барысы шеңберінде белгіленетін салыстырмалы бағадан төмен болса, тауар демпинг ретінде, яғни басқа елдің нарығына оның қалыпты құнынан төмен бағамен келіп түскен тауар ретінде қарастырылады.

3. Экспорттаушы Тараптың нарығында ұқсас тауарды әкімшілік, сауда және жалпы шығасыларды ескере отырып, өндірістің орташа өлшемді шығасыларынан төмен емес бағамен сатулар сауданың әдеттегі барысы шеңберінде жүзеге асырылатын сату ретінде қарастырылады. Экспорттаушы Тараптың ішкі нарығында ұқсас тауарды сатулар немесе әкімшілік, сауда және жалпы шығасыларды қоса отырып, өндірістің үлестік (тұрақты немесе ауыспалы) шығасыларынан төмен бағамен үшінші елге сатулар бағаға байланысты сауданың әдеттегі барысы шеңберінен тыс жүзеге асырылатын сату ретінде қарастырылуы мүмкін және егер тергеп-тексерулер жүргізетін органдар мұндай сатулар ұзақ уақыт бойы²⁰ айтарлықтай мөлшерде 21 және ақылға қонымды уақыт кезеңі ішінде барлық шығасыларды өтеуді қамтамасыз етпейтін бағамен жүзеге асырылатынын анықтаса ғана, қалыпты құнын айқындау кезінде назарға алынбауы мүмкін. Егер сату кезіндегі үлестік шығасылардан төмен бағалар тергеп-тексеру кезеңіндегі орташа өлшемді үлестік шығасылардан асып кетсе, онда

мұндай бағалар ақылға қонымды уақыт кезеңі ішінде шығасыларды өтеуді қамтамасыз ететін баға ретінде қарастырылады. Экспорттаушы Тараптың ішкі нарығында сауданың әдеттегі барысы шеңберінде ұқсас тауарды сату болмаса не экспорттаушы елдің ішкі нарығында сату көлемінің төмен болуына байланысты мұндай сатулар тиісті салыстыруды жүргізуге мүмкіндік бермесе, демпингке қарсы тергеп-тексерулер жүргізу мақсаттары үшін, егер бұл баға өкілді баға болған не шығарылатын еліндегі әкімшілік, сауда және жалпы шығасылардың, сондай-ақ пайданың ақылға қонымды сомасы қосылатын өндіріс шығасылары болған жағдайда, демпингтік маржа ұқсас тауар тиісті үшінші тұлғаға экспортталған кезде оның салыстырмалы бағасымен салыстыру арқылы айқындалады. Осы тармақтың мақсаттары үшін шығасылар, әдетте, мұндай құжаттар экспорттаушы елде жалпы қабылданған бухгалтерлік есепке алу қағидаттарына сәйкес келген және осы тауарды өндіруге және сатуға байланысты шығасыларды барынша дәл көрсеткен жағдайда, тергеп-тексеру жүргізіліп жатқан экспорттаушының немесе өндірушінің есепке алу құжаттары негізінде есептеледі.

Тергеп-тексерулер жүргізетін органдар экспорттаушы немесе өндіруші мұндай бөлуді бұрыннан қолданатын жағдайда, атап айтқанда, амортизация мен тозудың тиісті кезеңдерін белгілеуге қатысты және капитал салымдарына және өндірісті дамытуға арналған басқа да шығыстарды жабуға жасалған аударымдарға қатысты қолданатын жағдайда, тергеп-тексеру барысында экспорттаушы немесе өндіруші ұсынған шығасыларды қоса алғанда, шығасыларды бөлудің дұрыстығы туралы барлық қолда бар дәлелдемелерді назарға алады. Егер бұл осы тармаққа сәйкес шығасыларды бөлу кезінде ескерілмесе, онда шығасылар болашақ және/немесе ағымдағы өндірісті дамытуға арналған шығыстардың мерзімді емес баптарын немесе тергеп-тексеру кезеңіндегі шығасыларға өндірістің қалыптасу кезеңіндегі операциялар әсер ететін мән-жайларды ескере отырып, тиісінше түзетіледі.²² Осы тармақтың мақсаттары үшін әкімшілік, сауда және жалпы шығасылардың, сондай-ақ пайданың сомалары тергеп-тексеру жүргізіліп жатқан экспорттаушы немесе өндіруші ұсынатын сауданың әдеттегі барысы шеңберінде ұқсас тауарды өндіру және сату туралы нақты деректерге негізделеді. Егер мұндай сомаларды осы негізде айқындау мүмкін болмаса, олар:

i. шығаратын елдің ішкі нарығында тауарлардың сол санатын өндіруге немесе сатуға байланысты осы экспорттаушы немесе өндіруші төлеген немесе алған нақты сомалардың;

ii. шығаратын елдің ішкі нарығында ұқсас тауарды өндіруге немесе сатуға байланысты тергеп-тексеру жүргізіліп жатқан басқа экспорттаушылар немесе өндірушілер төлеген немесе алған орташа өлшемді нақты сомалардың;

iii. осындай әдіспен белгіленген пайданың сомасы шығаратын елдің ішкі нарығында тауарлардың сол жалпы санатын сату кезінде басқа экспорттаушылар немесе

өндірушілер әдетте алатын пайдадан аспаған жағдайда, кез келген басқа ақылға қонымды әдістің негізінде айқындалуы мүмкін.

4. Экспорттық баға болмаған жағдайда не тиісті органдардың пікірінше, экспорттық баға экспорттаушы мен импорттаушы немесе үшінші тұлға арасындағы байланыстың немесе өтемақы келісімінің болуына байланысты сенім туғызбаған жағдайда, импортталған тауарлардың тәуелсіз сатып алушыға алғаш рет қайта сатылатын бағасының негізінде немесе егер тауарлар тергеп-тексеру жүргізетін органдар айқындай алатындай ақылға қонымды негізде тәуелсіз сатып алушыға қайта сатылмаса немесе олар импортталған түрінде қайта сатылмаса, экспорттық баға қалыптастырылуы мүмкін.

5. Экспорттық баға мен қалыпты құнды салыстыру әділ жүргізіледі. Мұндай салыстыру сауда операциясының сол бір сатысында, әдетте зауыттан тиеп-жөнелту сатысында және мүмкіндігінше бір уақытта жасалған сатуларға қатысты жүргізілуге тиіс. Әрбір жағдайда сату жағдайлары мен шарттарындағы, салық салудағы, сауда деңгейлеріндегі, мөлшерлердегі, физикалық сипаттамалардағы айырмашылықтарды, сондай-ақ оларға қатысты бағалардың салыстырмалылығына әсерінің дәлелдері ұсынылатын кез келген басқа айырмашылықтарды қоса алғанда, бағалардың салыстырмалылығына әсер ететін айырмашылықтарды ескеретін қажетті тиісті түзетулер жасалады. Осы баптың 4-тармағында көрсетілген жағдайларда импорт пен қайта сатулар арасындағы кезеңде төленген баждар мен салықтарды қоса алғанда, шығыстарға, сондай-ақ алынған пайдаға түзетулер енгізу қажет. Егер мұндай жағдайларда бағалардың салыстырмалылығы қозғалатын болса, тергеп-тексеру жүргізетін органдар экспорттық баға қалыптастырылған сатыға баламалы сауда операциясының сатысында қалыпты құнын белгілейді не осы тармақта рұқсат етілген қажетті түзетулерді енгізеді. Тараптың тергеп-тексеру жүргізетін органы мүдделі тұлғаларға әділ салыстыруды қамтамасыз ету үшін қандай ақпарат қажет екенін көрсетеді және бұл адамдарға шамадан тыс дәлелдемелер ұсынуды жүктемейді.

i. Егер осы баптың 5-тармағына сәйкес салыстыру бір валютадан екінші валютаға қайта есептеуді талап етсе, онда мұндай қайта есептеу, егер мерзімді нарықта шетел валютасын сату тиісті экспорттық жеткізіліммен тікелей байланысты болса, онда мерзімге сату кезінде қолданылатын айырбас бағамы пайдаланылған жағдайда, сату күніндегі айырбас бағамы пайдаланыла отырып жүргізіледі. Айырбас бағамдарының ауытқуы назарға алынбайды және тергеп-тексеру барысында органдар экспорттаушыларға тергеп-тексеру кезеңіндегі айырбас бағамдарының тұрақты өзгерістерін ескере отырып, олардың экспорттық бағаларын түзету үшін кемінде 60 күн береді.

ii. Осы баптың 5-тармағының әділ салыстыруды жүргізуді реттейтін ережелерін ескере отырып, тергеп-тексеру барысында демпингтік маржаның болуы, әдетте, орташа өлшемді қалыпты құнды барлық салыстырмалы экспорттық мәмілелердің орташа

өлшемді бағаларымен салыстыру негізінде не нақты мәмілелер бойынша қалыпты құнды экспорттық бағалармен салыстыру арқылы белгіленеді. Орташа өлшемді негізде белгіленген қалыпты құн, егер органдар экспорттық бағалардың құрылымы әртүрлі сатып алушылар, өңірлер немесе уақыт кезеңдері арасында айтарлықтай ерекшеленетінін анықтаса және нақты мәмілелер бойынша орташа өлшемді шамаларға не бағаларға салыстыру жүргізу кезінде мұндай айырмашылықтардың неліктен тиісінше ескерілмейтіні туралы түсініктеме берілсе, нақты экспорттық мәмілелердің бағаларымен салыстырылуы мүмкін.

6. Тауарлар шығарылатын елден тікелей импортталмай, импорттаушы Тарапқа аралық елден экспортталатын жағдайда, тауарлардың экспорттаушы елден импорттаушы Тарапқа сатылатын бағасы, әдетте, экспорттаушы елдегі салыстырмалы бағамен салыстырылады. Алайда, егер, мысалы, тауарлар тек экспорт елі арқылы жөнелтілсе не мұндай тауарлар экспорт елінде өндірілмесе не экспорт елінде олардың салыстырмалы бағасы болмаса, салыстыру шығарылатын елдегі бағамен жүргізілуі мүмкін.

7. Осы Тараудың мәтінінде "ұқсас тауар" деген термин бірдей тауарды білдіреді, яғни барлық жағынан осы тауарға ұқсас немесе мұндай тауар болмаған жағдайда, барлық жағынан ұқсас болмай, осы тауардың сипаттамаларына жақын сипаттамалары бар басқа тауар ретінде түсіндіріледі.

8. Осы Тараудың мақсаттары үшін, егер

(а) экспорттаушы Тарап аумағының шегінде үкімет немесе кез келген жариялы орган қаржылай көмек көрсетсе, яғни:

i. үкімет ақшалай қаражаттарды (мысалы, дотациялар, қарыздар немесе акцияларды сатып алу түрінде) тікелей аударуды практикаға айналдырған немесе өзіне осындай қаражаттарды (мысалы, қарыздар бойынша кепілдіктер) аудару жөнінде міндеттеме алған;

ii. үкімет өзіне тиесілі кірістерді (мысалы, салықтық кредиттер секілді салықтық жеңілдіктерді) өндіріп алудан бас тартқан немесе өндіріп алмаған²³;

iii. үкімет тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді ортақ инфрақұрылымнан тыс ұсынған немесе тауарларды сатып алған;

iv. үкімет қаржыландыру тетіктеріне төлемдерді жүзеге асырған немесе (i) - (iii) тармақшаларында көрсетілген, әдетте үкіметке жүктелетін функциялардың ішінен бір немесе бірнешеуін орындауды, бұл ретте үкіметтің әдеттегі практикасынан іс жүзінде ерекшеленбейтін жағдайларда орындауды жеке адамға тапсырған не жүктеген кезде;

немесе

(b) экспорттаушы Тараптың аумағынан кез келген тауардың экспортын ұлғайтуға немесе оның аумағына қандай да бір тауардың импортын қысқартуға тікелей немесе

жанама түрде әсер ететін, субсидия алушының кірістері мен бағаларын кез келген қолдау нысаны болса; және

(с) осылайша артықшылық берілетін болса, субсидиялардың болуы деп танылады.

9. Егер экспорттаушы Тараптың заңы бойынша субсидияға қол жеткізу немесе субсидиялаушы органның юрисдикциясы шегінде жекелеген кәсіпорынмен немесе саламен немесе кәсіпорындар тобымен немесе салалармен іс жүзінде шектелген болса, экспорттаушы Тараптың субсидиясы өзіндік немесе ерекшелігі бар болып саналады. Пайдаланылуы субсидиялаушы органның юрисдикциясындағы белгіленген географиялық өңірде орналасқан белгілі бір кәсіпорындармен шектелген субсидия өзіндік ерекшелігі бар болып табылады. Үкіметтік органдардың барлық деңгейінде әмбебап қолданылатын салық мөлшерлемелерін енгізу немесе өзгерту осы Келісімнің мақсаттары үшін өзіндік ерекшелігі бар субсидия ретінде қарастырылмайды деп көзделеді.

10. Субсидияның өзіндік ерекшелігі бар болып табылатын не табылмайтынын анықтау үшін мынадай қағидаттар қолданылады:

(а) егер субсидиялаушы орган немесе өзіне сәйкес субсидиялаушы орган әрекет ететін заңнама тек белгілі бір кәсіпорындардың субсидияларға қол жеткізуін шектейтін болса, мұндай субсидия өзіндік ерекшелігі бар болып қарастырылады;

(b) егер субсидиялаушы орган немесе өзіне сәйкес субсидиялаушы орган әрекет ететін заңнама субсидияларды алу құқығын және мөлшерін айқындайтын объективті өлшемшарттарды немесе шарттарды²⁴ белгілесе, алу құқығы автоматты болып табылған және мұндай өлшемшарттар мен шарттар қатаң орындалған жағдайда, өзіндік ерекшелігі бар болмайды. Өлшемшарттар мен шарттар заңда, нұсқаулықта, актіде немесе басқа да ресми құжаттарда оларды тексере алатындай түрде нақты айтылуға тиіс;

(с) егер осы тармақтың (а) және (b) тармақшаларында жазылған қағидаттарды қолданудан туындайтын өзіндік ерекшеліксіз сипатқа қарамастан, осы субсидия шын мәнінде өзіндік ерекшелігі бар болуы мүмкін деп ойлауға негіз болатын болса, онда басқа факторлар назарға алынуы мүмкін. Мұндай факторларға: белгілі бір кәсіпорындардың шектеулі санымен субсидиялау бағдарламаларын пайдалану, белгілі бір кәсіпорындардың басым түрде пайдалануы, кейбір кәсіпорындарға субсидиялардың пропорционалды емес үлкен сомаларын беру, сондай-ақ субсидиялаушы орган субсидия беру туралы шешім қабылдау кезінде ие болатын дискреттілікті пайдалану тәсілі²⁵ жатқызылады. Бұл тармақшаны қолдана келе, субсидиялаушы органның юрисдикциясы шегінде экономикалық қызметтің әртараптандырылу дәрежесін, сондай-ақ осы субсидиялау бағдарламасы қолданылатын уақыт ұзақтығын ескеру керек

11. Осы баптың 9 және 10-тармақтарының ережелеріне сәйкес өзіндік ерекшелік туралы кез келген тұжырым растаушы дәлелдемелердің болуымен айқын негізделуге тиіс.

12. Экспорттаушы Тараптың кез келген субсидиясы, егер:

(а) субсидия экспорттаушы Тараптың заңы бойынша немесе іс жүзінде жалғыз шарт немесе бірнеше шарттардың бірі ретінде экспорттың нәтижелерімен байланысты болса;

(b) субсидия экспорттаушы Тараптың заңы бойынша немесе іс жүзінде жалғыз шарт немесе бірнеше шарттардың бірі ретінде импорттық тауардың орнына тауарды пайдаланумен байланысты болса, өзіндік ерекшелігі бар болып есептеледі.

13. Тергеп-тексеруді жүргізетін орган осы баптың 8-тармағына сәйкес субсидия алушыға берілетін артықшылықты есептеу үшін пайдаланатын кез келген әдіс мына қағидаттарға сәйкес келуге тиіс:

(а) егер инвестициялар туралы шешім осы Тараптың аумағындағы жекеше инвесторлардың әдеттегі инвестициялық практикасына (тәуекелдік капиталдың ұсынылуын қоса алғанда) сәйкес келмейтін болып бағалана алмаса, үкіметтің компания капиталына қатысуы жеңілдік беру ретінде қарастырылмайды;

(b) егер кредит алушы фирманың мемлекеттік кредит бойынша төлейтін сомасы мен оның фирма іс жүзінде нарықта ала алатын, салыстырылатын коммерциялық кредит үшін төлейтін сомасы арасында айырмашылық болмаса, үкіметтік қарыз жеңілдік беру ретінде қарастырылмайды. Мұндай жағдайда, осы екі сома арасындағы айырмашылық жеңілдік болып есептеледі;

(c) кепілдік алған фирманың үкімет кепілдік берген кредит үшін төлейтін сомасы мен оның мемлекеттік кепілдігі жоқ, салыстырылатын коммерциялық кредит үшін төлейтін сомасы арасында айырмашылық болмаса, кредитке үкіметтің кепілдік беруі жеңілдік беру ретінде қарастырылмайды. Мұндай жағдайда, комиссиялық алымдарға кететін айырмашылыққа түзетілген осы екі сома арасындағы айырмашылық жеңілдік болып есептеледі;

(d) егер үкімет тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді барабар төлемнен аз төлемге бермесе не сатып алу барабар төлемнен көп төлемге жүзеге асырылмаса ғана, үкіметтің тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді беруі не тауарларды үкіметтің сатып алуы жеңілдік ретінде қарастырылмайды. Төлемақының барабарлығы беру немесе сатып алу елінде осы тауарлар мен көрсетілетін қызметтер үшін қазіргі бар нарықтық жағдайларға (бағаны, сапаны, қолжетімділікті, өтімділікті, тасымалдауды және сатып алудың немесе сатудың басқа да шарттарын қоса алғанда) қатысты айқындалады.

14. Тараптар осы баптың ережелеріне сәйкес тергеп-тексеру жүргізетін орган бастаған және жүргізген тергеп-тексеру жүргізілгеннен кейін ғана демпингке қарсы

шараны немесе өтемақы шарасын қолдануға құқылы. Айрықша жағдайларды қоспағанда, тергеп-тексеру бір жыл ішінде және ешқандай жағдайда ол басталғаннан кейін 18 айдан кешіктірілмей аяқталады.

15. Тергеп-тексеру экономика саласы берген немесе оның атынан берілген: а) демпингтің (демпингке қарсы тергеп-тексеру мақсаттары үшін) немесе өзіндік ерекшелігі бар субсидияның (өтемақылық тергеп-тексеру мақсаттары үшін) б) экономика саласына залалдың²⁷ және с) демпингтік импорт (демпингке қарсы тергеп-тексеру мақсаттары үшін) немесе субсидияланатын импорт (өтемақылық тергеп-тексеру мақсаттары үшін) және болжамды залал арасындағы себептік-салдарлық байланыстың жеткілікті дәлелдемелерін қамтитын жазбаша өтініш бойынша басталады. Тиісті дәлелдемелермен расталмаған қарапайым тұжырымды осы тармақтың талаптарын қанағаттандыру үшін жеткілікті деп қарастыруға болмайды.

16. Өтемақылық тергеп-тексеру мақсаттарына арналған өтініште өтініш иесіне қолжетімді мынадай ақпарат қамтылады:

(а) өтініш иесінің жеке басы және ұқсас тауар өндірісінің көлемі мен құнын өтініш иесінің сипаттауы қамтылады. Егер жазбаша өтініш экономика саласының атынан жасалған болса, ол ұқсас тауарды барлық белгілі өндірушілердің (немесе ұқсас тауарды өндірушілер қауымдастықтарының) тізімін енгізу және осындай өндірушілерге келетін ұқсас тауар өндірісінің көлемі мен құнын мүмкіндігі болатындай дәрежеде сипаттау арқылы өзінің атынан өтініш берілген саланы айқындауға тиіс;

(b) болжамды түрде субсидияланатын тауардың толық сипаттамасы, тауар шығарылған немесе экспорттаушы елдің немесе елдердің атауы, осы тауарды әрбір белгілі экспорттаушының немесе шетелдік өндірушінің жеке басы және белгілі импорттаушылардың тізімі;

(с) субсидияның болуының, мөлшерінің және сипатының дәлелдемелері;

(d) осы баптың 23-тармағында санамаланған экономика саласының жай-күйін сипаттайтын тиісті көрсеткіштер мен индекстерге негізделген экономика саласының болжамды залалы субсидияның әсеріне орай, субсидияланатын импорттан туындағанының дәлелдемелері; бұл дәлелдемелер болжамды түрде субсидияланатын импорт көлемінің өзгеруі, осы импорттың ішкі нарықтағы ұқсас тауардың бағаларына ықпалы және кейіннен импорттың экономика саласына ықпалы туралы экономика саласының жай-күйін сипаттайтын тиісті көрсеткіштер мен индекстерге негізделген ақпаратты қамтиды.

17. Демпингке қарсы тергеп-тексеру мақсаттарына арналған өтініште өтініш иесіне қолжетімді мынадай ақпарат қамтылады:

(а) өтініш иесінің жеке басы және ұқсас тауар өндірісінің көлемі мен құнын өтініш иесінің сипаттауы. Егер жазбаша өтініш экономика саласының атынан жасалған болса, онда мұндай өтініште ұқсас тауарды барлық белгілі өндірушілердің (немесе ұқсас тауар

өндірушілер қауымдастықтарының) тізбесін беру және осындай өндірушілердің үлесіне тиесілі ұқсас тауар өндірісінің көлемі мен құнын мүмкіндігі болғанша сипаттау арқылы өзінің атынан өтініш берілген сала нақтыланады;

(b) болжамды түрде демпингтің нысанасы болып табылатын тауардың толық сипаттамасы, тауар шығарылған немесе экспорттаушы елдің немесе елдердің атауы, әрбір белгілі экспорттаушының немесе шетелдік өндірушінің жеке басы және осы тауарды импорттайтын белгілі тұлғалардың тізбесі;

(c) осы тауар шығарылған немесе экспорттаушы елдің немесе елдердің ішкі нарықтарында тұтыну үшін сатылатын бағалар туралы ақпарат (немесе бұл орынды болған жерде, тауар шығарылған немесе экспорттаушы елден немесе елдерден үшінші елге немесе елдерге сатылатын бағалар туралы не тауардың құрастырылған құны туралы ақпарат) және экспорттық бағалар туралы не бұл қажет болған жерде, тауар импорттаушы Тараптың аумағында тәуелсіз сатып алушыға алғаш рет қайта сатылатын бағалар туралы ақпарат;

(d) болжамды түрде демпингтің нысанасы болып табылатын импорттың динамикасы, осы импорттың ішкі нарықтағы ұқсас тауардың бағаларына ықпалы және осы баптың 23-тармағында санамаланғандай, экономика саласының жағдайымен байланысты, осы импорттың экономика саласы үшін тиісті факторлармен және көрсеткіштермен расталған салдары туралы ақпарат.

18. Тиісті түрде құжатталған өтінішті алғаннан кейін және демпингке қарсы тергеп-тексеру басталғанға дейін тергеп-тексеру жүргізетін органдар демпингке қарсы тергеп-тексеру басталғанға дейін кемінде 15 күн бұрын экспорттаушы Тараптың үкіметін хабардар етеді.

19. Тергеп-тексеру жүргізетін органдар тергеп-тексеруді бастауға жеткілікті дәлелдердің бар-жоғын айқындау үшін өтініште ұсынылған дәлелдемелердің анықтығы мен жеткіліктілігін зерделейді. 15-тармаққа сәйкес тергеп-тексеру, егер Тараптың тергеп-тексеру жүргізетін органы ұқсас тауардың өндірушілері айтқан, өтінішті қолдау немесе оған келіспеу дәрежесін зерделеу негізінде өтінішті экономика саласының бергенін немесе осы саланың атынан берілгенін анықтаған жағдайда ғана басталады. Өтініш, егер оны жиынтық өндірісі өтінішті қолдайтынын немесе онымен келіспейтінін білдіретін экономика саласының сол бөлігі өндірген ұқсас тауардың бүкіл өндіріс көлемінің 50 пайыздан астамын құрайтын өндірушілері қолдаса, "экономика саласы берген немесе оның атынан берілген" деп қаралады. Алайда, егер өтінішке қолдайтынын айтқан өндірушілердің үлесіне экономика саласы өндірген ұқсас тауардың бүкіл өндіріс көлемінің 25 пайызынан азы тиесілі болса, тергеп-тексеру басталмайды. Егер ерекше мән-жайларда, тиісті тергеп-тексеру жүргізетін орган тергеп-тексеруді экономика саласынан немесе оның атынан осындай тергеп-тексеруді бастау туралы өтініш алмай тұрып бастау туралы шешім қабылдаса, тергеп-тексеру жүргізетін орган, егер онда, осы баптың 15-тармағында сипатталғандай,

тергеп-тексерудің басталуын негіздеу үшін демпингтің (демпингке қарсы тергеп-тексеру мақсаттары үшін) немесе өзіндік ерекшелігі бар субсидияның (өтемақылық тергеп-тексеру мақсаттары үшін), залалдың және олардың арасындағы себептік-салдарлық байланыстың бар екенінің жеткілікті дәлелдемелері болған жағдайда ғана ол тергеп-тексеруге кірісе алады.

20. Тараптың тергеп-тексеру жүргізетін органы рәсімнің жалғастырылуын ақтайтын жеткілікті дәлелдемелердің не демпингтің (демпингке қарсы тергеп-тексеру мақсаттары үшін) немесе субсидиялаудың (өтемақылық тергеп-тексеру мақсаттары үшін) не залалдың жоқ екеніне көз жеткізген сәтте-ақ өтініш қабылданбайды және тергеп-тексеру дереу тоқтатылады. Тараптың тергеп-тексеру жүргізетін органы демпингтік маржаның немесе субсидия мөлшерінің *de minimis* болып табылатынын немесе демпингтік немесе субсидияланатын импорттың іс жүзіндегі немесе ықтимал көлемі немесе залалдың мөлшері елеусіз болып табылатынын анықтаған жағдайларда, тергеп-тексеру дереу тоқтатылады. Егер демпингтік маржа экспорттық бағаның пайызынан аз болса, бұл маржа *de minimis* ретінде қарастырылады. Демпингтік импорттың көлемі, егер белгілі бір елден демпингтік импорт көлемінің импорттаушы Тараптағы ұқсас тауар импортының 3 пайызынан азы екені анықталса, жеке үлесі импорттаушы Тарапқа ұқсас тауар импортының пайызынан азын құрайтын елдер жиынтығында импорттаушы Тарапқа ұқсас тауар импортының 7 пайызынан аспайтын бөлігін құраған жағдайда, әдетте болмашы деп қаралады.

21. Демпингке қарсы және өтемақылық тергеп-тексеру мақсаттары үшін "экономика саласы" деген термин ұқсас тауарлардың барлық өндірушілеріне немесе жиынтық тауар өндірісі осы тауарлардың барлық өндірісінің елеулі бөлігін құрайтындарға тиесілі термин ретінде түсіндіріледі, бұған мыналар жатпайды:

(a) өндірушілер экспорттаушылармен немесе импорттаушылармен байланысты²⁸ болған немесе өздері болжамды түрде демпингтің нысанасы болып табылатын тауарды импорттаушылар болып табылатын жағдайларда, "экономика саласы" деген термин қалған өндірушілерге жататын термин ретінде түсіндірілуі мүмкін;

(b) айрықша мән-жайларда Тараптың аумағы осы өндіріс үшін екі немесе одан көп бәсекелес нарықтарға бөлінуі мүмкін және әрбір нарықтың ішіндегі өндірушілер, егер (a) осындай нарық ішіндегі өндірушілер өздерінің өндірілген осы тауарының барлығын немесе барлығын дерлік осы нарықта сатса және (b) осы нарықтағы сұранысты осы аумақтың басқа бөліктерінде тұрған осы тауарды өндірушілер қандай да бір елеулі дәрежеде қанағаттандырмайтын болса, жекелеген сала ретінде қарастырылады. Мұндай мән-жайларда, демпингтік немесе субсидияланатын импорт осындай оқшауланған нарықта шоғырланған жағдайда, сондай-ақ демпингтік немесе субсидияланатын

импорт осы нарықтағы барлық немесе барлығын дерлік өнімді өндірушілерге залал келтірген жағдайда, тіпті, егер экономиканың бүкіл саласының негізгі бөлігі залал келтірілмесе де, залалдың болуы белгіленуі мүмкін.

22. Бір тараптан басқа Тараптың аумағына импортталған тауар демпингінің немесе субсидиялаудың бірдей жағдайының орнын толтыру мақсатында бір мезгілде демпингке қарсы және өтемақылық шаралар қолданылуға жататын болып есептелмейді.

23. Тарап тергеп-тексеру барысында демпингтің (демпингке қарсы шараларды қолдану мақсаттары үшін) немесе субсидиялаудың (өтемақы шараларын қолдану мақсаттары үшін) ықпалы тиісінше өзінің экономика саласына қатысты материалдық залал келтіретінін немесе залал келтіру қаупін төндіретінін немесе экономика саласының дамуын елеулі түрде баяулататынын анықтағанға дейін басқа Тараптан жасалатын импортқа демпингке қарсы немесе өтемақы шаралары қолданбайды. Залалдың болуын анықтау позитивті дәлелдемелерге негізделеді және (а) демпингтік импорттың көлемін (демпингке қарсы тергеп-тексеру мақсаттары үшін) немесе субсидияланатын импорттың көлемін (өтемақылық тергеп-тексеру мақсаттары үшін) және осындай импорттың ішкі нарықтағы ұқсас тауарлар бағасына ықпалын, сондай-ақ (b) осындай импорттың осындай тауарларды ішкі өндірушілерге кейінгі ықпалын объективті түрде зерделеуді көздейді. Демпингтік (демпингке қарсы тергеп-тексеру мақсаттары үшін) немесе субсидияланатын (өтемақылық тергеп-тексеру мақсаттары үшін) импорт көлеміне қатысты тергеп-тексеру жүргізетін органдар демпингтік (демпингке қарсы тергеп-тексеру мақсаттары үшін) немесе субсидияланатын (өтемақылық тергеп-тексеру мақсаттары үшін) импорттың елеулі ұлғаюы абсолютті мәнде не импорттаушы Тараптағы өндіруге немесе тұтынуға қатысты болғанын қарастырады. Демпингтік (демпингке қарсы тергеп-тексеру мақсаттары үшін) немесе субсидияланатын (өтемақылық тергеп-тексеру мақсаттары үшін) импорттың бағаларға ықпалына қатысты тергеп-тексеру жүргізетін органдар импорттаушы Тараптағы ұқсас тауардың бағасымен салыстырғанда демпингтік (демпингке қарсы тергеп-тексеру мақсаттары үшін) немесе субсидияланатын (өтемақылық тергеп-тексеру мақсаттары үшін) импорттың ықпалымен бағаны елеулі төмендету болғанын-болмағанын немесе мұндай импорт қандай да бір жолмен бағаның айтарлықтай төмендеуіне алып келетінін-келмейтінін немесе басқаша жағдайда орын алатын бағаның өсуіне айтарлықтай кедергі келтіретінін-келтірмейтінін қарастырады. Демпингтік импорттың (демпингке қарсы тергеп-тексеру мақсаттары үшін) немесе субсидияланатын импорттың (өтемақылық тергеп-тексеру мақсаттары үшін) зардап шеккен экономика саласына ықпалын зерделеу сатудың, пайданың, өнім шығарылымының, нарықтағы үлестің, өнімділіктің, инвестициялар бойынша кірістердің немесе қуаттылықты пайдаланудың іс жүзіндегі немесе ықтимал қысқартылуын қоса алғанда, осы саланың жай-күйімен байланысты, іске қатысы бар барлық экономикалық факторлар мен

көрсеткіштерді; ішкі нарықтың бағаларына ықпал ететін факторларды; демпингтік маржаның шамасын (демпингке қарсы тергеп-тексеру мақсаттары үшін); ақша ағынына, тауар қорларына, жұмыспен қамтылуға, жалақыға, өсу қарқынына, капитал немесе инвестициялар тарту мүмкіндігіне іс жүзіндегі немесе ықтимал теріс ықпалды бағалауды қамтиды. Осы тізбе түбегейлі болып табылмайды; осы факторлардың біреуі де, бірнешеуі де сөзсіз, шешуші мәнге ие бола алмайды. Демпингтік импорт (демпингке қарсы тергеп-тексеру мақсаттары үшін) немесе субсидияланатын импорт (өтемақылық тергеп-тексеру мақсаттары үшін) және экономика саласына келтірілген залал арасындағы себеп-салдарлық байланысты дәлелдеу тергеп-тексеру жүргізетін органның қолында бар, іске қатысты барлық дәлелдемелерді зерделеуге негізделеді. Тергеп-тексеру жүргізетін орган дәл сол кезеңде экономика саласына залал келтіретін демпингтік импорттан (демпингке қарсы тергеп-тексеру мақсаттары үшін) немесе субсидияланатын импорттан (өтемақылық тергеп-тексеру мақсаттары үшін) бөлек, кез келген басқа белгілі факторларды да зерделейді және осы факторлар келтірген залал демпингтік импорттың (демпингке қарсы тергеп-тексеру мақсаттары үшін) немесе субсидияланатын импорттың (өтемақылық тергеп-тексеру мақсаттары үшін) еншісіне жазылмауға тиіс. Іске қатысты деп қарастырылатын факторлар, атап айтқанда, демпингтік бағамен сатылмаған импорттың көлемі мен бағасын (демпингке қарсы тергеп-тексеру мақсаттары үшін) немесе субсидияланбайтын импортты (өтемақылық тергеп-тексеру мақсаттары үшін), сұраныстың төмендеуін немесе тұтыну құрылымындағы өзгерістерді, шектеулі сауда практикасын және шетелдік және экономика саласының өндірушілері арасындағы бәсекелестікті, технологиялық жетістіктерді, сондай-ақ экономика саласының экспорттық көрсеткіштері мен өнімділігін қамтиды. Материалдық залал келтірілу қаупінің болуын анықтау қарапайым тұжырымдарға, болжамдарға немесе алшақ мүмкіндікке емес, фактілерге негізделеді. Демпингтің (демпингке қарсы тергеп-тексеру мақсаттары үшін) немесе субсидияның (өтемақылық тергеп-тексеру мақсаттары үшін) залал келтіруін ықтимал ететін жағдай жасайтын мән-жайлардың өзгеруі алдын ала айқын байқалуға және нақты болуға тиіс. Тергеп-тексеру жүргізетін органдар материалдық залал қаупінің бар екенін анықтау кезінде мынадай факторларды, атап айтқанда: (i) осы субсидияның немесе субсидиялардың сипаты және олардың саудаға ықтимал әсері (өтемақылық тергеп-тексеру мақсаттары үшін); ішкі нарыққа демпингтік (демпингке қарсы тергеп-тексеру мақсаттары үшін) немесе субсидияланатын (өтемақылық тергеп-тексеру мақсаттары үшін) импорттың оның едәуір ұлғаю ықтималдығын көрсететін едәуір ұлғаю қарқыны; экспорттаушының жеткілікті экспорттық мүмкіндіктерінің болуы немесе басқа экспорттық нарықтардың кез келген қосымша экспортты сіңіру мүмкіндігін ескере отырып, импорттаушы Тараптың нарығына демпингтік (демпингке қарсы тергеп-тексеру мақсаттары үшін) немесе субсидияланатын (өтемақылық тергеп-тексеру мақсаттары үшін) экспорттың айтарлықтай ұлғаю ықтималдығын

көрсететін экспорттық мүмкіндіктердің сөзсіз елеулі ұлғаюы; импорттың ішкі бағаларға айтарлықтай төмендететін және басым әсер ететін және қосымша импортқа сұраныстың артуына алып келетін бағалар бойынша түсуі; және (v) тергеп-тексеру жүргізіліп жатқан тауардың қорлары. Бұл факторлардың ешқайсысының өзі шешуші мәнге ие бола алмайды, бірақ қарастырылған факторлардың жиынтығы одан әрі демпингтік (демпингке қарсы тергеп-тексеру мақсаттары үшін) немесе субсидияланатын (өтемақы тергеп-тексеру мақсаттары үшін) экспорттың сөзсіз болатыны және қорғау шаралары қабылданбаған жағдайда материалдық залал келтірілетіндігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік беруге тиіс. Демпингтік (демпингке қарсы тергеп-тексеру мақсаттары үшін) немесе субсидияланатын (өтемақылық тергеп-тексеру мақсаттары үшін) импорттан келтірілген залал қаупі болған жағдайларда, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану туралы шешім қаралады және ерекше сақтықпен қабылданады.

24. Алдын ала шаралар, егер (i) тергеп-тексеру осы баптың 15 - 20-тармақтарының ережелеріне сәйкес басталса, бұл туралы жария хабарлама берілсе және барлық мүдделі тұлғаларға ақпарат ұсынуға және түсініктемелер тұжырымдауға тиісті мүмкіндіктер қамтамасыз етілсе; (ii) демпингтің (демпингке қарсы тергеп-тексеру мақсаттары үшін) немесе өзіндік ерекшелігі бар субсидияның (өтемақылық тергеп-тексеру мақсаттары үшін) болуына және онымен байланысты экономика саласына келтірілген залалға қатысты алдын ала нақты анықтамалар шығарылса; және (iii) тергеп-тексеру жүргізетін тиісті органдар тергеп-тексеру барысында келтірілген залалдың алдын алу үшін мұндай шаралар қажет деп есептесе ғана қабылдануы мүмкін. Алдын ала шаралар тергеп-тексеру басталған күннен бастап 60 күннен ерте қолданылмайды. Алдын ала шараларды қолдану 4 айдан аспайтын мүмкіндігінше қысқа мерзіммен немесе сауданың едәуір бөлігін білдіретін экспорттаушылардың өтініші негізінде тиісті органдардың шешімі бойынша 6 айдан аспайтын кезеңмен шектеледі. Тергеп-тексеру жүргізетін орган тергеп-тексеру барысында демпингтік маржадан төмен баждың залалды жоюға жеткілікті екенін қарастырған кезде, бұл кезеңдер сәйкесінше 6 және 9 ай болуы мүмкін.

25. Тергеп-тексеру жүргізгенге дейін басқа Тараптың импортына қатысты өтемақылық тергеп-тексеруге бастама жасауға ниеттенген Тарап жағдайды түсіндіру және екі Тарап үшін қолайлы шешім қабылдау мақсатында басқа Тарапты консультацияға шақырады. Сонымен қатар, тергеп-тексерудің бүкіл кезеңі барысында тауарлары тергеп-тексерудің нысанасы болып табылған Тарапқа іс жүзіндегі мән-жайларды нақтылау және өзара қолайлы шешімге қол жеткізу мақсатында консультацияны жалғастыру үшін ақылға қонымды мүмкіндік беріледі. Консультацияларға қатысты ережелер консультация үшін ақылға қонымды мүмкіндік беру міндеттемесіне залал келтірмей, Тарап органдарының осы Келісімнің ережелеріне сәйкес тергеп-тексеруді бастауға, алдын ала немесе түпкілікті оң немесе теріс

қорытындылар шығаруға немесе алдын ала немесе түпкілікті шаралар қолдануға қатысты дереу әрекет етуіне кедергі келтіруді мақсат етіп қоймайды. Өтемақылық тергеп-тексеруді бастауға ниеттенген немесе осындай тергеп-тексеруді жүргізіп жатқан Тарап тауарлары осындай тергеп-тексерудің нысанасы болып табылатын Тараптың сұрау салуы бойынша тергеп-тексеруді бастау немесе жүргізу үшін пайдаланылатын құпия деректердің құпия емес түйіндемесін қоса алғанда, құпия емес ақпаратқа қолжетімділік береді.

26. Демпингке қарсы баждың мөлшері демпингтік маржадан аспайды. Әдетте, тергеп-тексеру жүргізетін органдар тергеп-тексеру жүргізіліп жатқан әрбір белгілі экспорттаушы немесе тиісті тауар өндірушісі үшін жеке демпингтік маржа айқындайды. Өтемақылық баждың мөлшерлемесі экспорттаушы Тараптың субсидияланатын және экспортталатын тауардың бірлігіне субсидиялау шарттарымен есептелген өзіндік ерекшелігі бар субсидиясының мөлшерінен аспайды.

27. Бұл оң тұрғыдан орындалатын болса, тергеп-тексеру жүргізетін органдар баж салығын өз бастамасы бойынша немесе түпкілікті демпингке қарсы (демпингке қарсы тергеп-тексеру мақсаттары үшін) немесе өтемақылық (өтемақылық тергеп-тексеру мақсаттары үшін) баж енгізілген сәттен бастап ақылға қонымды уақыт өткеннен кейін, қайта қарау қажеттігін растайтын оң ақпарат беретін кез келген мүдделі тұлғаның өтініші бойынша алуды жалғастыру қажеттігін қарастырады. Мүдделі тұлғалар тергеп-тексеру жүргізетін органдардан баж салығын өндіріп алуды жалғастыру демпингті (демпингке қарсы тергеп-тексеру мақсаттары үшін) немесе субсидиялауды (өтемақылық тергеп-тексеру мақсаттары үшін) бейтараптандыру үшін қажет екенін, егер баж жойылса немесе өзгертілсе немесе екеуі де орын алса, залал келтірудің жалғасу немесе қайта басталу ықтималдығының бар-жоқ екенін сұратуға құқылы. Демпингке қарсы немесе өтемақы шарасының қолданылу кезеңі осындай шара қолданылған күннен бастап бес жылдан аспайды және залалды келтіретін демпингке немесе субсидиялауға қарсы іс-қимыл жасау үшін қажетті осындай кезең ішінде және осындай мөлшерде жалғасады. Демпингке қарсы немесе өтемақы шарасының қолданылу кезеңі алдын ала шараның қолданылу кезеңін қамтиды. Демпингке қарсы немесе өтемақы шарасын қолдану кезеңі демпинг пен залалды (демпингке қарсы тергеп-тексеру мақсаттары үшін) немесе субсидиялау мен залал (өтемақылық тергеп-тексеру мақсаттары үшін) қамтитын соңғы қайта қарау күнінен бастап немесе шараның қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты қайта қарау аяқталған күннен бастап бес жылдан аспайтын кезеңге ұзартылуы мүмкін. Егер демпингке қарсы немесе өтемақы шаралары өтетін күнге дейін тергеп-тексеру жүргізетін органның бастамасы бойынша немесе осы күнге дейін ақылға қонымды мерзім ішінде экономика саласы берген немесе оның атынан берілген тиісті түрде негізделген сұрау салу негізінде бастамашылық жасалған қайта қарау нәтижелері бойынша тергеп-тексеру жүргізетін органдар баждың қолданысын тоқтату барша ықтималдықпен субсидиялаудың (

өтемақылық тергеп-тексеру мақсаттары үшін) немесе демпингтің (демпингке қарсы тергеп-тексеру мақсаттары үшін) және залалдың жалғасуына немесе қайта басталуына алып келуі мүмкін деп айқындаса, демпингке қарсы немесе өтемақы шараларының қолданылу мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдануы мүмкін. Дәлелдемелер мен рәсімдерге қатысты осы баптың ережелері осы бапқа сәйкес жүргізілетін кез келген қайта қарауға қолданылады. Кез келген осындай қайта қарау жеделдетіліп жүргізіледі және әдетте қайта қарау басталған күннен бастап 12 ай ішінде аяқталады.

28. Тергеп-тексеру жүргізетін Тарап барлық мүдделі тұлғаларға дәлелдемелерді ұсыну және басқа мүдделі тұлғалар ұсынған материалдарға жауап беру мүмкіндігін қоса алғанда, өз көзқарастарын баяндау мүмкіндігін береді. Тергеп-тексеру жүргізетін Тарап қарама-қарсы көзқарастардың берілуі және теріске шығарулардың ұсынылуы үшін, сұрау салу бойынша барлық мүдделі тұлғаларға қарама-қарсы мүдделері бар тараптармен кездесу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Тергеп-тексеру жүргізетін Тарап осындай отырыстардың уақыты мен орнын, сондай-ақ отырыстар барысында талқылануы болжанатын мәселелер тізбесін көрсете отырып, мүдделі тұлғаларға хабарлама жібереді.

29. Тергеп-тексеруге мүдделі барлық тұлғалар тергеп-тексеру жүргізетін органдарға талап етілетін ақпарат туралы хабардар етіледі және өздері осы тергеп-тексеруге қатысы бар деп санайтын барлық дәлелдемелерді жазбаша түрде баяндауға тиісті мүмкіндік алады. Демпингке қарсы тергеп-тексеруде қолданылатын сауалнамаларды алатын экспорттаушылар мен шетелдік өндірушілерге жауап беру үшін кемінде 30 күн беріледі. Осы 30 күндік кезеңді ұзарту туралы кез келген өтініш тиісті түрде қарастырылуы керек және негіздер болған жағдайда, мұндай ұзарту практикада жүзеге асыру мүмкін болатын барлық жағдайларда ұсынылуға тиіс. Бір мүдделі тұлға жазбаша түрде ұсынған дәлелдемелер құпия ақпаратты қорғау туралы талап ескеріле отырып, тергеп-тексеруге қатысатын басқа мүдделі тұлғалардың иелігіне дереу беріледі. Тергеп-тексеру жүргізетін органдар тергеп-тексеру басталғаннан кейін бірден жазбаша өтініштің толық мәтінін белгілі экспорттаушыларға және экспорттаушы Тараптың билік органдарына ұсынады және сұрау салу бойынша оны қатысатын басқа мүдделі тұлғалардың иелігіне береді. Осы баптың 30-тармағында көзделгендей, құпия ақпараты қорғау туралы талап тиісті түрде ескеріледі. Тергеп-тексеру жүргізетін органдар мүдделі тараптардың, әсіресе шағын компаниялардың талап етілетін ақпаратты ұсыну кезіндегі кез келген қиындықтарын тиісті түрде ескереді және оларға іс жүзінде мүмкін болатын көмек көрсетеді.

30. Өзінің сипаты бойынша құпия болып табылатын (мысалы, оның ашылуы бәсекелеске айтарлықтай бәсекелестік артықшылық беретіндіктен немесе оның ашылуы ақпаратты ұсынған тұлға үшін немесе осы тұлға ақпарат алған тұлға үшін елеулі қолайсыз салдарға әкеп соғатындықтан) не тергеп-тексеру тараптары құпия негізде ұсынатын кез келген ақпаратты, жеткілікті негіздер болған кезде Тараптар

құпия ақпарат ретінде қарайды. Мұндай ақпарат оны беретін тұлғаның арнайы рұқсатынсыз ашылмайды. Тергеп-тексерулер жүргізетін Тараптар құпия ақпаратты ұсынатын мүдделі тұлғалардан оның құпия емес түйіндемесін беруді талап етеді. Мұндай түйіндемелер құпия ұсынылған ақпараттың мән-мағынасын қолайлы түрде түсіну үшін айтарлықтай егжей-тегжейлі болып табылады. Айрықша мән-жайларда мұндай тұлғалар осындай ақпараттың қысқаша баяндауға келмейтінін көрсете алады. Осындай айрықша мән-жайларда түйіндеменің жасалуын мүмкін етпейтін себептер баяндалуға тиіс.

31. Тергеп-тексеруді жүргізетін Тарап барлық мүдделі тұлғаларға тергеп-тексерудің басталғаны туралы, оң, сол сияқты теріс кез келген алдын ала немесе түпкілікті шешімдер туралы, баға міндеттемелерін қабылдау туралы, мұндай міндеттемелерді тоқтату туралы және демпингке қарсы түпкілікті баж қолданысын тоқтату туралы кез келген шешімдер туралы ресми хабарлама жібереді.

32. Демпингке қарсы немесе өтемақы шарасын қолдануға ниет білдірген Тарап түпкілікті шешім қабылданғанға дейін барлық мүдделі тұлғаларға түпкілікті шаралар қабылдау туралы шешімнің негізін құрайтын, қаралып жатқан елеулі фактілер туралы ақпарат береді. Ақпаратты мұндай ашу тұлғалар өз мүдделерін қорғай алатындай күнібұрын жасалуға тиіс.

33. Тергеп-тексерудің басталғаны туралы жария хабарлама мынадай мәселелер бойынша тиісті ақпаратты қамтиды:

- (a) тергеп-тексерудің басталған күні;
- (b) тергеп-тексеру объектісінің - тауардың дәлме-дәл сипаттамасы және Тауарларды сипаттау мен кодтаудың үйлестірілген жүйесіне сәйкес оның сыныптауы;
- (c) экспорттаушы елдің немесе елдердің атауы
- (d) өтініште демпинг туралы тұжырым сүйенетін негіз (демпингке қарсы тергеп-тексеру мақсаттары үшін) немесе субсидиялау практикасының немесе практикаларының сипаттамасы (өтемақылық тергеп-тексеру мақсаттары үшін);
- (e) залал туралы болжам негізделетін факторлардың қысқаша сипаттамасы;
- (f) мүдделі тұлғалардың дәлелдемелер беруі үшін, басқа мүдделі тұлғалар ұсынған материалдарға түсініктемелер мен жауаптар беру үшін соңғы мерзімдер;
- (g) тауарларына қатысты тергеп-тексеру жүргізіліп жатқан Тараптан және оның мүдделі тұлғаларынан мәліметтерді жіберуге болатын мекенжай;
- (h) тергеп-тексеруді жүргізетін органның атауы, мекенжайы мен телефон нөмірі.

34. Тараптар жеке есеп жариялау арқылы барлық мүдделі тұлғаларға оң, сол сияқты теріс кез келген алдын ала немесе түпкілікті қорытындылар туралы жария хабарлама жібереді, осы есепте тиісті іс жүзіндегі және құқықтық мәселелер бойынша барлық алдын ала және түпкілікті шешімдер мен қорытындылар беріледі.

35. Құпия ақпаратты қорғау талабы тиісінше ескеріле отырып, кез келген алдын ала қорытындылар туралы жария хабарлама мыналарды қамтиды, оның ішінде:

(a) осындай тергеп-тексеру объектісінің - тауардың дәлме-дәл сипаттамасы;

(b) демпингтің маржасы көрсетіліп және пайдаланылған әдіснаманың негіздемелері сипаттала отырып (демпингке қарсы тергеп-тексеру жағдайында), демпингтік импорт туралы оң қорытынды үшін негіздер;

(c) субсидияның мәні сипатталып және бірлікке субсидиялаудың есептелген мөлшері көрсетіле отырып (өтемақылық тергеп-тексеру жағдайында), субсидияланатын импорт туралы оң қорытынды үшін негіздер;

(d) экономика саласы үшін материалдық залалды немесе оның келтірілу қаупін немесе экономика саласының қалыптасуындағы елеулі баяулауды анықтау үшін негіздер;

(e) тиісінше демпингтік немесе субсидияланатын импорт пен экономиканың саласы үшін материалдық залал немесе оның келтірілу қаупі немесе экономика саласының қалыптасуындағы елеулі баяулау арасындағы себеп-салдарлық байланысты анықтау үшін негіздер;

(f) алдын ала шаралардың тергеп-тексеруді жүргізу барысында келтірілетін залалды болғызбау үшін қажет екенін мойындау үшін себептерді көрсету.

36. Құпия ақпаратты қорғау талабы тиісінше ескеріле отырып, кез келген түпкілікті қорытындылар туралы ресми хабарлама мыналарды қамтиды:

(a) тергеп-тексеру жүргізетін орган жасаған тергеп-тексеру нәтижелері бойынша түпкілікті қорытынды бойынша түсініктер;

(b) солардың негізінде осындай қорытынды жасалған фактілерге сілтеме;

(c) осы баптың 35-тармағында көрсетілген ақпарат;

(d) тергеп-тексеру объектісін - тауарды экспорттаушылардың және импорттаушылардың дәлелдері мен сұрау салуларын қабылдау немесе теріске шығару себептері.

37. Тарап демпингке қарсы немесе өтемақы шарасын айналып өтуге байланысты екінші Тараптан өндірушілер немесе экспорттаушылар беретін тауардың импортына қатысты шараны Тараптың тергеп-тексеруді жүргізетін органы жүргізген айналып өтуді белгілеу мақсатында қайта тергеп-тексеру қорытындылары бойынша ғана қолдана алады.

38. Айналып өтуге байланысты шара екінші Тараптан өндірушілер немесе экспорттаушылар жеткізетін тауардың импортына тергеп-тексеру жүргізетін орган дәлелдемелермен расталған айналып өтудің бар екендігін көрсеткенге дейін қолданыла алмайды.

²⁰ *Ұзақ уақыт кезеңі әдетте бір жылды құрайды, бірақ ол ешқашан 6 айдан кем болмауы керек.*

²¹ *Тергеп-тексеру жүргізетін органдар қалыпты құнын айқындау кезінде назарға алынатын мәмілелердің орташа өлшемді сату бағасының орташа өлшемді үлестік*

шығасылардан төмен екенін немесе үлестік шығасылардан төмен бағамен сатулар көлемінің қалыпты құнын айқындау кезінде назарға алынатын мәмілелер бойынша сату көлемінің кемінде 20 пайызын құрайтынын анықтаған кезде, үлестік шығасылардан төмен бағамен сатулар айтарлықтай мөлшерде жүзеге асырылады.

²² Өндірістің қалыптасу кезеңіндегі операцияларға жасалған түзетулер өндірістің қалыптасу кезеңінің соңындағы шығасыларды көрсетеді, егер бұл кезең тергеп-тексеру кезеңінің шегінен шығып кетсе, құзыретті органдар тергеп-тексеру барысында ақылға қонымды түрде назарға қабылдай алатын ең соңғы шығасыларды көрсетеді.

²³ Экспортталатын тауарды ішкі тұтынуға арналған ұқсас тауардан алынатын баждардан және салықтардан босату немесе мұндай баждар мен салықтарды нақты есептелген сомадан аспайтын мөлшерде азайту субсидия ретінде қарастырылмайды.

²⁴ Объективті өлшемшарттар мен шарттар кейбір кәсіпорындарға басқалармен салыстырғанда артықшылық жасамайтын, сипаты бойынша экономикалық және қолданылу тәсілі бойынша деңгейлес болып табылатын, бейтарап өлшемшарттарды білдіреді, мысалы, жұмысқа қамтылғандар саны немесе кәсіпорындардың мөлшері сияқты.

²⁵ Бұл тұрғыда, атап айтқанда, субсидиялауға берілген өтінімдерден бас тартудың немесе оларды мақұлдаудың жиілігі және тиісті шешімдердің уәждері туралы ақпарат назарға алынады.

²⁶ Бұл норма, экспорттың заңды нәтижелерімен негізделген болмай, субсидия беру іс жүзінде нақты немесе күтілетін экспортқа немесе экспорттық табысқа байланысты екендігін куәландыратын фактілер болған жағдайда орындалады. Субсидия экспортпен айналысатын кәсіпорынға берілетіндігі фактісінің өзі өздігінен, ол осы ереженің мәні бойынша оны экспорттық субсидия деп санау үшін негіз бола алмайды.

²⁷ "Залал" деген термин, егер өзгеше айтылмаған болса, экономика саласының материалдық залалын, экономика саласына материалдық залалдың қаупін немесе осындай саланың құрылуын елеулі баяулатуды білдіретін термин ретінде түсініледі.

²⁸ Осы байланыстың ықпалы осы өндірушіні өзін байланысты емес өндірушілерден ерекшелеп көрсетуге мәжбүрлейтіндей түрде деп ойлауға немесе күдіктенуге негіз бар болса, осы тармақтың мақсаттары үшін өндірушілер, егер (а) олардың біреуі тікелей немесе жанама түрде басқасын бақылайтын болса; не (b) олардың екеуін де тікелей немесе жанама түрде үшінші тұлға бақыласа; не (c) олар бірлесіп тікелей немесе жанама түрде үшінші тұлғаны бақыласа ғана экспорттаушылармен немесе импорттаушылармен байланысты болып саналады. 3.2-баптың 21-тармағы (а) тармақшасының мақсаттары үшін, егер біріншісі заң жүзінде немесе іс жүзінде соңғысының әрекетін шектей алатын немесе бағыттай алатын жағдайда болса, олардың біреуі екіншісін бақылайды деп есептеледі.

3.3-бап

Арнайы қорғау шаралары

1. Егер осы Тарауда өзгеше көзделмесе, әрбір Тарап өзінің заңнамасына сәйкес арнайы қорғау шараларын қолданады.

2. Егер Тарап мұндай тауардың өз аумағына өндіріске абсолютті немесе салыстырмалы мәнде осындай өскен мөлшерде және ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауарларды өндіретін экономика саласына елеулі залал келтіретіндей немесе залал келтіру қаупін төндіретіндей осындай жағдайларда импортталып жатқанын айқындаған жағдайда ғана бұл Тарап тауарға қатысты арнайы қорғау шарасын қолдануға құқылы.

3. Залалдың бар-жоғын немесе оның қаупін айқындау мақсаттары үшін "экономика саласы" Тараптың аумағында жұмыс істейтін, ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауарларды өндірушілердің не өздерінің ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауарлардың жиынтық өндірісі осы тауарлардың жалпы өндірісінің елеулі бөлігін құрайтын өндірушілердің жиынтығы ретінде түсініледі.

4. Арнайы қорғау шаралары экспорттаушы елге қарамастан, импортталатын тауарға қолданылады. Осы Келісімнің 2.7 және 2.3-баптарының ережелеріне қарамастан, арнайы қорғау шарасы саны жағынан шектеу нысанын қабылдауы мүмкін. Егер саны жағынан шектеу пайдаланылса, мұндай шара, егер елеулі залалды болғызбау немесе жою үшін өзге деңгейді белгілеу қажеттігінің нақты негіздемесі болмаса ғана, импорт көлемін статистикалық деректері бар соңғы үш репрезентативті жылдағы орташа импорт көлемі қабылданатын өткен кезеңнің деңгейінен төмен қысқартпауға тиіс. Квота өнім беруші елдер арасында бөлінетін жағдайларда, арнайы қорғау шарасына қолданатын Тарап осы тауарды жеткізуге айтарлықтай мүдделі екінші Тараппен квота үлестерін бөлу мәселесі бойынша уағдаластыққа қол жеткізуге тырыса алады. Мұндай әдіс практикалық пайымдар бойынша жүзеге асырылмайтын жағдайларда, осы Тарап квотаны осы тауарды жеткізуге айтарлықтай мүдделі Тараптар арасында, алдыңғы үш жылдық кезеңдегі тауар импортының жалпы санында немесе құнында осы Тараптың жеткізілімдері алатын үлестерге сәйкес бөледі; бұл ретте осы тауармен жасалатын саудаға әсер ете алған немесе әсер етуі мүмкін кез келген арнайы факторлар ескеріледі. Егер Иран квота нысанындағы арнайы қорғау шарасын қолдануға және оны өнім беруші елдер арасында бөлуге ниет білдірген жағдайда, мұндай квота ЕАЭО-ға әрбір мүше мемлекетке қатысты жеке есептелуге және қолданылуға тиіс. Тараптар елеулі залалдың алдын алу немесе жою және саланы бейімдеу үшін қажетті көлемде ғана арнайы қорғау шараларын қолданады.

5. Тарап елеулі залалды жою немесе болғызбау және экономика саласын бейімдеу үшін қажетті уақыт кезеңі ішінде ғана арнайы қорғау шарасын қолданады. Арнайы қорғау шарасын қолдану кезеңі, ұзарту жағдайынан басқа, төрт жылдан аспайды. Кез келген алдын ала шараны, бастапқы шараны және кез келген ұзартуды қолдану кезеңін қоса алғанда, арнайы қорғау шарасын қолданудың жиынтық кезеңі Тараптың

заңнамасына сәйкес белгіленеді және 10 жылдан аспауға тиіс. Мұндай кезең импорттаушы Тараптың тергеп-тексерулер жүргізетін органдары арнаулы қорғау шарасы елеулі залалды болғызбау немесе өтеу үшін қажетті болып табылатынын және саланың бейімделуіне дәлелдер бар екенін анықтаған жағдайда және осы баптың 15-тармақтарының тиісті ережелері сақталған жағдайда ұзартылуы мүмкін.

6. Елеулі залал деп экономика саласындағы жағдайдың айтарлықтай жалпы нашарлауы түсініледі. Елеулі залал қаупі деп елеулі залалдың айқын еріксіздігі түсініледі. Елеулі залал қаупін айқындау тұжырымдарға, болжамдарға немесе алшақ мүмкіндіктерге емес, фактілерге негізделеді. Өскен импорттың экономика саласына елеулі залал келтіргенін немесе қауіп төндіретінін айқындау үшін тергеп-тексеру жүргізетін органдар осы саладағы жағдайға әсер ететін, атап айтқанда, осы тауар импортының абсолюттік және салыстырмалы шамалардағы өсу қарқыны мен көлемін, ішкі нарықтағы өскен импорттың үлесін, сату, өндіріс, өнімділік, қуат жүктемесі, пайда мен шығындар және жұмыспен қамту деңгейлеріндегі өзгерістерді сандық түрде көрсетуге болатын объективті сипаттағы барлық тиісті факторларды бағалайды. Мұндай айқындау тергеп-тексеру объективті дәлелдер негізінде осы тауардың өскен импорты мен елеулі залал немесе оның қаупі арасында себеп-салдарлық байланыстың бар екендігін көрсеткенге дейін қабылданбайды. Егер өскен импорттан бөлек басқа факторлар бір мезгілде экономика саласына залал келтірсе, онда мұндай залал өскен импортқа жатқызылмауға тиіс.

7. Арнайы қорғау шарасының күтілетін қолданылу мерзімі бір жылдан асатын жағдайда бейімделу процесін жеңілдету үшін осы шараны қолданатын Тарап оны қолдану кезеңі ішінде тең аралықта біртіндеп ырықтандырады. Егер шараның қолданылу мерзімі 3 жылдан асатын болса, онда мұндай шараны қолданатын Тарап жағдайды шараны қолдану мерзімінің жартысы өткеннен кешіктірмей қарайды және егер ол мүмкін болса, оны жояды немесе ырықтандыру қарқынын жеделдетеді. Осы баптың 5-тармағының негізінде ұзартылған шара бастапқы кезеңнің соңында шектелгенге қарағанда, көп шектелмеуге тиіс және оны ырықтандыруды жалғастырған жөн.

8. Тараптар тергеп-тексеру жүргізетін органның тергеп-тексеруінен кейін ғана арнайы қорғау шарасын қолдануға құқылы. Тергеп-тексеру барлық мүдделі тұлғаларды жария түрде хабардар етуді қамтиды және мүдделі тұлғаларға дәлелдемелер ұсынуға және басқа адамдардың ұсынылған материалдарына жауап беру мүмкіндігін қоса алғанда, оның ішінде арнайы қорғау шарасын қолдану қоғамдық мүддеге сәйкес келеме-келмей ме деген мәселе бойынша өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік береді. Тергеп-тексеру жүргізетін орган барлық маңызы бар нақты және құқықтық мәселелер бойынша тұжырымдар мен қорытындылар көрсетілетін баяндаманы жариялайды.

9. Кейінге қалдыру кейіннен жою қиын болатын залал келтіретін өте қиын жағдайларда, Тарап өскен импорттың елеулі залал келтіргені немесе келтіру қаупін

төндіретіні туралы айқын дәлелдер бар екені жөніндегі алдын ала айқындамаға сәйкес алдын ала арнайы қорғау шарасын қабылдауы мүмкін. Алдын ала шараның қолданылу мерзімі 200 күннен аспайды. Мұндай шараларды тарифті көтеру түрінде қабылдаған жөн және егер кейінгі тергеп-тексеру өскен импорттың экономика саласына елеулі залал келтіргенін немесе келтіру қаупін төндіретінін анықтамаса, олар тез арада өтелуге тиіс. Кез келген осындай алдын ала шараның қолданылу ұзақтығы бастапқы кезеңнің және осы баптың 5-тармағында аталған кез келген ұзартудың бір бөлігі деп есептеледі.

10. Сипаты бойынша құпия болып табылатын немесе құпия негізде берілген кез келген ақпаратты тергеп-тексеру жүргізетін органдар құпиялылықтың себебін құпия деп көрсеткен жағдайда қарайды. Мұндай ақпарат оны берген адамның рұқсатынсыз ашылмайды. Құпия ақпаратты ұсынған адамдардан құпия емес түйіндемені ұсыну сұралуы мүмкін немесе егер адамдар бұл ақпаратты жалпылауға болмайды деп мәлімдесе, түйіндемені беру мүмкін болмайтын себептер көрсетілу керек. Алайда, егер тергеп-тексеру жүргізетін органдар құпиялылықты сақтау туралы талап негізсіз деп санаса және егер бұл адам бұл ақпаратты жария еткісі келмесе немесе оны жалпы түрде немесе түйіндеме түрінде ашуға рұқсат бергісі келмесе, онда, егер тергеп-тексеру жүргізетін органдар тиісті дереккөздерден ақпараттың анық екендігі туралы сенімді растау алса ғана, олар мұндай ақпаратты назарға алмауы мүмкін.

11. Тараптар арнайы қорғау тергеп-тексеруінің әділ, транспарентті және тиімді рәсімдерін қамтамасыз етеді.

12. Әрбір Тарап:

- (a) арнайы қорғау тергеп-тексеруі басталған;
- (b) өскен импорттан туындаған елеулі залал немесе оның қаупі мәселесі бойынша алдын ала және (немесе) түпкілікті қорытынды шығарылған;
- (c) арнайы қорғау шарасын қолдану немесе ұзарту туралы шешім қабылданған жағдайда, екінші Тарапты дереу хабардар етеді.

13. Арнайы қорғау тергеп-тексеруін бастауға жататын ақпарат мыналарды қамтиды:

- (a) тергеп-тексерудің басталған күні;
- (b) тергеп-тексеру объектісінің-тауардың дәлме-дәл сипаттамасы және Тауарларды сипаттау мен кодтаудың үйлестірілген жүйесіне сәйкес оның сыныптамасы;
- (c) тергеп-тексерудің кезеңі;
- (d) тергеп-тексерудің басталу себептеріне түсінік беру;
- (e) жария тыңдаулардың және (немесе) тыңдау өткізуге сұрау салулардың соңғы мерзімдерінің кестесі;
- (f) мүдделі тұлғалардың дәлелдемелер беруі үшін, мүдделі тұлғалар ұсынған материалдарға түсініктемелер мен жауаптар беру үшін мерзімдер;
- (g) тергеп-тексеруге қатысты өтініш пен басқа да құжаттарды жіберуге болатын мекенжай;

(h) тергеп-тексеруді жүргізетін органның атауы, мекенжайы мен телефон нөмірі.

14. Арнайы қорғау шарасын қолдануға немесе ұзартуға ниет білдірген Тарап екінші Тарапқа тергеп-тексеруге қатысы бар барлық ақпаратты береді, ол мыналарды қамтиды :

(a) өскен импорттан туындаған елеулі залалдың немесе оның қаупінің дәлелдемелері;

(b) тауардың дәлме-дәл сипаттамасы;

(c) ұсынылған арнайы қорғау шарасының дәлме-дәл сипаттамасы;

(d) шараны енгізудің болжамды күні;

(e) күтілетін ұзақтық және кезең-кезеңмен ырықтандыру кестесі;

(f) арнайы қорғау шарасы қолданылмайтын дамушы елдердің тізімі (егер қолдануға болса);

(g) саланың бейімделу дәлелдемелері (шара ұзартылған жағдайларда);

(h) кейінге қалдыру жойылуы қиынға түсетін залалды туындатуы мүмкін өте қиын мән-жайлардың бар-жоғын анықтау үшін негіз (алдын ала арнайы қорғау шаралары жағдайында).

15. Арнайы қорғау шаралары қолданылған кезде Тараптар осы Келісімде көзделген преференциялар маржасын сақтайды.

16. Тараптар арнайы қорғау шараларын қолдануға қатысты консультациялар өткізу үшін мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді.

3.4-бап

Екіжақты қорғау шаралары

1. Егер осы Келісімге сәйкес кедендік баждарды азайту немесе жою нәтижесінде осы Келісімге 1-қосымшада көрсетілген бір Тараптан шығарылатын қандай да бір тауар екінші Тараптың аумағына импорттаушы Тарапта ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауарды шығаратын экономика саласына елеулі залал келтіретіндей немесе осындай залал келтіру қаупін төндіретіндей өскен мөлшерде, осындай тауар өндірісінің жалпы көлеміне абсолюттік мәнінде немесе салыстырмалы мәнінде және шарттармен импортталса, онда импорттаушы Тарап осы баптың ережелеріне сәйкес елеулі залалды немесе оның келтірілу қаупін болғызбау немесе жою үшін қажетті мөлшерде екіжақты қорғау шарасын қолдана алады.

2. Елеулі залалдың себебі өскен импорт болып табылады не елеулі залал келтіру қаупін төндіреді деген айқын дәлелдемелер болған кезде ғана екіжақты қорғау шарасы қолданылады.

3. Тарап тергеп-тексеру жүргізетін орган рәсімінің нәтижелері бойынша ғана екі жақты қорғау шарасын қолданады. Екі жақты қорғау шарасын қолданудың алдындағы рәсім 9 ай ішінде аяқталады.

4. Тарап екінші Тарапты екіжақты қорғау шарасын қолданудың алдындағы рәсімнің басталғаны туралы дереу хабардар етеді. Мұндай хабарлама мыналарды қамтиды:

(a) 1-қосымшадағы тарифтік міндеттемелер негізделген Үйлестірілген жүйеге сәйкес позицияны немесе субпозицияны қоса алғанда, екіжақты қорғау шарасын қолданудың алдындағы тауардың-рәсім объектісінің дәлме-дәл сипаттамасы;

(b) екіжақты қорғау шарасын қолданудың алдындағы рәсімнің басталған күні;

(c) екіжақты қорғау шарасын қолданар алдындағы рәсімді бастау үшін қолданылатын дәлелдер;

(d) тергеп-тексеруді жүргізетін органның атауы, мекенжайы және телефоны.

5. Осы бапқа сәйкес екіжақты қорғау шарасын қолдануға ниет білдірген Тарап бұл туралы екінші Тарапты дереу және кез келген жағдайда шара енгізілгенге дейін хабардар етеді. Хабарламада барлық қажетті ақпарат, оның ішінде осы Келісімге сәйкес кедендік баждың төмендеуі немесе күшін жою нәтижесінде екінші Тараптан шығарылатын тауардың өскен импортына байланысты елеулі залалдың немесе оның келтірілу қаупінің бар екендігінің дәлелдері, тауардың толық сипаттамасы және ұсынылып отырған шара, сондай-ақ оны енгізудің болжамды күні, шараның нысаны, қолдану мерзімі және болған жағдайда оның біртіндеп күшін жою кестесі, сондай-ақ осы баптың 6-тармағына сәйкес ұсынылатын өтемақы жөніндегі ұсыныс қамтылады.

6. Осы шара қозғауы мүмкін Тарапқа осындай Тараптан жасалатын импортқа қатысты сауданы ырықтандыруға айтарлықтай дәрежеде баламалы түрде өтемақы ұсынылуға тиіс. Бұл Тарап осы баптың 5-тармағында көрсетілген хабардар ету күнінен бастап 30 күн ішінде мәселенің өзара қолайлы түрде шешілуіне жәрдемдесу мақсатында берілген ақпаратты зерделейді және импорттаушы Тараптың өтемақысына қатысты өз ұсынысын бере алады.

7. Мәселені өзара қолайлы шешу мақсаттары үшін Тараптар осы баптың 5-тармағында көрсетілген хабарлама туралы консультациялар өткізіп, пікір алмасуы мүмкін.

8. Мұндай шешім болмаған жағдайда және осы баптың 5-тармағында көрсетілген хабарлама жасалған күннен бастап 60 күн өткен соң, импорттаушы Тарап проблеманы шешу үшін екіжақты қорғау шарасын қолдана алады және өзара келісілген өтемақы болмаған жағдайда, тауарына қатысты екіжақты қорғау шарасы қолданылатын Тарап өтемақы шарасын қолдануы мүмкін.

9. Екінші Тарап екіжақты қорғау шарасының қолданылуы туралы дереу хабардар етіледі. Екіжақты қорғау шарасын қолданатын Тарап екіжақты қорғау шарасын қолдану туралы хабарламаға мыналарды енгізеді:

(a) 1-қосымшадағы тарифтік міндеттемелер негізделген Үйлестірілген жүйеге сәйкес позицияны немесе субпозицияны қоса алғанда, екіжақты қорғау шарасын қолданудың алдындағы тауардың-рәсім объектісінің дәлме-дәл сипаттамасы;

(b) барлық маңызы бар нақты және құқықтық мәселелер бойынша тұжырымдар мен негізделген қорытындылар;

(c) екіжақты қорғау шарасының дәлме-дәл сипаттамасы;

(d) екіжақты қорғау шарасы енгізілген күн және күтілетін ұзақтығы;

(e) шараның біртіндеп күшін жою кестесі, бар болса.

10. Өтемақы шарасы туралы хабарлама дереу жіберіледі. Өтемақы шарасы, әдетте, саудаға едәуір дәрежеде баламалы әсері бар шегерімдердің тоқтатыла тұруын және/немесе екіжақты қорғау шарасын қолданудан күтілетін қосымша баждардың мәніне айтарлықтай баламалы шегерімдердің тоқтатыла тұруын білдіреді. Өтемақы шарасы саудаға едәуір дәрежеде баламалы әсерге қол жеткізу үшін қажетті ең аз мерзім ішінде және кез келген жағдайда осы баптың 11-тармағына сәйкес қабылданған екіжақты қорғау шарасының қолданылу мерзімі ішінде ғана қолданылады.

11. Осы баптың 1-тармағында айқындалған шарттар орындалған жағдайда, импорттаушы Тарап екіжақты қорғау шарасын:

(a) егер импорттаушы Тарап өскен импорт экономика саласына елеулі залалдың айтарлықтай себебі болып табылатынын дәлелдесе, қаралып отырған тауарға қатысты қолданылатын кедендік баж мөлшерлемесін осы тауардың өскен импортынан келтірілген залалды жою үшін қажетті деңгейге дейін, бірақ екіжақты қорғау шарасы енгізілген сәтте қолданылатын барынша қолайлы режим мөлшерлемесінің мөлшерінен аспайтын деңгейге дейін арттыру; немесе

(b) егер импорттаушы Тарап өскен импорт экономика саласына елеулі залал келтіру қаупін төндіретінін дәлелдесе, қаралатын тауар үшін тарифтік квота нысанында қолдана алады.

Осы баптың мақсаттары үшін тарифтік квота:

(a) осы Келісімде көрсетілген кедендік баждың преференциялық мөлшерлемесі бойынша импортқа жіберілетін тауардың екіжақты қорғау шарасы енгізілген сәттегі санын (квотаішілік көлем), және

(b) тарифтік квотадан тыс импортталатын тауарлар үшін екіжақты қорғау шарасы енгізілген сәтте қолданылатын кедендік баж мөлшерлемесінен аспайтын қажетті деңгейге дейін ұлғайтылатын кедендік баждың қолданылатын мөлшерлемесін білдіреді.

Квотаішілік көлем Тараптың қаралып отырған тауарының қолданушы Тарап аумағына импортының көлемін статистикалық деректер қолжетімді болған соңғы үш репрезентативті жылдағы орташа импорт ретінде есептелетін соңғы кезеңдегі деңгейден төмен қысқарта алмайды.

12. Егер Иран тарифтік квота нысанында екіжақты қорғау шарасын қолдануға ниет білдірсе, ЕАЭО Ираннан ЕАЭО-ға мүше әрбір мемлекет үшін жеке квота бөлуді сұрай алады. Егер ЕАЭО осындай сұрау салған жағдайда, Иран ЕАЭО-ның бөлу жөніндегі ұсынысына сәйкес жеке квоталарды бөледі. ЕАЭО-ның сұрау салуы мен бөлу жөніндегі ұсыныс осы баптың 5-тармағында көрсетілген хабарлама жасалған күннен бастап 60 күн ішінде жіберіледі.

13. Екіжақты қорғау шарасы бір жылдан аспайтын мерзім ішінде қолданылады. Екіжақты қорғау шарасын қолдану кезеңі елеулі залалды немесе оның келтірілу қаупін жою немесе болғызбау және экономика саласын өзгермелі экономикалық жағдайларға бейімдеу үшін қажет екендігінің дәлелі болған жағдайда бір жылдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін. Тарап бір тауарға қатысты екіжақты қорғау шарасын алдыңғы екіжақты қорғау шарасының қолданылу мерзіміне тең мерзім ішінде қайта қолданбайды.

14. Тарап екіжақты қорғау шарасын ұзарту туралы шешім қабылдау туралы жазбаша түрде екінші Тарапты хабардар етеді. Мұндай хабарлама осы баптың 9-тармағында көрсетілген ақпаратты, сондай-ақ екіжақты қорғау шарасын ұзарту елеулі залалды немесе оның қаупін жою немесе болғызбау және экономика саласын бейімдеу үшін қажет екендігінің дәлелдерін қамтиды.

15. Екіжақты қорғау шарасының қолданылуы аяқталғаннан кейін кедендік баж мөлшерлемесі осы Келісімге 1-қосымшаға сәйкес шараның қолданылуы аяқталған күні қолданылатын деңгейде белгіленеді.

16. Екіжақты қорғау шаралары осы Келісімнің қолданысының алғашқы алты айында қолданылмайды.

17. Екіжақты саудаға қатысты Тараптардың ешқайсысы бір уақытта бір тауарға қатысты:

(а) екіжақты қорғау шарасын; және

(б) осы Келісімнің 3.3-бабының түсінігі тұрғысынан арнайы қорғау шарасын қолданбайды.

3.5-бап

Демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану

Айналып өтуді белгілеу және басқа да қайта қарауларды қоса алғанда, демпингке қарсы және өтемақы тергеп-тексерулерін және одан кейінгі рәсімдерді жүргізу мақсаттары үшін Иран ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерді тұтастай ЕАЭО ретінде емес, жеке-жеке қарайды және айналып өтуді белгілеу мақсатында қайталап тергеп-тексеру қорытындылары жөніндегі шараларды қоса алғанда, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолданбайды, сондай-ақ Иран жалпы ЕАЭО-дан келетін импортқа қатысты осы Келісімнің 3.2-бабының түсінігі тұрғысынан ЕАЭО деңгейінде және ЕАЭО-ға мүше барлық мемлекеттердің өндірушілері үшін ұсынылған субсидиялар болған жағдайда тұтастай ЕАЭО-ны қарастыруы мүмкін.

3.6-бап

Хабарламалар

1. Осы Тарау қолданылатын мәселелерге қатысты Тараптар алмасатын барлық ресми хат-хабарлар мен құжаттама Тараптардың құзыретті органдары мен тергеп-тексеру жүргізетін органдары арасында жүзеге асырылады.

2. Тараптар демпингке қарсы, өтемақылық, арнайы қорғау тергеп-тексерулеріне, екіжақты қорғау шараларын қолданудың алдындағы рәсімдерге және қайта қарауларға қатысты құжаттардан басқа, осы Тараудың барлық мәселелері бойынша хат-хабарлар үшін ағылшын тілін пайдаланады.

3. Тараптар осы Келісім күшіне енген күннен бастап 30 күн ішінде құзыретті органдар мен тергеп-тексеру жүргізетін органдардың атаулары мен байланыс деректері туралы ақпарат алмасады. Тараптар құзыретті органдар мен тергеп-тексеру жүргізетін органдарға қатысты кез келген өзгерістер туралы бір-бірін ағылшын тілінде дереу хабардар етеді.

3.7-бап

Ынтымақтастық және консультациялар

1. Тараптар мынадай салаларда ынтымақтастықты күшейтуге ұмтылады:

(a) ішкі нарықты қорғау шаралары мәселелері бойынша коммуникация арналары (тергеп-тексеруді қоса алғанда);

(b) Тараптардың құзыретті органдары мен тергеп-тексеру жүргізетін органдары арасындағы өзара іс-қимыл және ақпарат алмасу;

(c) ішкі нарықты қорғау шараларын қолдану саласындағы заңнама және практика.

2. Тараптар осы Тараудың мәселелері бойынша консультациялар өткізе алады. Осы мақсатта Тараптардың бірі екінші Тарапқа консультациялар өткізуге жазбаша сұрау салады. Консультациялар мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ осындай жазбаша сұрау салуды алған сәттен бастап 30 күннен кешіктірілмей жүргізіледі. Бұл консультациялар Тараптарға демпингке қарсы, өтемақылық, арнайы қорғау тергеп-тексеруін немесе екіжақты қорғау шарасын қолданудың алдындағы рәсімді бастауға кедергі келтірмеуге тиіс және мұндай тергеп-тексеруді немесе рәсімді жүргізуге кедергі келтірмеуге тиіс.

4-ТАРАУ. САУДАДАҒЫ ТЕХНИКАЛЫҚ КЕДЕРГІЛЕР

4.1-бап

Мақсаттар

Осы Тараудың мақсаттары:

(a) саудадағы артық техникалық кедергілерді жою мақсатында стандарттарды, техникалық регламенттерді және сәйкестікті бағалау рәсімдерін қабылдау және қолдану саласындағы ынтымақтастықты дамыту;

(b) Тараптардың әрқайсысының стандарттарды, техникалық регламенттерді және сәйкестікті бағалау рәсімдерін өзара түсінуін дамыту;

(c) стандарттарды, техникалық регламенттерді және сәйкестікті бағалау рәсімдерін әзірлеу, қабылдау және қолдану саласында Тараптар арасындағы ақпарат алмасуды нығайту;

(d) стандарттау және сәйкестікті бағалау саласындағы халықаралық органдардың жұмысы барысында Тараптар арасындағы ынтымақтастықты нығайту;

(е) осы мақсаттарға қол жеткізу үшін негіздерді қамтамасыз ету; және

(f) саудадағы техникалық кедергілерге байланысты мәселелер бойынша ынтымақтастықты дамыту арқылы Тараптар арасындағы тауарлар саудасын оңайлату болып табылады.

4.2-бап

Қолданылу аясы

1. Осы Тарау:

(a) үкіметтік органдар дайындайтын, өндіріс мұқтаждары мен үкіметтік органдардың тұтынуы үшін сатып алу мақсатында пайдаланылатын өзіндік ерекшеліктерді;

(b) осы Келісімнің 5-тарауында айқындалғандай, санитариялық және фитосанитариялық шараларды қоспағанда, Тараптар арасындағы тауар саудасына тікелей немесе жанама түрде ықпал ете алатын Тараптардың барлық стандарттарына, техникалық регламенттеріне және сәйкестікті бағалау рәсімдерінде қолданылады.

2. Осы Тарауда техникалық регламенттерге, стандарттарға және сәйкестікті бағалау рәсімдеріне жасалған барлық сілтемелер, болмашы сипаттағы өзгерістер мен толықтыруларды қоспағанда, олардың кез келген өзгерістерін және қағидаларға немесе өнімнің қамтылуына кез келген толықтыруларды қамтитындай етіп түсіндіріледі.

3. Осы Тарауға сәйкес әрбір Тараптың стандарттарды, техникалық регламенттерді және сәйкестікті бағалау рәсімдерін әзірлеуге, қабылдауға және қолдануға құқығы бар.

4.3-бап

Анықтамалар

1. Стандарттауға және сәйкестікті бағалау рәсімдеріне қатысты жалпы терминдер, әдетте, Біріккен Ұлттар Ұйымының жүйесінде қабылданған және стандарттау жөніндегі халықаралық органдар қабылдаған анықтамалардың контекстері, сондай-ақ осы Тараудың нысанасы мен мақсаттары ескеріле отырып, осы анықтамаларда өздеріне бекітіп берілген мағынаға ие болады.

2. Осы Тараудың мақсаттары үшін:

(a) **"Техникалық регламент"** - сақталуы міндетті болып табылатын, қолдануға болатын әкімшілік ережелерді қоса алғанда, өнімнің сипаттамалары немесе олармен байланысты өндіріс процестері мен әдістері белгіленетін құжат. Ол терминологияға, белгілемелерге, қаптамаға, таңбалауға немесе затбелгі жапсыруға қойылатын талаптарды олар өнімге, өндіріс процесіне немесе әдісіне қолданылатындай дәрежеде немесе айрықша түрде қамтуы да мүмкін.

Түсініктеме ескерту

ИСО/ХЭК 2-Басшылық құралында келтірілген анықтама оқшау болып табылмайды; оның негізінде "құрылыс блогы" деп аталатын жүйе жатыр.

(b) **"Стандарт"** - танылған орган қабылдаған, сақталуы міндетті болып табылмайтын , өнімге немесе онымен байланысты өндіріс процестері мен әдістеріне қатысты жалпы

және көп рет пайдалануға арналған қағидаларды, басшылық құралдарды немесе сипаттамаларды қамтитын құжат. Ол терминологияға, белгілемелерге, қаптамаға, таңбалауға немесе затбелгі жапсыруға қойылатын талаптарды олар өнімге, өндіріс процесіне немесе әдісіне қолданылатындай дәрежеде немесе айрықша түрде қамтуы да мүмкін.

Түсініктеме ескерту

Анықтамасы ИСО/ХЭК 2-Басшылығында келтірілген терминдер өнімге, процестерге және көрсетілетін қызметтерге жатады. Осы Тарау өнімге немесе өндіріс процестері мен әдістеріне жататын техникалық регламенттерге, стандарттарға және сәйкестікті бағалау рәсімдеріне ғана қатысты. ИСО/ХЭК Басшылық құралында айқындалған стандарттар міндетті немесе ерікті болуы мүмкін. Осы Тараудың мақсаттары үшін стандарттар - ерікті, ал техникалық регламенттер - міндетті құжаттар ретінде айқындалады. Стандарттау жөніндегі халықаралық органдар әзірлейтін стандарттар консенсусқа негізделеді. Осы Тарау консенсусқа негізделмейтін құжаттарға да қолданылады.

(с) **"Сәйкестікті бағалау рәсімдері"** - техникалық регламенттерде немесе стандарттарда қамтылған тиісті талаптардың орындалып-орындалмай жатқанын айқындау мақсатында тікелей немесе жанама түрде қолданылатын кез келген рәсім.

Түсініктеме ескерту

Сәйкестікті бағалау рәсімдері, атап айтқанда, сынамаларды іріктеу, сынақ және инспекциялау рәсімдерін; сәйкестілікті бағалауды, тексеруді және растауды; тіркеуді, аккредиттеуді және мақұлдауды, сондай-ақ олардың ұштастырылымдарын қамтиды.

(d) **"Орталық үкіметтік орган"** - орталық үкімет, оның министрліктері мен ведомстволары немесе айтылып отырған қызметке қатысты орталық үкіметке бағынатын кез келген орган.

4.4-бап

Техникалық регламенттерді және сәйкестікті бағалау рәсімдерін дайындау, қабылдау және қолдану

1. Әрбір Тарап техникалық регламенттерге қатысты екінші Тараптың аумағынан импортталатын өнімге шығу тегі ұлттық ұқсас өнімге және кез келген басқа елден шығарылатын ұқсас өнімге ұсынылатын режимнен қолайлылығы кем емес режим ұсынылуын қамтамасыз етеді.

2. Әрбір Тарап техникалық регламенттердің өзара саудада артық кедергілер жасайтындай немесе оларды жасауға алып келетіндей түрде әзірленбеуін, қабылданбауын және қолданылмауын қамтамасыз етеді. Осы мақсатта техникалық регламенттер саудаға заңды мақсаттарға қол жеткізілмеген кезде туындайтын тәуекелдер ескеріле отырып, осындай мақсаттарға қол жеткізу үшін қажет болатыннан анағұрлым артық шектейтін әсер тигізбейді. Осындай заңды мақсаттар *inter alia* мыналар болып табылады: ұлттық қауіпсіздік талаптары; алдау практикасын болғызбау

; адамдардың денсаулығын немесе қауіпсіздігін, жануарлардың немесе өсімдіктердің өмірі мен саулығын қорғау немесе қоршаған ортаны қорғау. Осындай тәуекелдерді бағалау кезінде *inter alia*: қолда бар ғылыми және техникалық ақпарат, тиісті технология немесе өнімді болжамды түпкілікті пайдалану сияқты факторлар ескеріледі.

3. Егер техникалық регламенттердің қабылдануын туғызған мән-жайлар немесе себептер бұдан былай болмаса немесе егер өзгерген мән-жайлар немесе себептер саудаға әсерін анағұрлым аз шектейтін әсер ететін тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік берсе, техникалық регламенттер өз күшінде қалмауға тиіс.

4. Егер техникалық регламенттерге деген қажеттілік туындаған және тиісті халықаралық стандарттар болған немесе оларды әзірлеу аяқталып қалған жағдайда, мұндай халықаралық стандарттар немесе олардың тиісті бөлімдері, мысалы, елеулі климаттық немесе географиялық факторлар немесе елеулі техникалық проблемалар салдарынан алға қойылған заңды мақсаттарға қол жеткізу үшін тиімсіз және қолайсыз құралдар болған жағдайларды қоспағанда, Тараптар оларды немесе олардың тиісті бөлімдерін өздерінің техникалық регламенттеріне негіз ретінде пайдаланады.

5. Әрбір Тарап техникалық регламенттерге немесе стандарттарға сәйкестіктің тікелей расталуы талап етілетін жағдайларда олардың орталық үкіметтік органдарының екінші Тараптың аумағынан шығарылатын өнімге мынадай ережелерді қолдануын қамтамасыз етеді:

(а) сәйкестікті бағалау рәсімдері екінші Тараптың аумағынан шығарылатын ұқсас өнімді берушілерге салыстырмалы жағдайда шығу тегі ұлттық немесе өзге кез келген елден шығарылатын ұқсас өнімді берушілерге ұсынылатыннан қолайлылығы кем емес шарттармен қолжетімділік беретіндей түрде әзірленеді, қабылданады және қолданылады; қолжетімділік өнім берушінің осы рәсім қағидаларын сақтай отырып, сәйкестікке бағалау жүргізу құқығын, бұл көзделген жерде, өндірістік алаңда сәйкестікке бағалау жүргізу және сәйкестікті бағалау жүйесінің сәйкестік белгісін алу мүмкіндігін қоса алғанда, қамтиды;

(б) сәйкестікті бағалау рәсімдері өзара сауда үшін артық кедергілер жасайтындай немесе оларды жасауға алып келетіндей түрде әзірленбейді, қабылданбайды және қолданылмайды. Бұл *inter alia* сәйкестікті бағалау рәсімдері импорттаушы Тарап өнімнің сәйкес келмеуі салдарынан туындайтын тәуекелдерді ескере отырып, өнімнің қолданылатын техникалық регламенттерге немесе стандарттарға сәйкестігіне жеткілікті түрде сенімді болуы үшін қажет болатыннан анағұрлым қатаң болып табылмайтынын және анағұрлым қатаң қолданылмайтынын білдіреді.

6. Әрбір Тарап осы баптың 5-тармағының ережелерін қолдану кезінде:

(а) сәйкестікті бағалау рәсімдері мүмкіндігінше тез және екінші Тараптың аумағынан шығарылатын өнімге қатысты ұқсас отандық өнім үшін қолайлылығы кем емес кезектілікпен өткізілуін және аяқталуын;

(b) сәйкестікті бағалаудың әрбір рәсімінің стандартты өткізілу ұзақтығы туралы мәліметтердің жариялануын немесе оны өткізудің болжамды ұзақтығы өтінім берушіге сұрау салу бойынша хабарлануын; өтінім алынған кезде құзыретті органның құжаттаманың толық болу дәрежесін жедел зерделеуін және өтінім берушіге барлық кемшіліктер туралы айқын әрі толық түрде ақпарат беруін; құзыретті органның сәйкестікті бағалау нәтижелерін, қажет болған кезде түзетуші шара қабылдауға болатындай етіп, өтінім берушінің назарына айқын әрі толық түрде мүмкіндігінше тезірек жеткізуін; тіпті егер өтінімнің кемшіліктері болса да, өтінім берушінің өтініші бойынша құзыретті органның бұл қаншалықты жүзеге асыратындай түрде сәйкестікке бағалау жүргізуін; және өтінім берушіге сұрау салу бойынша кез келген кідіріс түсіндіріле отырып, осы рәсімнің іске асырылу сатысы туралы хабарлануын;

(c) ақпаратқа қатысты талаптардың сәйкестікті бағалау және төлемақының мөлшерін белгілеу үшін қажетті минимуммен шектелуін;

(d) екінші Тараптың аумағынан шығарылатын өнім туралы осындай сәйкестікті бағалау рәсімдеріне байланысты анықталатын немесе берілетін ақпараттың құпиялылығы отандық өнімге қатысты жағдайдағыдай және заңды коммерциялық мүдделердің қорғалуын қамтамасыз ететіндей түрде сақталуын;

(e) екінші Тараптың аумағынан шығарылатын өнімнің сәйкестігін бағалауға байланысты кез келген төлемдер мен сыйақылардың, байланысқа, көлікке жұмсалатын шығыстарды және өтінім берушінің өндіріс алаңы мен сәйкестікті бағалау органының орналасқан жеріндегі айырмашылықтарға байланысты басқа да шығыстарды ескере отырып, шығу тегі отандық немесе өзге кез келген елден шығарылатын ұқсас өнімнің сәйкестігін бағалау үшін алынатын кез келген төлемдермен және сыйақылармен тең болуын;

(f) сәйкестікті бағалау рәсімдерінде пайдаланылатын объектілердің орналасуы мен үлгілерді іріктеу рәсімінің өтінім берушілер немесе олардың өкілдері үшін артық қолайсыздықтар жасауға алып келмеуін;

(g) өнімнің қолданылатын техникалық регламенттерге немесе стандарттарға сәйкестігі айқындалғаннан кейін оның сипаттамаларына өзгерістер енгізілген әрбір жағдайда, түрлендірілген өнімге қатысты сәйкестікті бағалау рәсімінің осы өнімнің тиісті техникалық регламенттерге немесе стандарттарға бұрынғыдай сай келетініне жеткілікті сенімді болу үшін қажет болатындай шектелуін;

(h) сәйкестікті бағалау рәсімін орындауға қатысты наразылықтарды қарау рәсімінің болуын және егер наразылық негізді болған жағдайда, түзетуші шараның қабылдануын қамтамасыз етеді.

7. Осы баптың 5 және 6-тармақтарында ешнәрсе Тараптардың өз аумақтарының шегіндегі жерлерде ақылға қонымды тексерулер жүргізуіне кедергі келтірмейді.

8. Өнімнің техникалық регламенттерге немесе стандарттарға сәйкестігіне нақтылаушы растау талап етілетін және стандарттау жөніндегі халықаралық органдар

шығарған тиісті басшылық құралдар немесе ұсынымдар болған немесе олардың әзірленуі аяқталып келе жатқан жағдайларда, мұндай басшылық құралдар және ұсынымдар немесе олардың тиісті бөлімдері *inter alia*, ұлттық қауіпсіздік талаптары; алдау практикасын болғызбау; адамдардың денсаулығын немесе қауіпсіздігін, жануарлардың немесе өсімдіктердің өмірі мен саулығын қорғау немесе қоршаған ортаны қорғау; елеулі климаттық немесе географиялық факторлар; елеулі техникалық немесе инфрақұрылымдық проблемалар сияқты себептер бойынша Тараптарға қолайсыз болып табылатын, сұрау салу бойынша тиісті түрде түсіндірілетін жағдайларды қоспағанда, Тараптар орталық үкіметтік органдардың оларды немесе олардың тиісті бөлімдерін өздерінің сәйкестікті бағалау рәсімдері үшін негіз ретінде пайдалануын қамтамасыз етеді.

4.5-бап

Сәйкестікті бағалауды тану

1. Әрбір Тарап осы баптың 3 және 4-тармақтарының ережелеріне нұқсан келтірмей, мүмкіндігінше, екінші Тараптың сәйкестікті бағалау рәсімдерінің нәтижелері осы рәсімдердің қолданылатын техникалық регламенттерге немесе стандарттарға сәйкес өзінің рәсімдері сияқты сенімділікті қамтамасыз ететініне көз жеткізген жағдайда, мұндай рәсімдер тіпті өз рәсімдерінен ерекшеленген кезде де олардың мойындалуын қамтамасыз етеді. Өзара қолайлы уағдаластыққа қол жеткізу мақсатында, атап айтқанда :

(a) экспорттаушы Тарапта тиісті сәйкестікті бағалау органдарының сәйкестікті бағалау нәтижелерінің ұдайы сенімділігіне сенімді болу үшін олардың барабар және беделді техникалық құзыретіне қатысты алдын ала консультациялар өткізу талап етілуі мүмкін деп танылады; бұл тұрғыда, стандарттау жөніндегі халықаралық органдар шығарған, мысалы, аккредиттеу арқылы расталған басшылық құралдарға немесе ұсынымдарға сәйкес келу жеткілікті техникалық құзыреттіліктің айғағы болып есептеледі;

(b) сәйкестікті бағалау нәтижелерін танудың экспорттаушы Тараптың белгілі бір органдары алған нәтижелермен ғана шектелуіне қатысты алдын ала консультациялар өткізу талап етілуі мүмкін деп танылады.

2. Тараптар өздерінің сәйкестікті бағалау рәсімдері, бұл қаншалықты жүзеге асыруға мүмкін болса, соншалықты осы баптың 1-тармағының ережелерін іске асыруын қамтамасыз етеді.

3. Тарапқа екінші Тараптың бір-бірінің сәйкестікті бағалау рәсімдерінің нәтижелерін өзара тану туралы келісімдер жасасу мақсатында келіссөздер жүргізу туралы өтініштерін тілектестікпен қарау ұсынылады. Тараптар мұндай келісімдердің осы баптың 1-тармағының өлшемшарттарына сай келуін және тиісті өнім саудасына жәрдемдесу бойынша өздерінде бар мүмкіндіктер тұрғысынан өзара қанағаттануға алып келуін талап етуі мүмкін.

4. Тараптардың әрқайсысына екінші Тараптың аумағында орналасқан сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарға өз аумақтарында немесе кез келген үшінші елдің аумағында орналасқан органдарға ұсынылатыннан қолайлылығы кем емес шарттармен өздерінің сәйкестікті бағалау рәсімдеріне қатысуына рұқсат беру ұсынылады.

4.6-бап

Транспаренттілік

1. Тараптар стандарттарды, техникалық регламенттерді және сәйкестікті бағалау рәсімдерін әзірлеуге, қабылдауға және қолдануға қатысты транспаренттіліктің маңызды екенін мойындайды.

2. Екінші Тараптың саудасына елеулі әсер ете алатын техникалық регламентті әзірлейтін, қабылдайтын немесе қолданатын әрбір Тарап екінші Тараптың өтініші бойынша осындай техникалық регламенттің 4.4-баптың 2-4-тармақтарының ережелері тұрғысынан қажет екенін түсіндіреді. Техникалық регламент осы Келісімнің 4.4-бабының 2-тармағында тікелей көрсетілген заңды мақсаттардың біріне қол жеткізу үшін әзірленген, қабылданған немесе қолданылған және осы саладағы халықаралық стандарттарға сәйкес келген кезде, ол өзара саудаға артық кедергілер жасамайды деп ұйғарылады.

3. Бұл мүмкін болған кезде Тараптар өнімнің конструкциясына немесе сипаттамасына қойылатын талаптарға емес, ең алдымен, оның сипаттамаларына қойылатын талаптарға негізделген техникалық регламенттерді қабылдайды.

4. Тиісті халықаралық стандарт болмаған не әзірленіп жатқан техникалық регламенттің техникалық мазмұны тиісті халықаралық стандарттардың техникалық мазмұнына сай келмеген жағдайларда және егер техникалық регламент екінші Тараптың өзара саудасына елеулі әсер ете алатын болса, әрбір Тарап:

(a) екінші Тараптың мүдделі тұлғаларына онымен танысу мүмкіндігін беру үшін тиісті ерте сатыда баспасөзде нақты техникалық регламенттің болжамды енгізілуі туралы хабарлама жариялайды;

(b) хабарламаға әзірленіп жатқан техникалық регламенттің мақсаты мен негіздемесін қысқаша көрсетуді қоса бере отырып, байланыс пункттері арқылы екінші Тарапты әзірленіп жатқан техникалық регламентте қамтылатын өнім туралы хабардар етеді. Мұндай хабарламалар түзетулер енгізілуі және түсініктемелер назарға алынуы мүмкін тиісті ерте сатыда жарияланады;

(c) сұрау салу бойынша екінші Тарапқа әзірленіп жатқан техникалық регламенттің егжей-тегжейлі сипаттамаларын немесе мәтіндерін береді және мүмкіндігінше, тиісті халықаралық стандарттардан елеулі түрде ерекшеленетін бөлімдерді көрсетеді;

(d) осы тармақтың (a) тармақшасында көзделген хабарлама жарияланғаннан кейін екінші Тараптың жазбаша нысанда ескертпелер дайындауы, осы ескертпелерді сұрау салу бойынша талқылау және осы жазбаша ескертпелерді, сондай-ақ осы талқылаулардың нәтижелерін ескеру үшін оған кемсітушіліксіз 60 күн береді.

5. Стандарттау жөніндегі халықаралық органның тиісті басшылық құралы немесе ұсынымы болмаған немесе әзірленіп жатқан сәйкестікті бағалау рәсімінің техникалық мазмұны стандарттау жөніндегі халықаралық органдар шығарған тиісті басшылық құралдарға және ұсынымдарға үйлеспеген жағдайларда және егер бұл сәйкестікті бағалау рәсімі екінші Тараптың саудасына елеулі әсер ете алатын болса, әрбір Тарап:

(a) екінші Тараптың мүдделі тұлғаларына онымен танысу мүмкіндігін беру үшін тиісті ерте сатыда баспасөзде нақты сәйкестікті бағалау рәсімінің болжамды енгізілуі туралы хабарлама жариялайды;

(b) хабарламаға оның мақсатын қысқаша көрсетуді және негіздемесін қоса бере отырып, байланыс пункттері арқылы екінші Тарапты әзірленіп жатқан сәйкестікті бағалау рәсімі қолданылатын өнім туралы хабардар етеді. Мұндай хабарламалар түзетулер енгізілуі және түсіндірмелер назарға алынуы мүмкін тиісті ерте сатыда жарияланады;

(c) сұрау салу бойынша екінші Тарапқа әзірленіп жатқан рәсімнің егжей-тегжейлі сипаттамаларын немесе мәтіндерін береді және мүмкіндігінше, стандарттау жөніндегі халықаралық органдар шығарған тиісті басшылық құралдардан немесе ұсынымдардан елеулі түрде ауытқитын бөлімдерді көрсетеді;

(d) осы тармақтың (a) тармақшасында көзделген хабарлама жарияланғаннан кейін екінші Тараптың жазбаша нысанда ескертпелер дайындауы, осы ескертпелерді сұрау салу бойынша талқылау және осы жазбаша ескертпелерді және осы талқылаулардың нәтижелерін ескеру үшін оған кемсітушіліксіз 60 күн береді.

6. Осы баптың 4-5-тармақтарының ережелері сақталған кезде, Тарап қауіпсіздікті қамтамасыз етудің, денсаулықтың, қоршаған ортаны қорғаудың немесе ұлттық қауіпсіздіктің кезек күттірмейтін проблемалары туындаған немесе туындау қатері болған жағдайда, егер мұны қажет деп тапса, осы баптың 4-5-тармақтарында санамаланған әрекеттерге жүгінбеуі мүмкін, бұл ретте Тарап техникалық регламентті және/немесе сәйкестікті бағалау рәсімін қабылдағаннан кейін:

(a) хабарламаға кезек күттірмейтін проблемалардың мәнін баяндауды қоса алғанда, техникалық регламентті және/немесе сәйкестікті бағалау рәсімін енгізудің мақсаты мен себебін қысқаша көрсетуді қоса бере отырып, байланыс пункттері арқылы екінші Тарапты нақты техникалық регламент және/немесе сәйкестікті бағалау рәсімі және ол қолданылатын өнім туралы дереу хабардар етеді;

(b) сұрау салу бойынша екінші Тарапқа техникалық регламент және/немесе сәйкестікті бағалау рәсімі мәтіндерінің көшірмелерін береді;

(c) екінші Тараптың жазбаша нысанда ескертпелер ұсынуы үшін оған кемсітушіліксіз мүмкіндік береді, сұрау салу бойынша осы ескертпелерді талқылайды және осы жазбаша ескертпелерді, сондай-ақ осы талқылаулардың нәтижелерін ескереді

7. Әрбір Тарап екінші Тараптың мүдделі тараптарының олармен танысуына мүмкіндік беру үшін барлық қабылданған техникалық регламенттердің және/немесе сәйкестікті бағалау рәсімдерінің дереу жариялануын не өзге тәсілмен қолжетімді болуын қамтамасыз етеді.

8. Кезек күттірмейтін мән-жайларды қоспағанда, Тараптар экспорттаушы Тараптың тауар өндірушілеріне өздерінің өнімін немесе өндіру әдістерін импорттаушы Тараптың талаптарына бейімдеуге уақыт беру үшін техникалық регламенттердің жариялануы мен олардың күшіне енуі арасында кемінде 180 күн береді.

9. Кезек күттірмейтін мән-жайларды қоспағанда, Тараптар экспорттаушы Тараптың тауар өндірушілеріне өздерінің өнімін немесе өндіру әдістерін импорттаушы Тараптың талаптарына бейімдеуге уақыт беру үшін сәйкестікті бағалау рәсімдеріне қатысты талаптардың жариялануы мен олардың күшіне енуі арасында кемінде 180 күн береді.

10 Әрбір Тарап осы Келісім күшіне енген күннен бастап 90 күн ішінде екінші Тарапты импорттық өнімге қойылатын міндетті талаптар туралы хабардар етеді.

11. Тараптар барынша мүмкін болатын дәрежеде ағылшын тілінде ақпарат алмасуға ұмтылады. Негізгі заңдар мен нормативтік актілер немесе олар бойынша қысқаша анықтамалар сұрау салу бойынша ағылшын тілінде берілуге тиіс.

4.7-бап

Консультациялар

1. Стандарттарды, техникалық регламенттерді немесе сәйкестікті бағалау рәсімдерін күнделікті қолдану Тараптар арасындағы сауданы қозғаған жағдайларда, Тарап осы мәселені шешу мақсатында консультациялар туралы сұрау салу жасай алады. Консультациялар туралы сұрау салу екінші Тараптың осы Келісімнің 4.9-бабына сәйкес белгіленген байланыс пунктіне жіберілуге тиіс.

2. Әрбір Тарап екінші Тараптың осы Тарауды жүзеге асыруға байланысты мәселелер бойынша консультациялар туралы кез келген сұрау салуын тез және он тұрғыдан қарау үшін бар күш-жігерін жұмсайды.

3. Осы Тарауды тиімді қолдану және іске асыру мақсатында саудадағы техникалық кедергілер жөніндегі жұмыс тобы құрылады. Тараптардың өкілдерін қамтитын жұмыс тобы Бірлескен комитетке өз тұжырымдары туралы есеп береді. Осы Тарауға жататын мәселені консультациялар арқылы түсіндіру немесе шешу мүмкін болмаған жағдайларда, Тараптар саудаға ықпал ететін, практикада іске асырылатын шешімді айқындау мақсатында саудадағы техникалық кедергілер жөніндегі жұмыс тобына жүгіне алады.

4.8-бап

Ынтымақтастық

1. Стандарттардың, техникалық регламенттердің және сәйкестікті бағалау рәсімдерінің Тараптар арасындағы тауар саудасында артық кедергілер келтірмеуін

қамтамасыз ету мақсатында Тараптар мүмкіндігінше, стандарттар, техникалық регламенттер және сәйкестікті бағалау рәсімдері саласында ынтымақтасады.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес ынтымақтастық мыналарды:

(a) Тараптардың әрқайсының стандарттарды, техникалық регламенттерді және сәйкестікті бағалау рәсімдерін өзара түсінуін жақсарту мақсатында бірлескен семинарлар өткізуді;

(b) біліктілікті арттыру мақсатында Тараптардың лауазымды адамдарды алмасуын;

(c) стандарттар, техникалық регламенттер және сәйкестікті бағалау рәсімдері туралы ақпарат алмасуды;

(d) Тараптардың әрқайсының стандарттар, техникалық регламенттер және сәйкестікті бағалау рәсімдері үшін жауапты органдарының өзара мүдделілік туғызатын мәселелер бойынша ынтымақтасуын қолдауды;

(e) техникалық регламенттердің сапасын арттыру мақсатында ғылыми-техникалық ынтымақтастықты қамтамасыз етуді қамтуы мүмкін.

3. Осы баптың 2-тармағының жүзеге асырылуы бөлінген қаражаттың болуына және Тараптардың әрқайсының тиісті заңнамасы мен нормативтік актілеріне байланысты болады.

4. Саудадағы техникалық кедергілер саласындағы ынтымақтастық *inter alia* тиісті арналар, бірлескен жобалар және техникалық қолдау арқылы диалог жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

5. Тараптар өзара келісу бойынша жекелеген салалардағы стандарттар, техникалық регламенттер және сәйкестікті бағалау рәсімдері мәселелері бойынша бірлескен жобаларды, техникалық қолдауды және ынтымақтастықты жүзеге асыруы мүмкін.

6. Тараптар саудадағы техникалық кедергілерге байланысты нарыққа қадағалау жасауға және саудадағы техникалық кедергілерге қатысты бөлікте осы саладағы құқық қолдану практикасына қатысты мәселелер бойынша пікір алмасуға уағдаласты.

7. Сұрау салу бойынша Тарап басқа Тарап енгізетін осы Тарау шеңберіндегі ынтымақтастық жөніндегі ұсыныстарға тиісінше назар аударады.

8. Осы Тарау шеңберіндегі ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесу мақсатында Тараптар онда қамтылатын мәселелер бойынша уағдаластықтар жасауы мүмкін.

4.9-бап

Құзыретті органдар және байланыс пункттері

1. Тараптар құзыретті органдарды және байланыс пункттерін тағайындайды, сондай-ақ тағайындалған құзыретті органдар мен байланыс пункттерінің атауын, сондай-ақ осы құзыретті органдар мен байланыс пункттеріндегі тиісті лауазымды адамдардың байланыс деректерін, оның ішінде телефонды, факсты, электрондық поштаны және басқа деректерді қамтитын ақпаратты алмасады.

2. Тараптар құзыретті органдарға немесе байланыс пункттеріне байланысты кез келген өзгерістер, сондай-ақ тиісті лауазымды адамдар туралы ақпараттың өзгеруі туралы бірін-бірі дереу хабардар етеді.

3. Байланыс пунктінің функциялары мыналарды:

(a) басқа Тараптан осындай ақпарат беру туралы барлық негізделген сұрау салуларға жауап ретінде Тараптар арасында стандарттар, техникалық регламенттер және сәйкестікті бағалау рәсімдері туралы ақпарат алмасуға жәрдемдесуді; және

(b) басқа Тараптың сұрау салуларын тиісті реттеуші органдарға беруді қамтиды.

4. Құзыретті органдардың функциялары:

(a) осы Тараудың жүзеге асырылу мониторингісін;

(b) егер бұл орынды болса, осы Келісімнің 4.8-бабына сәйкес ынтымақтастыққа жәрдемдесуді;

(c) басқа Тараптың стандарттарды, техникалық регламенттерді және сәйкестікті бағалау рәсімдерін әзірлеуге, қабылдауға, қолдануға және олардың сақталуын қамтамасыз етуге байланысты кез келген сұрағын жедел қарауды;

(d) Тараптың сұрау салуы бойынша, осы Тарау шеңберінде туындайтын кез келген мәселелер бойынша консультациялар жүргізуге жәрдемдесуді;

(e) Тараптардың көзқарасы бойынша олардың осы Тарауды жүзеге асыруына көмектесетін кез келген басқа әрекеттерді орындауды; және

(f) Бірлескен комитет беруі мүмкін басқа да функцияларды орындауды қамтиды.

5-ТАРАУ. САНИТАРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ФИТОСАНИТАРИЯЛЫҚ ШАРАЛАР

5.1-бап

Мақсаттар

Осы Тараудың мақсаттары Тараптардың аумағында адамдардың өмірін немесе денсаулығын, жануарлардың немесе өсімдіктердің тіршілік етуін немесе саулығын:

(a) санитариялық және фитосанитариялық шараларға жататын даулы мәселелердің шешімдерін іздестіру;

(b) Тараптар мен олардың құзыретті органдары арасында, оның ішінде санитариялық және фитосанитариялық шараларды әзірлеу және қолдану саласында ынтымақтастықты нығайту; және

(c) санитариялық және фитосанитариялық шаралар саласында ақпарат алмасуды оңайлату және әрбір Тараптың реттеу жүйесіне қатысты білім деңгейі мен түсіністікті арттыру арқылы қорғау болып табылады.

5.2-бап

Анықтамалар²⁹

1. Осы Тараудың мақсаттары үшін:

(a) "Санитариялық және фитосанитариялық шара" - мыналар үшін:

i. Тараптар аумағындағы жануарлардың немесе өсімдіктердің тіршілік етуін немесе саулығын зиянкестердің, аурулардың, зиянды ауру таратушы организмдердің немесе аурушаң организмдердің енуіне, тамыр жаюына немесе таралуына байланысты туындайтын қатерлерден қорғау үшін;

ii. Тараптар аумағындағы адамдардың өмірін немесе денсаулығын немесе жануарлардың тіршілік етуін немесе саулығын тамақ өнімдеріндегі, сусындардағы немесе азықтардағы қоспалардан, ластаушы заттардан, токсиндерден немесе аурушаң организмдерден туындайтын қатерлерден қорғау үшін;

iii. Тараптар аумағындағы адамның өмірін немесе денсаулығын жануарлар, өсімдіктер немесе олардан алынған өнімдер тарататын ауруларға байланысты немесе зиянкестердің енуіне, тамыр жаюына немесе таралуына байланысты туындайтын қатерлерден қорғау үшін; немесе

iv. Тараптар аумағына зиянкестердің енуінен, тамыр жаюынан немесе таралуынан келтірілетін басқа да залалды болғызбау немесе шектеу үшін қолданылатын кез келген шаралар;

Санитариялық және фитосанитариялық шаралар, *inter alia*, түпкілікті өнімге қойылатын талаптарды; өңдеу мен өндіріс әдістерін; сынау рәсімдерін, инспекциялауды, сертификаттауды және мақұлдауды; жануарларды немесе өсімдіктерді тасымалдауға немесе оларды тасымалдау кезінде тіршілік етуіне қажетті материалдарға байланысты тиісті талаптарды қоса алғанда, өндеудің карантиндік әдістерін; статистикалық тиісті әдістерге қатысты ережелерді, сынамаларды іріктеу рәсімдерін және тәуекелдерді бағалау әдістерін; сондай-ақ тамақ өнімдерінің қауіпсіздігіне тікелей қатысты қаптауға және таңбалауға қойылатын талаптарды қамтитын барлық тиісті заңдарды, қаулыларды, қағидаларды, талаптар мен рәсімдерді қамтиды;

(b) **"зиянкестерден немесе аурудан бос аймақ"** - құзыретті органдар айқындағандай, белгілі бір зиянкес немесе ауру кездеспейтін Тараптың бүкіл аумағы, Тарап аумағының бір бөлігі немесе бірнеше Тарап аумағының бөліктері немесе бүкіл аумағы болып табылатын аймақ;

"Зиянкестерден немесе аурудан бос аймақ" - белгілі бір зиянкестің немесе аурудың болуы анықталған, бірақ онда қаралып отырған зиянкеске немесе ауруға шек қоятын немесе оны түпкілікті жоятын қорғау, байқау жасау және буферлік аймақ орнату сияқты жергілікті бақылау шаралары қабылданып отырған аймақты қоршап жатқан, онымен қоршалған болуы немесе аймаққа Тарап аумағының бір бөлігі шегінде де, екі Тараптың бөліктерін немесе барлық аумағын қамтитын географиялық өңірде де шектелуі мүмкін аймақ;

(c) **"зиянкестер немесе ауру болмашы таралған аймақ"** - құзыретті органдар айқындағандай, белгілі бір зиянкестердің немесе аурудың таралу деңгейі төмен және онда қадағалаудың, бақылаудың немесе түпкілікті жоюдың тиімді шаралары жүзеге

асырылатын Тараптың бүкіл аймағы не Тараптың бір бөлігі не екі Тараптың бүкіл аумағы немесе бөліктері;

(d) **"Санитариялық және фитосанитариялық қағидалар"** - жалпыға бірдей қолданылатын заңдар, қаулылар немесе өкімдер сияқты санитариялық және фитосанитариялық шаралар.

2. Халықаралық ұйымдар: "Алиментариус Кодексі" комиссиясы, Жануарлар саулығын қорғаудың дүниежүзілік ұйымы (бұдан әрі - "ХЭБ") және Өсімдіктерді қорғау жөніндегі халықаралық конвенция (бұдан әрі - "ӨҚХК") шеңберінде жұмыс істейтін халықаралық және өңірлік ұйымдар әзірлеген тиісті анықтамалар осы Тарауды *mutatis mutandis* іске асыру кезінде қолданылады.

3. Халықаралық стандарттарға, нұсқамалықтарға және ұсынымдарға мыналар жатады:

(a) азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігіне қатысты - "Алиментариус Кодексі" Комиссиясы белгілеген тағам қоспаларына, ветеринариялық препараттарға және пестицидтердің қалдықтарына, ластаушы заттарға қатысты стандарттар, нұсқамалықтар және ұсынымдар, сынамаларды талдау және іріктеу әдістері, сондай-ақ гигиена нормаларына қатысты қағидалар мен нұсқамалықтар;

(b) жануарлардың саулығына және жануарлардан таралатын ауруларға қатысты - ХЭБ аясында әзірленген стандарттар, нұсқамалықтар мен ұсынымдар;

(c) өсімдіктердің саулығына қатысты - ӨҚХК шеңберінде жұмыс істейтін өңірлік ұйымдармен бірлесе отырып ӨҚХК хатшылығы аясында әзірленген халықаралық стандарттар, нұсқамалықтар және ұсынымдар; және

(d) жоғарыда аталған ұйымдар қамтымайтын мәселелерге қатысты - барлық Тараптардың қатысуы үшін ашық, басқа да тиісті халықаралық ұйымдар әзірлеп шығарған тиісті стандарттар, нұсқамалықтар және ұсынымдар.

4. Тәуекелді бағалау - қолданылуы мүмкін санитариялық немесе фитосанитариялық шараларға сәйкес импорттаушы Тараптың аумағында зиянкестің немесе аурудың ену, тамыр жаю немесе таралу мүмкіндігін және осыған байланысты ықтимал биологиялық және экономикалық салдарларды бағалау; немесе азық-түлік өнімдерінде, сусындарда немесе азықтарда қоспалардың, ластаушы заттардың, токсиндердің немесе аурушаң ағзалардың болуы себепті пайда болатын адамдардың денсаулығына немесе жануарлардың саулығына жағымсыз әсердің мүмкіндігін бағалау.

5. Санитариялық және фитосанитариялық қорғаудың тиісті деңгейі - бұл өз аумағы шеңберінде адамдардың өмірін немесе денсаулығын, жануарлардың немесе өсімдіктердің тіршілік етуін немесе саулығын қорғау үшін санитариялық немесе фитосанитариялық шаралар өндіретін, Тарап тиісті деп есептейтін қорғау деңгейі. Өзге жағдайларда Тараптар бұл тұжырымдаманы "тәуекелдің қабылдауға болатын деңгейі" деп атайды.

²⁹ Осы анықтамалар мақсаттарында "жануар" балықты және жабайы фаунаны қамтиды; "өсімдік" орманды және жабайы флораны қамтиды; "зиянкестер" арамшөптерді қамтиды; ал "ластаушы заттар" пестицидтерді, ветеринариялық препараттардың қалдықтарын және бөгде заттарды қамтиды.

5.3-бап

Қолданылу саласы

Осы Тарау Тараптар арасындағы саудаға тікелей немесе жанама ықпал етуі мүмкін Тараптардың санитариялық және фитосанитариялық шараларына қолданылады.

5.4-бап

Жалпы ережелер

1. Тараптар осындай шаралар осы Тараудың ережелеріне қайшы келмеген жағдайда, адамдардың өмірін немесе денсаулығын, жануарлардың немесе өсімдіктердің тіршілік етуін немесе саулығын қорғау үшін қажетті санитариялық және фитосанитариялық шаралар енгізуге құқылы.

2. Тараптар:

(a) кез келген санитариялық немесе фитосанитариялық шараның адамның өмірі мен денсаулығын, жануарлардың немесе өсімдіктердің тіршілік етуін немесе саулығын қорғау үшін қажетті дәрежеде ғана қолданылуын, ғылыми қағидаттарға негізделуін және тиісті ғылыми деректердің қолжетімділігі мен өңірлік жағдайлар ескеріле отырып, жеткілікті ғылыми негіздемесіз күшінде қалмауын;

(b) кез келген санитариялық немесе фитосанитариялық шара тиісті халықаралық ұйымдар әзірлеген қатерлерді бағалау әдістері ескеріле отырып, адамдардың өміріне немесе денсаулығына, жануарлардың немесе өсімдіктердің тіршілік етуіне немесе саулығына төнген қатерлерді бағалаудың тиісті жағдайына негізделуін;

(c) тиісті ғылыми негіздеме жеткіліксіз болған жағдайда, тиісті Тараптар тиісті халықаралық ұйымдардан алынған ақпаратты, сондай-ақ басқа Тараптар қолданатын санитариялық және фитосанитариялық шаралар туралы ақпаратты қоса алғанда, қолда бар тиісті ақпараттың негізінде шұғыл санитариялық немесе фитосанитариялық шараларды уақытша енгізуі мүмкін. Мұндай жағдайларда Тараптар тәуекелдерді неғұрлым объективті бағалауға қажетті қосымша ақпаратты алуға және тиісінше санитариялық немесе фитосанитариялық шараны ақылға сыйымды кезең ішінде қайта қарауға ұмтылуға тиіс;

(d) олардың санитариялық және фитосанитариялық шаралары Тараптар арасында, оның ішінде өз аумағы мен екінші Тараптың аумағы арасында бірдей немесе ұқсас шарттар басымдыққа ие болса, ерікті немесе негізсіз кемсітушілік құралы болып жұмыс істемеуін қамтамасыз етеді.

3. Осы Тарауда ешнәрсе осы Тараудың қолданылу саласына кірмейтін шараларға қатысты осы Келісімнің 4-тарауына сәйкес Тараптардың құқықтарына әсер етпейді.

5.5-бап

Баламалылық

1. Импорттаушы Тарап экспорттаушы Тараптың санитариялық немесе фитосанитариялық шараларын, тіпті егер бұл шаралар оның өз шараларынан немесе сондай өнімді сататын үшінші елдер қолданатын шаралардан өзгеше болса да, егер экспорттаушы Тарап импорттаушы Тарапқа оның шаралары импорттаушы Тараптың санитариялық немесе фитосанитариялық қорғауының тиісті деңгейіне жететінін объективті түрде көрсетсе, баламалылық шаралар деп таниды. Осы мақсатта импорттаушы Тарапқа сұрау салуы бойынша инспекциялау, сынақтар және басқа да тиісті рәсімдерді жүргізу үшін ақылға қонымды қолжетімділік берілуге тиіс.

2. Сұрау салу бойынша Тараптар нақты санитариялық немесе фитосанитариялық шаралардың баламалылығын тану туралы екіжақты кесімдерге қол жеткізу мақсатында консультациялар жүргізеді.

5.6-бап

Транспаренттілік

1. Тараптар санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдануда, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, өздерінің тиісті санитариялық және фитосанитариялық шаралары туралы уақтылы ақпарат алмасу арқылы транспаренттіліктің маңыздылығын мойындайды.

2. Тараптар мүдделі Тараптардың олармен танысу мүмкін болуы үшін қабылданған санитариялық және фитосанитариялық қағидалардың Тараптардың құзыретті органдарының веб-сайттарында жариялануын қамтамасыз етеді.

3. Әрбір Тарап ЕАЭО-ға мүше әрбір мемлекетте, Еуразиялық экономикалық комиссияда және Иранда мүдделі Тараптардың ақылға қонымды барлық сұрақтарына жауап беруді, сондай-ақ мыналарға:

(a) өз аумағында қабылданған немесе әзірленіп жатқан кез келген санитариялық немесе фитосанитариялық қағидаларға;

(b) өз аумағында қолданылатын бақылау мен инспекциялаудың кез келген рәсімдеріне, өндіру мен карантин қағидаларына, пестицидтер мен тағам қоспаларының жол берілген деңгейін мақұлдау рәсімдеріне;

(c) тәуекелдерді, бұл ретте ескерілетін факторларды бағалау рәсімдеріне, сондай-ақ санитариялық және фитосанитариялық қорғаудың тиісті деңгейін айқындауға;

(d) өз аумағы шеңберінде орналасқан Тараптың немесе тиісті органдардың халықаралық және өңірлік санитариялық және фитосанитариялық ұйымдар мен жүйелерге, сондай-ақ осы Келісімнің қолданысы шеңберінде екіжақты және көпжақты келісімдер мен уағдаластықтарға мүшелігі мен қатысуына және осындай келісімдер мен уағдаластықтардың мәтіндеріне қатысты тиісті құжаттарды ұсынуға жауап беретін бір байланыс пунктінің болуын қамтамасыз етеді.

4. Тараптар, мүдделі Тарап құжаттар мәтіндерін сұратқан жағдайларда, қайта жеткізу құнын ескермей, олардың осы Тараптың тұлғаларына³⁰ беретін бағамен (егер олар ақылы негізде ұсынылатын болса) табыс етілуін қамтамасыз етеді.

5. Егер халықаралық стандарт, нұсқамалық немесе ұсыным болмаса не әзірленіп жатқан санитариялық немесе фитосанитариялық қағиданың мазмұнында халықаралық стандарттың, нұсқамалықтың немесе ұсынымның мазмұнынан едәуір айырмашылық болса және осы қағида басқа Тараптың немесе Тараптардың саудасына маңызды түрде әсер етсе, Тарап:

(a) байланыс пункттері арқылы басқа Тарапқа мұндай шара туралы хабарламаны береді;

(b) сұрау салу бойынша басқа Тарапқа әзірленіп жатқан құжаттың мәліметтерін немесе мәтіндерін ұсынады және мүмкіндігінше халықаралық стандарттардан, нұсқамалықтардан немесе ұсынымдардан едәуір айырмашылығы бар бөліктерді атап көрсетеді;

(c) басқа Тарапқа ескертпелерді жазбаша түрде дайындау үшін кемсітушіліксіз кемінде 60 күн уақыт береді, сұрау салу бойынша осы ескертпелерді талқылайды және талқылаудың түсіндірмелері мен нәтижелерін назарға алады.

6. Төтенше жағдайларды қоспағанда, экспорттаушы Тараптың өндірушілері импорттаушы Тараптың талаптарына бейімделуі үшін, Тараптар санитариялық немесе фитосанитариялық шараның жариялануы мен оның күшіне енуі аралығында ақылға қонымды уақыт кезеңін береді.

7. Алайда, Тарап денсаулықты қорғау үшін шұғыл проблемаларға ұшырағанда немесе ұшырауы мүмкін болғанда, бұл Тараптың өз қалауы бойынша осы баптың 6-тармағында тізбеленген рәсімдерді осы Тараптың мынадай жағдайларда орындамауына болады:

(a) байланыс пункттері арқылы басқа Тарапты нақты қағида мен ол қамтитын өнім туралы, хабарламада мақсатты қысқаша сипаттай отырып және шұғыл проблеманың (проблемалардың) негізгі мәнін қоса алғанда, шараны енгізу себебі туралы дереу хабардар етеді;

(b) сұрау салу бойынша басқа Тараптарға қағиданың мәтінін ұсынады;

(c) басқа Тараптарға жазбаша түрде түсіндірмелер жіберуге мүмкіндік береді, сұрау салу бойынша осы түсіндірмелерді талқылайды және талқылаулардың нәтижелерін назарға алады.

8. Тараптар осы Келісім күшіне енген күннен бастап 90 күн ішінде қолданыстағы немесе күшіне енетін санитариялық және фитосанитариялық шаралар туралы ақпаратты бір-біріне ұсынады.

9. Тараптар ағылшын тілінде ақпарат алмасуға ұмтылады.

10. Негізгі заңдар мен нормативтік актілер немесе олардың қысқаша мазмұны сұрау салу бойынша ағылшын тілінде ұсынылады.

³⁰ *Осы Келісімдегі "тұлғалар" термині жекелеген кедендік аумаққа қатысты пайдаланылған кезде, тұрақты тұратын немесе осы кеден аумағында қолданыстағы және жұмыс істеп тұрған өнеркәсіптік немесе коммерциялық кәсіпорынға ие жеке немесе заңды тұлғалар түсініледі.*

5.7-бап

Өңірлік жағдайларға бейімделу

1. Тараптар зиянкестерден немесе аурулардан бос аймақтарды және зиянкестер немесе аурулар болмашы таралған аймақтарды қоса алғанда, өңірлік жағдайларға бейімделу тұжырымдамасын сауданы оңайлатудың маңызды құралы деп таниды.

2. Тараптар мұндай аймақтарды айқындау кезінде Тараптардың зиянкестерден немесе аурулардан бос аймақтар және зиянкестер немесе ауру болмашы таралған аймақтар мәртебесін растайтын ақпараты, аудит нәтижесі, инспекциялық бақылау нәтижелері, ХЭБ және ӨҚХК ұсынған ақпарат сияқты факторларды және басқа да факторларды қарастырады.

3. Өз шегіндегі аймақтар зиянкестерден немесе аурудан бос аймақтар немесе зиянкестер немесе ауру болмашы таралған аймақтар болып табылады деп тұжырымдайтын экспорттаушы Тарап импорттаушы Тарапқа мұндай аймақтардың шын мәнінде зиянкестерден немесе аурудан бос аймақтар немесе зиянкестер немесе ауру болмашы таралған аймақ болып табылатынын, тиісінше, мүмкіндігіне қарай осындай дәрежені сақтап қалатынын объективті түрде көрсету үшін қажетті растауды ұсынады. Осы мақсатта импорттаушы Тарапқа инспекциялау, сынақтар және басқа да тиісті рәсімдер жүргізу үшін сұрау салу бойынша ақылға қонымды түрде рұқсат беріледі.

4. Егер импорттаушы Тарап экспорттаушы Тарап ұсынған растауды қабылдаса, мұндай Тарап оның себептерін түсіндіреді және осы мәселе бойынша техникалық консультацияларға кірісуге дайын болады.

5.8-бап

Аудит және инспекциялар

1. Әрбір Тарап өнімдердің (тауарлардың) қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында аудит және/немесе инспекциялау жүргізуі мүмкін.

2. Тараптар аудит және инспекциялау саласында ынтымақтастықты одан әрі кеңейтуге келіседі.

3. Аудит және/немесе инспекциялау жүргізілген кезде әрбір Тарап тиісті халықаралық стандарттарды, нұсқамалықтарды және ұсынымдарды назарға алады.

4. Аудитті немесе инспекциялауды жүргізетін Тарап тексерілетін Тарапқа аудиттің және/немесе инспекциялаудың нәтижесін түсіндіруіне мүмкіндік береді.

5. Аудитті немесе инспекциялауды жүргізген Тарап шеккен шығыстар, егер Тараптар өзгеше уағдаласпаса, аудитті немесе инспекциялауды жүргізген Тарапқа жүктеледі.

5.9-бап

Қауіпсіздікті растайтын құжаттар

1. Импорттаушы Тарап Тараптар арасында жүзеге асырылатын саудада өнімдер (тауарлар) қауіпсіздігін растайтын құжаттарға қойылатын талаптар тек қана адамның өмірін немесе денсаулығын, жануарлардың немесе өсімдіктердің тіршілік етуін немесе саулығын қорғау үшін қажетті шектерде қолданылуын қамтамасыз етеді.

2. Тараптар, мән-жайларға сәйкес, өнімдердің (тауарлардың) қауіпсіздігін растайтын құжаттарды әзірлеген кезде тиісті халықаралық стандарттар мен ұсынымдарды назарға алады.

3. Тараптар арасында жүзеге асырылатын саудада белгілі бір өнімнің (тауардың) немесе өнімдер (тауарлар) тобының қауіпсіздігін растау үшін Тараптар екіжақты құжаттар әзірлеу туралы уағдаласуы мүмкін.

4. Сауданы оңайлату мақсатында Тараптар өнімдердің (тауарлардың) қауіпсіздігін растайтын құжаттарға электрондық технологияларды қолдануға жәрдемдеседі.

5.10-бап

Уақытша төтенше шаралар

1. Егер Тарап осы Келісімнің 5.4-бабының 2 (с) тармағына сәйкес адамдардың өмірін немесе денсаулығын, жануарлардың немесе өсімдіктердің тіршілік етуін немесе саулығын қорғау үшін қажетті уақытша төтенше шараларды енгізетін болса, мұндай Тарап мүмкіндігінше қысқа мерзімде басқа Тарапты осындай шаралар туралы хабардар етеді. Төтенше шараларды енгізген Тарап басқа Тарап ұсынған тиісті ақпаратты назарға алады.

2. Егер Тараптар өзгеше келіспесе, кез келген Тараптың сұрау салуы бойынша мүмкіндігінше қысқа мерзімде тиісті құзыретті органдар төтенше шаралар мәселелері жөнінде консультациялар өткізеді.

5.11-бап

Байланыс пункттері және ақпарат алмасу

1. Тараптар осы Тарауға сәйкес ақпарат жіберу үшін байланыс пункттері, сондай-ақ осы Тарауға қатысты мәселелер үшін жауапты уәкілетті құзыретті органдар және міндеттерді олардың арасында болу туралы бірін-бірі хабардар етеді.

2. Тараптар байланыс пункттерінің қандай да бір өзгерістері туралы және өздерінің құзыретті органдарының құрылымындағы немесе құзыретіндегі қандай да бір елеулі өзгерістер туралы бірін-бірі хабардар етеді.

3. Тараптар өздерінің байланыс пункттері арқылы:

(а) Тараптар арасындағы саудаға әсер ететін азық-түлік өнімдері қауіпсіздігінің кез келген елеулі мәселелеріне немесе жануарлардың немесе өсімдіктердің саулығына

немесе олардың аумағындағы аурушандықтың жай-күйіне немесе зиянкестердің таралуына қатысты өзгерістерге; және

(b) заңнамадағы кез келген өзгерістерге немесе басқа да санитариялық немесе фитосанитариялық шараларға қатысты бір-біріне уақтылы жазбаша хабарлама жібереді

4. Тараптар санитариялық және фитосанитариялық шараларды жүйелі немесе елеулі түрде сақтамау жағдайлары туралы байланыс пункттері арқылы бірін-бірі хабардар етеді, сондай-ақ осындай сақтамауды растайтын тиісті құжаттармен алмасады.

5.12-бап

Ынтымақтастық

1. Тараптар осы Тарауды іске асыруды оңайлату мақсатында ынтымақтасуға келіседі.

2. Тараптар осы Тараудың ережелеріне сәйкес өзара мүддені білдіретін санитариялық және фитосанитариялық шаралар мәселелері бойынша ынтымақтастықты, өзара іс-қимылды және ақпарат алмасуды кеңейту үшін мүмкіндіктерді зерделейді. Осындай мүмкіндіктерге сауданы оңайлату жөніндегі бастамалар және техникалық қолдау жатуы мүмкін.

3. Осы Тарау шеңберінде ынтымақтастықты дамыту мақсатында Тараптар санитариялық және фитосанитариялық шаралар мәселелері бойынша уағдаластықтар жасасуы мүмкін.

5.13-бап

Консультациялар

1. Егер Тарап санитариялық немесе фитосанитариялық шара оның басқа Тараппен саудасына әсер етеді деп тапса, ол осы проблеманы шешу мақсатында тиісті байланыс пункттері арқылы консультация сұратуы мүмкін.

2. Тарап осы Тарау бойынша туындайтын мәселелерді шешу мақсатында басқа Тараптың сұрау салуы бойынша 60 күннен аспайтын кезең ішінде осы Тараудың мәнмәтінінде консультациялар өткізеді. Егер консультациялар өткізуге сұрау салуды жіберетін Тарап мәселені шұғыл деп есептесе, ол осы тармақта аталған консультациялардың неғұрлым қысқа мерзімде өтуін сұрай алады және екінші Тарап осындай консультацияларға ұсынылған уақыт мерзімінде кірісуге ұмтылады.

3. Санитариялық және фитосанитариялық шаралар жөніндегі жұмыс тобы осы Тарауды тиімді қолдану және оның жұмыс істеуі мақсатында құрылады. Тараптардың өкілдерін қамтитын жұмыс тобы өз қорытындылары туралы Бірлескен комитетке есеп береді.

4. Егер осы Тарауға сәйкес мәселе консультациялар арқылы түсіндірілмеген немесе шешілмеген жағдайда, Тараптар сауданы оңайлататын, орындалатын практикалық шешім табу үшін санитариялық және фитосанитариялық шаралар жөніндегі жұмыс тобына жүгіне алады.

5.14-бап

Сауда рәсімдерін оңайлату

Егер осы Тарауда өзгеше көзделмесе, импорттаушы Тарап, әдетте, тауардың бір партиясы оның санитариялық немесе фитосанитариялық талаптарына сәйкес келмейді деген негізде екінші Тараппен сауданы тоқтатпайды.

6-ТАРАУ. ТАУАРЛАРДЫҢ ШЫҒУ ТЕГІН АЙҚЫНДАУ ҚАҒИДАЛАРЫ

I БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

6.1-бап

Қолдану мақсаттары

Осы тарауда көзделген Тауарлардың шығу тегін айқындау қағидалары осы Келісімге сәйкес тарифтік преференциялар беру мақсаттары үшін қолданылады.

6.2-бап

Анықтамалар

Осы тараудың мақсаттары үшін:

(а) **"аквашаруашылық"** - өндірісті арттыру мақсатында, мысалы, тұрақты балық жіберу, қоректендіру немесе жыртқыштардан қорғау арқылы даму мен өсу процестеріне әсер ету арқылы уылдырық, құрт шабақтар, шабақтар және дернәсілдер сияқты бастапқы шикізаттан су организмдерін, оның ішінде балықтарды, ұлуларды, шаян тәрізділерді, басқа су омыртқасыздарын және су өсімдіктерін өсіру;

(b) **"уәкілетті орган"** - осы Келісімнің мақсаттары үшін тауардың шығу тегі туралы сертификаттарды беруге Тарап уәкілеттік берген құзыретті орган;

(c) **"CIF жеткізу шарттарындағы құн"** - осы тауарларды экспорттау кезінде өтелуі мүмкін ішкі салықтарды қоспағанда, қолданыстағы Сауда терминдерін түсіндірудің халықаралық қағидаларына ("Инкотермс") сәйкес импорттаушы елдің портына немесе әкелінетін орнына дейін тасымалдау және сақтандыру құнын қамтитын әкелінетін тауарлардың құны;

(d) **"партия"** - экспорттаушыдан жүк алушыға бір немесе бірнеше көлік құжаттары бойынша бір мезгілде жіберілетін тауарлар, сондай-ақ бір пошта жүкқұжаты бойынша жөнелтілетін не шекараны кесіп өтетін адам багаж ретінде алып өтетін тауарлар;

(e) **"экспорттаушы"** - сыртқы сауда шарты (байланыс) бойынша тауарларды сатушы, жүк жөнелтуші, тауарлардың өнім берушісі немесе оларды өндіруші;

(f) **"EXW жеткізу шарттарындағы құн"** - осы тауарларды экспорттау кезінде өтелуі мүмкін ішкі салықтарды қоспағанда, қолданыстағы Халықаралық сауда терминдерін түсіндіру қағидаларына ("Инкотермс") сәйкес аумағында соңғы өндеу немесе қайта өндеу жүргізілген Тарапта өндірушіге төлеуге жататын тауарлар құны;

(g) **"импорттаушы"** - сыртқы сауда шарты (байланыс) бойынша тауарларды сатып алушы немесе жүк алушы;

(h) **"материал"** - тауарды өндіру кезінде пайдаланылатын немесе тұтынылатын, физикалық тұрғыдан тауарға кіретін немесе басқа тауарды өндіру кезінде өңдеуге ұшырайтын тауардың ингредиентін, шикізатын, компонентін немесе бір бөлігін қоса алғанда, кез келген зат немесе материя;

(i) **"шығарылмайтын тауарлар"** немесе "шығарылмайтын материалдар" - осы тарауда көзделген тауарлардың шығу тегін айқындау өлшемшарттарына сай келмейтін тауарлар немесе материалдар;

(j) **"шығарылатын тауарлар"** немесе "шығарылмайтын материалдар" - осы тарауда көзделген тауарлардың шығу тегін айқындау өлшемшарттарына сай келетін тауарлар немесе материалдар;

(к) **"өндіруші"** - Тараптың аумағында тауарлар өндіруді жүзеге асыратын тұлға;

(l) **"өндіріс"** - өсіруді, өндіруді, өнім жинауды, молайтуды, алуды, жинауды, ұстап алуды, балық аулауды, аңшылықты, осындай тауарларды өңдеуді, қайта өңдеуді немесе құрастыруды қамтитын тауарларды алу тәсілдері;

(m) **"тауардың шығу тегі туралы құжат"** - тауардың шығу тегі туралы сертификат немесе тауардың шығу тегі туралы декларация;

(n) **"верификациялаушы орган"** - верификациялау рәсімдерін өткізу үшін Тарап уәкілеттік берген құзыретті мемлекеттік орган.

6.3-Бап

Тауарлардың шығу тегін айқындау өлшемшарттары

Осы тараудың мақсаттары үшін, егер тауарлар:

(a) осы Келісімнің 6.4-бабына сәйкес осындай Тараптан толығымен алынса немесе онда өндірілсе;

(b) осы Тараптардан шығарылатын материалдардан ғана бір немесе екі Тарапта толық өндірілсе; немесе

(c) осы Келісімге 2-қосымшаға сәйкес осындай тауарлар үшін тауарлардың шығу тегін айқындаудың ерекше өлшемшарттары белгіленген жағдайларды қоспағанда, қосылған құнның үлесі EXW шарттарында тауар құнының кемінде 50 пайызын құраған жағдайда, шығарылмайтын материалдарды пайдаланылып, Тарапта өндірілсе, Тараптан шығарылған болып есептеледі.

6.4-бап

Толығымен алынған немесе өндірілген тауарлар

Осы Келісімнің 6.3-бабын қолдану мақсаттары үшін мынадай тауарлар толығымен Тараптан алынған немесе онда өндірілген деп танылады:

(a) жемістер, жидектер, гүлдер, көкөністер, ағаштар, балдырлар, саңырауқұлақтар және Тараптың аумағында өсірілген немесе жиналған тірі өсімдіктерді қоса алғанда, өсімдіктер мен өсімдік тектес өнімдер;

(b) Тарап аумағында төлдеген және өсірілген тірі жануарлар;

(c) Тарап аумағында тірі жануарлардан алынған өнім;

(d) Тарап аумағында жинау, аң аулау, ұстап алу, балық аулау кәсіпшілігі, өсіру, молайту, аквашаруашылық нәтижесінде алынған өнім;

(e) Тарап аумағында ауадан, топырақтан, судан немесе теңіз түбінен және оның жер қойнауынан алынған немесе өндіріп алынған минералдық өнімдер және басқа да пайдалы қазбалар;

(f) Тарапта тіркелген немесе тіркелімге алынған және оның туын көтеріп жүзетін кеме халықаралық құқық нормаларына сәйкес ашық теңізден алған, теңіз балық аулау кәсіпшілігінің өнімдері және теңіз кәсіпшілігінің басқа да өнімдері;

(g) Тарапта тіркелген немесе тіркелімге алынған және оның туын көтеріп жүзетін қайта өңдеуші кеме бортында осы баптың (f) тармақшасында көрсетілген өнімнен ғана алынған өнімдер;

(h) Тараптың аумағында өндіру және тұтыну нәтижесінде алынған қалдықтар мен сынықтар;

(i) мұндай өнімдер шикізатқа қайта өңдеу үшін жарамды болған жағдайда, Тараптың аумағында құрастырылған, тұтынуда болған бұйымдар;

(j) Тарапта тіркелген ғарыш кемелерінде ашық ғарыштан алынған өнімдер;

(к) Тараптың аумағында осы баптың (a) - (j) тармақтарында көрсетілген тауарлардан ғана алынған немесе өндірілген тауарлар.

6.5-бап

Қосылған құнның үлесі

1. Осы тарауды және осы Келісімге 2-қосымшада белгіленген тауарлардың шығу тегін айқындаудың ерекше өлшемшарттарының тізбесін қолдану мақсаттары үшін қосылған құнның үлесі (бұдан әрі - VAC) мынадай формула бойынша есептеледі:

EXW құны - Шығарылмайтын материалдардың құны x 100%,

EXW құны

мұнда мыналар шығарылмайтын материалдардың құны болып табылады:

(a) материалдарды Тараптың аумағына әкелу кезіндегі CIF жеткізу шарттарындағы құн; немесе

(b) тауарды өңдеу немесе қайта өңдеу жүзеге асырылған Тараптың аумағында шығарылмайтын материалдар үшін төленген немесе төленуге жататын алғашқы құжатпен расталған баға.

Егер өндіруші өз Тарапының аумағында шығарылмайтын материалдарды сатып алса, мұндай материалдардың құны тасымалдауға, сақтандыруға, буып-түюге және осы материалдарды өнім берушіден өндіріс орнына дейін жеткізуге байланысты басқа да шығындарды қамтымауы керек.

2. Әрбір Тарап тауарларды өндіру кезінде шығарылмайтын материалдарды пайдалану нәтижесінде пайда болатын қалдықтар мен сынықтар құнының осындай материалдар құнынан шегерілуін қамтамасыз етуге тиіс.

6.6-бап

Жеткіліксіз өңдеу немесе қайта өңдеу

1. Бөлек немесе бір-бірімен ұштастырыла отырып жүзеге асырылатын мынадай операциялар осы Келісімнің 6.3-бабының талаптарын орындау үшін жеткіліксіз деп есептеледі:

(a) тауарды тасымалдау немесе сақтау кезінде оның жай-күйінің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі операциялар;

(b) мұздату және жібіту;

(c) қаптау және қайта қаптау;

(d) жуу, тазалау, шаңды, оксидті, майды, бояуды немесе басқа жабындарды кетіру;

(e) тоқыма бұйымдарын үтіктеу немесе баспалау;

(f) бояу, жылтырату, лактау, маймен сылау;

(g) қабыршақтандыру, жартылай немесе толық ағарту, дәнді дақылдар мен күрішті тазалау және жылтырату;

(h) қантты бояу немесе кесек қант қалыптастыру;

(i) жемістерді, көкөністерді және жаңғақтарды тазалау, тұқымдарын алып тастау, қабығын алу;

(j) қайрау, тегістеу немесе ұнтақтау;

(k) кесу;

(l) елеу, іріктеу, сұрыптау, сыныптау;

(m) бөтелкелерге, банкаларға, құтыларға құю, қаптарға, жәшіктерге, қораптарға салу, бетіне бекіту және барлық басқа да қаптау операциялары;

(n) өнімдерге немесе оның қаптамасына белгілерді, логотиптерді, затбелгілерді және басқа да осындай айрықша белгілерді салу немесе мөрлеп басу;

(o) өнімдерді (компоненттерді) алынған өнімнің бастапқы компоненттерінен айтарлықтай айырмашылық болуына алып келмейтін араластыру;

(p) тауарды қарапайым құрастыру немесе тауарды бөлшектерге болу;

(q) жануарларды сою, етті сұрыптау.

2. Осы баптың 1-тармағын қолдану мақсаттары үшін қарапайым операция деп жүзеге асыру үшін арнайы осы операцияға арналған арнайы біліктерді (дағдыларды), машиналарды, аспаптарды немесе жабдықтарды қолдану талап етілмейтін операция түсініледі.

6.7-бап

Шығу тегін кумуляциялау

Осы Келісімнің 6.3-бабына нұқсан келтірмей, бір Тараптан шығарылатын және екінші Тарапта тауар өндірісінде пайдаланылатын тауарлар немесе материалдар осы

Келісімнің 6.6-бабының 1-тармағында көрсетілген операциялардан ерекшеленетін, оларды қайта өңдеу жөніндегі соңғы операциялар орындалған Тараптан шығарылатын тауар ретінде қаралуға тиіс. Мұндай материалдардың шығу тегі уәкілетті орган берген тауардың шығу тегі туралы сертификатпен (СТ-3 нысаны) (бұдан әрі - тауардың шығу тегі туралы сертификат) расталуға тиіс.

6.8-бап

De Minimis

1. Осы Келісімге 2-қосымшада көзделген тауар сыныптамасын өзгерту жөніндегі талаптарды қанағаттандырмайтын тауарлар, егер:

(a) тауар өндірісінде пайдаланылатын және тауар сыныптамасын өзгерту жөніндегі талаптарға сай келмейтін барлық шығарылатын материалдардың құны EXW шарттарындағы тауар құнының 5 пайызынан аспаса да және мұндай материалдар осы тауарларды өндіру үшін қажет болса да; және

(b) тауарлар осы тараудың барлық қолданылатын талаптарына сай келсе де, шығарылатын тауарлар болып есептеледі.

2. Осы баптың 1-тармағының (a) тармақшасында көрсетілген материалдардың құны VAC есептеу мақсаттары үшін шығарылмайтын материалдардың құнына енгізілуге тиіс.

6.9-бап

Тікелей жеткізу

1. Осы Тарауға сәйкес шығарылатын тауарлар экспорттаушы Тараптың аумағынан импорттаушы Тараптың аумағына тікелей тасымалданған жағдайда, оларға қатысты тарифтік преференциялар беріледі.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелеріне қарамастан, шығарылатын тауарлар мынадай шарттар орындалған кезде:

(a) үшінші елдердің аумағы арқылы орын ауыстыру географиялық немесе көліктік себептерге негізделгенде;

(b) тауарлар мұндай елдерде сауда немесе тұтыну объектісі болып табылмағанда; және

(c) тауарлар олардың жай-күйінің сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған түсіру, қайта тиеу, сақтау және басқа да қажетті операцияларды қоспағанда, қандай да бір операцияларға ұшырмағанда, үшінші елдердің аумағы арқылы тасымалдануы мүмкін.

3. Декларант импорттаушы Тараптың кеден органдарына осы баптың тармағында белгіленген талаптардың орындалуын тиісті құжатпен растауды ұсынуға тиіс. Мұндай құжатпен растау ретінде импорттаушы Тараптың кеден органдарына мыналарды ұсынады:

(a) тауарлардың бір Тараптың аумағынан екінші Тараптың аумағына орын ауыстыруын растайтын және мынадай ақпаратты қамтитын көлік құжаттары:

i. тауарлардың нақты сипаттамасы;

ii. тауарларды түсіру және қайта тиеу күндері (егер көлік құжаттарында тауарларды түсіру және қайта тиеу күні туралы ақпарат болмаса, онда оларға қосымша осындай ақпаратты қамтитын өзге де құжаттар ұсынылуға тиіс); және

iii. қай жерде қолданылатыны:

кемелердің немесе басқа да пайдаланылатын көлік құралдарының атаулары;

контейнерлердің нөмірлері;

транзит жүзеге асырылған үшінші елде тауарлар тиісті жағдайда болған шарттар;

транзит елінің кеден органдарының белгілері;

(b) тиісті тауарларға инвойстар.

4. Декларант осы баптың 2-тармағы талаптарының орындалғанын растайтын өзге де құжаттарды ұсына алады.

5. Көлік құжаттарын ұсыну мүмкін болмаған жағдайда, транзит жүзеге асырылған үшінші елдің кеден органдары берген және осы баптың 3-тармағының (а) тармақшасында көрсетілген ақпаратты қамтитын құжаттар ұсынылуы мүмкін.

6. Егер декларант импорттаушы Тараптың кеден органдарына тікелей жеткізу шарттарының сақталуын құжатпен растауды ұсынбаса, тарифтік преференциялар берілмейді.

6.10-бап

Бөлшек саудаға арналған қаптама материалдары

1. Бөлшек саудаға арналған және тауарлармен бірге сыныпталатын қаптама материалдары мен ыдыстар, егер осы Келісімге 2-қосымшаға сәйкес тауарлардың шығу тегін айқындау өлшемшарты ретінде тауар сыныптамасын өзгерту көзделсе, мұндай тауарлардың шығу тегін айқындау кезінде назарға алынбауға тиіс.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелеріне қарамастан, VAC есептеу мақсаттары үшін бөлшек саудаға арналған қаптаманың құны тауарды өндіру кезінде пайдаланылатын шығарылатын немесе шығарылмайтын материалдардың құнын есептеу кезінде ескеріледі.

6.11-бап

Тасымалдауға арналған қаптама материалдары

Тауарларды тасымалдауға ғана арналған қаптама материалдары мен ыдыстар тауарлардың шығу тегін айқындау кезінде есепке алынбауға тиіс.

6.12-бап

Керек-жарақтар, қосалқы бөлшектер, құралдар, нұсқаулықтар және ақпараттық материалдар

1. Тауарлардың әдеттегі жиынтығының бір бөлігі болып табылатын және жекелеген инвойстар қойылмаған тауарлардың EXW жеткізу шарттарындағы құнына енгізілген керек-жарақтар, қосалқы бөлшектер, құралдар, нұсқаулықтар мен ақпараттық материалдар, егер осы Келісімге 2-қосымшаға сәйкес тауарлардың шығу тегін айқындау өлшемшарты ретінде тауар сыныптамасын өзгерту көзделсе, тауарлардың

шығу тегін айқындау кезінде осындай тауарлардың бір бөлігі ретінде қаралуға және олардың шығу тегін айқындау кезінде назарға алынбауға тиіс.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелеріне қарамастан, VAC есептеу мақсаттары үшін керек-жарақтардың, қосалқы бөлшектердің, құралдардың, нұсқаулықтар мен ақпараттық материалдардың құны тауарды өндіру кезінде пайдаланылатын шығарылатын немесе шығарылмайтын материалдардың құнын есептеу кезінде есепке алынады.

3. Осы бап мынадай шарттар орындалған кезде:

(a) тауарлармен бірге ұсынылған керек-жарақтарға, қосалқы бөлшектерге, құралдарға, нұсқаулықтарға және ақпараттық материалдарға жеке инвойс қойылмаған; және

(b) тауарлармен бірге ұсынылған керек-жарақтардың, қосалқы бөлшектердің, құралдардың, нұсқаулықтардың және ақпараттық материалдардың саны мен құны мұндай тауарлар үшін әдеттегідей болған кезде ғана қолданылады.

6.13-бап

Жинақтар

Үйлестірілген жүйені түсіндірудің 3-ші Негізгі қағидасына сәйкес жинақтар ретінде сыныпталған тауарлар, егер мұндай жиынтықтың барлық компоненттері шығарылатын компоненттері болып табылса, шығарылатын тауарлар болып есептеледі. Сонымен қатар, шығарылатын тауарлар дан да және шығарылмайтын тауарлардан да тұратын жиынтық, егер шығарылмайтын тауарлардың құны EXW жеткізу шарттарында жиынтық құнының 15 пайызынан аспайтын болса, ол да шығарылатын тауарлар болып танылады.

6.14-бап

Жанама материалдар

Тауарлардың шығу тегін айқындау кезінде өндірісте пайдаланылуы мүмкін және тауарлардың құрамына енгізілмейтін мынадай материалдардың шығу тегі ескерілмейді:

(a) отын және электр энергиясы;

(b) құралдар, мөртабандар және қалыптар;

(c) жабдықтар мен ғимараттарға техникалық қызмет көрсетуде пайдаланылатын қосалқы бөлшектер мен материалдар;

(d) жабдықтар мен ғимараттарды өндіруде немесе пайдалану кезінде пайдаланылатын майлау материалдары, қоспалар және басқа материалдар;

(e) қолғап, көзілдірік, аяқ киім, киім, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған жабдық;

(f) тауарларды тестілеу немесе тексеру үшін пайдаланылатын жабдықтар, құрылғылар;

(g) катализаторлар мен еріткіштер; және

(h) тауарлардың құрамына кірмейтін, бірақ тауарларды өндіру кезінде пайдаланылуы өндіріс процесінің бір бөлігі ретінде ұсынылуы мүмкін кез келген басқа да материалдар.

II ТАРАУ. ТАУАРЛАРДЫҢ ШЫҒУ ТЕГІН ҚҰЖАТПЕН РАСТАУ

6.15-бап

Тарифтік преференцияларды мәлімдеу

1. Тарифтік преференциялар тауардың шығу тегі туралы мынадай құжаттардың бірі ұсынылған жағдайда шығарылатын тауарларды әкелу кезінде беріледі:

(a) осы тараудың талаптарына сәйкес берілген тауардың шығу тегі туралы сертификат. Импорттаушы Тараптың кеден органдарына ұсынылған Тауардың шығу тегі туралы сертификат түпнұсқа, жарамды, осы Келісімнің 6.28-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Келісімге 3-қосымшада белгіленген талаптарға сәйкес тиісті түрде ресімделген және толтырылған болуға тиіс;

(b) осы Келісімнің 6.17-бабына сәйкес ресімделген тауардың шығу тегі туралы декларация.

2. Тауардың шығу тегі туралы құжатты қолдану мерзімі оны берген күннен бастап 12 айды құрайды. Көрсетілген мерзім ішінде тауардың шығу тегі туралы құжат импорттаушы Тараптың кеден органдарына, бірақ осы баптың тармағында айқындалған жағдайларды қоспағанда, кедендік декларацияны беруден кешіктірілмей ұсынылуға тиіс.

3. Тауарлар әкелінген кезде импорттаушыда тауардың шығу тегі туралы құжат болмаса, импорттаушы Тарап мұндай тауарларға барынша қолайлы режим шеңберінде көзделген мөлшерлемелер бойынша кедендік баждар салуды немесе егер қолданылатын болса, мұндай баждардың төленуін қамтамасыз етуді ұсынуды талап етеді. Мұндай жағдайда импорттаушы тарифтік преференцияларды мәлімдеуге және осы Келісімнің 6.23-бабының барлық талаптары сақталған жағдайда импорттаушы Тараптың заңнамасына сәйкес кедендік декларация тіркелген күннен бастап 12 ай ішінде төленген кедендік әкелу баждарын немесе осындай баждардың төленуін қамтамасыз етуді қайтаруға құқылы.

6.16-бап

Тауардың шығу тегі туралы құжатты ұсыну талап етілмейтін мән-жайлар

Кедендік құны 200 еуродан немесе импорттаушы Тараптың валютасындағы баламалы сомадан аспайтын шығарылатын тауарларды әкелу кезінде тарифтік преференциялар алу үшін мұндай жеткізу тауардың шығу тегі туралы құжатты ұсынудан жалтару тәсілі ретінде негізді түрде қаралуы мүмкін бір немесе бірнеше партияның бөлігі болып табылмайтын жағдайда тауардың шығу тегі туралы құжатты ұсыну талап етілмейді.

6.17-бап

Тауардың шығу тегі туралы декларация

1. Осы Келісімнің 6.15-бабының 1-тармағында көрсетілген тауардың шығу тегі туралы декларацияны өндіруші немесе экспорттаушы кедендік құны 5000 еуродан немесе импорттаушы Тараптың валютасындағы баламалы сомадан аспайтын тауарлардың кез келген партиясына ресімдей алады.

Тараптар осы тауарлардың бір немесе бірнеше партияның бір бөлігі болып табылмауын қамтамасыз етуге тиіс, бұл тауардың шығу тегі туралы сертификатты ұсынудан жалтару тәсілі ретінде негізді түрде қарастырылуы мүмкін.

2. Тауардың шығу тегі туралы декларация осы Келісімге 4-қосымшада белгіленген үлгіге сәйкес тауарға қатысы бар кез келген коммерциялық құжатта өндіруші немесе экспорттаушы жасаған тауардың шығу тегі туралы өтінішті білдіреді.

3. Тауардың шығу тегі туралы декларация ағылшын тілінде баспа тәсілімен орындалуға және онда өндірушінің немесе экспорттаушының қолы болуға тиіс.

4. Тауардың шығу тегі туралы декларация шығарылатын тауарлардың бір партиясына ресімделеді және ол куәландырылған күннен бастап 12 ай ішінде қолданылуы мүмкін. Декларацияланатын тауардың нақты салмағы тауардың шығу тегі туралы декларацияны қамтитын коммерциялық құжатта көрсетілген салмақтан 5 пайыздан аспауға тиіс.

5. Импорттаушы Тараптың кеден органдарында тауардың шығу тегі туралы декларацияда мәлімделген мәліметтердің анықтығына немесе тауарлардың тауардың шығу тегін айқындау өлшемшарттарына сәйкестігіне қатысты негізделген күмән болған жағдайда, мұндай кеден органдары тауардың шығу тегі туралы сертификатты сұратуға құқылы.

6.18-бап

Тауардың шығу тегі туралы сертификат беру

1. Өндіруші немесе экспорттаушы немесе олардың уәкілетті өкілі жазбаша нысанда немесе егер қолдануға болса, электрондық байланыс құралдары арқылы тауардың шығу тегі туралы сертификат берілу үшін уәкілетті органға жүгінеді.

2. Тауардың шығу тегі туралы сертификатты уәкілетті орган экспортталатын тауарлар осы тараудың ережелеріне сәйкес Тараптан шығарылатын болып есептелуі мүмкін барлық жағдайларда тауарларды жөнелтуге дейін немесе жөнелту кезінде өндірушіге, экспорттаушыға немесе олардың уәкілетті өкіліне береді.

3. Экспорттаушы Тараптың уәкілетті органы осы Келісімге 3-қосымшада белгіленген талаптарға сәйкес тауардың шығу тегі туралы сертификаттың тиісінше толтырылуын қамтамасыз етуге тиіс.

4. Тауардың шығу тегі туралы сертификат тауарлардың бір партиясына беріледі.

5. Тауардың шығу тегі туралы әрбір сертификатта уәкілетті орган берген бірегей тіркеу нөмірі болуға тиіс.

6. Егер тауардың шығу тегі туралы сертификатта көрсетілген барлық тауарларды сертификаттың бір бетінде атап көрсету мүмкін болмаса, осы Келісімге 3-қосымшада көзделген қосымша парақтар пайдаланылады.

7. Тауардың шығу тегі туралы сертификатта бір түпнұсқа және екі көшірме болуға тиіс.

8. Сертификаттың бір көшірмесі экспорттаушы Тараптың уәкілетті органында сақталады. Екінші көшірмесі экспорттаушыда қалады.

9. Осы баптың 2-тармағына нұқсан келтірместен, тауардың шығу тегі туралы сертификат тауарды жөнелтуге дейін немесе жөнелту кезінде берілмеген ерекше жағдайларда, мұндай сертификат кейіннен берілуі мүмкін, бұл ретте сертификатта "ISSUED RETROACTIVELY" немесе "ISSUED RETROSPECTIVELY" деген белгі көрсетіледі.

10. Тауардың шығу тегі туралы сертификаттың ұсынылған түпнұсқасы тиісті ұлттық заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, импорттаушы Тараптың кеден органында сақталуға тиіс.

6.19-бап

Шамалы алшақтықтар

1. Егер тауардың шығу тегі күмән тудырмаса, тауардың шығу тегі туралы құжатта қамтылған ақпарат пен импорттаушы Тараптың кеден органына ұсынылған құжаттарда қамтылған ақпарат арасындағы шамалы алшақтықтарды анықтау, егер онда көрсетілген мәліметтер іс жүзінде ұсынылған тауарларға сәйкес келсе, тауардың шығу тегі туралы құжатты жарамсыз деп тану үшін негіз болып табылмауға тиіс.

2. Егер тауардың шығу тегі туралы құжатта бірнеше тауар мәлімделсе, онда осындай тауарлардың біріне қатысты туындаған проблеманы реттеу тарифтік преференциялардың берілуіне әсер етпеуге немесе тауардың шығу тегі туралы осындай құжатта көрсетілген басқа тауарларға қатысты оларды беру кейінге қалдырылмауға тиіс.

6.20-бап

Тауардың шығу тегі туралы сертификат берудің ерекше жағдайлары

1. Тауардың шығу тегі туралы сертификат ұрланған, жоғалған немесе жойылған жағдайда өндіруші, экспорттаушы немесе олардың уәкілетті өкілі осындай өтінішті беру себептерін көрсете отырып, тауардың шығу тегі туралы сертификаттың ресми куәландырылған телнұсқасын беру туралы өтінішпен уәкілетті органға жүгінуге құқылы. Телнұсқа бұрын берілген тауардың шығу тегі туралы сертификат және ілеспе құжаттар негізінде жасалуға тиіс. Куәландырылған телнұсқада "DUPLICATE OF THE CERTIFICATE OF ORIGIN NUMBER_DATE_" деген белгі болуға тиіс. Тауардың шығу тегі туралы сертификаттың куәландырылған телнұсқасын қолдану мерзімі тауардың шығу тегі туралы сертификаттың түпнұсқасы берілген күннен бастап 12 айдан аспауға тиіс.

2. Бұрын берілген тауардың шығу тегі туралы сертификатта жіберілген кездейсоқ қателер немесе олқылықтар анықталған жағдайда, уәкілетті орган қолданыстағы сертификаттың орнына тауардың шығу тегі туралы жаңа сертификат беруге тиіс. Бұл жағдайда тауардың шығу тегі туралы сертификатта "ISSUED IN SUBSTITUTION FOR THE CERTIFICATE OF ORIGIN NUMBER _____ DATE ____" деген белгі болуға тиіс. Мұндай сертификатты қолдану мерзімі ол берілген күннен бастап 12 айдан аспауға тиіс.

6.21-бап

Тауардың шығу тегі туралы сертификаттағы түзетулер

Тауардың шығу тегі туралы сертификатта қолмен түзетілген жерлердің немесе түзетулердің болуына жол берілмейді. Кез келген өзгеріс қате деректерді сызып тастау және талап етілетін кез келген қосымша ақпаратты басып шығару арқылы енгізіледі. Мұндай өзгерісті тауардың шығу тегі туралы сертификатты куәландыруға уәкілеттік берілген адам растауға және ол тиісті уәкілетті органның ресми мөрімен расталуға тиіс.

6.22-бап

Құжаттарды сақтау бойынша талаптар

1. Тауардың шығу тегі туралы сертификатты беру туралы өтінішпен жүгінген өндіруші немесе экспорттаушы уәкілетті органға ұсынылған барлық құжаттаманы және құжаттардың көшірмелерін тауардың шығу тегі туралы сертификат берілген күннен бастап кемінде 3 жыл сақтауға тиіс.

2. Өзіне тарифтік преференциялар берілген импорттаушы тауардың шығу тегі туралы құжаттың көшірмесін осындай тарифтік преференциялар берілген күннен бастап кемінде 3 жыл сақтауға тиіс.

3. Тауардың шығу тегі туралы сертификатты беру туралы өтінішті және онымен байланысты барлық құжаттарды уәкілетті орган тауардың шығу тегі туралы осындай сертификат берілген күннен бастап кемінде 3 жыл сақтауға тиіс.

4. Тауардың шығу тегі туралы декларацияны ресімдеген өндіруші немесе экспорттаушы тауарлардың шығу тегін растайтын барлық құжаттаманы және құжаттардың көшірмелерін тауардың шығу тегі туралы осындай декларация куәландырылған күннен бастап кемінде 3 жыл сақтауға тиіс.

III ТАРАУ. ТАРИФТІК ПРЕФЕРЕНЦИЯЛАР

6-23-бап

Тарифтік преференцияларды беру

1. Осы Келісімде көзделген тарифтік преференциялар осы тараудың талаптарына сай келетін шығарылатын тауарларға қатысты беріледі.

2. Импорттаушы Тараптың кеден органдары мынадай шарттар орындалған кезде:

(а) әкелінетін тауарлар осы Келісімнің 6.3-бабында белгіленген тауарлардың шығу тегін айқындау өлшемшарттарына сай келгенде;

(b) декларант осы тараудың талаптарының сақталуын қамтамасыз еткенде;

(c) тауарлардың шығу тегі осы тараудың талаптарына сәйкес тауардың шығу тегі туралы құжатпен расталғанда, шығарылатын тауарларға қатысты тарифтік преференциялар береді.

3. Осы баптың 2-тармағының ережелеріне қарамастан, егер импорттаушы Тараптың кеден органдарында тарифтік преференциялар мәлімделген тауардың шығу тегіне және (немесе) тауардың шығу тегі туралы ұсынылған құжаттың анықтығына қатысты негізді күмәні болса, мұндай кеден органдары тиісті тауарларға қатысты тарифтік преференциялар беруден бас тарта алады немесе олардың берілуін тоқтата тұра алады. Бұл ретте кеден органдары тауарларды осындай Тарап заңнамасының талаптарына сәйкес шығаруы мүмкін.

6.24-бап

Тарифтік преференциялар беруден бас тарту

1. Егер тауарлар осы тараудың талаптарына сәйкес келмесе не тауарларды импорттаушы немесе экспорттаушы осы тараудың ережелерінің сақталуын қамтамасыз етпесе, импорттаушы Тараптың кеден органы тарифтік преференциялар беруден бас тарта алады және осындай Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес төленбеген кедендік баждарды өндіріп ала алады.

2. Импорттаушы Тараптың кеден органдары мынадай жағдайларда:

(a) тауарлар осы тараудың талаптарына сай келмегенде, тарифтік преференциялар беруден бас тартуға құқылы, бұл оларды экспорттаушы Тараптан шығарылатын тауар ретінде қарауға мүмкіндік бермейді; және (немесе)

(b) осы тараудың басқа да талаптары орындалмағанда, оның ішінде:

i. осы Келісімнің 6.9-бабының талаптары орындалмағанда;

ii. тауардың шығу тегі туралы ұсынылған құжат осы Келісімге 3 және 4-қосымшаларда көзделген талаптар бұзыла отырып ресімделген немесе толтырылғанда;

(c) осы Келісімнің 6.29-бабына сәйкес орындалған верификациялық рәсімдер тауарлардың тауардың шығу тегін айқындау өлшемшарттарына сәйкестігін анықтауға мүмкіндік бермегенде немесе осындай өлшемшарттарға сәйкес келмейтінін айғақтағанда;

(d) экспорттаушы Тараптың верификациялаушы немесе уәкілетті органы тауардың шығу тегі туралы сертификат берілмегенін (яғни жалған болып табылатынын) не жойылғанын (кері қайтарылғанын) растағанда;

(e) импорттаушы Тараптың кеден органы верификация туралы сұрау салу жіберілген күннен бастап 6 ай ішінде экспорттаушы Тараптың верификациялаушы немесе уәкілетті органынан жауап алмағанда не алынған жауап тауарлардың шығу тегін айқындау үшін жеткілікті мәліметтерді қамтымағанда;

(f) тауардың шығу тегі туралы сертификаттың түпнұсқасында немесе оның көшірмесінде қамтылған ақпарат кедендік декларацияны тіркеу күніне осы Келісімнің 6.28-бабында көрсетілген дерекқорда қамтылған ақпаратқа сәйкес келмегенде;

(g) осы Келісімнің 6.17-бабының 5-тармағында және 6.28-бабының 7 және 12-тармақтарында көзделген жағдайларда импорттаушы Тараптың кеден органының сұрау салуы бойынша тауардың шығу тегі туралы сертификат ұсынылмағанда, тарифтік преференциялар беруден бас тартуға құқылы.

3. Егер импорттаушы Тарап верификациялық рәсімдер барысында экспорттаушы немесе өндіруші тауардың шығу тегі туралы сертификаттарды алу мақсаттары үшін анық емес және (немесе) толық емес мәліметтер беретінін анықтаған жағдайда, импорттаушы Тараптың кеден органдары Тараптың ұлттық заңнамасының талаптарына сәйкес мұндай экспорттаушыға немесе өндірушіге берілген тауардың шығу тегі туралы сертификаттарда көрсетілген тауарлармен бірдей тауарларға қатысты тарифтік преференциялар беруден бас тартуы мүмкін.

4. Осы баптың 2-тармағының (b) тармақшасында көрсетілген жағдайларда импорттаушы Тараптың кеден органдары тарифтік преференциялар беруден бас тарту туралы шешім қабылдау үшін осы Келісімнің 6.29-бабында көзделген верификация туралы сұрау салуды верификациялаушы органның немесе уәкілетті органның атына жібермеуге құқылы.

IV ТАРАУ. ӘКІМШІЛІК ҢНТЫМАҚТАСТЫҚ

6.25-бап

Әкімшілік ынтымақтастықтың тілі

Осы бөлім шеңберіндегі Тараптар арасындағы кез келген хабарлама немесе өзара іс-қимыл тиісті органдар арқылы ағылшын тілінде жүзеге асырылуға тиіс.

6.26-бап

Уәкілетті және верификациялаушы органдар

Осы Келісім күшіне енген күннен бастап Тараптардың үкіметтері уәкілетті және верификациялаушы органдар тағайындауға немесе жұмыс істеп жатқан органдарын сақтауға тиіс.

6.27-бап

Хабарламалар

1. Уәкілетті органдар осы Келісімге сәйкес тауардың шығу тегі туралы сертификаттарды бергенге дейін Тараптар тиісінше Иранның Өнеркәсіп, шахталар және сауда министрлігі мен Еуразиялық экономикалық комиссия арқылы бір-біріне барлық верификациялаушы және уәкілетті органдардың атаулары мен мекенжайлары туралы ақпаратты уәкілетті органдар пайдаланатын мөрлер бедерлерінің түпнұсқа және түсінікті үлгілерімен, тауардың шығу тегі туралы пайдаланылып жүрген сертификат бланкісінің үлгісімен, сондай-ақ тауардың шығу тегі туралы осындай сертификаттың

қолданылып жүрген қорғау құралдарының ерекшеліктері туралы мәліметтермен бірге жіберуге тиіс.

2. Иран Еуразиялық экономикалық комиссияға осы баптың 1-тармағында көрсетілген ақпаратты алты данада ұсынады. Еуразиялық экономикалық комиссия Ираннан осындай ақпараттың қосымша жиынтығын ұсынуды сұратуға құқылы.

3. Иран мен Еуразиялық экономикалық комиссия Тараптардың әрқайсысының уәкілетті және верификациялаушы органдарының атаулары мен мекенжайлары туралы мәліметтерді Интернет желісінде жариялайды.

4. Жоғарыда көрсетілген ақпараттың кез келген өзгерістері туралы мәліметтер осы баптың 1-тармағында көрсетілген органдар арқылы алдын ала осындай тәртіппен жіберілуге тиіс.

5. Осы баптың 1-тармағында көзделген ақпарат тиісінше Иранның Өнеркәсіп, шахталар және сауда министрлігі мен Еуразиялық экономикалық комиссия осындай ақпараттың түпнұсқасын қағаз жеткізгіште алған күннен бастап қолданылуға тиіс.

6. Тараптар тиісінше Иранның Өнеркәсіп, шахталар және сауда министрлігі мен Еуразиялық экономикалық комиссия арқылы бір-біріне верификациялық рәсімдерді жүргізуге қатысатын органдардың электрондық поштасының байланыс мекенжайлары туралы ақпарат жіберуге тиіс.

6.28-бап

Электрондық дерекқорды пайдалану. Тауарлардың шығу тегін верификациялаудың электрондық жүйесін әзірлеу және өндіру

1. Тарифтік преференцияларды алу рәсімін онайлату мақсатында Тараптар тауардың шығу тегі туралы берілген сертификаттар туралы ақпаратты қамтитын және импорттаушы Тараптың кеден органдарына тауардың шығу тегі туралы осындай сертификаттардың түпнұсқалығын тексеруге мүмкіндік беретін, Интернет желісінде құрылған уәкілетті органдардың қорғалған дерекқорын (бұдан әрі - электрондық дерекқор) пайдалана алады.

2. Электрондық дерекқор мынадай талаптарға сай болуға тиіс:

- i. қамтылған мәліметтердің толықтығы, өзектілігі және анықтығы;
- ii. қамтылған мәліметтерді рұқсатсыз кіруден, жоюдан, модификациялаудан немесе өзге де заңсыз әрекеттерден қорғау;
- iii. тиісінше тәулік бойы жұмыс істеуі;
- iv. тауардың шығу тегі туралы сертификаттар жөніндегі мәліметтерді олар берілген күнінен бастап 1 күннен кешіктірмей енгізу;
- v. осы Келісімнің 6.22-бабының 3-тармағында көзделген мерзім ішінде тауардың шығу тегі туралы берілген сертификаттар туралы мәліметтерді сақтау;
- vi. импорттаушы Тараптың кеден органдарының электрондық дерекқорында қамтылған мәліметтерді сақтау (мөр басу) мүмкіндігі.

3. Қойылған қолдар мен мөрлердің болуын қоспағанда, электрондық дерекқорға енгізілетін тауардың шығу тегі туралы сертификаттардан алынған мәліметтер осы Келісімге 3-қосымшаға сәйкес осындай сертификаттардағы мәліметтермен бірдей болуға тиіс.

4. Мүдделі уәкілетті органдар электрондық дерекқорды енгізген немесе осы баптың 9-тармағында көзделген Тауарлардың шығу тегін верификациялайтын электрондық жүйені (бұдан әрі - ШВЭЖ) іске асырған кезде тауардың шығу тегі туралы сертификаттар қағаз жеткізгіште сертификаттың түпнұсқасын ресімдемей электрондық түрде берілуі мүмкін (бұдан әрі - тауардың шығу тегі туралы электрондық сертификат).

5. Егер Тараптар электрондық дерекқорды қолданған жағдайда, тауардың шығу тегі туралы сертификаттың түпнұсқасын импорттаушы Тараптың кеден органдарына ұсыну талап етілмейді. Бұл жағдайда тарифтік преференцияларды беру үшін тауардың шығу тегі туралы сертификаттың көшірмесін (қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде) немесе тауардың шығу тегі туралы электрондық сертификатты ұсыну жеткілікті.

6. Осы баптың 5-тармағына қарамастан, осы Келісім күшіне енген күннен бастап 6 ай ішінде импорттаушы Тараптың кеден органына тарифтік преференциялар беру үшін тауардың шығу тегі туралы сертификаттың түпнұсқасы ұсынылуға тиіс.

7. Егер тауардың шығу тегі туралы сертификат туралы ақпарат кедендік декларацияны тіркеу күніне электрондық дерекқорда қолжетімсіз болған жағдайда, импорттаушы Тараптың кеден органы осы баптың 4-тармағында көзделгендей, сертификат тек қана электрондық түрде берілетін жағдайларды қоспағанда, тауардың шығу тегі туралы сертификаттың түпнұсқасын ұсынуды талап етуге тиіс.

8. Электрондық дерекқорды қолдану басталғанға дейін Тараптар тиісінше Иранның Өнеркәсіп, шахталар және сауда министрлігі мен Еуразиялық экономикалық комиссия арқылы дерекқордың электрондық мекенжайлары, сондай-ақ осындай базаларға қол жеткізу шарттары туралы (пайдаланушылардың аттары, парольдер, осындай талаптар болған кезде) бір-біріне ақпарат жіберуге тиіс.

9. Қағазсыз сауданы одан әрі дамыту мақсатында Тараптар осы Келісім күшіне енген күннен бастап 5 жылдан кешіктірмей электрондық мәліметтер алмасуға негізделген ШВЭЖ-ны әзірлеуге және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етуге ұмтылуға тиіс.

10. ШВЭЖ экспорттаушы Тараптың уәкілетті органдары берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттардағы ақпаратты деректерді электронды түрде беру арқылы импорттаушы Тараптың кеден органдарының алу мүмкіндігін көздеуге тиіс.

11. ШВЭЖ енгізілген жағдайда тауардың шығу тегі туралы сертификаттың түпнұсқасы, оның көшірмесі немесе тауардың шығу тегі туралы электрондық сертификат импорттаушы Тараптың кеден органына ұсынылмайды. Мұндай жағдайда кедендік декларацияда мұндай сертификаттың берілген күні мен нөмірі көрсетілуге тиіс.

Бұл ретте осы баптың 4-тармағында көзделгендей, сертификат тек электрондық түрде берілетін жағдайларды қоспағанда, тауардың шығу тегі туралы сертификатты уәкілетті органдар қағаз жеткізгіште беруге тиіс.

12. Егер тауардың шығу тегі туралы сертификат жөніндегі ақпарат кедендік декларация тіркелген күні ШВЭЖ-да қолжетімсіз болса, импорттаушы Тараптың кеден органы оны кейіннен электрондық дерекқорда тексеру үшін тауардың шығу тегі туралы сертификаттың көшірмесін ұсынуды талап етуге тиіс. Уәкілетті органда электрондық дерекқор болмаған кезде осы баптың 4-тармағында көзделгендей, сертификат тек қана электрондық түрде берілетін жағдайларды қоспағанда, тауардың шығу тегі туралы сертификаттың түпнұсқасы ұсынылады.

13. ШВЭЖ қолдану үшін барлық талаптар мен техникалық шарттар жеке хаттамада белгіленуге тиіс.

6.29-бап

Шығу тегін верификациялау

1. Тауардың шығу тегі туралы құжаттың түпнұсқалығына және (немесе) тауардың шығу тегі туралы құжатта мәлімделген тауарлардың осы Келісімнің бабында белгіленген тауарлардың шығу тегін айқындау өлшемшарттарына сәйкестігіне қатысты негізделген күмән туындаған жағдайда, сондай-ақ іріктеп тексеруді жүзеге асыру кезінде импорттаушы Тараптың кеден органдары тауардың шығу тегі туралы құжаттың түпнұсқалығын және (немесе) тауарлардың шығу тегін айқындау өлшемшарттарына тауарлардың сәйкестігін растау және (немесе) қажет болған жағдайда тауарларды экспорттаушы және (немесе) өндіруші тарапынан тауарлардың құжатпен расталуын ұсыну өтінішімен экспорттаушы Тараптың уәкілетті немесе верификациялаушы органына жүгіне алады.

2. Верификация туралы барлық сұрау салулар қаралып отырған тауарларды сәйкестендіру үшін жеткілікті ақпаратпен сүйемелденуге тиіс. Экспорттаушы Тараптың верификациялаушы немесе уәкілетті органының атына сұрау салу оны жіберудің мән-жайлары мен себептері туралы мәліметтерді, сондай-ақ тауардың шығу тегі туралы құжаттың көшірмесін қамтуға тиіс.

3. Верификация туралы сұрау салудың көшірмесі және оған ілеспе құжаттар, сондай-ақ мұндай сұрау салуға жауап осы Келісімнің 6.27-бабының 6-тармағында көрсетілген электрондық поштаның байланыс мекенжайларын пайдалану арқылы импорттаушы Тараптың кеден органы мен экспорттаушы Тараптың верификациялаушы немесе уәкілетті органы арасында электрондық түрде бір-біріне жіберілуге тиіс.

4. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген сұрау салуды алушы импорттаушы Тараптың кеден органдарына верификация туралы осындай сұрау салу жіберілген күннен бастап 6 ай ішінде жауап беруге тиіс.

5. Осы баптың 1-тармағында көзделген сұрау салуға жауап ретінде экспорттаушы Тараптың верификациялаушы немесе уәкілетті органы тауардың шығу тегі туралы құжаттың түпнұсқа болып табылатынын-табылмайтынын және (немесе) тауарларды осындай Тараптан шығарылған деп есептеуге болатынын-болмайтынын көрсетуге, оның ішінде тауарларды экспорттаушыдан және (немесе) өндірушіден алынған тауардың шығу тегі туралы осындай құжат ресімделген негізде сұрау салынатын құжаттарды ұсынуға тиіс. Верификация туралы сұрау салуға жауап алғанға дейін осы Келісімнің 6.23-бабы 3-тармағының ережелері қолданылуы мүмкін. Төленген кедендік баждар, егер верификациялық рәсімдердің алынған нәтижелері осы тауарлардың шығарылатын тауарлар болып табылатынын және осы тараудың барлық басқа да талаптарына сай келетінін біржақты айғақтайтын болса, қайтарылуға жатады.

6.30-бап

Құпиялылық

Осы Тарауға сәйкес берілетін барлық ақпаратты Тараптар тиісті ұлттық заңнамаға сәйкес құпия ретінде қарауға тиіс. Мұндай ақпарат, оны ашу сот талқылауы шеңберінде талап етілуі мүмкін болатын жағдайларды қоспағанда, осындай ақпаратты берген Тарап тұлғасының немесе органының жазбаша рұқсатынсыз ашылмауға тиіс.

6.31-бап

Айыппұлдар және алаяқтық әрекеттерге қарсы басқа да шаралар

Әрбір Тарап осы тарауға қатысы бар тиісті заңнаманы бұзғаны үшін қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылық шараларын қолдану мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

6.32-бап

Тауарлардың шығу тегін айқындау қағидалары жөніндегі кіші комитет

1. Осы тарауды тиімді қолдану және іске асыру мақсаттары үшін Тауарлардың шығу тегін айқындау қағидалары жөніндегі кіші комитет (бұдан әрі - Кіші комитет) құрылады.

2. Кіші комитет мынадай функцияларды жүзеге асырады:

(а) мынадай мәселелер бойынша Бірлескен комитет пен Тауарлар жөніндегі комитетке тиісті ұсынымдарды қарау және қабылдау:

i. Үйлестірілген жүйенің номенклатурасын оған мерзімді өзгерістер енгізілгеннен кейін жаңартуға байланысты бөлігінде осы Келісімге 2-қосымшаны қайта қарау. Мұндай қайта қарау алдын ала және қолданыстағы міндеттемелерге нұқсан келтірмей жүзеге асырылуға тиіс;

ii. осы тараудың ережелерін қолдану және іске асыру, оның ішінде уағдаластықтардың орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі ұсыныстарға қатысты қолдану және іске асыру;

iii. Тараптардың осы бөлімде айқындалған міндеттемелерді орындамауы;

iv. осы тарауға техникалық өзгерістер;

v. осы тарауды іске асыру барысында Тараптар арасында туындайтын даулар; және

vi. осы тараудың ережелеріне және осы Келісімге 2, 3 және 4-қосымшаларға кез келген өзгерістер;

(b) Тараптардың кез келгені ұсынған осы Тарауға қатысты кез келген басқа да мәселелерді қарау;

(c) Кіші комитеттің есептерін Тауарлар жөніндегі комитетке ұсыну; және

(d) осы Келісімнің 1.5-бабына сәйкес Бірлескен комитет беруі мүмкін басқа да функцияларды орындау.

3. Кіші комитет Тараптардың құзыретті органдарының өкілдерінен тұрады және Тараптардың өзара келісуі бойынша Тараптардың өзге ұйымдарының қажетті құзыреті бар өкілдерін мәселелерді талқылауға тарта алады.

4. Кіші комитет отырысының өткізілетін күні мен орны Тараптардың уағдаластығы бойынша айқындалады, бұл ретте мұндай отырыстар жылына кемінде бір рет өткізіледі.

5. Әрбір отырыстың алдын ала күн тәртібі, әдетте, отырысқа дейін 1 айдан кешіктірілмей Тараптарға жіберіледі.

6.33-бап

Тасымалдау немесе сақтау процесіндегі тауарлар

Егер шығарылатын тауарлар осы Келісімнің 6.23-бабында көзделген талаптар сақталған жағдайда, осы Келісім күшіне енген күнге немесе одан кейін, сондай-ақ импорттаушы Тараптың тиісті ұлттық заңнамасымен әкелінсе немесе декларацияланса, экспорттаушы Тараптан импорттаушы Тарапқа тасымалдау процесінде немесе осы Келісім күшіне енген күнге дейін 6 айдан аспайтын кезең ішінде импорттаушы Тараптың кедендік бақылауында уақытша сақтауда болған, шығарылатын тауарларға қатысты тарифтік преференциялар берілуге тиіс.

7-ТАРАУ. САУДА РӘСІМДЕРІН ОҢАЙЛАТУ ЖӘНЕ КЕДЕНДІК ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ

7.1-бап

Қолданылу мақсаттары

Осы Тарау кеден органдарының Тараптар арасында сауда айналымындағы тауарларды шығаруы үшін қажетті кедендік әкімшелендіру шараларына және кеден операцияларын жасау тәртібіне қатысты:

a) кедендік рәсімдердің және кедендік бейресмиліктің транспаренттілігіне;

b) сауда рәсімдерін оңайлатуға және кедендік операцияларды үйлестіруге;

c) Тараптардың орталық кеден органдары арасында ақпарат алмасуды қоса алғанда, кедендік ынтымақтастыққа жәрдемдесу мақсатында қолданылады.

7.2-бап

Анықтамалар

Осы тараудың мақсаттары үшін:

(а) **"орталық кеден органы"** - тиісті ұлттық заңнама негізінде тиісті мемлекеттік саясат пен нормативтік актілерді іске асыру жөніндегі функцияларды, сондай-ақ кеден саласындағы бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің әрқайсысының немесе Иранның орталық кеден органы;

(b) **"кедендік әкімшелеңдіру"** - Тараптардың кеден органдарының ұйымдық-басқарушылық қызметі, сондай-ақ кеден ісі саласындағы мақсаттарды іске асыру шеңберінде нормативтік құқықтық реттеу жөніндегі қызмет;

(c) **"кеден заңнамасы"** - заңдарды, қаулыларды, жарлықтарды, өкімдерді, қағидаларды және т.б. қоса алғанда, Тараптардың кеден органдары қолданатын кез келген нормалар және ережелер;

(d) **"экспресс-жүктер"** - халықаралық пошта жөнелтілімдерімен жіберілетін тауарларды қоспағанда, барынша мүмкін болатын немесе белгіленген уақыт кезеңінде жекелеген төлем құжатына сәйкес тауарларды алушыға жеткізу мақсатында тасымалдауларды ұйымдастыру мен қадағалаудың электрондық ақпараттық жүйесі пайдаланыла отырып, көліктің кез келген түрімен жоғары жылдамдықта тасымалдау шеңберінде тасымалданатын тауарлар;

(e) **"кеден аумағында қайта өңдеу"** - шетелдік тауарлар белгілі бір уақыт кезеңі ішінде қайта өңдеуге немесе жөндеуге және кейіннен осындай Тараптың кедендік аумағынан әкетуге арналған жағдайда, олар кедендік әкелу баждары мен салықтары төленбей, Тараптың кеден аумағына әкелінуі мүмкін болатын кедендік рәсім;

f) **"кеден аумағынан тыс жерде қайта өңдеу"** - Тараптың кеден аумағында еркін айналымда болатын тауарлардың осындай кеден аумағынан тысқары жерде қайта өңдеу жөніндегі операцияларды жүргізу үшін уақытша әкетілуі, одан кейін кері әкелінуі мүмкін болатын кедендік рәсім;

(g) **"уақытша әкелу"** - шетелдік тауарлар Тараптың кеден заңнамасына сәйкес белгілі бір уақыт кезеңі ішінде кейін әкетілуге тиіс болатын жағдайда, кедендік әкелу баждары мен салықтар ішінара төленіп немесе олар төленбей, осындай тауарлардың мұндай Тараптың кеден аумағына әкелінуі мүмкін болатын кедендік рәсім.

7.3-бап

Кедендік әкімшілендіру шараларын оңайлату

1. Әрбір Тарап, осы Тараптың кеден органдары қолданатын кедендік әкімшілендіру шараларының болжамды, дәйекті және транспарентті болуын қамтамасыз етеді.

2. Әрбір Тараптың кедендік әкімшілендіру шаралары осындай Тараптың мүмкіндігіне қарай және оның кеден заңнамасында рұқсат етілгендей дәрежеде Дүниежүзілік кеден ұйымының стандарттарына және ұсынылатын практикасына негізделуге тиіс.

3. Тараптардың әрқайсысының орталық кеден органдары осындай шараларды оңайлату және саудаға жәрдемдесу мақсатында өздерінің кедендік әкімшілендіру шараларын қайта қарауға ұмтылатын болады.

7.4-бап

Уәкілетті экономикалық операторларды өзара тану

1. Тараптар Уәкілетті экономикалық операторлар (УЭО) жөніндегі бағдарламаларды дамыту саласында тиісті заңнама жасауға немесе оның сақталуын қамтамасыз етуге ұмтылатын болады.

2. Кедендік рәсімдерді жасауды оңайлату мақсатында Тараптар мүмкіндігінше УЭО жөніндегі тиісті бағдарламаларды өзара тану бойынша жұмыс істейтін болады. Тараптар осындай келісімге әкелетін жұмысты бастауға дайын болғаннан кейін Тараптар тиісті бағдарламаларды өзара тану туралы өздерді бастауға ұмтылуға тиіс.

7.5-бап

Тауарларды шығару

1. Әрбір Тарап Тараптар арасындағы сауда рәсімдерін оңайлату мақсатында кеден органдарының тауарларды тиімді шығаруы үшін қажетті операциялар мен рәсімдерді жүзеге асыруды белгілейді немесе сақтауды қамтамасыз етеді. Бұл ретте көрсетілген ереже осындай Тарапта белгіленген қажетті талаптар сақталмаған жағдайда, Тарапты тауарларды шығаруды жүзеге асыруға міндеттемейді.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес әрбір Тарап мүмкіндігінше:

(а) Тараптардың кеден заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, кеден декларациясы тіркелген кезден бастап 48 сағаттан аспайтын уақыт кезеңі ішінде тауарларды шығаруды қамтамасыз етуге;

(б) тауарлар келгенге дейін оларды шығаруды жеделдету үшін тауарлар келген кезде кедендік ақпаратты электрондық түрде алдын ала ұсыну және өңдеу мүмкіндігін белгілеуге немесе сақтауға ұмтылуға тиіс.

3. Импорттаушы Тараптың кеден органы осындай Тараптың кеден заңнамасына сәйкес тауарларды шығару мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдаған жағдайда, тиісті кеден органы декларантты осындай ұзартудың себептері мен құқықтық негіздері туралы хабардар етуге тиіс.

7.6-бап

Мәліметтерді алдын ала өңдеу

1. Әрбір Тарап әкелу құжаттамасын және манифесттерді қоса алғанда, басқа да қажетті ақпаратты беру мүмкіндігін көздейтін рәсімдерді тауарлар келген кезде оларды шығаруды жеделдету мақсатында тауарлар келгенге дейін осындай мәліметтерді өңдеуді бастау үшін енгізуге немесе олардың сақталуын қамтамасыз етуге тиіс.

2. Әрбір Тарап қажеттігіне қарай тауарлар келгенге дейін осындай құжаттарды өңдеу үшін құжаттарды электрондық түрде алдын ала беруді қамтамасыз етуге тиіс.

7.7-бап

Растайтын құжаттарға, оның ішінде кедендік декларацияға қоса берілетін құжаттарға қойылатын талаптар

1. Әрбір Тарап мүмкіндігінше растайтын құжаттардың, оның ішінде импорттық, экспорттық және транзиттік рәсімдер шеңберінде талап етілетін кедендік декларацияға қоса берілетін құжаттардың қағаз немесе электрондық көшірмелерін қабылдауға ұмтылуға тиіс.

2. Егер Тараптың мемлекеттік органында көрсетілген құжаттың түпнұсқасы болса, осы Тараптың кез келген басқа органы, қолдануға болатын жерде, осындай түпнұсқасы бар органнан түпнұсқаның орнына осындай құжаттың қағаз немесе электрондық көшірмесін қабылдауға тиіс.

3. Тарап тауарларды әкелу үшін шарт ретінде экспорттаушы Тараптың кеден органдарына ұсынылған экспорттық декларацияның түпнұсқасын немесе көшірмесін талап етпеуге тиіс³¹.

³¹ Осы тармақта бақыланатын тауарларды әкелу үшін қажетті шарт ретінде сертификаттар, рұқсаттар немесе лицензиялар сияқты құжаттарды талап етуде Тарапты ештеңе шектемейді.

7.8-бап

Тәуекелдерді басқару

Тараптардың кеден органдары бақылауды тәуекел деңгейі жоғары тауарларға шоғырландыруға және тәуекел деңгейі төмен тауарларға қатысты кедендік операцияларды жасауды оңайлатуға мүмкіндік беретін тәуекелдерді жүйелі бағалауға негізделген тәуекелдерді басқару жүйесін қолдануға тиіс.

7.9-бап

Кедендік ынтымақтастық

1. Осы Келісімнің тиімді іске асырылуына жәрдемдесу мақсатында Тараптардың орталық кеден органдары Тараптар арасындағы сауда айналымына әсер ететін кеден ісі саласындағы түйінді мәселелер бойынша ынтымақтастасуға ықпал етуге тиіс.

2. Егер Тараптың орталық кеден органы осындай Тараптың тиісті заңнамасына сәйкес заңсыз қызметке қатысты негізделген күдіктер пайда болса, көрсетілген кеден органы, әдетте, тауарлар экспорты және (немесе) импорты кезінде ұсынылатын белгілі бір құпия ақпаратты алу мақсатында басқа Тараптың орталық кеден органына сұрау салумен жүгінуге құқылы.

3. Тараптың осы баптың 2-тармағында көзделген сұрау салуы жазбаша нысанда орындалуға, осы ақпарат сұратылатын мақсат туралы мәліметтерді қамтуға, сондай-ақ оларға қатысты осындай сұрау салу жүзеге асырылатын тауарларды сәйкестендіру үшін жеткілікті ақпаратпен сүйемелденуге тиіс.

4. Осы баптың 2-тармағына сәйкес сұрау салу жіберілетін Тарап, егер мұндай ақпаратты беру сұрау салынатын Тараптың заңнамасына қайшы келмесе, сұрау салуды алған күннен бастап 2 ай ішінде сұрау салынған ақпаратты қамтитын жазбаша жауап береді. Белгіленген мерзімде толық немесе ішінара жауап беру мүмкін болмаған

жағдайда сұрау салынатын Тарап сұрау салушы Тарапты осындай ақпаратты берудің болжамды мерзімі туралы хабардар етеді.

5. Сұрау салу жіберілген Тараптың орталық кеден органы сұрау салушы Тараптың орталық кеден органына осындай Тараптың импорттық немесе экспорттық жеткізілімдерінің өз заңнамасының талаптарына сәйкестігін анықтауда осындай орталық кеден органына жәрдемдесе алатын кез келген өзге ақпаратты беруге ұмтылуға тиіс.

6. Тараптардың орталық кеден органдары кеден ісі мәселелері жөніндегі ақпаратпен жедел және қорғалған түрде алмасуға және оны үйлестіруді жақсартуға ықпал ететін байланыс пункттерін құруды қоса алғанда, кедендік ынтымақтастық үшін байланыс арналарын белгілеу немесе қолдау үшін шаралар қабылдайды.

7.10-бап

Ақпараттық алмасу

1. Кедендік операцияларды жасауды оңайлату, тауарларды шығаруды жеделдету және кеден заңнамасының бұзылуын болғызбау мақсатында Тараптар мүмкіндігінше ақпараттық қауіпсіздіктің барлық шаралары қамтамасыз етілген жағдайда, өздерінің арасында саудаланатын барлық тауарларға қатысты электрондық ақпарат алмасуды (бұдан әрі - электрондық ақпарат алмасу) жолға қоюға және тұрақты негізде жүзеге асыруға тиіс.

2. Еуразиялық экономикалық комиссия электрондық ақпарат алмасуды құру процесін үйлестіруді қамтамасыз етуге және оның ЕАЭО тарапынан жүзеге асырылуына ықпал етуге тиіс.

3. Осы баптың мақсаты үшін "ақпарат" деп кедендік декларациялар мен көлік құжаттарынан алынған тиісті анық мәліметтер түсініледі.

4. Осы баптың 1-тармағын іске асыру мақсатында Еуразиялық экономикалық комиссия, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары және Иран ынтымақтастықты дамытуға және электрондық ақпарат алмасуды әзірлеу бойынша консультацияларды жалғастыруға ұмтылады.

5. Электрондық ақпарат алмасуды жүзеге асыру үшін қажетті барлық талаптар мен техникалық шарттар, сондай-ақ берілетін мәліметтер құрамы ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Иран арасындағы жеке хаттамада айқындалатын болады. Мұндай ақпарат өткізілетін тауарларды сәйкестендіру және тиімді кедендік бақылауды жүзеге асыру үшін жеткілікті болуға тиіс.

6. Осы бапқа сәйкес берілетін барлық ақпарат құпия ақпарат ретінде қарастырылуға және тек кедендік мақсаттарда қолданылуға тиіс.

7. Егер мұндай ақпаратты жіберу ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіруі мүмкін болса, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер мен Иранның кеден органдары ақпарат алмасуды жүзеге асырмауға құқылы.

7.11-бап

Шекара органдарының ынтымақтастығы

Әрбір Тарап тауарлардың әкелінуіне, әкетілуіне және транзитіне қатысты шекарадағы бақылау мен рәсімдерді жүзеге асыруға жауапты осындай Тараптың құзыретті органдарының немесе қызметінің саудаға жәрдемдесу және негізсіз әкімшілік рәсімдерді азайту мақсатында бір-бірімен ынтымақтасуын және өз қызметін үйлестіруін қамтамасыз етуге тиіс.

7.12-бап

Жариялау

1. Тараптар мүмкіндігінше жалпы қолданыстағы кеден заңнамасын ағылшын тілінде жариялауға ұмтылатын болады. Тараптардың сұрау салуы бойынша Тараптардың ұлттық заңнамасына нұқсан келтірмей, сауданы жүзеге асыруға ықпал ететін заңға тәуелді актілердің қысқаша мазмұны ұсынылуға тиіс.

2. Осы Келісім күшіне енгеннен кейін 8 ай ішінде әрбір Тараптың құзыретті органдары кеден мәселелері бойынша мүдделі тұлғалардың сұрау салуларын қарау үшін бір немесе бірнеше байланыс пункттерін құрады немесе сақтайды және осындай байланыс пункттері туралы ақпаратты Интернет желісінде жариялайды.

3. Тараптардың құзыретті органдары құрылған байланыс пункттері туралы ақпарат алмасады. Әрбір Тараптың байланыс пункті екінші Тараптың құзыретті органдарының сұрау салуы бойынша мына мәселелер:

а) қолданыстағы тарифтік емес реттеу шаралары, оның ішінде тауарларды әкелу мен әкетуге тыйым салулар мен шектеулер;

б) кедендік баждарды қайтаруды немесе олардан босатуды, кедендік баждарды, алымдар мен салықтарды төлеуді кейінге қалдыруды қолдану;

с) тауарларды кедендік рәсімдеуге ықпал ететін техникалық реттеулерді, санитариялық және фитосанитариялық талаптарды қолдану;

д) тарифтік квоталарды қолдануға қатысты талаптар;

е) егер ол импорт үшін талап етілсе, тауардың шыққан елін таңбалау; және

ф) өз заңнамасына сәйкес Тараптардың шешімдері бойынша басқа да мәселелер бойынша осы Келісімнің қолданысына қатысты тиісті заңнама туралы ақпаратты мүмкіндігіне қарай ағылшын тілінде береді.

4. Мүмкіндігіне қарай әрбір Тарап кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін, қабылдауға ұсынылатын жалпы қолданыстағы заңнамалық актілерді алдын ала жариялайды және мүдделі тұлғаларға осындай актілер қабылданғанға дейін түсініктемелер беруге мүмкіндік береді.

7.13-бап

Алдын ала шешімдер

1. Тараптардың кеден органдары импорттаушы Тарапта тіркелген кез келген өтініш берушіге, егер Тарап осындай алдын ала шешімдер қабылдауды орынды деп санаса,

тауарларды сыныптау, тауарлардың шығу тегі туралы, сондай-ақ кез келген басқа мәселелер туралы алдын ала шешімдерді жазбаша түрде береді.

2. Әрбір Тарап алдын ала шешімдер қабылдау рәсімдерін белгілеуге немесе қолдануды қамтамасыз етуге тиіс, олар:

(а) өтініш беруші тауарлар әкелінгенге дейін алдын ала шешім үшін жүгіне алатындығын көздейді;

(b) өтініш берушінің алдын ала шешімді алу үшін тауарлардың егжей-тегжейлі сипаттамасын және мұндай алдын ала шешімді беру үшін қажетті басқа да тиісті ақпаратты алдын ала ұсынуын көздейді;

(с) Тараптың кеден органының өтініш берілген күннен бастап 30 күн ішінде өтініш берушіден қосымша ақпаратты сұрата алатынын көздейді;

(d) кез келген алдын ала шешім өтініш беруші ұсынған фактілер мен мән-жайларға, сондай-ақ кеден органдарының билігіндегі өзге де ақпаратқа негізделетінін көздейді;

(е) осы баптың с) тармақшасына сәйкес сұратылған барлық қажетті қосымша ақпаратты алу үшін қажетті уақыт кезеңін қоспағанда, алдын ала шешімнің өтініш берушіге қысқа мерзімде, бірақ өтініш тіркелген күннен бастап 90 күннен кешіктірілмей берілетінін көздейді.

3. Егер осы баптың 2-тармағының (с) тармақшасына сәйкес сұрау салынған қосымша ақпарат көрсетілген мерзімде берілмесе, Тараптың кеден органы алдын ала шешімді сұратудан бас тарта алады.

4. Алдын ала шешім, егер осы шешімге байланысты заңдар, фактілер немесе мән-жайлар өзгермеген болса, шығарылған күнінен бастап кемінде бір жыл бойы қолданылады.

5. Тараптың кеден органы, егер:

(а) алдын ала шешімнің анық емес немесе нақты емес мәліметтерге негізделгені анықталса;

(b) кеден заңнамасына өзгерістер енгізілген болса;

(с) алдын ала шешімді беру негізделген елеулі фактілер немесе мән-жайлар өзгерістерге ұшыраса, алдын ала шешімге өзгерістер енгізе алады немесе оны кері қайтарып алуы мүмкін.

6. Тарап, егер өтініште қамтылған мәселе:

(а) өтініш берушіге қатысты кез келген мемлекеттік, апелляциялық органда немесе сотта қаралып жатса;

(b) апелляциялық орган немесе сот қараған болса, өтініш берушіге алдын ала шешімді беруден бас тарта алады.

7.14-бап

Кедендік құнды айқындау

Тараптар арасындағы сауда айналысында болатын тауарлардың кедендік құны осы Келісімге 5-қосымшада белгіленген ережелерге, *inter alia*, негізделетін, импорттаушы Тараптың кеден заңнамасына сәйкес айқындалады.

7.15-бап

Тарифтік сыныптау

Тараптардың арасындағы сауда айналысында болатын тауарларға қатысты Тараптар Дүниежүзілік кеден ұйымының Тауарлар сипаттамасы мен кодталуының үйлестірілген жүйесінің ағымдағы редакциясына негізделген тауар номенклатураларын қолданады.

7.16-бап

Тауарлар транзиті

1. Әрбір Тарап тауарларды Тараптан үшінші елге және үшінші елден осындай Тарапқа транзиттеу кезіндегі тауарларға қатысты жүзеге асырылатын кедендік операцияларды оңайлату үшін күш-жігер жұмсайтын болады.

2. Транзит шеңберінде тауарлар мен кемелерге, сондай-ақ өзге де көлік құралдарына қатысты бақылау үшін Тараптар қолданатын сәйкестендіру құралдары мен құжаттарды Тараптар өзара тануы мүмкін.

7.17-бап

Экспресс-жүктер

1. Тараптардың кеден органдары кедендік бақылаудың тиісті деңгейі сақталған жағдайда, экспресс-жүктердің жеделдетілген кедендік ресімделуін қамтамасыз етеді.

2. Әрбір Тарап экспресс-жүктерді жедел шығаруды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін рәсімдерді белгілеуге немесе қамтамасыз етуге тиіс. Мұндай рәсімдер мынадай талаптарға сәйкес келуге тиіс:

(a) экспресс-жүктер келіп жеткенге дейін оларды шығару үшін қажетті ақпаратты ұсыну және өңдеу мүмкіндігін көздеуге;

(b) экспресс-жүктерді құрайтын барлық тауарлар туралы ақпараттың бір рет берілуін, мысалы, манифеста мүмкін болғанынша, электрондық түрде ұсыну арқылы берілуін көздеу;

(c) экспресс-жүктерді шығару үшін талап етілетін құжаттар санын мүмкін болғанынша барынша азайтуға;

(d) қажетті кедендік құжаттар берілгеннен кейін экспресс-жүктер келіп жеткен кезде қалыпты мән-жайда оларды мүмкіндігінше қысқа мерзімде шығаруды қамтамасыз ету;

(e) Тарап декларация мен растайтын құжаттаманы ұсынуды, сондай-ақ тауардың салмағына немесе құнына байланысты баждар мен салықтарды төлеуді қоса алғанда, осындай тауарларды әкелу үшін қосымша рәсімдердің сақталуын талап етуге құқылы екенін мойындай отырып, кез келген салмақтағы және құндағы жеткізілімдерге қатысты тиісті оңайлатуларды көздеу.

7.18-бап

Тез бүлінетін тауарлар

Залал келтіруді және тез бүлінетін тауарлардың бүлінуін болғызбау мақсатында Тараптар мұндай тауарларды, Тараптар заңнамасының барлық талаптары сақталған жағдайда, бірінші кезектегі тәртіппен шығаруды қамтамасыз етеді.

7.19-бап

Тауарларды уақытша әкелу, кеден аумағында және кеден аумағынан тыс жерде қайта өңдеу

Халықаралық стандарттарға сәйкес Тараптардың кеден органдары тауарларды уақытша әкелудің, Тараптың кедендік аумағында қайта өңдеудің немесе Тараптың кедендік аумағынан тыс жерде қайта өңдеудің кедендік рәсімдері шеңберінде кедендік операциялар жасауды оңайлатуға ұмтылады.

7.20-бап

Тиеп жөнелту алдындағы инспекциялау

1. Тараптың аумағына әкетуге арналған тауарларды жеткізудің сапасын, санын, бағасын, оның ішінде валюталық бағамын және қаржылық жағдайын тексеруге байланысты кез келген қызмет тиеу алдындағы инспекция жөніндегі қызмет болып табылады.

2. Тараптар тиеп жөнелту алдындағы инспекциялауды тауарларды сыныптауға және кедендік құнын айқындауға қатысты пайдалануды талап етпеуге тиіс.

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілмеген тиеп жөнелту алдындағы инспекцияның басқа түрлерін пайдалануға Тараптардың құқықтарына нұқсан келтірмей, Тараптарға тиеп жөнелту алдындағы инспекцияға қатысты жаңа талаптарды енгізбеу немесе қолданбау және мүмкін болғанынша Тараптар арасындағы сауда рәсімдерін оңайлату мақсатында қолданыстағы талаптарды жою ұсынылады.

7.21-бап

Кеден өкілдері

Тараптардың кеден заңнамасы декларанттарды кеден өкілдері көрсететін қызметтерге міндетті түрде жүгінуді талап етпей, кедендік декларацияларды өз бетінше ұсыну құқығымен қамтамасыз етуге тиіс.

7.22-бап

Автоматтандыру

1. Тараптардың кеден органдары, мүмкін болғанынша, ақпараттық қауіпсіздіктің барлық шаралары сақталған жағдайда, ақпараттық жүйелер мен ақпараттық технологияларды, оның ішінде электрондық байланыс құралдарына негізделгенді пайдалана отырып, кедендік операцияларды жүзеге асыруды

2. Тараптардың орталық кеден органдары, мүмкін болғанынша, декларанттарға тауарларды электрондық нысанда декларациялау мүмкіндігін береді және пайдаланушылардың тиісті электрондық жүйелерге қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

7.23-бап

Құпиялылық

Тараптар, статистиканы қоспағанда, осы Тарауға сәйкес берілетін барлық ақпаратты Тараптардың заңнамасына сәйкес құпия ретінде қарауға тиіс. Жариялануы сот талқылауы шеңберінде талап етілуі мүмкін жағдайларды қоспағанда, осындай ақпаратты ұсынған Тарап тұлғасының немесе органының жазбаша рұқсатынсыз Тараптардың құзыретті органдары ақпаратты жария етпеуге тиіс.

7.24-бап

Қайта қарау және шағымдану

Әрбір Тарап кеден органдары қабылдаған және мүдделі тұлғалардың құқықтарын қозғайтын шешімдерді әкімшілік қайта қарау мүмкіндігін және тиісті Тараптың заңнамасына сәйкес осындай шешімдерге сотқа шағымдану мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

7.25-бап

Жауаптылық

1. Тарап тауарларды әкелу немесе әкету кезінде, оның ішінде тауарларды сыныптау, тауарлардың кедендік құнын айқындау, тауарлардың шығу тегін айқындау және осы Келісім шеңберінде тарифтік преференциялар алу бөлігінде өзінің кедендік заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік айыппұлдар салуды көздейтін шараларды қабылдайды немесе оның сақталуын қамтамасыз етеді.

2. Әрбір Тарап кеден заңнамасын, өзге де нормативтік құқықтық актілерді немесе рәсімдік талаптарды бұзғаны үшін жазалардың өзінің заңнамасына сәйкес бұзғаны үшін жауапты адамға (адамдарға) ғана қолданылуын қамтамасыз етуге тиіс.

3. Қолданылған жаза істің фактілері мен мән-жайларына байланысты болуға және бұзушылықтың дәрежесі мен ауырлығына сәйкес болуға тиіс.

4. Әрбір Тарап мыналарды:

(а) бұзушылықтарды бағалау және айыппұлдар мен баждарды өндіріп алу кезінде мүдделер қақтығысын; және

(б) осы баптың 3-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін бұзушылықтарды бағалау немесе айыппұлдарды өндіріп алу үшін ынталандырудың орын алуын болдырмауға бағытталған шаралардың болуын қамтамасыз етуге тиіс;

5. Әрбір Тарап кеден заңнамасын, өзге де нормативтік құқықтық актілерді немесе рәсімдік талаптарды бұзғаны үшін жаза қолдану кезінде жаза қолданылатын адамға (адамдарға) бұзушылықтың сипатын және қолданылатын заңды, айыппұл мөлшері немесе жаза түрі айқындалған ережелерді немесе рәсімдерді көрсете отырып, жазбаша түсініктеме беруді қамтамасыз етеді.

6. Кеден органы мұндай бұзушылықты анықтағанға дейін қандай да бір адам Тараптың кеден органына кеден заңнамасын, өзге де нормативтік құқықтық актілерді

немесе рәсімдік талапты бұзу мән-жайларын ашып көрсеткен жағдайда, Тараптар мүмкіндігінше бұл фактіні осы адамға жаза қолдану кезінде ықтимал жеңілдететін фактор ретінде қарауға ұмтылады.

7.26-бап

Иран үшін арнайы өтпелі кезең

ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер және ЕАЭО осы Келісім күшіне енген күннен бастап 12 ай ішінде осы Келісімнің 7.6-бабында көзделген ережелерге сәйкес келуі бойынша қандай да бір шағым беруден қалыс қалуға тиіс.

8-ТАРАУ. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

8.1-бап Мақсаттар

Осы тараудың мақсаты, мүмкіндігінше, өзара қолайлы шешімге қол жеткізу үшін осы Келісім шеңберінде туындайтын дауларды шешудің тиімді және ашық процесін қамтамасыз ету болып табылады.

8.2-бап

Анықтамалар

Осы тараудың мақсаттары үшін:

(а) **"Талап қоюшы"** осы Келісімнің 8.5, 8.6 және 8.7-баптарына сәйкес дауды шешу рәсімін қолдану туралы сұрау салуды беретін даудың Тарапын білдіреді;

(б) **"Дау Тараптары"** талап қоюшы Тарапты (Талап қоюшы) және жауапкер Тарапты (Жауапкер) білдіреді. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер мен ЕАЭО бірлесе отырып немесе жеке-жеке дау Тарапы бола алады. Соңғы жағдайда, егер шараны ЕАЭО қабылдайтын болса, ол дау Тарапы болып табылады, ал егер шараны ЕАЭО-ға мүше мемлекет қабылдайтын болса, онда осындай ЕАЭО-ға мүше мемлекет дау Тарапы болып табылады;

(с) **"Хабарлама"** осы Тараудың ережелерінде көзделген жағдайларда Тараптар жіберетін ағымдағы оқиғалар мен рәсімдер туралы ақпаратты қамтитын ресми құжатты білдіреді.

d) **"Жауапкер"** осы Келісімнің 8.5, 8.6 және 8.7-баптарына сәйкес дауды шешу рәсімін қолдану туралы сұрау салуды алатын дау Тарапын білдіреді.

8.3-бап

Қолдану аясы және қамту

Егер осы Келісімде өзгеше тікелей көзделмесе, осы Тараудың ережелері осы Келісімді түсіндіруге және (немесе) қолдануға байланысты туындайтын дауларды шешу үшін қолданылады.

8.4-бап

Игі қызметтер, келісу рәсімі немесе делдалдық

1. Дау Тараптары кез келген уақытта игі қызметтер рәсімін, келісу рәсімін немесе делдалдықты пайдалану жөнінде уағдаласа алады. Игі қызметтер, келісу рәсімі немесе

делдалдық даудың кез келген Тарапының сұрау салуы бойынша кез келген уақытта басталуы және тоқтатылуы мүмкін.

2. Егер дау Тараптары бұл туралы уағдаласса, игі қызметтер, келісу рәсімі мен делдалдық Төрелік топ жүргізетін талқылау басталғаннан кейін жалғасуы мүмкін.

3. Игі қызметтер, келісу рәсімі мен делдалдық пайдаланыла отырып жүргізілетін талқылаулар және атап айтқанда, осы талқылаулар барысында дау Тараптарының ұстанған ұстанымдары құпия болып табылады және одан кейінгі кез келген талқылаулар кезінде дау Тараптарының кез келгенінің құқықтарына нұқсан келтірмейді.

8.5-бап

Консультациялар

1. Кез келген Тарап осы Келісімнің шеңберінде туындайтын осы Келісімнің 8.3-бабының талаптарына жататын кез келген мәселе бойынша кез келген екінші Тараппен консультациялар өткізуге сұрау сала алады. Тараптар осы Тарауға сәйкес туындайтын кез келген мәселе бойынша консультациялар өткізу арқылы өзара қолайлы шешімге қол жеткізудің барлық ықтимал әрекеттерін жасауға тиіс.

2. Консультациялар өткізу туралы сұрау салу осы Келісімге сәйкес тағайындалған байланыс пункті арқылы жазбаша нысанда ресімделеді, сондай-ақ Бірлескен комитетке жіберіледі. Сұрау салушы Тарап тиісінше тағайындалған байланыс пункттері арқылы басқа Тараптарға сұрау салуды жібереді. Сұрау салуда сұрау салуды жіберудің себептері, қандай да бір шараларды немесе өзге де даулы мәселені айқындау, сондай-ақ сұрау салу үшін құқықтық негіздеменің белгіленуі көрсетіледі (осы Келісімнің тиісті ережелері).

3. Консультациялар өткізу туралы сұрау салуды алғаннан кейін жауапкер Тарап:

(а) сұрау салуды байланыс пункті алған күннен бастап 10 күн ішінде оған жазбаша түрде жауап беруге; және

(б) қаралып отырған мәселенің жедел және өзара қолайлы шешіміне қол жеткізу ниетімен сұрау салуды алған күннен бастап 30 күн ішінде немесе шұғыл, оның ішінде тез бүлінетін тауарларға қатысты мәселелер бойынша 10 күн ішінде консультациялар өткізуге адал кірісуге міндеттенеді.

4. Осы баптың 3-тармағында белгіленген мерзімдер дау Тараптарының өзара келісімі бойынша өзгертілуі мүмкін.

5. Консультациялар құпиялы түрде және кез келген кейінгі талқылауларда дау Тараптарының екеуінің де құқықтарына нұқсан келтірүсіз өткізіледі.

6. Егер дау Тараптары өзгеше туралы келіспесе, консультациялар Жауапкердің аумағында өткізіледі. Консультациялар дау Тараптарының өзара келісуі бойынша, *inter alia*, бейнеконференция байланысын қоса алғанда, қашықтағы байланыс құралдарының көмегімен толық немесе ішінара өткізілуі мүмкін.

8.6-бап

Төрелік топ құру

1. Талап қоюшы:

(a) егер Жауапкер осы Келісімнің 8.5-бабына сәйкес белгіленген мерзімдерді сақтамаса; немесе

(b) егер дау Тараптары осындай консультацияларды өткізу туралы сұрау салуды алған күннен бастап 60 күннің ішінде немесе шұғыл мәселелер бойынша, оның ішінде тез бүлінетін тауарларға қатысты мәселелер бойынша 20 күннің ішінде дауды консультациялар арқылы реттей алмаса, Төрелік топ құруды талап етуге құқылы.

2. Талапкер Төрелік топ құру туралы сұрау салуды осы Келісімге сәйкес тағайындалған байланыс пункті арқылы Жауапкерге, сондай-ақ Бірлескен комитетке жазбаша түрде жібереді. Талап қоюшы басқа Тараптардың мекенжайына Төрелік топ құру туралы сұрау салу туралы хабарламаны тағайындалған байланыс пункттері арқылы жазбаша нысанда жібереді. Сұрау салуда өткізілген консультациялар туралы мәліметтерді көрсету, қаралатын нақты шаралардың сипаттамасы, сондай-ақ проблеманы айқын түсіну үшін жеткілікті болатын шағым берудің құқықтық негізінің қысқаша сипаттамасы қамтылуға тиіс.

3. Осы бапта көрсетілген талаптар мен рәсімдер дау Тараптарының өзара келісімі бойынша өзгертілуі мүмкін.

8.7-бап

Төрешілерді тағайындау

1. Төрелік топ үш мүшеден тұрады.

2. Жауапкер Төрелік топ құру туралы сұрау салуды алған күннен бастап 30 күн ішінде әрбір дау Тарапы төрешіні тағайындайды және осындай тағайындау туралы екінші Тарапты тағайындалған байланыс пункттері арқылы жазбаша нысанда хабардар етеді.

3. Тағайындалған төрешілер екінші төреші тағайындалғаннан кейін 15 күн ішінде үшінші төрешіні (Төрелік топтың төрағасын) таңдайды, ол мынадай өлшемшарттардың ешқайсысына жатпауға тиіс:

(a) ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің немесе Иранның азаматтығының болуы; немесе

(b) әдеттегі тұрғылықты жерінің ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің немесе Иранның аумағында болуы; немесе

(c) ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің ешқайсысымен немесе Иранмен дипломатиялық қатынастары жоқ мемлекеттің азаматтығының болуы.

4. Егер үшінші төреші осы баптың 3-тармағында көрсетілген мерзімде тағайындалмаса, дау Тараптары өзара келісім бойынша 30 күн ішінде үшінші төрешіні Төрелік топтың төрағасы етіп тағайындайды.

5. Егер қажетті тағайындаулар осы баптың 2 және 4-тармақтарында көрсетілген мерзімдерде жүзеге асырылмаса, дау Тараптарының өзге уағдаластығы болмаған кезде

кез келген дау Тарапы БҰҰ Халықаралық Сотының (бұдан әрі "Халықаралық сот" деп аталатын) төрағасын тағайындаушы саты ретінде болуға шақыруға құқылы.

Егер Халықаралық соттың төрағасы ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің немесе Иранның азаматы болып табылса, қажетті тағайындауларды Халықаралық соттың Вице-төрағасына немесе одан кейінгі лауазымына қарай орналасқан және осындай азамат болып табылмайтын лауазымды адамға орындау ұсынылады.

6. Барлық төрешілердің:

(a) құқықтану, халықаралық сауда саласында және осы Келісімде қамтылатын басқа да мәселелерде немесе халықаралық сауда келісімдері шеңберінде дауларды реттеуде жеткілікті білімі және/немесе тәжірибесі болуға;

(b) пайымдауда тек объективтілік, мүдделіліктің болмауы, сенімділік және байсалдылық қағидаттары негізінде ғана сайлануға;

(c) дау Тараптарының ешқайсысына тәуелді болмауға, олармен ешқандай байланыста болмауға және олардан ешқандай нұсқау алмауға; және;

(d) дау Тараптарына талқыланып жатқан мәселеге қатысты кез келген тікелей немесе жанама мүдделер қақтығысы туралы ақпарат беруге тиіс.

7. Егер тұлғалар бұрын осы дауға кез келген тұлға ретінде қатысса, олар дауда төрешілер ретінде болмауға тиіс.

8. Егер осы бапқа сәйкес тағайындалған төреші өз өкілеттіктерін тапсырса немесе өз функцияларын орындау қабілетін жоғалтса, 15 күн ішінде оның мирасқоры алғашқы төрешіні тағайындау үшін ұйғарылған рәсімге сәйкес тағайындалуға тиіс, бұл ретте мирасқор алғашқы төрешінің барлық өкілдіктері мен міндеттеріне ие болады. Мәселені карауда қолданылатын кез келген мерзім төреші өкілеттіктерін тапсырған немесе өз функцияларын орындау қабілетін жоғалтқан кезден бастап тоқтатыла тұрған болып есептеледі және оны алмастыратын адам сайланатын күні аяқталады.

9. Төрелік топ төрағасын тағайындау күні Төрелік топ құрылған күн болып есептеледі.

10. Осы бапта көрсетілген талаптар мен рәсімдер дау Тараптарының өзара келісімі бойынша өзгертілуі мүмкін.

8.8-бап

Төрелік топтың функциялары

1. Төрелік топтың функциялары ұсынылған дауды объективті түрде қараудан, оның ішінде істің нақты мән-жайларын, осы Келісімнің қолданылу мүмкіндігін және оған сәйкестікті объективті түрде бағалаудан және оның пікірі бойынша өзінің қарауына берілген дауды шешу үшін қажетті қорытындылар мен шешімдерді тұжырымдаудан, сондай-ақ дау Тараптарының сұрау салуы бойынша кез келген қабылданатын шаралардың және/немесе Төрелік топтың түпкілікті баяндамасы арқылы пайданы тиісінше тоқтата тұрудың сәйкестігін айқындаудан тұрады.

2. Төрелік топтың қорытындылары мен шешімдері Тараптардың осы Келісімде көзделген құқықтары мен міндеттемелерінің көлемін ұлғайта немесе азайта алмайды.

8.9-бап

Төрелік топтың жұмыс рәсімі

1. Төрелік топтың жұмысы осы Тараудың ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес Төрелік топ дау Тараптарымен келісу бойынша дау Тараптарының сөз сөйлеу құқығын ескере отырып, Төрелік топтың жұмыс рәсімін өзі дербес әзірлейді. Дау Тараптары Төрелік топпен келісу бойынша осы баптың ережелеріне қайшы келмейтін қосымша қағидалар мен рәсімдерді пайдалану туралы уағдаласа алады.

3. Дау Тараптарымен талқылағаннан кейін Төрелік топ мейлінше тез арада, бірақ құрылғанынан кейін 10 күннен кешіктірмей, Төрелік топтың жұмыс кестесін белгілейді. Бұл кестеде дау Тараптарының жазбаша өтініштерді беруінің нақты мерзімдері қамтылуға тиіс. Мұндай кестеге Төрелік топпен консультациялар өткізгеннен кейін дау Тараптарымен келісу бойынша өзгерістер енгізілуі мүмкін.

4. Төрелік топ дау Тарапының сұрау салуы бойынша немесе өз бастамасымен өз қалауы бойынша өзі қажетті деп есептейтін кез келген тұлғаға немесе органға ақпарат және (немесе) консультациялық жәрдем алу үшін жүгіне алады. Алайда, Төрелік топтың ақпаратқа және (немесе) консультацияға жүгінуі алдында бұл туралы дау Тараптарын хабардар ету қажет. Осылайша алынған кез ақпарат және (немесе) консультациялық жәрдемдесу дау Тараптарына түсіндірме алу үшін берілуге тиіс. Егер Төрелік топ өз баяндамасын дайындаған кезде осындай ақпаратты және (немесе) техникалық кеңестерді назарға алатын болса, ол дау Тараптарының осындай ақпаратқа және (немесе) техникалық кеңестерге қатысты кез келген түсіндірмесін де назарға алуға тиісті.

5. Төрелік топ рәсімдік шешімдерді, анықтамаларды мен шешімдерді консенсус арқылы қабылдайды, бұл ретте, егер Төрелік топ консенсуске келе алмаса, мұндай рәсімдік шешімдер, анықтамалар мен шешімдер көпшілік дауыспен қабылдануы мүмкін. Төрелік топ жекелеген төрешілердің қалай дауыс бергені туралы ақпаратты ашпауға тиіс.

6. Төрелік топтың отырыстары жабық болып табылады. Дау Тараптары осы отырыстарға Төрелік топтың шақыруымен ғана қатыса алады.

7. Егер дау Тараптары өзгеше уағдаласпаса, Төрелік топтың отырыстары көпшілік үшін жабық болып табылады.

8. Дау Тараптарына талқылау барысында кез келген сөз сөйлеуге, арыздарды немесе теріске шығаруларды қарауға қатысу мүмкіндігі беріледі. Алдын ала баяндаманың сипаттау бөлігіне қатысты кез келген түсіндірмелерді қоса алғанда, дау Тарапының біреуі Төрелік топқа берген кез келген ақпарат немесе жазбаша өтініштер және Төрелік топ қойған сұрақтарға жауаптар дау Тарапының екіншісіне берілуге тиіс.

9. Төрелік топтың талқылаулары және оған берілген құжаттар құпия болып табылады.

10. Осы Тарауда ешнәрсе де дау Тарапына жалпы жұрттың назары үшін өз ұстанымын жария етуге кедергі болмайды. Дау Тарапы екінші дау Тарапы құпия деп белгілеген, екінші дау Тарапы Төрелік топқа ұсынған ақпаратты құпия ақпарат ретінде қарайды. Дау Тарапы Тараптардың кез келгенінің сұрау салуы бойынша жалпы жұрттың назары үшін жария етілуі мүмкін жазбаша өтініштерде қамтылған ақпараттың құпия емес резюмесін де ұсынады.

11. Тыңдауларды өткізу орны дау Тараптарының өзара келісімі бойынша таңдалады. Егер келісімге қол жеткізілмесе, тыңдаулар дау Тараптарының астаналарында кезекпен өткізіледі, бұл ретте алғашқы тыңдау Жауапкер Тараптың астанасында өткізіледі.

8.10-бап

Төрелік топтың өкілеттіктері

Егер дау Тараптары өзгеше уағдаласпаса, Төрелік топты құру туралы сұрау салу алынған күннен бастап 20 күн ішінде мынадай өкілеттіктер айқындалады:

"Осы Келісімнің тиісті ережелері аясында осы Келісімнің 8.6-бабына сәйкес Төрелік топты құру туралы сұрау салуда қарауға берілген мәселе зерделенсін және дауды шешу мақсатында себептерді анықтаумен бірге заң және фактілер негізінде қорытынды жасалсын және шешім қабылдалсын".

8.11-бап

Іс жүргізуді тоқтату немесе тоқтата тұру

1. Төрелік топ өз жұмысын дау Тараптарының бірлескен сұрау салуы бойынша тоқтатады. Мұндай жағдайда дау Тараптары Төрелік топтың төрағасын және Бірлескен комитетті бірлесіп хабардар етуге міндетті.

2. Төрелік топ дау Тараптарының бірлескен сұрау салуы бойынша мұндай бірлескен сұрау салу алынған күннен бастап қатарынан 12 айдан аспайтын кез келген мерзімге жұмысын тоқтата тұрады. Мұндай жағдайда дау Тараптары Төрелік топтың төрағасын бірлесіп хабардар етуге тиіс. Осы мерзім ішінде Тараптардың кез келгені Төрелік топтың төрағасын және екінші дау Тарапын хабардар ете отырып, Төрелік топтың жұмысын жалғастыруға рұқсат бере алады. Мұндай жағдайда осы Тарауда белгіленген барлық мерзімдер Төрелік топтың жұмысы тоқтатыла тұрған кезеңге ұзартылады. Егер Төрелік топтың жұмысы қатарынан 12 айдан асатын мерзімге тоқтатыла тұрған болса, Төрелік топ өз жұмысын тоқтатады.

3. Егер дау Тараптары өзгеше уағдаласпаса, бастапқы Төрелік топты құру туралы сұрау салуда көрсетілген сол мәселе бойынша сол дау Тараптарының жаңа Төрелік топ құру құқығы жоғалған болып есептеледі.

8.12-бап

Төрелік топтың баяндамалары

1. Төрелік топ баяндамаларының жобалары дау Тараптары болмаған кезде жасалады және осы Келісімнің тиісті ережелеріне, дау Тараптарының мәлімдемелері мен дәлелдеріне, сондай-ақ осы Келісімнің 8.9-бабының тармағына сәйкес ұсынылған кез келген ақпаратқа және (немесе) консультациялық жәрдемдесуге негізделуге тиіс.

2. Төрелік топ алдын ала баяндаманы Төрелік топ құрылған кезден бастап 90 күн немесе шұғыл мәселелер, оның ішінде тез бүлінетін тауарларға қатысты мәселелер бойынша 60 күн ішінде дайындайды. Алдын ала баяндама *inter alia*, сипаттамалық бөлімдерді, сондай-ақ Төрелік топтың анықтамалары мен қорытындыларын қамтуға тиіс.

3. Айрықша жағдайларда, егер Төрелік топ алдын ала баяндаманы осы баптың 2-тармағында көрсетілген мерзімде ұсына алмайды деп есептесе, ол алдын ала баяндаманы ұсынудың болжамды мерзімін көрсете отырып, дау Тараптарына бұл кешіктірудің себептері туралы жазбаша түрде ақпарат береді. Егер дау Тараптары өзгеше туралы уағдаласпаса, кез келген кешіктіру 30 күндік қосымша мерзімнен аспауға тиіс.

4. Дау Тарапы, егер дау Тараптары өзгеше туралы уағдаласпаса, Төрелік топқа алдын ала баяндама бойынша өзінің жазбаша түсіндірмелерін алдын ала баяндама алынған күннен бастап 15 күн ішінде ұсына алады.

5. Егер дау Тараптары өзгеше туралы уағдаласпаса, дау Тараптарының кез келген жазбаша түсіндірмесін қарағаннан кейін және өзі қажет деп есептейтін қосымша қарауды жүргізген соң, Төрелік топ алдын ала баяндаманы жіберген күннен бастап 30 күн ішінде дау Тараптарына түпкілікті баяндаманы жібереді.

6. Егер Төрелік топ өзінің түпкілікті баяндамасында дау Тарапы қолданған шара осы Келісімге сәйкес келмейді деген қорытындыға келсе, ол өз шешімдері мен ұсынымдарына сәйкессіздікті жою туралы талапты қосуға тиіс.

7. Дау Тараптары, егер қандай да бір дау Тарапынан қарсылықтар келіп түспесе, құпия ақпаратты қорғау қамтамасыз етілген жағдайда, Төрелік топтың түпкілікті баяндамасын жалпы жұрттың назары үшін ол ұсынылған күннен бастап 15 күн ішінде жариялайды. Бұл жағдайда түпкілікті баяндама осы Келісімнің барлық Тараптарына беріледі.

8. Төрелік топтың түпкілікті шешімін нақты дауға қатысты дау Тараптары сөзсіз қабылдайды. Бұл жеке және заңды тұлғаларға қатысты ешқандай құқықтар мен міндеттемелер тудырмауға тиіс.

8.13-бап

Шешімдерді орындау

1. Дау Тараптары Төрелік топтың шешімдерін дереу орындауға міндеттенеді. Егер дереу орындау мүмкін болмаса, дау Тараптары осы шешімдерді ақылға қонымды мерзімде орындауға тиіс. Ақылға қонымды мерзім дау Тараптарының өзара келісімі бойынша айқындалады. Егер дау Тараптары Төрелік топтың түпкілікті баяндамасы

ұсынылған күннен бастап 45 күн ішінде ақылға қонымды мерзімге қатысты келісімге келе алмаса, дау Тараптарының кез келгені осы мәселені дау Тараптарымен талқылаудан кейін ақылға қонымды мерзімді белгілейтін Төрелік топтың бастапқы құрамының қарауына бере алады.

2. Дау Тараптарының арасында осы бапқа сәйкес көзделген ақылға қонымды мерзім ішінде Төрелік топтың есебінде көрсетілген сәйкессіздікті дау Тарапының жойғаны-жоймағаны жөнінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, дау Тарапының кез келгені осы мәселені Төрелік топтың бастапқы құрамының қарауына беруге құқылы.

3. Төрелік топ өз баяндамасын осы баптың 1 немесе 2-тармақтарында көрсетілген мәселе Төрелік топтың қарауына берілген күннен бастап 60 күн ішінде дайындауға міндеттенеді. Баяндамада Төрелік топтың қаулысы және осы қаулының негіздемесі қамтылуға тиіс. Егер Төрелік топ баяндаманы осы мерзімде дайындауды мүмкін емес деп санаса, ол дау Тараптарына баяндаманы нақты дайындаудың болжамды мерзімін көрсете отырып, мұндай кешіктірудің себептері туралы жазбаша нысанда хабарлайды. Егер дау Тараптары өзгеше туралы уағдаласпаса, кез келген кешіктіру қосымша 30 күн мерзімнен аспауға тиіс.

4. Дау Тараптары Төрелік топтың түпкілікті баяндамасын орындау бойынша өзара қолайлы шешім іздестіруді кез келген кезде жалғастыра алады.

8.14-бап

Өтемақылар және пайданы тоқтата тұру

1. Егер дау Тарапы Төрелік топтың шешімін осы Келісімнің 8.13-бабына сәйкес белгіленген ақылға қонымды кезең ішінде орындамаса немесе екінші дау Тарапына өзінің оны орындаудан бас тартуы туралы хабарласа және (немесе) Төрелік топтың бастапқы құрамы дау Тарапы осы Келісімнің 8.13-бабына сәйкес Төрелік топтың шешімін орындамады деп айқындаса, мұндай дау Тарапы екінші дау Тарапының сұрау салуы бойынша өзара қолайлы өтемақыны келісу мақсатында консультациялар өткізуге кірісуге тиіс. Егер сұрау салу алынғаннан кейін 20 күн ішінде мұндай келісімге қол жеткізілмесе, екінші дау Тарапының Жауапкерге қатысты осы Келісімге сәйкес берілетін, бірақ Төрелік топ осы Келісімге сәйкес келмейді деп таныған шаралары әсер еткен пайдаға сәйкес келетін көлемде ғана пайданы қолдануды тоқтата тұруға құқығы бар.

2. Қандай пайданың қолданысын тоқтата тұру қажет екені туралы мәселені қарау кезінде дау Тарапы, бірінші кезекте, Төрелік топ осы Келісімге сәйкес келмейді деп таныған шаралар әсер еткен сектордағы (секторлардағы) пайданы тоқтата тұруға ұмтылады. Егер мұндай дау Тарапы осы секторда немесе секторларда пайданы тоқтата тұру практикада жүзеге асырылмайды немесе тиімсіз деп есептесе, ол басқа секторларда пайданы тоқтата тұруға құқылы.

3. Дау Тарапы екінші дау Тарапына ол қандай пайданы тоқтата тұруға ниеттенгені туралы, мұндай тоқтата тұрудың себептері туралы және тоқтата тұру қолданысының басталуы туралы мұндай тоқтата тұру күшіне енетін күннен кемінде 30 күн бұрын хабарлайды. Екінші дау Тарапы мұндай хабарламаны алған күннен бастап 15 күн ішінде дау Тарапы тоқтата тұруға ниеттенген пайда осы Келісімге сәйкес келмейді деп танылған шара әсер еткен пайдаға барабар болатыны-болмайтыны және ұсынылып отырған тоқтата тұру осы баптың 1 және тармақтарына сәйкес келетіні-келмейтіні туралы шешім қабылдау жөніндегі сұрау салумен Төрелік топтың бастапқы құрамына жүгіне алады. Төрелік топтың шешімі мұндай сұрау салу алынған кезден бастап 45 күн ішінде қабылданады және ол түпкілікті және дау Тараптарының орындауы үшін міндетті болып табылады. Пайда Төрелік топ өзінің шешімін қабылдамағанша тоқтатыла тұрмайды.

4. Өтемақы және/немесе пайданы тоқтата тұру уақытша сипатта болады және Төрелік топтың түпкілікті баяндамасында айқындалған сәйкессіздік толығымен жойылғанға дейін қолданылмайды. Дау Тарапы өтемақыны және/немесе пайданы тоқтата тұруды осы Келісімге сәйкес келмейді деп танылған шараның күші жойылмайынша немесе осы Келісімге сәйкес келетіндей түрде өзгертілмейінше немесе дау Тараптары өз дауын өзгеше түрде шешпейінше, қолданыла береді.

5. Дау Тарапының сұрау салуы негізінде Төрелік топтың бастапқы құрамы пайда тоқтатыла тұрғаннан кейін қабылданған кез келген енгізілген шараның түпкілікті баяндамаға сәйкес келетіні туралы шешімді және осындай шешім аясында, пайданы тоқтата тұруды жою немесе өзгерту туралы шешімді қабылдайды. Төрелік топ мұндай сұрау салу алынған күннен бастап 30 күн ішінде шешім қабылдайды.

8.15-бап

Шығыстар

1. Егер дау Тараптары өзгеше туралы уағдаласпаса:

(a) әрбір дау Тарапы өзі тағайындаған төрешіге жұмсалатын шығыстарды, өзінің жеке шығыстарын және сот шығындарын өзі көтереді; және

(b) Төрелік топ төрағасына көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және талқылауды жүргізуге байланысты басқа да шығыстар даудың екі Тарапына тең үлеспен жүктеледі.

2. Кез келген дау Тарапының сұрау салуы бойынша Төрелік топ істің ерекше мән-жайларын ескере отырып, осы баптың 1-тармағының b) тармақшасында көрсетілген шығыстарды болу туралы шешім қабылдай алады.

8.16-бап

Тілі

1. Осы Тарауға сәйкес барлық рәсімдер мен құжаттар ағылшын тілінде жасалады және ресімделеді.

2. Осы Тарауға сәйкес талқылау барысында пайдалану үшін берілетін кез келген құжат ағылшын тілінде жасалуға тиіс. Егер құжаттың түпнұсқасы ағылшын тілінен

басқа тілде жасалса, оларды беруші дау Тарапы осы құжаттың ағылшын тіліндегі аудармасын ұсынуға міндетті.

8.17-бап

Мерзімі

Осы Тарауда көрсетілген кез келген мерзім дау Тараптарының өзара келісуі бойынша түзетілуі мүмкін.

9-ТАРАУ. МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ

9.1-бап

Ынтымақтастық

1. Тараптар мемлекеттік сатып алу саласындағы ынтымақтастықтың маңыздылығын мойындайды және мемлекеттік сатып алу саласындағы транспаренттілік деңгейін арттыру мақсатында ынтымақтастықты жүзеге асырады.

2. Тараптар ынтымақтастықты, атап айтқанда мынадай бағыттар бойынша жүзеге асыратын болады:

(a) тәжірибе және ақпарат алмасу, мысалы, заңнама және нормативтік актілер, практикалар және статистика бойынша алмасу;

(b) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың электрондық нысандарын дамыту;

(c) мемлекеттік сатып алуға қатысты мәселелер бойынша құзыретті органдардың өзара іс-қимылын күшейту;

(d) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру процесінде электрондық құжат айналымын оңайлатуды қоса алғанда, электрондық сатып алу саласында қауіпсіз сенімді кеңістікті дамыту;

(e) басқа Тараптардың мемлекеттік сатып алуы туралы ақпаратқа қол жеткізу үшін қолайлы және тең құқылы орта құру;

(f) Тараптарға қызығушылық тудыратын ынтымақтастықтың басқа да бағыттары.

9.2-бап

Мемлекеттік сатып алу жүйесі туралы ақпарат

1. Тараптар өздерінің тиісті заңнамасын, нормативтік актілерін және мемлекеттік сатып алу туралы ақпаратты осы Келісімге 6-қосымшада санамаланған ресурстарда жариялайды. Транспаренттілік деңгейін арттыру мақсатында Тараптар осы ресурстарға жалпы қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

2. Тараптар мемлекеттік сатып алу туралы қолжетімді ақпаратты (сатып алу туралы хабарлама, сатып алу жөніндегі құжаттама, осындай хабарламалар мен құжаттамаға өзгерістер, сатып алу жөніндегі құжаттаманың ережелеріне түсініктемелер, сатып алуды жүзеге асыру кезінде жасалатын хаттамалар, сатып алу нәтижелері туралы ақпарат) Тараптардың ресми тілінде электрондық нысанда жариялайды.

3. Тараптар тиісті заңнамадағы және нормативтік актілердегі және/немесе мемлекеттік сатып алуды жүргізу рәсімдеріндегі кез келген елеулі өзгерістерді осы

Келісімге 6-қосымшада санамаланған ресурстарда жариялайды немесе мұндай өзгерістер туралы мүмкіндігінше тезірек басқа тәсілдермен бір-бірін хабардар етеді.

4. Әрбір Тарап электрондық ресурстарда жарияланатын мемлекеттік сатып алу туралы ақпараттың тізбесін кеңейтуге ұмтылады.

9.3-бап

Консультациялар

1. Осы тараудың ережелері осы Келісімнің 8-тарауына сәйкес дауларды шешу тетігінің нысанасы болып табылмайды.

2. Тараптың сұрау салуы бойынша екінші Тарап ақылға қонымды уақыт кезеңі ішінде мемлекеттік сатып алуға қатысты мәселелер бойынша түсініктемелер береді.

3. Осы тарауды, оның түсіндірілуіне және қолданылуына қатысты келіспеушілік жағдайларын қоса алғанда, Тараптар арасындағы қатынастарда қолдануға қатысты барлық мәселелер бойынша кез келген Тараптың сұрау салуы бойынша консультациялар өткізіледі.

4. Мұндай консультацияларды жүргізуге сұрау салу осы Келісімнің 9.4-бабына сәйкес тағайындалған Тараптың байланыс пунктіне жіберіледі. Егер Тараптар өзгеше уағдаласпаса, олар осындай сұрау салуды алған күннен бастап 60 күн ішінде консультациялар өткізеді.

5. Консультациялар кездесу түрінде немесе Тараптар келіскен басқа да тәсілдермен өткізілуі мүмкін.

9.4-бап

Байланыс пункттері

1. Әрбір Тарап осы Тараудың іске асырылуына мониторингті жүзеге асыру мақсатында байланыс пунктін тағайындайды. Байланыс пункттері осы Тарауды қолдануды жеңілдету үшін ынтымақтастық рухында жұмыс істейді.

2. Тараптар бір-біріне өздерінің байланыс пункттерінің атаулары мен байланыс деректерін ұсынады.

3. Тараптар өздерінің байланыс пункттеріндегі кез келген өзгерістер туралы бір-бірін дереу хабардар етеді.

10-ТАРАУ. САЛАЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ

10.1-бап

Мақсаттар

Осы тараудың мақсаттары:

(a) *inter alia*, көлік, зерттеулер, инновациялар, шағын және орта кәсіпорындар, энергетика, білім беру, денсаулық сақтау, қоршаған орта, телекоммуникация, құрылыс, автомобиль өнеркәсібі, арнайы экономикалық аймақтардың қызметін қамтуы мүмкін ортақ мүдделі бағыттар бойынша Тараптар арасындағы және Тараптардың шаруашылық жүргізуші субъектілері арасындағы ынтымақтастықты нығайту;

- (b) жаңа қосылған құн тізбектерін құру;
- (c) бірлескен жобаларды іске асыруға жәрдемдесу;
- (d) сауда айналымын ұлғайтуға жәрдемдесу;
- (e) транзиттік әлеуетті дамыту.

10.2-бап

Салалық ынтымақтастықтың қағидаттары мен тәсілдері

1. Осы Тарауға сәйкес жүзеге асырылатын ынтымақтастық мыналарға:

- (a) өзара тиімділікке;
- (b) Тараптардың ұлттық мүдделерінің, олардың заңнамалары мен нормативтік актілерінің сақталуына;
- (c) адал бәсекелестікке;
- (d) транспаренттілікке негізделуге тиіс; және

Тараптардың ұлттық басымдықтары, қолжетімді ресурстар ескеріле отырып және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер мен Иран арасындағы екіжақты ынтымақтастықтың қолданыстағы немесе жоспарланған бастамаларына нұқсан келтірілмей іске асырылуға тиіс.

2. Осы Тарауға сәйкес жүзеге асырылатын ынтымақтастық тәсілдері Тараптардың бастамасы мен тілегі бойынша мыналарды қамтуы мүмкін:

- (a) көлік-логистикалық инфрақұрылым мен көлік дәліздерін бірлесіп дамытуды қоса алғанда, көлік саласындағы ынтымақтастықты ілгерілету;
- (b) мультимодальдық (аралас) тасымалдарды дамыту;
- (c) ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер, сондай-ақ инновациялар саласындағы бірлескен жобалар;
- (d) Тараптардың кәсіпорындары арасында кооперациялық байланыстар орнату;
- (e) заманауи технологиялар пайдаланыла отырып, мұнай мен газды барлау, өндіру және тасымалдау, мұнай өңдеу, мұнай-химия және отын-энергетика кешенінің басқа да салалары саласындағы бірлескен жобаларды іске асыру;
- (f) энергетика саласындағы технологиялармен және инновациялармен алмасуға жәрдемдесу;
- (g) энергия тиімділігі, энергия үнемдеу және жаңартылатын энергия көздері саласындағы ынтымақтастықты ілгерілету;
- (h) білім беру саласындағы ынтымақтастықты дамыту;
- (i) инновациялық, бәсекеге қабілетті және тиімді денсаулық сақтауды дамыту мақсатында медицина және медициналық технологиялар саласындағы ынтымақтастықты ілгерілету;
- (j) "экологиялық қауіпсіз осу" саласындағы ынтымақтастықты ілгерілету;
- (k) телекоммуникацияны дамыту және жанарту.

10.3-бап

Ынтымақтастықты жүзеге асыру нысандары

Тараптар ынтымақтастықты:

(а) ақпарат алмасу және консультациялар өткізу, сондай-ақ Тараптардың іскерлік қоғамдастығына ақпараттық қолдау көрсету;

(b) Тараптардың іскерлік қоғамдастығы арасында диалог пен коммуникация құруға жәрдемдесу;

(с) бірлескен жобаларды ілгерілету;

(d) салалық ынтымақтастық мәселелерін талқылау жөніндегі бірлескен форумдар, бірлескен көрмелер, халықаралық семинарлар мен ғылыми конференциялар;

(е) осы Тарауға қатысты мәселелер бойынша сарапшыларды даярлау тәжірибесімен алмасу арқылы нығайтуға уағдаласты.

10.4-бап

Кіші комитеттер және *ad hoc* жұмыс топтары

1. Тараптар осы Келісімнің 1.5-бабына сәйкес құрылған Бірлескен комитет шеңберінде осы Тарау шеңберіндегі ынтымақтастықты ілгерілету мақсатында кіші комитеттер немесе *ad hoc* жұмыс топтарын құру туралы мәселені қарауы мүмкін.

2. Осындай кіші комитеттердің немесе *ad hoc* жұмыс топтарының құрылуы мен өкілдік деңгейіне қатысты мәселелер Тараптардың тиісті органдары арасында бөлек келісіледі.

10.5-бап

Байланыс пункттері

1. Осы Келісімнің 10.1-бабында көрсетілген салалық ынтымақтастықтың әрбір бағытына қатысты Тараптардың тиісті органдары осы Тарауды қолданудан туындайтын кез келген мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасау үшін байланыс пункттерін тағайындайды. Байланыс пункттерінің функциялары мыналарды қамтиды:

(а) осы Тараудың қолданылу аясы шеңберінде ақпарат алмасуды қамтамасыз ету;

(b) осы Тараудың қолданылу аясы шеңберінде ынтымақтастық туралы сұрау салуларды алу және жіберу, сондай-ақ тиісті жауаптар беру;

(с) осы Келісімнің 10.3-бабына сәйкес келісілген кооперациялық жобалардың тізімін жүргізу;

(d) осы Келісімнің 10.6-бабына сәйкес консультациялар туралы сұрау салуларды алу және жіберу, сондай-ақ тиісті жауаптар беру;

(е) осы Тарауға қатысты мәселелер бойынша екінші Тараптың мүдделі органдарының негізделген сұрау салуларына сәйкес ақпарат беру.

2. Тараптар өздерінің байланыс пункттерінің атаулары мен байланыс деректерін бір-біріне ұсынады.

3. Әрбір Тарап өзінің байланыс пунктіне байланысты кез келген өзгерістер туралы екінші Тарапты дереу хабардар етеді.

10.6-бап

Консультациялар

1. Тараптар арасындағы өзара түсіністікке жәрдемдесу мақсатында немесе осы Тараудың шеңберінде туындайтын белгілі бір мәселелерді шешу мақсатында әрбір Тарап екінші Тараптың сұрау салуы бойынша осы Тараудың шеңберінде туындайтын және екінші Тарап көтерген мәселелер бойынша консультациялар өткізеді. Мекенжайына сұрау салу келіп түскен Тарап екінші Тараптың консультацияларына сұрау салуды мүмкіндігінше тезірек ақылға қонымды мерзімде толық және жан-жақты қарауды қамтамасыз етеді.

2. Консультациялардың нысанасы болып табылатын мәселені талқылауды ілгерілету мақсатында әрбір Тарап екінші Тарапқа тиісті құпия емес ақпарат беруге ұмтылады.

3. Консультациялар кездесу нысанында немесе Тараптардың келісуі бойынша басқа да тәсілдер арқылы жүргізіледі.

10.7-бап

Көлік және транзит саласындағы ынтымақтастық жөніндегі кіші комитет

Осы Келісімді тиімді қолдану және іске асыру, сондай-ақ транзиттің экономикалық орындылығын оңайлату және арттыру саласындағы ынтымақтастықты тереңдету мақсаттары үшін Көлік және транзит саласындағы ынтымақтастық жөніндегі кіші комитет құрылады, оған әрбір Тараптың өкілдері кіреді. Көлік және транзит саласындағы ынтымақтастық жөніндегі кіші комитет Тараптардың уағдаластығы бойынша айқындалған мерзімде және орында, бірақ осы Келісім күшіне енген күннен кейін бір жылдан кешіктірілмей шақырылады. Көлік және транзит саласындағы ынтымақтастық жөніндегі кіші комитет өз қызметінің нәтижелері туралы Бірлескен комитетке баяндайды.

10.8-бап

8-тарауды қолданбау (Дауларды шешу)

Осы Келісімнің 8-тарауы бұл Тарауға қолданылмайды және Тараптардың ешқайсысы осы Тараудың шеңберінде туындайтын қандай да бір мәселе бойынша осы Келісімнің 8-тарауы шеңберіндегі дауларды шешуге жүгінбеуге тиіс.

11-ТАРАУ. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

11.1-бап

Қосымшалар мен қосымша хаттамалар

Осы Келісімге барлық қосымшалар мен қосымша хаттамалар оның ажырамас бөліктері болып есептеледі.

11.2-бап

Күшіне ену

Осы Келісім ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер және Иран ұлттық заңнамада көзделген өздерінің тиісті ішкі заңдық рәсімдерін, оның ішінде ЕАЭО туралы шарттың 7-бабына сәйкес ЕАЭО мен үшінші тарап арасындағы халықаралық шарттың өзі үшін

міндеттілігіне ЕАЭО-ның келісім білдіруі туралы шешім қабылдауды аяқтағандары туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күннен бастап 60 күн өткен соң күшіне енеді. Тиісті хабарламалармен алмасу Еуразиялық экономикалық комиссия мен Иран арасында жүргізілуге тиіс.

11.3-бап

Түзетулер

Осы Келісімді Тараптар өзара жазбаша келісуі бойынша өзгертуі мүмкін. Барлық түзетулер осы Келісімнің 11.2-бабының ережелеріне сәйкес күшіне енеді. Барлық түзетулер осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

11.4-бап

Жаңа ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің қосылуы

1. Еуразиялық экономикалық комиссия кез келген үшінші елдің ЕАЭО-ға кіруге кандидат мәртебесін алуы туралы және ЕАЭО-ға кез келген кіру туралы Иранды уақтылы хабардар етеді.

2. Жаңа ЕАЭО-ға мүше мемлекет Тараптардың өзара уағдаластығына сәйкес осы Келісімге қосылады. Мұндай қосылу осы Келісімге қосымша хаттама нысанында орындалады.

11.5-бап

Келісімнің қолданысын тоқтату және оны бұзу

1. Кез келген Тарап екінші Тарапқа шығу туралы 6 ай бұрын жазбаша түрде хабарлай отырып, осы Келісімнен шыға алады.

2. Осы Келісімнің қолданысы ЕАЭО туралы шарттан шығатын кез келген ЕАЭО-ға мүше мемлекет үшін тоқтатылады. ЕАЭО туралы шарттан шығатын кез келген ЕАЭО-ға мүше мемлекет, *ipso facto* ЕАЭО туралы шарттан шығу күшіне енген күні осы Келісімге қатысушы болуды тоқтатады. Еуразиялық экономикалық комиссия мұндай шығу күнінен 6 ай бұрын кез келген осындай шығу туралы Иранды жазбаша хабардар етеді. Осы Келісімнен осындай шығу жағдайында әрбір Тарап осы Келісімнің 11.3-бабында белгіленген рәсімге сәйкес осы Келісімге өзгерістер енгізуді ұсына алады.

3. Егер ЕАЭО-ға мүше мемлекет осы Келісімнен шықса, осы баптың 2-тармағына сәйкес осы Келісім ЕАЭО және қалған ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер мен Иран үшін күшінде қалады.

Иран күнтізбесі бойынша 1402 жылғы 4 Дейге сәйкес келетін 2023 жылғы 25 желтоқсанда Санкт-Петербург қаласында ағылшын тілінде екі төлнұсқа данада жасалды әрі екі мәтін де бірдей теңтүпнұсқалы болып табылады.

Армения Республикасы үшін

Беларусь Республикасы үшін

Қазақстан Республикасы үшін

Қырғыз Республикасы үшін

Ресей Федерациясы үшін

Еуразиялық экономикалық одақ үшін

Иран Ислам Республикасы үшін

1-ҚОСЫМША

ТАРИФТІК МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ТІЗБЕСІ

Осы қосымшаны қолдану мақсаттары үшін:

1. Еуразиялық экономикалық одақтың және Иран Ислам Республикасының тарифтік міндеттемелерінің екі тізбесі үшін де осы қосымшаның 1 және 2-секцияларында өзгеше көзделмесе, Келісім күшіне енген күннен бастап кедендік баж мөлшерлемесінің байланыстыру деңгейі 0% мөлшерінде барлық тауарларға қолданылуы тиіс.

2. Осы қосымшаның 1 және 2-секцияларының тиісті бөлімшелеріндегі "Тарифтік преференция" және "Квотадан тыс кедендік баждың байланыстыру деңгейі" бағандарындағы "БҚР" осы Келісімнің 2.1-бабының 2-абзацында сипатталған жағдайларды қоспағанда, кез келген үшінші елден шығарылатын белгілі бір тауарға қатысты Тарап қолданатын кедендік баждың мөлшерлемесін білдіреді.

3. Егер осы қосымшаның 1 және 2-секцияларының тиісті бөлімшелеріндегі "Тарифтік преференция" және "Квотадан тыс кедендік баждың байланыстыру деңгейі" бағандарында преференциялық режим орнатылған жағдайда Тарап басқа Тараптың шығарған тауарларына қатысты кедендік баждарының преференциялық мөлшерлемелерін мына формулаға сәйкес қолданады:

Преференциялық мөлшерleme = БҚР(100%-Төмендету)100%

мұнда:

"Төмендету" осы қосымшаның 1 және 2-секцияларындағы тиісті кіші бөлімдеріндегі "Тарифтік преференция" немесе "Квотадан тыс кедендік баждың байланыстыру деңгейі" бағанындағы көрсетілген тиісті санды және кедендік баждың преференциялық мөлшерлемесін есептеу үшін қолданылатын төмендету пайызын білдіреді.

"БҚР" осы Келісімнің 2.1-бабының 2-абзацындағы сипатталған жағдайларды қоспағанда, кез келген үшінші елден шығарылатын нақты тауарға қатысты Тарап қолданатын кедендік баждың мөлшерлемесін білдіреді.

4. Кедендік баждың преференциялық мөлшерлемесін есептеу кезінде адвалорлық кедендік баж қолданылған жағдайда дөңгелектеу үтірден кейін бірінші ондық таңбаға дейін жүзеге асырылуға тиіс, ал ерекше кедендік баж қолданылған жағдайда дөңгелектеу үтірден кейін үшінші ондық таңбаға дейін асырылуға тиіс.

5. Ешбір жағдайда кедендік баждың преференциялық мөлшерлемесі осы қосымшаның 1 және 2-секцияларының тиісті кіші бөлімдеріндегі "Тарифтік преференция" немесе "Квотадан тыс кедендік баждың байланыстыру деңгейі" бағанында көрсетілген тиісті байланыстыру деңгейінен асып кетпеуге тиіс.

1-СЕКЦИЯ

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ АРНАУЛЫ ТАРИФТІК МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

Осы Секцияның мақсаттары үшін "ҮЖ коды" және "Сипаттама" деп Еуразиялық экономикалық одақтың 2021 жылғы 31 желтоқсандағы қолданыстағы номенклатурасының тиісті кіші қосалқы позициялары және оларға сәйкес сипаттамасы түсініледі.

ҮЖ коды	Сипаттама	Тарифтік преференциялар
0101 30	– есектер	БҚР
0101 90	– өзгесі	БҚР
0102 31	– – таза тұқымды асыл тұқымды жануарлар	БҚР
0103 91	– – салмағы 50 кг-нан аз	БҚР
0103 92	– – салмағы 50 кг немесе одан астам	БҚР
0105 14	– – қаздар	БҚР
0105 15	– – теңіз құстары	БҚР
0106 11	– – приматтар	БҚР
0106 20	– бауырымен жорғалаушылар (жыландар мен тасбақаларды қоса алғанда)	БҚР
0201 10	– ұшалар мен жартылай ұшалар	БҚР
0201 20	– сүйектен ажыратылмаған өзге де кесінділер	БҚР
0201 30	– сүйектен сылынған ет	БҚР
0202 10	– ұшалар мен жартылай ұшалар	БҚР
0202 20	– сүйектен ажыратылмаған өзге де кесінділер	БҚР
0202 30	– сүйектен сылынған ет	БҚР
0206 10	– ірі қара малдың еті, жас немесе тоңазытылған еттер	БҚР
0206 21	– – тілдер	БҚР
0206 22	– – бауыр	БҚР
0206 29	– – өзгесі	БҚР
0206 30	– шошқа еті, жас немесе тоңазытылған еттер	БҚР
0206 41	– – бауыр	БҚР
0206 49	– – өзгесі	БҚР
0206 80	– өзге де жас немесе тоңазытылған еттер	БҚР
0206 90	– мұздатылған өзгесі	БҚР
0207 24	– – бөліктерге бөлінбеген, жас немесе тоңазытылған	БҚР

0207 25	– – бөліктерге бөлінбеген, мұздатылған	БҚР
0207 26	– – жас немесе тоңазытылған ұшалардың бөліктері және қосалқы өнімдер	БҚР
0207 27	– – ұшалардың бөліктері және субөнімдер, мұздатылған	БҚР
0207 41	– – бөліктерге бөлінбеген, жас немесе тоңазытылған	БҚР
0207 42	– – бөліктерге бөлінбеген, мұздатылған	БҚР
0207 43	– – майлы бауыр, жас немесе тоңазытылған	БҚР
0207 44	– – өзгесі, жас немесе тоңазытылған	БҚР
0207 45	– – өзгесі, мұздатылған	БҚР
0207 51	– – бөліктерге бөлінбеген, жас немесе тоңазытылған	БҚР
0207 52	– – бөліктерге бөлінбеген, мұздатылған	БҚР
0207 53	– – майлы бауыр, жас немесе тоңазытылған	БҚР
0207 54	– – өзгесі, жас немесе тоңазытылған	БҚР
0207 55	– – өзгесі, мұздатылған	БҚР
0207 60	– теңіз құстары	БҚР
0303 89	– – өзгесі	БҚР
0305 10	– тамаққа пайдалануға жарамды ұсақ және ірі тартылған балық ұны мен балықтан жасалған түйіршіктер	БҚР
0305 44	– – тилапия (<i>Oreochromis</i> spp.), жайын (<i>Pangasius</i> spp., <i>Silurus</i> spp., <i>Clarias</i> spp., <i>Ictalurus</i> spp.), тұқы (<i>Cyprinus</i> spp., <i>Carassius</i> spp., <i>Stenopharyngodon idellus</i> , <i>Hypophthalmichthys</i> spp., <i>Cirrhinus</i> spp., <i>Mylopharyngodon piceus</i> , <i>Catla catla</i> , <i>Labeo</i> spp., <i>Osteochilus hasselti</i> , <i>Leptobarbus hoeveni</i> , <i>Megalobrama</i> spp.), жыланбалық (<i>Anguilla</i> spp.), Ніл латесі (<i>Lates niloticus</i>) және жылан бас (<i>Channa</i> spp.)	БҚР
	– – майшабақ (<i>Clupea harengus</i> , <i>Clupea pallasii</i>), анчоус (<i>Engraulis</i> spp.), сардиналар (<i>Sardina pilchardus</i> , <i>Sardinops</i> spp.), сардинелла (<i>Sardinella</i> spp.),	

0305 54	майшабақтар немесе майбалықтар (Sprattus sprattus), макрель (Scomber scombrus, Scomber australasicus, Scomber japonicus), тропикалық скумбриялар (Rastrelliger spp.), скумбрия (Scomberomorus spp.), жылқы скумбриясы (Trachurus spp.), каранкс (Caranx spp.), кобия (Rachycentron canadum), айна балығы (Pampus spp.), Тынық мұхит сайрасы (Cololabis saira), он жүзді жылқы скумбриясы (Decapterus spp.), мойва (Mallotus villosus), қылыш балық (Xiphias gladius), ұсақ дақты тунец (Euthynnus affinis), пеламида (Sarda spp.), Istiophoridae тұқымдасына жататын балықтар (марлиндер, желкенді балықтар, найзашылар)	БҚР
0305 62	– – треска (Gadus morhua, Gadus ogac, Gadus macrocephalus)	БҚР
0305 72	– – балықтардың бастары, құйрықтары, жүзу көпіршіктері	БҚР
0401 10	– майлылығы 1 %-дан аспайтын	БҚР
0401 20	– майлылығы 1 %-дан асатын, бірақ 6 %-дан артық емес	БҚР
0401 40	– майлылығы 6 %-дан асатын, бірақ 10 %-дан артық емес	БҚР
0401 50	– майлылығы 10 %-дан асатын	БҚР
0402 10	– ұнтақта, түйіршіктерде немесе басқа қатты түрлерде, майлылығы 1,5%-дан аспайтын	БҚР
0402 21	– – қант немесе басқа да тәттілендіретін заттар қосылмаған	БҚР
0402 29	– – өзгесі	БҚР
0402 91	– – қант немесе басқа да тәттілендіретін заттар қосылмаған	БҚР
0402 99	– – өзгесі	БҚР
0403 10	– йогурт	БҚР
0403 90	– өзгесі	БҚР
0404 10	– қоюлатылған немесе қоюлатылмаған, қант немесе басқа да тәттілендіретін заттар қосылған немесе қосылмаған сүт сарысуы және түрі өзгертілген сүт сарысуы	БҚР
0404 90	– өзгесі	БҚР
0405 10	– сары май	БҚР
0405 20	– сүт пасталары	БҚР

0405 90	– өзгесі	БҚР
0406 10	– сарысуы бар альбуминді ірімшіктер мен сүзбені қоса алғанда, жас ірімшіктер (жете піспеген немесе кептірілмеген)	БҚР
0406 20	– үгітілген ірімшіктер немесе ұнтақтағы ірімшіктер, барлық түрлері	БҚР
0406 30	– ерітілген ірімшік, үгітілмеген немесе ұнтақ емес	БҚР
0406 40 100 0	– – Рокфор	БҚР
0406 40 500 0	– – Горгонзола	БҚР
0406 90	– өзге де ірімшіктер	БҚР
0409 00	Табиғи бал	БҚР
0709 30 ішінен	1 маусымнан бастап 31 қазанға дейін	Төмендеу 75%, байланыстыру деңгейі 2,5%
0709 60 100 1 ішінен	1 шілдеден бастап 30 қыркүйекке дейін	Төмендеу 50%, байланыстыру деңгейі 5%
0709 60 100 2 ішінен	1 қазаннан бастап 31 қазанға дейін	БҚР
0709 60 910 0 ішінен	1 шілдеден бастап 31 қазанға дейін	БҚР
0709 60 950 0 ішінен	1 шілдеден бастап 31 қазанға дейін	БҚР
0709 60 990 0 ішінен	1 шілдеден бастап 31 қазанға дейін	Төмендеу 50%, байланыстыру деңгейі 6%
0807 11 ішінен	1 маусымнан бастап 31 қазанға дейін	БҚР
0807 19 ішінен	1 маусымнан бастап 31 қазанға дейін	БҚР
1001 11	– – тұқымдық	БҚР
1002 10	– тұқымдық	БҚР
1004 10	– тұқымдық	БҚР
1007 10	– тұқымдық	БҚР
1008 40	– шаянтәрізділер (<i>Digitaria</i> spp.)	БҚР
1008 50	– киноа немесе күріш квиноасы (<i>Chenopodium quinoa</i>)	БҚР
1008 60	– тритикале	БҚР
1008 90	– өзге де дәнді дақылдар	БҚР
1211 40	– көкнәр сабаны	БҚР
1701 12	– – қызылшалық қант	БҚР
1701 13	– – осы топтың 2-субпозицияларына ескертпеде көрсетілген құрақ қанты	БҚР
1701 14	– – өзге де құрақ қанты	БҚР

1701 91	– – дәмдік-хош иісті немесе бояғыш қоспалары бар	БҚР
1701 99	– – өзгесі	БҚР
1901 10	– сәби балаларға арналған, бөлшек сауда үшін өлшеп оралған дайын тамақ өнімдері	БҚР
1901 90	– өзгесі	БҚР
2001 10	– қияр мен корнишон	БҚР
2002 10	– тұтас немесе бөліктерге кесілген қызанақтар	БҚР
2004 10	– картоп	БҚР
2004 90	– өзге де көкөністер мен көкөніс қоспалары	БҚР
2005 51	– – аршылған үрме бұршақ	БҚР
2005 59	– – өзгесі	БҚР
2006 00	қанттың көмегімен консервіленген көкөністер, жемістер, жаңғақтар, жемістердің қабығы және өсімдіктердің басқа бөліктері (қант шырыны сіңірілген, глазуrlenген немесе қант қосылған)	БҚР
2204 30	– өзге де жүзім ашытқысы	БҚР
2207 10	– спирт концентрациясы 80% денатуратталмаған этил спирті б. % немесе одан да көп	БҚР
2207 20	– этил спирті және кез келген концентрациядағы денатуратталған өзге де спирт тұнбалары	БҚР
2303 30	– барда және сыра қайнату немесе шарап қайнату кезіндегі өзге де қалдықтар	БҚР
2306 10	– мақта тұқымынан	БҚР
2402 20	– құрамында темекі бар сигареттер	БҚР
2402 90	– өзгесі	БҚР
2403 11	– – осы топқа 1-субпозицияға ескертпеде көрсетілген кальянға арналған темекі	БҚР
2403 19	– – өзгесі	БҚР
2620 21	– – этилденген бензиннің шламдары және этилденген детонацияға қарсы қоспаның шламдары	БҚР
2621 10	– күл және қала шаруашылығының қалдықтарын жағудан қалған қалдықтар	БҚР

2705 00	Мұнай газдары мен басқа да газ тәрізді көмірсутектерден басқа, таскөмірлі, сулы, генераторлық газ және осыған ұқсас газдар	БҚР
2707 20	– толуол	БҚР
2707 30	– ксилол	БҚР
2707 91	– – креозоттық майлар	БҚР
2708 20	– пектік кокс	БҚР
2714 10	– битуминозды немесе мұнайлы тақтатастар және битуминозды құмтастар	БҚР
2801 10	– хлор	БҚР
2801 30	– фтор; бром	БҚР
2803 00	Көміртек (күйелер және көміртегінің басқа жерде аталмаған немесе енгізілмеген өзге де нысандары)	БҚР
2804 10	– сутегі	БҚР
2804 21	– – аргон	БҚР
2804 29	– – өзгесі	БҚР
2804 30	– азот	БҚР
2804 40	– оттегі	БҚР
2804 50	– бор; теллур	БҚР
2804 69	– – өзгесі	БҚР
2804 80	– мышьяк	БҚР
2804 90	– селен	БҚР
2805 12	– – кальций	БҚР
2805 40	– сынап	БҚР
2806 20	– хлорсульфон қышқылы	БҚР
2809 10	– дифосфор пентаоксиді	БҚР
2809 20	– фосфор қышқылы және полифосфор қышқылдары	БҚР
2811 21	– – көміртегі диоксиді	БҚР
2812 11	– – карбонил дихлориді (фосген)	БҚР
2812 12	– – фосфор оксихлориді	БҚР
2812 13	– – фосфор трихлориді	БҚР
2812 14	– – фосфор пентахлориді	БҚР
2812 17	– – тионил хлориді	БҚР
2812 19	– – өзгесі	БҚР
2815 12	– – сулы ерітіндіде (натрий сілті немесе сұйық сода)	БҚР
2820 10	– марганец диоксиді	БҚР
2820 90	– өзгесі	БҚР

2821 10	– темірдің оксидтері мен гидроксидтері	БҚР
2824 10	– қорғасын тотығы (қорғасын глеті, массикот)	БҚР
2825 40	– никельдің оксидтері мен гидроксидтері	БҚР
2825 50	– мыс оксидтері мен гидроксидтері	БҚР
2825 80	– сүрме оксидтері	БҚР
2827 41	– – мыс	БҚР
2831 90	– өзгесі	БҚР
2832 30	– тиосульфаттар	БҚР
2833 24	– – никель	БҚР
2835 22	– – моно- немесе динатрий	БҚР
2835 26	– – өзге де кальций фосфаттары	БҚР
2835 29	– – өзгесі	БҚР
2835 31	– – натрий трифосфаты (натрий триполифосфаты)	БҚР
2835 39	– – өзгесі	БҚР
2836 60	– барий карбонаты	БҚР
2837 19	– – өзгесі	БҚР
2837 20	– кешенді цианидтер	БҚР
2840 30	– пероксобораттар (пербораттар)	БҚР
2841 69	– – өзгесі	БҚР
2841 70	– молибдаттар	БҚР
2841 80	– вольфраматтар	БҚР
2844 50	– ядролық реакторлардың пайдаланылған (сәулеленген) жылу бөлетін элементтері (твэлдер)	БҚР
2845 10	– ауыр су (дейтерий оксиді)	БҚР
2845 90	– өзгесі	БҚР
2846 10	– церийдің қосылыстары	БҚР
2846 90	– өзгесі	БҚР
2849 20	– кремний	БҚР
2852 10	– белгілі бір химиялық құрамның	БҚР
2853 10	– хлорлы циан (хлорциан)	БҚР
2901 10	– қаныққан	БҚР
2902 11	– – циклогексан	БҚР
2902 20	– бензол	БҚР
2902 42	– – м-ксилол	БҚР
2902 43	– – р-ксилол	БҚР
2902 44	– – ксилол изомерлерінің қоспалары	БҚР

2902 60	– этилбензол	БҚР
2902 70	– қумол	БҚР
2903 11	– – хлорметан (метилхлорид) және хлорэтан (этилхлорид)	БҚР
2903 14	– – төрт хлорлы көміртек	БҚР
2903 22	– – үшхлорэтилен	БҚР
2903 29	– – өзгесі	БҚР
2903 31	– – этилендибромид (ISO) (1,2-дибромэтан)	БҚР
2903 72	– – дихлортрифторэтан	БҚР
2903 73	– – дихлорфторэтан	БҚР
2903 74	– – хлордифторэтаналар	БҚР
2903 75	– – дихлорпентафторпропан	БҚР
2903 76	– – бромхлордифторметан, бромтрифторметан және дибромтетрафторэтан	БҚР
2903 77	– – өзгесі, тек фтормен және хлормен пергалогенделген	БҚР
2903 78	– – өзге де пергалогенделген туындылар	БҚР
2903 79	– – өзгесі	БҚР
2903 81	– – 1, 2, 3, 4, 5, 6-гексахлорциклогексан (ГХГ (ISO)), линданды қоса алғанда (ISO, INN)	БҚР
2903 82	– – алдрин (ISO), хлордан (ISO) және гептахлор (ISO)	БҚР
2903 92	– – гексахлорбензол (ISO) және ДДТ (ISO) (клофенотан (INN), 1,1,1-трихлор-2,2-бис (п-хлорфенил)этан)	БҚР
2903 93	– – пентахлорбензол (ISO)	БҚР
2904 31	– – перфтороктансульфон қышқылы	БҚР
2904 36	– – перфтороктансульфонилфторид	БҚР
2905 17	– – додекан-1-ол (лаурил спирті), гексадекан-1-ол (цетил спирті) және октадекан-1-ол (стеарил спирті)	БҚР
2905 19	– – өзгесі	БҚР
2905 22	– – ациклді терпендік спирттер	БҚР
2905 31	– – этиленгликоль (этанедиол)	БҚР
2905 41	– – 2-этил-2-(гидроксиметил)пропан-1,3-диол (триметилпропан)	БҚР

2905 43	-- маннит	БҚР
2906 11	-- ментол	БҚР
2906 12	-- циклогексанол, метилциклогексанолдар және диметилциклогексанолдар	БҚР
2906 13	-- стеролдар мен инозиттер	БҚР
2906 19	-- өзгесі	БҚР
2906 21	-- бензилді спирт	БҚР
2907 12	-- крезолдар және олардың тұздары	БҚР
2907 15	-- нафтолдар және олардың тұздары	БҚР
2907 22	-- гидрохинон (хинол) және оның тұздары	БҚР
2907 29	-- өзгесі	БҚР
2908 11	-- пентахлорфенол (ISO)	БҚР
2908 19	-- өзгесі	БҚР
2908 99	-- өзгесі	БҚР
2909 11	-- жай диэтил эфирі	БҚР
2909 20	-- қарапайым циклоалкандық, циклоалкендік немесе циклотерпендік эфирлер және олардың галогенделген, сульфидтелген, нитрленген немесе нитродалған туындылары	БҚР
2909 30	-- жай ароматты эфирлер және олардың галогенделген, сульфидтелген, нитрленген немесе нитродалған туындылары	БҚР
2909 50	-- эфир фенолдар, эфирпиртофенолдар және олардың галогенделген, сульфидтелген, нитрленген немесе нитродалған туындылары	БҚР
2910 10	-- оксиран (этилен оксиді)	БҚР
2912 21	-- бензальдегид	БҚР
2912 41	-- ванилин (4-гидрокси-3- метоксибензальдегид)	БҚР
2912 42	-- этилванилин (3-этокси-4- гидроксибензальдегид)	БҚР
2912 49	-- өзгесі	БҚР
2912 50	-- циклдік альдегидтердің полимерлері	БҚР
2913 00	2912 тауар позициясының галогенделген, сульфидтелген, нитрленген немесе нитродалған қосылыстар туындылары	БҚР

2914 13	– – 4-метилпентан-2-он (метилизобутил кетон)	БҚР
2914 19	– – өзгесі	БҚР
2914 23	– – ионондар мен метилионондар	БҚР
2914 31	– – фенилацетон (фенилпропан-2-он)	БҚР
2914 39	– – өзгесі	БҚР
2914 40	– кетон спирттері мен кетональдегидтер	БҚР
2914 62	– – коэнзим Q10 (убидекаренон (INN))	БҚР
2914 71	– – хлордекон (ISO)	БҚР
2914 79	– – өзгесі	БҚР
2915 13	– – құмырсқа қышқылының күрделі эфирлері	БҚР
2915 24	– – сірке ангидридi	БҚР
2915 50	– пропион қышқылы, оның тұздары және күрделі эфирлері	БҚР
2915 60	– май қышқылдары, валериан қышқылдары, олардың тұздары мен күрделі эфирлері	БҚР
2916 13	– – метакрил қышқылы және оның тұздары	БҚР
2916 16	– – бинапакрил (ISO)	БҚР
2916 19	– – өзгесі	БҚР
2916 20	– циклоалкандық, циклоалкендік немесе циклотерпендік монокарбондық қышқылдар, олардың ангидридтері, галогенангидридтері, пероксидтері, пероксиқышқылдары және олардың туындылары	БҚР
2916 34	– – фенилсірке қышқылы және оның тұздары	БҚР
2917 13	– – азелаин қышқылы және себацин қышқылы, олардың тұздары мен күрделі эфирлері	БҚР
2917 19	– – өзгесі	БҚР
2917 33	– – динонил- немесе дидецилортофталаттар	БҚР
2917 35	– – фталдық ангидрид	БҚР
2918 16	– – глюкоз қышқылы, оның тұздары және күрделі эфирлері	БҚР
2918 17	– – 2,2-дифенил-2-гидроксисірке қышқылы (бензил қышқылы)	БҚР
2918 18	– – хлорбензилат (ISO)	БҚР

2918 19	-- өзгесі	БҚР
2918 21	-- салицил қышқылы және оның тұздары	БҚР
2918 22	-- о-ацетилсалицил қышқылы, оның тұздары және күрделі эфирлері	БҚР
2918 29	-- өзгесі	БҚР
2918 30	-- құрамында альдегид немесе кетон тобы бар, бірақ құрамында басқа оттегі бар функционалдық тобы жоқ карбон қышқылдары, олардың ангидридтері, галогенангидридтері, пероксидтері, пероксиқышқылдары және олардың туындылары	БҚР
2918 91	-- 2,4,5-Т (ISO) (2,4,5-трихлорфеноксисірке қышқылы), оның тұздары мен күрделі эфирлері	БҚР
2919 10	-- трис(2,3-дибромопропил)фосфат	БҚР
2920 11	-- паратион (ISO) және паратионметил (ISO) (метилпаратион)	БҚР
2920 21	-- диметилфосфит	БҚР
2920 22	-- диэтилфосфит	БҚР
2920 23	-- триметилфосфит	БҚР
2920 29	-- өзгесі	БҚР
2920 30	-- эндосульфан (ISO)	БҚР
2921 12	-- 2-(N,N-диметиламин) этилхлорид гидрохлориді	БҚР
2921 13	-- 2-(N,N-диэтиламин) этилхлорид гидрохлориді	БҚР
2921 14	-- 2-(N,N-диизопропиламин) этилхлорид гидрохлориді	БҚР
2921 19	-- өзгесі	БҚР
2921 22	-- гексаметилендиамин және оның тұздары	БҚР
2921 43	-- толуидиндер және олардың туындылары; осы қосылыстардың тұздары	БҚР
2921 44	-- дифениламин және оның туындылары; осы қосылыстардың тұздары	БҚР
2921 45	-- 1-нафтиламин (а-нафтиламин), 2-нафтиламин (b-нафтиламин) және олардың туындылары; осы қосылыстардың тұздары	БҚР

2921 46	– – амфетамин (INN), бензфетамин (INN), дексамфетамин (INN), этиламфетамин (INN), фенкамфамин (INN), лефетамин (INN), левамфетамин (INN), мефенорекс (INN) және фентермин (INN); осы қосылыстардың тұздары	БҚР
2921 49	– – өзгесі	БҚР
2922 16	– – диетаноламмоний перфтороктансульфонаты	БҚР
2922 18	– – 2-(N,N-диизопропиламин) этанол	БҚР
2922 21	– – аминогидроксинафталин-сульфокышқылдар және олардың тұздары	БҚР
2922 29	– – өзгесі	БҚР
2922 39	– – өзгесі	БҚР
2922 42	– – глутамин қышқылы және оның тұздары	БҚР
2922 43	– – антранил қышқылы және оның тұздары	БҚР
2923 10	– холин және оның тұздары	БҚР
2923 30	– тетраэтиламмоний перфтороктансульфонаты	БҚР
2923 40	– дидецилдиметиламмоний перфтороктансульфонаты	БҚР
2924 11	– – мепробамат (INN)	БҚР
2924 12	– – фторацетамид (ISO), монокротофос (ISO) және фосфамидон (ISO)	БҚР
2924 23	– – 2-ацетамидобензой қышқылы (N-ацетилантранил қышқылы) және оның тұздары	БҚР
2924 24	– – этинамат (INN)	БҚР
2924 25	– – алахлор (ISO)	БҚР
2925 12	– – глутетимид (INN)	БҚР
2925 19	– – өзгесі	БҚР
2925 21	– – хлордимеформ (ISO)	БҚР
2926 20	– 1-цианогуанидин (дициандиаמיד)	БҚР
2926 30	– фенпропорекс (INN) және оның тұздары; метадон (INN) - аралық өнім (4-циано-2-диметиламино-4,4-дифенилбутан)	БҚР
2926 40	– альфа-фенилацетоацетонитрил	БҚР

2927 00	Диазо-, азо- немесе азоксиқосылыстар	БҚР
2930 20	– тиокарбамааттар және дитиокарбамааттар	БҚР
2930 30	– тиурам моно-, ди- немесе тетрасульфидтер	БҚР
2930 70	– бис(2-гидроксиэтил)сульфид (тиодигликоль (INN))	БҚР
2930 80	– алдикарб (ISO), каптафол (ISO) және метамидофос (ISO)	БҚР
2930 90	– өзгесі	БҚР
2931 20	– трибутилбас қосылыстар	БҚР
2931 31	– – диметилметилфосфонат	БҚР
2931 32	– – диметилпропилфосфонат	БҚР
2931 33	– – диэтилэтилфосфонат	БҚР
2931 36	– – (5-этил-2-метил-2-оксид-1,3,2-диоксафосфинан-5-л)метил метил метилфосфонат	БҚР
2931 38	– – метилфосфон қышқылының тұзы және (аминоиминометил) несепнәр (1 1)	БҚР
2932 11	– – тетрагидрофуран	БҚР
2932 13	– – фурфурилді және тетрагидрофурфурилді спирттер	БҚР
2932 14	– – сукралоза	БҚР
2932 20	– лактондар	БҚР
2932 91	– – изосафрол	БҚР
2932 93	– – пиперональ	БҚР
2932 95	– – тетрагидроканнабинолдар (барлық изомерлер)	БҚР
2933 11	– – феназон (антипирин) және оның туындылары	БҚР
2933 19	– – өзгесі	БҚР
2933 21	– – гидантоин және оның туындылары	БҚР
2933 31	– – пиридин және оның тұздары	БҚР
2933 41	– – леворфанол (INN) және оның тұздары	БҚР
2933 49	– – өзгесі	БҚР
2933 52	– – малонилмочевина (барбитур қышқылы) және оның тұздары	БҚР
	– – аллобарбитал (INN), амобарбитал (INN), барбитал (INN), буталбитал (INN), бутобарбитал, циклобарбитал (INN), метилфенобарбитал (INN),	

2933 53	пентобарбитал (INN), фенобарбитал (INN), секбутабарбитал (INN), секобарбитал (INN) және винилбитал (INN); осы қосылыстардың тұздары	БҚР
2933 54	– – малонилмочевинаның (барбитур қышқылы) өзге туындылары; осы қосылыстардың тұздары	БҚР
2933 55	– – лопразолам (INN), меклокалон (INN), метакуалон (INN) және зипепрол (INN); осы қосылыстардың тұздары	БҚР
2933 72	– – клобазам (INN) және метиприлон (INN)	БҚР
2933 92	– – азинфосметил (ISO)	БҚР
2934 91	– – аминорекс (INN), бротизолам (INN), клотиазепам (INN), клоксазолам (INN), декстроморамид (INN), галоксазолам (INN), кетазолам (INN), мезокарб (INN), оксазолам (INN), пемолин (INN), фендиметразин (INN), фенметразин (INN) және суфентанил (INN); осы қосылыстардың тұздары	БҚР
2935 10	– N-метилперфтороктансульфанила мид	БҚР
2935 20	– N-этилперфтороктансульфанилам ид	БҚР
2935 50	– өзге де перфтороктансульфаниламидтер	БҚР
2936 23	– – В2 дәрумені және оның туындылары	БҚР
2936 24	– – D- немесе DL-пантотендік қышқыл (В3 дәрумені немесе В5 дәрумені), оның туындылары	БҚР
2936 25	– – В6 дәрумені және оның туындылары	БҚР
2936 26	– – В12 дәрумені және оның туындылары	БҚР
2936 27	– – С дәрумені және оның туындылары	БҚР
2936 28	– – Е дәрумені және оның туындылары	БҚР

2937 50	– простагландиндер, тромбоксандар және лейкотриендер, олардың туындылары және құрылымдық аналогтары	БҚР
2938 10	– рутозид (рутин) және оның туындылары	БҚР
2938 90	– өзгесі	БҚР
2939 20	– хин ағашының қабығынан окшауланған алкалоидтар және олардың туындылары; осы қосылыстардың тұздары	БҚР
2939 30	– кофеин және оның тұздары	БҚР
2939 41	– – эфедрин және оның тұздары	БҚР
2939 42	– – псевдоэфедрин (INN) және оның тұздары	БҚР
2939 43	– – катин (INN) және оның тұздары	БҚР
2939 44	– – норэфедрин және оның тұздары	БҚР
2939 49	– – өзгесі	БҚР
2939 51	– – фенетиллин (INN) және оның тұздары	БҚР
2939 59	– – өзгесі	БҚР
2939 61	– – эргометрин (INN) және оның тұздары	БҚР
2939 62	– – эрготамин (INN) және оның тұздары	БҚР
2939 63	– – лизергия қышқылы және оның тұздары	БҚР
2939 71	– – кокаин, эггонин, левометамфетамин, метамфетамин (INN), метамфетамин рацематы; тұздар, күрделі эфирлер және олардың өзге де туындылары	БҚР
2939 80	– өзгесі	БҚР
2940 00	Сахарозадан, лактозадан, мальтозадан, глюкозадан және фруктозадан басқа химиялық таза қанттар; 2937, 2938 немесе 2939 тауар позициясының өнімдерінен басқа қанттардың жай эфирлері, қанттардың ацеталдары және қанттардың күрделі эфирлері, олардың тұздары	БҚР
2941 20	– стрептомициндер және олардың туындылары; осы қосылыстардың тұздары	БҚР

3101 00	Жануарлардан немесе өсімдіктерден алынған, аралас немесе араластырылмаған, химиялық өңделген немесе өңделмеген тыңайтқыштар; өсімдіктерден немесе жануарлардан алынатын өнімдерді араластыру немесе химиялық өңдеу арқылы алынған тыңайтқыштар	БҚР
3102 21	— — аммоний сульфаты	БҚР
3102 60	— қос тұздар мен кальций нитраты мен аммоний нитратының қоспалары	БҚР
3102 80	— сулы немесе аммиакты ерітіндідегі мочевина мен аммиак селитрасының қоспалары	БҚР
3103 19	— — өзгесі	БҚР
3105 60	— құрамында фосфор мен калийдің екі қоректік элементі бар минералды немесе химиялық тыңайтқыштар	БҚР
3105 90	— өзгесі	БҚР
3207 10	— дайын пигменттер, дайын шыны сөндіргіштер, дайын бояулар және ұқсас препараттар	БҚР
3207 30	— сұйық жылтырлар және ұқсас препараттар	БҚР
3210 00	Өзге де бояулар мен лактар (эмальдарды, политураларды және желімдік бояуларды қоса алғанда); былғарыны өңдеу үшін пайдаланылатын дайын сулы пигменттер	БҚР
3211 00	дайын сиккативтер	БҚР
3212 10	— бедерлеуге арналған фольга	БҚР
3212 90	— өзгесі	БҚР
3215 11	— — қара	БҚР
3303 00	Әтір және иіссу	БҚР
3304 99	— — өзгесі	БҚР
3305 90	— өзгесі	БҚР
3307 30	— хош иістендірілген тұздар және ванна қабылдауға арналған өзге де құрамдар	БҚР
3307 90	— өзгесі	БҚР
	— құрамында сабын бар немесе жоқ, бөлшек саудада сату үшін өлшеп-оралған беттік-белсенді	

3401 30	органикалық заттар және сұйықтық немесе теріні жууға арналған крем түріндегі құралдар	БҚР
3402 19	– – өзгесі	БҚР
3405 10	– балауыздар, кремдер және аяқ киімге немесе былғарыға арналған ұқсас құралдар	БҚР
3405 20	– ағаш жиһазды, едендерді немесе ағаштан жасалған өзге де бұйымдарды күтуге арналған жылтыратқыштар, мастикалар және ұқсас құралдар	БҚР
3405 30	– металдарға арналған жылтыратқыш заттардан басқа, автомобиль шанақтарына арналған жылтыратқыштар және соған ұқсас құралдар	БҚР
3405 40	– тазартқыш пасталар мен ұнтақтар және өзге де тазартқыш құралдар	БҚР
3405 90	– өзгесі	БҚР
3506 91	– – 3901 – 3913 тауар позицияларының полимерлері немесе каучук негізіндегі адгезивтер	БҚР
3602 00	Оқ-дәріден басқа, дайын жарылғыш заттар	БҚР
3701 91	– – түрлі-түсті фотосуреттер үшін (полихромды)	БҚР
3701 99	– – өзгесі	БҚР
3702 31	– – түрлі-түсті фотосуреттер үшін (полихромды)	БҚР
3702 32	– – өзгесі, күміс галогенидінен жасалған эмульсиямен	БҚР
3702 39	– – өзгесі	БҚР
3702 41	– – түрлі-түсті фотосуреттер үшін ені 610 мм-ден астам және ұзындығы 200 м-ден астам (полихромды)	БҚР
3702 42	– – түрлі-түсті фотосуретке арналған пленкаларды қоспағанда, ені 610 мм-ден астам және ұзындығы 200 м-ден астам	БҚР
3702 43	– – ені 610 мм-ден астам және ұзындығы 200 м-ден аспайтын	БҚР
3702 44	– – ені 105 мм-ден астам, бірақ 610 мм-ден аспайтын	БҚР
3702 52	– – ені 16 мм-ден аспайтын	БҚР

3702 53	– – ені 16 мм-ден астам, бірақ 35 мм-ден аспайтын және ұзындығы 30 м-ден аспайтын, мөлдір үлдірлерге арналған	БҚР
3702 54	– – диапозитивтерге арналған үлдірлерден басқа, ені 16 мм-ден астам, бірақ 35 мм-ден аспайтын және ұзындығы 30 м-ден аспайтын	БҚР
3702 55	– – ені 16 мм-ден астам, бірақ 35 мм-ден аспайтын және ұзындығы 30 м-ден астам	БҚР
3702 56	– – ені 35 мм-ден астам	БҚР
3702 96	– – ені 35 мм-ден аспайтын және ұзындығы 30 м-ден аспайтын	БҚР
3702 97	– – ені 35 мм-ден аспайтын және ұзындығы 30 м-ден аспайтын	БҚР
3702 98	– – ені 35 мм-ден астам	БҚР
3704 00	Экспозицияланған, бірақ ашылмаған фотографиялық пластинкалар, пленка, қағаз, картон және тоқыма материалдары	БҚР
3705 00	Кинопленкадан басқа, экспозицияланған және көрсетілген фотопластинкалар мен фотопленка	БҚР
3805 10	– шайырлы, сүректі немесе сульфатты скипидар	БҚР
3806 90	– өзгесі	БҚР
3808 94	– – дезинфекциялаушы құралдар	БҚР
3811 19	– – өзгесі	БҚР
3811 21	– – құрамында битуминозды жыныстардан алынған мұнай немесе мұнай өнімдері бар	БҚР
3811 90	– өзгесі	БҚР
3815 90	– өзгесі	БҚР
3816 00	3801 тауар позициясының тауарларынан басқа отқа төзімді цементтер, құрылыс ерітінділері, бетондар және ұқсас құрамдар	БҚР
3820 00	Антифриздер және мұздануға қарсы дайын сұйықтықтар	БҚР
3824 71	– – құрамында хлорфторкөмірсутектері (КФК) бар, құрамында гидрохлорфторкөмірсутектері (ГХФК) бар немесе жоқ, перфторкөмірсутектері (ПФК)	БҚР

	немесе гидрофторкөмірсутектері (ГФК) бар	
3824 72	– – құрамында бромхлордифторметан, бромтрифторметан немесе дибромтетрафторэтан бар	БҚР
3824 76	– – құрамында 1,1,1- трихлорэтан (метилхлороформ) бар	БҚР
3824 77	– – құрамында бромметан (метилбромид) немесе бромхлорметан бар	БҚР
3824 81	– – құрамында оксиран (этилен оксиді) бар	БҚР
3824 83	– – құрамында трис бар(2,3-дибромпропил)фосфат	БҚР
3824 84	– – құрамында альдрин (ISO), камфехлор (ISO) (токсафен), хлордан (ISO), хлордекон (ISO), ДДТ (ISO) бар (клофенотан (INN), 1,1,1-трихлор-2,2-бис(п-хлорфенил)этан), диэлдрин (ISO), INN), эндосульфан (ISO), эндрин (ISO), гептахлор (ISO) немесе мирекс (ISO)	БҚР
3824 86	– – құрамында пентахлорбензол (ISO) немесе гексахлорбензол (ISO) бар	БҚР
3824 87	– – құрамында перфтороктансульфон қышқылы, оның тұздары, перфтороктансульфаниламидтер немесе перфтороктансульфонилфторид бар	БҚР
3825 10	– қала шаруашылығының қалдықтары	БҚР
3825 20	– ағынды сулардың шламы	БҚР
3825 41	– – галогенделген	БҚР
3825 49	– – өзгесі	БҚР
3825 50	– металдарды өңдеуде пайдаланылған ерітінділер, гидравликалық сұйықтықтар, тежегіш сұйықтықтары және антифриздер	БҚР
3825 61	– – құрамында негізінен органикалық құрауыштары барлар	БҚР
3825 69	– – өзгесі	БҚР
3901 10	– үлес салмағы 0,94-тен кем полиэтилен	БҚР

3901 20	– үлес салмағы 0,94 немесе одан жоғары полиэтилен	БҚР
3901 30	– этиленнің винилацетатпен сополимерлері	БҚР
3901 40	– меншікті салмағы 0,94-тен кем этилен-альфа-олефинді сополимерлер	БҚР
3902 10	– полипропилен	БҚР
3902 30	– пропиленнің сополимерлері	БҚР
3902 90	– өзгесі	БҚР
3903 11	– – көбіктенетін	БҚР
3903 19	– – өзгесі	БҚР
3903 30	– акрилонитрил бутадиенстиролды сополимерлер (ABS)	БҚР
3903 90	– өзгесі	БҚР
3904 10	– басқа компоненттермен араластырылмаған поливинилхлорид	БҚР
3907 40	– – пластиктендірілген	БҚР
3907 61	– – тұтқырлық саны 78 мл/г немесе одан жоғары	БҚР
3907 69	– – өзгесі	БҚР
3909 50	– полиуретандар	БҚР
3911 90	– өзгесі	Төмендеу 8%, байланыстыру деңгейі 6%
3912 12	– – пластиктендірілген	БҚР
3912 31	– – карбоксиметилцеллюлоза және оның тұздары	БҚР
3912 90	– өзгесі	БҚР
3913 10	– альгин қышқылы, оның тұздары және күрделі эфирлері	БҚР
3917 10	– қатайтылған протеиндерден немесе целлюлозалық материалдардан жасалған жасанды қабықшалар (шұжық өнімдері үшін)	БҚР
3917 39 000 1	– – – жіксіз және ұзындығы көлденең қиманың ең үлкен өлшемінен асатын, беті өңделген немесе өңделмеген, бірақ ешқандай өндеуден өтпеген кесінділерге кесілген	Төмендеу 20%, байланыстыру деңгейі 5,2%
3917 39 000 3	– – – – азаматтық әуе кемелеріне арналған фитингтері орнатылған5)	Төмендеу 20%, байланыстыру деңгейі 4%
3917 39 000 8	– – – – өзгесі	Төмендеу 50%, байланыстыру деңгейі 3,3%

3920 10 230 0	----- жартылай өткізгішті немесе баспа схемаларын өндіруде пайдаланылатын фоторезист үлбірін алуға арналған қалыңдығы 20 мкм немесе одан астам, бірақ 40 мкм аспайтын полиэтилен үлбірі	Төмендеу 50%, байланыстыру деңгейі 3,3%
3920 10 240 0	----- созылатын үлбір	Төмендеу 50%, байланыстыру деңгейі 3,3%
3920 10 250 0	----- өзгесі	Төмендеу 50%, байланыстыру деңгейі 3,3%
3920 10 280 0	----- 0,94 немесе одан да көп	Төмендеу 50%, байланыстыру деңгейі 3,3%
3920 10 400 1	----- қалыңдығы кемінде 10,8 мкм, бірақ 13,2 мкм-ден аспайтын полиэтилентерефталат қабатынан және қалыңдығы кемінде 59,2 мкм, бірақ 72,8 мкм этилен полимерлерінің қабатынан тұратын фотоэлектрлік элементтердің электродтарын бекітуге арналған үлбір, ені кемінде 144,6 мм, бірақ 145,4 мм-ден аспайтын орамдарда, күн батареяларын өндіру үшін қолданылады5)	Төмендеу 50%, байланыстыру деңгейі 3,3%
3920 10 400 9	----- өзгесі	Төмендеу 50%, байланыстыру деңгейі 3,3%
3921 11	-- стирол полимерлерінен жасалған	БҚР
3921 12	-- винилхлорид полимерлерінен жасалған	БҚР
3923 90	-- өзгесі	БҚР
3924 90	-- өзгесі	Төмендеу 50%, байланыстыру деңгейі 6%
4002 41	-- латекс	БҚР
4002 49	-- өзгесі	БҚР
4002 51	-- латекс	БҚР
4002 70	-- конъюгацияланбаған этиленпропилендиенді каучук (EPDM)	БҚР
4002 80	-- 4001 тауар позициясының кез келген өнімінің осы тауар позициясының кез келген өнімімен қоспалары	БҚР
4005 20	-- ерітінділер; 4005 10 субпозициясында көрсетілгендерден басқа өзге де дисперсиялар	БҚР

4006 10	– шиналарды қалпына келтіруге арналған протекторлық дайындамалар	БҚР
4010 34	– – сыртқы шеңберінің ұзындығы 180 см-ден асатын, бірақ 240 см-ден аспайтын қырлы белдіктерден басқа, трапеция тәрізді көлденең қиманың шексіз жетек белдіктері (сына тәрізді белдіктер)	БҚР
4010 36	– – сыртқы шеңберінің ұзындығы 150 см-ден асатын, бірақ 198 см-ден аспайтын шексіз тісті жетекті белдіктер	БҚР
4101 20	– тұтас терілер, бөлінбеген, әрқайсысының салмағы құрғақ күйінде 8 кг-нан аспайтын, құрғақ тұздалған күйінде 10 кг немесе жаңа, дымқыл тұздалған немесе басқа консервіленген күйінде 16 кг	БҚР
4102 10	– жүн жамылғысымен	БҚР
4103 20	– бауырымен жорғалаушылардың	БҚР
4103 30	– шошқалардың	БҚР
4106 31	– – ылғалды жағдайда (хромдалған жартылай фабрикатты қоса алғанда)	БҚР
4106 32	– – құрғақ күйінде (қыртыс)	БҚР
4106 40	– бауырымен жорғалаушылардың	БҚР
4106 91	– – ылғалды жағдайда (хромдалған жартылай фабрикатты қоса алғанда)	БҚР
4113 30	– бауырымен жорғалаушылардың	БҚР
4114 10	– күдері (аралас күдері қоса алғанда)	БҚР
4206 00	Ішкі ағзалардан (жібек көбелегінің жібек бөлетін бездерінен басқа), көгеруден, көпіршіктерден немесе сіңірлерден жасалған бұйымдар	БҚР
4301 30	– астрахан, құйрық, қаракөл, парсы және соған ұқсас тұқымдардың козылары, сондай-ақ үнді, қытай, моңғол немесе тибет тұқымдарының козылары, бүтін, басы, құйрығы немесе табаны жоқ немесе бар	БҚР
4301 60	– түлкілер, бүтін, басы, құйрығы немесе табаны жоқ немесе бар	БҚР

4301 90	– үлбір бұйымдарын дайындау үшін жарамды бастар, құйрықтар, табандар және терілердің өзге де бөліктері немесе кесінділері	БҚР
4302 20	– жиналмаған бастар, құйрықтар, табандар және басқа бөліктер немесе қақпақтар	БҚР
4407 22	– – суринамдық вирола, кеуекті феба және бальза	БҚР
4407 25	– – кара-қызыл сүректі шорея, бозғылт-қызыл сүректі шорея және бақау шореясы	БҚР
4407 26	– – шореяның, парашореяның, пентакменің әртүрлі түрлерінің сүрегі, шореяның барлық түрлерінің сап ағашы, парашорея, шорея фагуцина және шореяның және фрагреаның басқа да хош иісті түрлері	БҚР
4407 27	– – цилиндрлік энтандрофрагма	БҚР
4407 28	– – биік хлорофора немесе африкалық тик ағашы	БҚР
4412 33	– – алдер (<i>Alnus</i> spp.), күл (<i>Fraxinus</i> spp.), бук (<i>Fagus</i> spp.), қайың (<i>Betula</i> spp.), шие (<i>Prunus</i> spp.) түрлерінің жапырақты сүрегінен жасалған кемінде бір сыртқы қабаты бар өзгесі), талшын (<i>Castanea</i> spp.), карағаш (<i>Ulmus</i> spp.), эвкалипт (<i>Eucalyptus</i> spp.), Гикорий (<i>Carya</i> spp.), жылқы каштаны (<i>Aesculus</i> spp.), линден (<i>Tilia</i> spp.), үйеңкі (<i>Acer</i> spp.), емен (<i>Quercus</i> spp.), шынар (<i>Platanus</i> spp.), терек және көктерек (<i>Populus</i> spp.), робиния (<i>Robinia</i> spp.), лириодендрон (<i>Liriodendron</i> spp.) немесе жаңғақ (<i>Juglans</i> spp.)	БҚР
4418 99	– – өзгесі	БҚР
4706 30	– бамбуктан жасалған өзгесі	БҚР
4706 93	– – механикалық және химиялық процестердің қосындысымен алынған	БҚР
4707 30	– негізінен ағаш целлюлозасынан алынған қағаз немесе картон (мысалы, газеттер, журналдар және ұксас баспа өнімдері)	БҚР
	– – массасы бойынша біркелкі ағартылған және талшықтың жалпы массасының 95%-дан	

4810 31	астамы салмағы 1 м2 150 г немесе одан аз химиялық жолмен алынған ағаш талшықтарынан тұратын	БҚР
4810 32	– – массасы бойынша біркелкі ағартылған және талшықтың жалпы массасының 95%-дан астамы химиялық жолмен алынған, салмағы 1 м2 150 г-нан асатын ағаш талшықтарынан тұратын	БҚР
4810 39	– – өзгесі	БҚР
4813 10	– кітапшалар немесе түтіктер нысанында	БҚР
4905 91	– – кітап түрінде	БҚР
5103 30	– жануарлардың ірі қылының қалдықтары	БҚР
5108 10	– аппараттық иіру	БҚР
5108 20	– тарақпен иіру	БҚР
5110 00	Бөлшектен сату үшін өлшеніп салынған немесе өлшеніп салынбаған жануарлардың ірі қылынан немесе жылқының қылынан жасалған иірімжіп (жылқының қылынан жасалған өлшеніп салынған жіпті қоса алғанда)	БҚР
5205 14	– – сызықтық тығыздығы 192,31 дтекстен аз, бірақ 125 дтекстен кем емес (52 метрикалық нөмірден жоғары, бірақ 80 метрикалық нөмірден жоғары емес)	БҚР
2. Тарап тауардың есептік құнын айқындау үшін құжаттар мен мәліметтерді тексеру үшін өз аумағында резидент болып табылмайтын қандай да бір тұлғадан талап етуге немесе оны ұсынуға мәжбүрлеуге құқылы емес. Бұл ретте осы бапқа сәйкес тауарлардың есептік құнын айқындау үшін тауарларды өндіруші ұсынған құжаттар мен мәліметтерді импорт елінің уәкілетті органдары осындай өндірушінің келісімімен, сондай-ақ басқа елдің үкіметін алдын ала хабардар еткен жағдайда және оның мұндай тексеруді жүргізуге қарсылықтары болмаған кезде басқа елде тексере алады.

7-бап

1. Егер импортталатын тауарлардың кедендік құнын осы қосымшаның 1-6-баптарына сәйкес айқындау мүмкін болмаған жағдайда, мұндай тауарлардың кедендік құны импорт елінде бар мәліметтер негізінде осы қосымшаның қағидаттары мен жалпы ережелерін негізге алына отырып айқындалады.

2. Осы бапқа сәйкес кедендік құн мынадай:

(a) осындай елде өндірілген тауарлардың импорт еліндегі сатылу бағалары;

(b) кедендік мақсаттар үшін екі баламалы құнның анағұрлым жоғарысын қабылдауды көздейтін жүйелер;

(с) экспортталатын елдің ішкі нарығындағы тауарлардың бағасы;

(d) осы қосымшаның 6-бабына сәйкес бірдей немесе біртектес тауарлар үшін айқындалған есептік құнға енгізілген өндірістің өзге де шығыстары;

(e) импорт елінен ерекшеленетін басқа елге экспортқа жеткізілетін тауарлардың бағасы;

(f) тауарлардың ең төменгі кедендік құны;

(g) ерікті немесе жалған құн негізінде айқындалмауға тиіс.

2. Тиісті сұрау салу бойынша импорттаушыға осы баптың ережелеріне сәйкес айқындалған кедендік құн туралы және осындай құнды айқындау үшін пайдаланылған әдіс туралы жазбаша хабарланады.

8-бап

1. Осы қосымшаның 1-бабының ережелеріне сәйкес кедендік құнды айқындау кезінде импортталатын тауарлар үшін нақты төленген немесе төленуге жататын бағаға мынадай қосымша есепке жазулар қосылады:

(a) сатып алушы жүзеге асырған, бірақ осы тауарлар үшін нақты төленген немесе төленуге жататын бағаға енгізілмеген мөлшердегі мынадай шығыстар:

i. сатып алғаны үшін сыйақыны қоспағанда, делдалдар мен брокерлерге сыйақы;

ii. егер кедендік мақсаттар үшін ыдыстар осындай тауарлармен біртұтас деп қаралатын болса, ыдысқа арналған шығыстар;

iii. тауарларды буып-түюге арналған шығыстар, оның ішінде қаптама материалдары мен буып-түю жөніндегі жұмыстардың құны;

(b) импортталатын тауарларды өндіруге және экспортқа сатуға байланысты пайдалану үшін сатып алушы тікелей немесе жанама түрде тегін немесе төмендетілген бағамен ұсынған, тауарлар үшін нақты төленген немесе төленуге жататын бағаға енгізілмеген мөлшердегі мынадай тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің тиісінше бөлінген құны:

i. импортталатын тауарларды құрайтын материалдар, құрамдастар, бөлшектер және өзге де тауарлар;

ii. импортталатын тауарларды өндіруде пайдаланылатын құралдар, мөртабандар, қалыптар және өзге де ұқсас тауарлар;

iii. импортталатын тауарларды өндіру кезінде жұмсалған материалдар;

iv. импорт елінен тысқары жерде орындалған және импортталатын тауарларды өндіру үшін қажетті жобалау, әзірлеу, конструкторлық жұмыс, көркемдік безендіру, эскиздер мен сызбалар;

(c) сатып алушы бағаланатын тауарларды сату шарты ретінде тікелей немесе жанама түрде жүргізуге тиіс бағаланатын тауарларға қатысты осы тауарлар үшін нақты төленген немесе төленуге жататын бағаға енгізілмеген мөлшердегі роялти мен лицензиялық төлемдер;

(d) сатушыға тікелей немесе жанама түрде тиесілі импортталатын тауарларды кейіннен сату, билік ету немесе пайдалану нәтижесінде алынған кіріс;

(e) импортталатын тауарларды импорт еліндегі портқа немесе келетін орнына дейін тасымалдауға арналған шығыстар;

(f) импортталатын тауарларды импорт еліндегі портқа немесе келетін орнына дейін тасымалдауға байланысты оларды тиеуге, түсіруге немесе қайта тиеуге арналған шығыстар;

(g) осы тармақтың (e) және (f) тармақшаларында көрсетілген операцияларға байланысты сақтандыруға арналған шығыстар.

2. Осы бапқа сәйкес нақты төленген немесе төленуге жататын бағаға қосымша есепке жазулар анық және саны жағынан айқындалатын ақпарат негізінде жүргізіледі.

3. Кедендік құнды айқындау кезінде осы баптың 1-тармағында көрсетілген тауарлардан басқа, тауарлар үшін нақты төленген немесе төленуге жататын бағаға қосымша есепке жазулар жүргізілмейді.

9-бап

Егер тауарлардың кедендік құнын айқындау үшін валютаны қайта есептеу талап етілсе, мұндай қайта есептеу импорт елінде кедендік декларация тіркелген күнге осындай елдің құзыретті органы белгілеген айырбас бағамы бойынша жүргізіледі.

10-бап

Өзінің сипаты бойынша құпия болып табылатын немесе кедендік құнды құпия негізде айқындау мақсатында берілген барлық ақпарат, оны ашу импорт елінің ұлттық заңнамасына сәйкес талап етілуі мүмкін жағдайларды қоспағанда, ұқсас ақпаратты ұсынатын адамның немесе органның арнайы рұқсатынсыз оны ашпайтын тиісті мемлекеттік органдар қатаң құпия деп қарайды.

11-бап

1. Әрбір Тараптың заңнамасы импорттаушы немесе баждарды төлеуге жауапты басқа тұлға үшін кедендік құнды айқындауға қатысты айыппұл санкцияларын қолданбай шағымдану құқығын көздейді.

2. Айыппұл санкцияларын қолданбай шағымдану құқығы кеден органына немесе тәуелсіз органға жүгінуді көздеуі мүмкін, бұл ретте әрбір Тараптың заңнамасы сот органында айыппұл санкцияларын қолданбай шағымдану құқығын көздеуге тиіс.

3. Шағымдану рәсімі шеңберінде шығарылған шешім туралы хабарлама өтініш берушіге осындай шешімнің негіздемесімен қоса жазбаша түрде жіберіледі. Сондай-ақ, өтініш берушіге кез келген шағымдануға құқықтары туралы хабарлануға тиіс.

12-бап

Егер импортталатын тауарлардың кедендік құнын айқындау процесінде кедендік құнның нақты шамасын айқындауды кейінге қалдыру қажеттігі туындаса, тауарларды импорттаушы кеден органдарының осындай тауарларға қатысты кедендік баждарды төлеу жөніндегі міндеттің орындалуына кепілгерлік, ақшалай қаражат немесе өзге де қамтамасыз ету ұсынған жағдайда, тауарларды шығаруды жүзеге асыруы мүмкіндігіне ие болуға тиіс. Тараптардың заңнамасында осындай мән-жайларға қатысты ережелер көзделуге тиіс.

13-бап

Осы Қосымшаға түсіндірме ескертпелер осы қосымшаның ажырамас бөлігін құрайды, осы қосымшаның баптары оларға тиісті ескертпелермен бірге қолданылады.

14-бап

1. Осы қосымшаның мақсаттары үшін:

(a) **"импортталатын тауарлардың кедендік құны"** – импортталатын тауарлар құнының кедендік баждарды пайызбен есептеу үшін айқындалатын тауарлардың құны;

(b) **"өндірілген"** – өсірілген, өндірілген, қазып алынған;

(c) **"бірдей тауарлар"** – барлық жағынан, оның ішінде физикалық сипаттамалары, сапасы және беделі бойынша бірдей тауарлар. Сыртқы түріндегі шамалы алшақтықтар тауарларды бірдей деп тануға негіз бола алмайды.

(d) **"біртектес тауарлар"** – барлық жағынан бірдей емес, бірақ ұқсас сипаттамалары бар және ұқсас құрамдастардан тұратын тауарлар, бұл оларға бағаланатын тауарлармен бірдей функцияларды орындауға және олармен коммерциялық тұрғыдан өзара алмастыруға мүмкіндік береді. Тауарлардың біртектес екендігін айқындау кезінде сапа, бедел және тауар белгісінің болуы сияқты сипаттамалар ескеріледі.

"Бірдей тауарлар" және "біртектес тауарлар" деген ұғымдар импорт елінде оларға қатысты жобалау, әзірлеу, конструкторлық жұмыс, көркемдік ресімдеу, эскиздер мен сызбалар орындалған тауарларды қамтымайды, бұл ретте мұндай тауарлардың бағасына осы қосымшаның 8-бабының 1 (b) тармағының "iv" тармақшасында көзделген қосымша есепке жазулар жүргізілмеген.

Егер олар бағаланатын тауарлармен бір елде өндірілмесе, олар "бірдей тауарлар" немесе "біртектес тауарлар" ретінде қарастырылмайды.

Өзге тұлға өндірген тауарлар сол бір өндірушінің бірдей немесе біртектес тауарлары анықталмаған жағдайда ғана есепке алынады.

(е) **"бір сыныптағы немесе түрдегі тауарлар"** – бірдей және біртектес тауарларды қоса алғанда, бір топқа немесе бір қатардағы тауарларға жататын және дайындалуы экономикалық қызметтің тиісті түріне жататын тауарлар.

2. Осы қосымшаның мақсаттары үшін өзара байланысты тұлғалар мынадай шарттардың кем дегенде біреуіне сай келетін тұлғалар болып табылады:

(a) олар бір-бірінің ұйымдарының қызметкерлері немесе директорлары (басшылары) болып табылады;

(b) олар заңды түрде танылған іскери әріптестер болып табылады;

(c) олар жұмыс беруші және жұмыскер болып табылады;

(d) кез келген тұлға олардың екеуінің де айналысқа шығарылған дауыс беру акцияларының 5 немесе одан көп пайызына тікелей немесе жанама иелік етеді, бақылайды немесе ұстаушысы болып табылады;

(e) олардың біреуі екіншісін тікелей немесе жанама түрде басқарады;

(f) екеуі де тікелей немесе жанама түрде үшінші тараптың бақылауында;

(g) бірге олар тікелей немесе жанама түрде үшінші тұлғаны басқарады;

(h) олар бір отбасының туыстары немесе мүшелері.

3. Егер тұлғалар бірлескен кәсіпкерлік қызметтегі әріптестер болып табылса және бұл ретте олардың біреуі басқасының айрықша (жалғыз) агенті, айрықша дистрибьюторы немесе айрықша концессионері болып табылса, ол қалай ұсынылатын болса да, мұндай тұлғалар, егер олар осы баптың 2-тармағында көрсетілген шарттардың кем дегенде біреуіне сай келсе, осы қосымшаның мақсаттары үшін өзара байланысты тұлғалар деп есептелуге тиіс.

15-бап

Импорттаушының жазбаша сұрау салу бойынша импортталатын тауарлардың кедендік құны қалай айқындалғаны туралы импорт елінің кеден органынан жазбаша түсініктеме алуға құқығы бар.

16-бап

Осы қосымшада ешнәрсе кеден органдарының кедендік құнды айқындау мақсаттары үшін ұсынылған кез келген өтініштің, құжаттың немесе декларацияның

анықтығына немесе дәлдігіне қандай да бір түрде көз жеткізу құқығын шектейтін немесе күмән келтіретін болып түсіндірілмеуге тиіс.

5-қосымшаға түсіндірме ескертпелер

Жалпы ескертпе

Кедендік құнды айқындау әдістерін дәйекті түрде қолдану

1. 1 – 7-баптар 5-қосымшаның ережелеріне сәйкес импортталатын тауарлардың кедендік құнын айқындау тәртібін белгілейді. Кедендік құнды айқындау әдістері оларды қолдану реті бойынша келтірілген. Кедендік құнды айқындаудың бастапқы әдісі 1-бапта белгіленген, ондағы көзделген шарттар орындалған сайын, импортталатын тауарлар осы баптың ережелеріне сәйкес бағалануға тиіс.

2. Егер кедендік құн 1-баптың ережелеріне сәйкес айқындалмаса, ол кедендік құн айқындалуы мүмкін олардың бірінші бабына дейін келесі баптарды дәйекті қарау арқылы айқындалуға тиіс. 4-бапта көзделген ережені қоспағанда, реті бойынша келесі баптың ережелері кедендік құн қаралатын баптың ережелеріне сәйкес айқындалмайтын жағдайда ғана пайдаланылуы мүмкін.

3. Импорттаушының 5 және 6-баптарды қолдану кезектілігін өзгерту туралы өтініші болмаған кезде көрсетілген баптарды қолданудың белгіленген кезектілігі сақталады. Егер импорттаушы осындай кезектілікті өзгерту туралы өтініш білдірсе, алайда кейіннен кедендік құнды 6-баптың ережелеріне сәйкес айқындау мүмкін болмайтыны анықталса, онда мұндай кедендік құн, егер ол көрсетілген бапты қолдану арқылы белгіленуі мүмкін болса, 5-баптың ережелеріне сәйкес айқындалуға тиіс.

4. Егер кедендік құн 1 – 6-баптардың ережелеріне сәйкес айқындалмаса, мұндай құн 7-баптың ережелеріне сәйкес айқындалуға жатады.

Бухгалтерлік есепке алудың жалпыға бірдей қабылданған қағидаттарын қолдану

1. "Бухгалтерлік есепке алудың жалпыға бірдей қабылданған қағидаттары" деген термин жалпы келісім негізінде танылған немесе тиісті уақыт кезеңінде елде елеулі деп танылып, қолдауға ие болған қандай экономикалық ресурстар мен міндеттемелер активтер мен міндеттемелер ретінде тіркелуге тиіс екеніне, активтер мен міндеттемелердегі қандай өзгерістер тіркелуге тиіс екеніне, активтер мен міндеттемелер және олардағы өзгерістер қалай өлшенуге тиіс екеніне, қандай ақпарат және қандай жолмен ашылуға тиіс екеніне және қандай қаржылық есептілік дайындалуға тиіс екеніне қатысты нормаларды білдіреді. Бұл нормалар жалпы қолданылатын ауқымды басшылыққа алынатын қағидаттарды да, егжей-тегжейлі практикалық әдістер мен рәсімдерді де білдіруі мүмкін.

2. 5-қосымшаның мақсаттары үшін Тараптардың әрқайсысының кеден органдары осы елде бухгалтерлік есепке алудың жалпыға бірдей қабылданған қағидаттарына сәйкес дайындалған және тиісті бапты қолдану үшін қажетті ақпаратты пайдаланады. Мысалы, 5-баптың ережелеріне сәйкес қарапайым пайда мен жалпы шығыстарды айқындау импорт еліндегі бухгалтерлік есепке алудың жалпыға бірдей қабылданған қағидаттарымен үйлесетін тәсілмен дайындалған ақпаратты пайдалану арқылы жүзеге асырылуға тиіс еді. Екінші жағынан, 6-баптың ережелеріне сәйкес қарапайым пайда мен жалпы шығыстарды айқындау өндіріс еліндегі бухгалтерлік есепке алудың жалпыға бірдей қабылданған қағидаттарымен үйлесетін тәсілмен дайындалған ақпаратты пайдалану арқылы жүзеге асырылуға тиіс еді. Тағы бір мысал ретінде импорт елінде жүргізілген 8-баптың 1 (b) тармағының "ii" тармақшасында көрсетілген шығыстар бойынша қосымша есепке жазуларды айқындауды келтіруге болады. Көрсетілген жағдайда мұндай шығыстарды айқындау осы елдің бухгалтерлік есепке алудың жалпыға бірдей қабылданған қағидаттарымен үйлесетін тәсілмен дайындалған ақпаратты пайдалану арқылы жүзеге асырылуға тиіс еді.

1-бапқа ескертпе

Нақты төленген немесе төленуге жататын баға

1. Сатып алушы сатушыға немесе сатушының пайдасына жүзеге асырған немесе жүзеге асыруға жататын импортталатын тауарлар үшін барлық төлемдердің жалпы сомасы нақты төленген немесе төленуге жататын баға болып табылады. Бұл ретте төлем тек ақша қаражатын аудару арқылы ғана емес, сонымен қатар аккредитив бойынша есеп айырысу немесе қаржы құралдарын пайдалану арқылы да жүргізілуі мүмкін. Көрсетілген төлемдер тікелей, сол сияқты жанама түрде, мысалы, сатушының берешегін толық немесе ішінара өтеу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

2. 8-бапта түзету көзделген шығыстарды қоспағанда, сатып алушының өз есебінен жасаған әрекеттеріне байланысты шығыстар, бұл әрекеттер сатушының мүдделеріне сәйкес келген жағдайда да, сатушыға жанама төлемдер ретінде қарастырылмайды. Сондықтан мұндай шығыстар кедендік құнды айқындау кезінде нақты төленген немесе төленуге жататын бағаға қосылмайды.

3. Кедендік құн импортталатын тауарлар үшін нақты төленген немесе төленуге жататын бағадан бөлінген жағдайда, мынадай төлемдерді немесе шығыстарды қамтымайды:

(a) өнеркәсіптік қондырғылар, машиналар немесе жабдықтар сияқты импортталған тауарларға қатысты әкелінгеннен кейін жүргізілген құрылыс, тұрғызу, құрастыру, қызмет көрсету немесе техникалық көмек көрсету шығыстары;

(b) әкелінгеннен кейінгі көлік шығыстары;

(c) импорт елінің баждары мен салықтары.

4. Нақты төленген немесе төленуге жататын баға импортталатын тауарлар бағасына жатады. Осылайша, сатып алушының сатушыға импортталатын тауарлармен байланысы жоқ дивидендтерді немесе басқа төлемдерді аударуы кедендік құнның бір бөлігі болып табылмайды.

5. Нақты төленген немесе төленуге жататын баға, сатып алушының сатушыға немесе сатып алушының сатушының міндеттемесін жабу үшін үшінші тұлғаға импорттық тауарларды сату шарты ретінде, нақты жүргізілген немесе төленуге жататын барлық төлемдерді қамтиды.

1 (a) тармағының "iii" тармақшасы

Тауарлардың құнына айтарлықтай әсер етпейтін шектеулер нақты төленген немесе төленуге жататын бағаны қолайсыз етпейтін шектеулерге жатады. Сатушының автокөлік сатып алушыдан модельдің шығарылу маусымының басталуын білдіретін белгілі бір күнге дейін оны сатпауды немесе көрсетпеді талап ететін жағдайды осындай шектеулердің мысалы ретінде қарастыруға болады.

1 (b) тармағы

1. Егер құндық мәні бағаланатын тауарлардың құнымен өзара байланыста айқындалмайтын қандай да бір шарттардың немесе міндеттемелердің нысанасы сату немесе баға болып табылса, мәміленің құны кедендік мақсаттар үшін қолайлы болып табылмайды. Мынадай жағдайлар осы жағдайдың кейбір мысалдары болып табылады:

(a) егер сатып алушы белгілі бір мөлшерде басқа да тауарлар сатып алған жағдайда, сатушы импортталатын тауарлардың бағасын белгілейді;

(b) импортталатын тауарлардың бағасы импортталатын тауарларды сатып алушының импортталатын тауарларды сатушыға басқа тауарларды сататын бағасына немесе бағаларына байланысты белгіленеді;

(c) импортталатын тауарлармен байланысты емес төлем нысаны негізінде баға белгіленеді, мысалы, сатып алушы өңделген тауарлардың белгілі бір мөлшерін сатушыға беру шартымен сатушы арқылы ұсынылатын жартылай фабрикаттар импортталатын тауарлар болып табылады.

2. Бұл ретте импортталатын тауарларды өндіруге немесе өткізуге қатысты шарттардың болуы мәміле құнын пайдаланудан бас тартуға алып келмейді. Мысалы, сатып алушының сатушыға импорт елінде жасалған жобалық құжаттама мен жоспарларды ұсынуы 1-баптың мақсаттары үшін мәміле құнын пайдаланудан бас тартуға алып келмейді. Сол сияқты, егер сатып алушы импортталатын тауарларды өткізуге қатысты қызметті өз есебінен, оның ішінде сатушымен уағдаластық бойынша

жүзеге асырса, осы қызметке байланысты шығыстардың құны кедендік құнның бір бөлігі болып табылмайды және мұндай қызмет мәміле құнын пайдаланудан бас тартуға алып келмейді.

2-тармақ

1. 2 (a) және 2 (b) тармақтары мәміле құнын пайдалану мүмкіндігін белгілеудің әртүрлі тәсілдерін көздейді.

2. 2 (a) тармақта сатып алушы мен сатушы өзара байланысты тұлғалар болған кезде сату жүзеге асырылатын мән-жайлар зерделенеді және мәміленің құны олардың өзара байланысы бағаға әсер етпеген жағдайда кедендік құн ретінде қабылданады. Бұл ретте мұндай мән-жайлар сатып алушы мен сатушы өзара байланысты тұлғалар болып табылатын барлық жағдайда зерделенуге тиіс деп болжанбайды.

Мұндай тексеру бағаның қолайлылығына қатысты күмән болған кезде ғана талап етілетін болады. Егер бағаның қолайлылығына қатысты кеден органының күмәні болмаса, баға импорттаушыдан қосымша ақпарат сұратусыз қабылдануға тиіс. Мысалы, кеден органы өзара байланысты алдын-ала зерделей алады немесе сатып алушы мен сатушыға қатысты егжей-тегжейлі ақпаратқа ие болады және осындай тексерудің немесе ақпаратты зерделеудің нәтижелері бойынша өзара байланыс бағаға әсер етпеді деген қорытындыға келеді.

3. Егер кеден органы одан әрі тексерусіз кедендік құнды айқындау үшін негіз ретінде мәміленің құнын қабылдай алмаған жағдайда, мұндай орган сату жүзеге асырылатын мән-жайларды зерделеу үшін талап етілуі мүмкін қосымша егжей-тегжейлі ақпаратты импорттаушыға ұсыну мүмкіндігін беруге тиіс. Мұндай жағдайда кеден органы мәміленің іске қатысты аспектілерін, соның ішінде сатып алушы мен сатушының өз коммерциялық қатынастарын қалай ұйымдастыратынын және өзара байланыстың бағаға әсер еткенін айқындау үшін қарастырылып отырған бағаның қалай белгіленгенін зерделеуге дайын болуға тиіс. Егер 14-баптың ережелеріне сәйкес сатып алушы мен сатушы өзара байланысты тұлғалар болып көрсетілген болса, тауарларды бір-бірімен өзара байланысты емес тұлғалар сияқты сатып алып, сататын болса, онда бұл өзара байланыстың бағаға әсер етпегенінің дәлелі деп есептелуі мүмкін. Мысалы, егер баға қаралып отырған нарықтың қалыпты баға практикасына немесе сатушының сатушымен өзара байланысы жоқ сатып алушыларға сату бағасын қалай белгілейтініне сәйкес келетіндей тәсілмен белгіленсе, онда бұл өзара байланыстың бағаға әсер етпегенінің дәлелі болып табылады. Тағы бір мысал ретінде келтірсек, егер баға барлық шығыстарға және фирманың сол сыныптағы немесе түрдегі тауарларды сату кезінде белгілі бір уақыт аралығында (мысалы, жылдық негізде) алынған әдеттегі пайдасына сәйкес келетін пайданы жабуды қамтамасыз ететін деңгейге сәйкес келетіні көрсетілсе, онда бұл бағаның әсерге ұшырамағанын дәлелдейді.

4. 2 (b) тармақ импорттаушы үшін мәміленің құны кеден органы бұрын қабылдаған "тексеру" құнына жақын екенін көрсету мүмкіндігін көздейді, сондықтан да 1-баптың ережелеріне сәйкес қолайлы болып табылады. Егер 2 (b) тармақта көзделген тексеру талаптары орындалса, 2 (a) тармаққа сәйкес бағаға әсер ету туралы мәселені қараудың қажеті жоқ. Егер кеден органы 2 (b) тармақта көзделген өлшемшарттардың біреуінің талаптары орындалатынына одан әрі егжей-тегжейлі зерделеусіз көз жеткізу үшін ақпаратқа ие болса, онда импорттаушыдан көрсетілген өлшемшарттарға сәйкестігін растауды талап етуге негіз жоқ. 2 (b) тармағында "өзара байланысты тұлғалар болып табылмайтын сатып алушылар" деген термин сатушымен нақты түрде өзара байланысы жоқ сатып алушыларды білдіреді.

2 (b) тармағы

Бір құнның басқа құнға шынымен жақын екенін айқындаған кезде бірқатар факторлар назарға алынуға тиіс. Бұл факторларға импортталатын тауарлардың сипаты, нарықтың өзінің сипаты, тауарлар импортталатын маусым, сондай-ақ құндағы айырмашылықтың коммерциялық тұрғыдан алғанда айтарлықтай не айтарлықтай емес екені жатады. Бұл факторлар әрбір нақты жағдайда әртүрлі болуы мүмкін болғандықтан, әр жағдайда тіркелген пайыз сияқты біркелкі стандартты қолдану мүмкін болмас еді. Мысалы, бір типтегі тауарларды қарастырған кезде құндағы шамалы айырмашылық қолайсыз болуы мүмкін еді, ал басқа типтегі тауарлар жағдайында мәміленің құны 1-баптың 2 (b) тармағында көзделгендей, мәміле құнының "тексеру" мәндеріне шынымен жақын екенін айқындаған кезде үлкен айырмашылық қолайлы болған болар еді.

2-бапқа ескертпе

1. 2-бапты қолдану кезінде кеден органы, мүмкіндігінше, сол коммерциялық деңгейде және мәні бойынша бағаланатын тауарлармен бірдей мөлшерде сатылған бірдей тауарларды пайдаланады. Мұндай сатулар анықталмағанда мынадай үш шарттың бірі орындалған кезде жүзеге асырылатын бірдей тауарларды сату қолданылуы мүмкін:

(a) сол коммерциялық деңгейде, бірақ саны басқа мөлшерде сату;

(b) басқа коммерциялық деңгейде, бірақ мәні бойынша саны бірдей мөлшерде сату; немесе

(c) басқа коммерциялық деңгейде немесе саны басқа мөлшерде сату.

2. Жоғарыда аталған үш шарттың кез келген бірі орындалған кезде жүзеге асырылатын сату анықталғаннан кейін:

(a) тек сан факторларына;

(b) тек коммерциялық деңгейдегі факторларға; немесе

(с) саны мен коммерциялық деңгейі факторларына қатысты тиісті түзетулер енгізіледі.

3. "Және (немесе)" деген сөздер сатулар туралы деректерді пайдалануға және жоғарыда жазылған үш шарттың кез келгені орындалған кезде қажетті түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

4. 2-баптың мақсаттары үшін импортталатын тауарлармен бірдей тауарлармен мәміленің құны 1-бапқа сәйкес қабылданған 1 (b) және 2-тармақтарға сәйкес түзетілген кедендік құнды білдіреді.

5. Әртүрлі коммерциялық деңгейді немесе санының әртүрлілігін ескерген түзетудің құнның өсуіне немесе төмендеуіне алып келетініне қарамастан, оны енгізудегі шарт түзетудің ақылға қонымдылығы мен дәлдігін айқын көрсететін дәлелдердің, мысалы, әртүрлі деңгейге немесе әртүрлі санға жататын бағаларды қамтитын қолданыстағы преysкуранттың болуы болып табылады. Мысалы, егер бағаланатын импорттық тауарлар 10 бірліктен тұратын партияны құраса, ал мәміле құны бар импортталатын бірдей тауарлардың 500 бірлігі сатылып, сатушы санына қарай жеңілдіктер береді деп танылса, онда талап етілетін түзету сатушының преysкурантын пайдалану арқылы жүзеге асырылуы мүмкін, оның ішінен 10 бірлікті сатуға қолданылатын баға таңдалады. Бұл ретте, преysкурант басқа мөлшердегі сатуларға қатысты адал ниетпен жасалған жағдайда, 10 бірлік санында сату талап етілмейді. Мұндай объективті құрал болмаған кезде 2-баптың ережелеріне сәйкес кедендік құнды айқындау қолайсыз болып табылады.

3-бапқа ескертпе

1. 3-бапты қолдану кезінде кеден органы, мүмкіндігінше, сол коммерциялық деңгейде және мәні бойынша бағаланатын тауарлармен бірдей мөлшерде сатылған біртектес тауарларды пайдаланады. Мұндай сатулар анықталмағанда мынадай үш шарттың бірі орындалған кезде жүзеге асырылатын біртектес тауарларды сату қолданылуы мүмкін:

(a) сол коммерциялық деңгейде, бірақ саны басқа мөлшерде сату;

(b) басқа коммерциялық деңгейде, бірақ мәні бойынша саны бірдей мөлшерде сату; немесе

(c) басқа коммерциялық деңгейде немесе саны басқа мөлшерде сату.

2. Жоғарыда аталған үш шарттың кез келгенінің бірі орындалған кезде жүзеге асырылатын сату анықталғаннан кейін:

(a) тек сан факторларына;

(b) тек коммерциялық деңгейдегі факторларға; немесе

(c) саны мен коммерциялық деңгейі факторларына қатысты тиісті түзетулер енгізіледі.

3. "Және (немесе)" деген сөздер сатулар туралы деректерді пайдалануға және жоғарыда жазылған үш шарттың кез келгені орындалған кезде қажетті түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

4. 3-баптың мақсаттары үшін импортталатын тауарлармен біртектес тауарлармен мәміленің құны 1-бапқа сәйкес қабылданған 1 (b) және 2-тармақтарға сәйкес түзетілген кедендік құнды білдіреді.

5. Әртүрлі коммерциялық деңгейді немесе санының әртүрлілігін ескере отырып енгізілетін түзетудің құнның өсуіне немесе төмендеуіне алып келетініне қарамастан, оны енгізудегі шарт түзетудің ақылға қонымдылығы мен дәлдігін айқын көрсететін дәлелдердің, мысалы, әртүрлі деңгейге немесе әртүрлі санға жататын бағаларды қамтитын қолданыстағы прејскуранттың болуы болып табылады. Мысалы, егер бағаланатын импорттық тауарлар 10 бірліктен тұратын партияны құраса, ал мәміле құны бар импортталатын біртектес тауарлардың 500 бірлігі сатылып, сатушы санына қарай жеңілдіктер береді деп танылса, онда талап етілетін түзету сатушының прејскурантын пайдалану арқылы жүзеге асырылуы мүмкін, оның ішінен 10 бірлікті сатуға қолданылатын баға таңдалады. Бұл ретте, прејскурант басқа мөлшердегі сатуларға қатысты адал ниетпен жасалған жағдайда, 10 бірлік санында сату талап етілмейді. Мұндай объективті құрал болмаған кезде 3-баптың ережелеріне сәйкес кедендік құнды айқындау қолайсыз болып табылады.

5-бапқа ескертпе

1. "Тауарлар ең көп жиынтық мөлшерде сатылатын тауар бірлігінің бағасы" деген термин импорттан кейінгі сатудың алғашқы коммерциялық деңгейінде бірліктердің ең көп саны осындай тауарларды сатып алатын тұлғалармен өзара байланысты емес тұлғаларға сатылған бағаны білдіреді.

2. Мысалы, тауарлар, көп мөлшерде өндірілген сатып алулар кезінде тауар бірлігінің бағасын төмендетуді көздейтін прејскурант бойынша сатылады.

Сатылған тауар бірліктерінің саны	Тауар бірлігінің бағасы	Сатылымдар саны	Бір бағамен сатылған тауардың жалпы саны
1-10 бірлік	100	5 тауар бірлігі бойынша 10 сатылым, 3 тауар бірлігі бойынша 5 сатылым	65
11-25 бірлік	95	11 тауар бірлігі бойынша 5 сатылым	55
25 бірліктен астам	90	30 тауар бірлігі бойынша 1 сату, 50 тауар бірлігі бойынша 1 сатылым	80

Аталған бағалардың бірі бойынша сатылатын бірліктердің ең көп саны 80-ді құрайды, сондықтан тауарлар жиынтық саны бойынша сатылатын тауар бірлігінің бағасы 90-ды құрайды.

3. Тағы бір мысал ретінде екі сатылым жүзеге асырылады. Алғашқы сатылымда 500 бірлік 95 ақша бірлігімен сатылады. Екінші сатылымда 400 бірлік 90 ақша бірлік бағасымен сатылады. Бұл мысалда бір бағамен сатылатын бірліктердің ең көп саны 500-ді құрайды, сондықтан тауарлар ең көп жиынтықта сатылатын тауар бірлігінің бағасы 95-ті құрайды.

4. Әртүрлі мөлшер әртүрлі бағамен сатылатын мынадай жағдай үшінші мысал болатын еді.

(a) Сатылымдар	
Сатылған тауар бірліктерінің саны	Тауар бірлігінің бағасы
40 бірлік	100
30 бірлік	90
15 бірлік	100
50 бірлік	95
25 бірлік	105
35 бірлік	90
5 бірлік	100
(b) Барлығы	
Сатылған тауар бірліктерінің жалпы саны	Тауар бірлігінің бағасы
65	90
50	95
60	100
25	105

Бұл мысалда бір бағамен сатылған тауар бірліктерінің ең көп саны 65-ті құрайды, сондықтан тауарлар ең көп жиынтықта сатылатын тауар бірлігінің бағасы 90-ды құрайды.

5. 8-баптың 1 (b) тармағында көрсетілген элементтердің кез келгенін импортталатын тауарларды өндіруге және экспортқа сатуға байланысты тікелей немесе жанама, тегін немесе төмендетілген бағамен беретін тұлғаға осы ескертпенің 1-тармағына сәйкес импорттаушы елдегі кез келген сатылым 5-баптың мақсаттары үшін тауар бірлігінің бағасын белгілеу кезінде назарға алынбауға тиіс.

6. 5-баптың 1-тармағында көрсетілген "пайда мен жалпы шығыстар" біртұтас ретінде қарастырылуға тиіс екенін атап өткен жөн. Осы соманы шегеру мақсаттары үшін көрсеткіш, егер импорттаушының деректері импортталатын тауарларды импорт елінде сол сыныпта немесе түрде сату кезінде алынған деректерге сәйкес келсе, импорттаушы ұсынған немесе оның атынан ұсынылған ақпараттың негізінде

айқындалуға тиіс. Егер импорттаушының деректері мұндай деректермен келіспейтін болса, пайда мен жалпы шығыстардың сомасы импорттаушы ұсынған немесе оның атынан ұсынылғаннан ерекшеленетін өзге қолайлы ақпаратқа негізделуі мүмкін.

7. "Жалпы шығыстар" қарастырылып отырған тауарларды өткізуге байланысты тікелей және жанама шығыстарды қамтиды.

8. 5-баптың 1 (а) тармағының "iv" тармақшасының ережелеріне сәйкес шегерім жасалмайтын тауарларды сатуға байланысты төленуге жататын жергілікті салықтар 5-баптың 1 (а) тармағының "i" тармақшасының ережелеріне сәйкес шегерілуге жатады.

9. 5-баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес делдалға сыйақының не қарапайым пайда мен жалпы шығыстардың мөлшерін айқындау кезінде белгілі бір тауарлар басқа да тауарлар сияқты "сол сыныптағы немесе түрдегі" тауарлар болып табылатындығы туралы мәселе тиісті мән-жайларды ескере отырып, әрбір нақты жағдайда бөлек шешілуге тиіс. Қажетті ақпарат берілетін, бағаланатын тауарларды қамтитын сол сыныптағы немесе түрдегі импортталатын тауарлардың аз ғана тобын немесе қатарын импорт елінде сатулар зерделенуге тиіс. 5-баптың мақсаттары үшін "сол сыныптағы немесе түрдегі тауарлар" деген термин бағаланатын тауарлар сияқты бір елден импортталатын тауарларды, сондай-ақ басқа елдерден импортталатын тауарларды қамтиды.

10. 5-баптың 1 (b) тармағының мақсаттары үшін импортталатын тауарларды немесе импортталатын тауарлармен бірдей тауарларды немесе импортталатын тауарлармен біртектес тауарларды сату тауар бірлігінің бағасын белгілеу үшін жеткілікті мөлшерде жүзеге асырылатын күн "ең ерте күн" болып табылады.

11. Егер 5-баптың 2-тармағында көрсетілген әдіс пайдаланылса, кейінгі өңдеу нәтижесінде қосылған құн шегерімдері осындай жұмыстың құнына қатысты объективті және саны тұрғысынан айқындауға болатын деректерге негізделеді. Қабылданған салалық формулалар, рецептуралар, құрылыс әдістері және өндірістік практиканың басқа да элементтері есептеулер жасауға негіз болуы мүмкін.

12. 5-баптың 2-тармағында көзделген құнды айқындау әдісі, әдетте, импортталған тауарлар кейіннен өңдеу нәтижесінде өзгертілген кезде қолданылмайды деп танылады. Алайда, тауарлар осылайша өзгертілген кезде өңдеу кезінде қосылған құнды негізсіз қиындықсыз дәл айқындауға болатын жағдайлар болуы мүмкін. Екінші жағынан, импортталған тауарлар түрі өзгертілмеген, бірақ импорт елінде сатылатын тауарлардың шамалы үлесін құрайтын жағдайлар да болуы мүмкін, сондықтан құнды айқындаудың бұл әдісін қолдану негізсіз болар еді. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мұндай жағдайдың әрқайсысы әр нақты жағдайда жеке-жеке қарастырылуға тиіс.

6-бапқа ескертпе

1. Әдетте, кедендік құн импорт елінде қолжетімді ақпарат негізінде 5-қосымшаға сәйкес айқындалады. Алайда, есептелген құнды айқындау үшін бағаланатын

тауарларды өндіру шығыстарын және импорт елінен тысқары жерден алынатын басқа да ақпаратты зерделеу талап етілуі мүмкін. Сонымен қатар, көп жағдайда тауар өндіруші импорт елінің билік органдарының құзырынан тыс болады. Есептік күн әдісін қолдану негізінен сатып алушы мен сатушы өзара байланысты тұлғалар болып табылатын жағдайлармен шектеледі және өндіруші импорт елінің мемлекеттік органдарына өндіріс шығыстарының қажетті калькуляциясын беруге және қажет болуы мүмкін кейінгі тексеруді қамтамасыз етуге дайын болады.

2. 6-баптың 1 (а) тармағында көрсетілген "шығыстар немесе күн" өндіруші ұсынған немесе оның атынан ұсынылған бағаланатын тауарлардың өндірісі туралы ақпарат негізінде айқындалуға тиіс. Мұндай ақпарат, егер осындай шоттар тауарлар өндірілген елде қолданылатын жалпы қабылданған бухгалтерлік есепке алу қағидаттарына сәйкес келген жағдайда, өндірушінің коммерциялық шоттарына негізделуге тиіс.

3. "Шығыстар немесе күн" 8-баптың 1 (а) тармағының "ii" және "iii" тармақшаларында көрсетілген элементтердің құнын қамтиды. Олар 8-баптың 1 (b) тармағында көрсетілген, сатып алушы импортталатын тауарларды өндіруге байланысты пайдалану үшін тікелей немесе жанама түрде жеткізген кез келген элементтің 8-бапқа ескертпелерге сәйкес тиісінше бөлінген құнын да қамтиды. Импорт елінде өндірілген 1 (b) тармақтың "iv" тармақшасында көрсетілген элементтердің құны осындай элементтерді өндіруші төлейтін дәрежеде ғана қосылады. Бұл ретте осы тармақта көрсетілген элементтердің шығыстары да, құны да есептік құнын айқындау кезінде екі рет ескерілмейтінін түсіну керек.

4. 6-баптың 1 (b) тармағында көрсетілген "Пайда мен жалпы шығыстардың сомасы" , егер өндірушінің деректері, әдетте, өндіруші импорт еліне экспорттау үшін экспорт елінде өндірілген бағаланатын тауарлармен бірдей сыныптағы немесе түрдегі тауарларды сату кезінде алынатын деректермен сәйкес келсе, өндіруші ұсынған немесе оның атынан ұсынылған ақпараттың негізінде айқындалуға тиіс.

5. Осыған байланысты "Пайда мен жалпы шығыстардың сомасы" біртұтас ретінде қарастырылуға тиіс екенін атап өткен жөн. Бұдан жасалатын тұжырым, егер белгілі бір жағдайда өндірушінің пайда көрсеткіштері төмен, ал өндірушінің жалпы шығыстары жоғары болса, онда, тұтас алғанда, өндірушінің пайдасы мен жалпы шығыстары, әдетте , сол сыныптағы немесе түрдегі тауарларды сату кезінде алынатын деректерге сәйкес келуі мүмкін. Мысалы, егер тауар импорт еліне бірінші рет келіп түссе және өндіруші сатудың басталуына байланысты жалпы жоғары шығыстарды жабу үшін нөлдік немесе төмен пайдаға қанағат тұтса, осындай жағдай туындауы мүмкін. Егер өндіруші импорттық тауарларды сатудан түсетін пайданың төмен деңгейі ерекше коммерциялық жағдайлардың салдары екенін растай алатын болса, өндірушінің нақты пайдасы туралы деректер, өндірушінің оларды негіздейтін жақсы коммерциялық негіздері болған және өндірушінің баға саясаты өнеркәсіптің тиісті саласындағы әдеттегі баға саясатын көрсеткен жағдайда, назарға алынуға тиіс. Мұндай жағдай, мысалы, өндірушілер

сұраныстың күтпеген төмендеуіне байланысты бағаны уақытша төмендетуге мәжбүр болған кезде немесе импорт елінде өндірілетін тауарлардың ассортиментін толықтыру үшін тауарларды сатқан кезде және бәсекеге қабілеттілікті сақтау үшін төмен пайданы қанағат тұтқан кезде орын алуы мүмкін. Егер өндірушінің пайда мен жалпы шығыстар туралы өз деректері, әдетте, өндірушілер импорт еліне экспорттау үшін экспорттаушы елде өндіретін, бағаланатын тауарлармен бірдей сыныптағы немесе түрдегі тауарларды сату кезінде алынатын деректерге сәйкес келмесе, пайда мен жалпы шығыстардың сомасы тауар өндіруші ұсынған немесе оның атынан ұсынылған ақпараттан ерекшеленетін басқа тиісті ақпаратқа негізделуі мүмкін.

6. Егер есептік құнын айқындау мақсатында өндіруші ұсынған ақпараттан ерекшеленетін басқа ақпарат пайдаланылса, импорт елінің мемлекеттік органдары импорттаушының сұрау салуы бойынша оған 10-баптың ережелерін ескере отырып, осындай ақпарат көзі, пайдаланылған деректер және осындай деректерге негізделген есептеулер туралы хабарлайды.

7. 6-баптың 1 (b) тармағында көрсетілген "жалпы шығыстар" 6-баптың 1 (a) тармағына сәйкес енгізілмеген тауарларды өндіру мен экспортқа сатудың тікелей және жанама шығыстарын қамтиды.

8. Белгілі бір тауарларды басқа да тауарлар сияқты "сол сыныптағы немесе түрдегі" тауарларға жатқызу тиісті мән-жайлар ескеріле отырып, әрбір нақты жағдайда жүзеге асырылуға тиіс. 6-баптың ережелеріне сәйкес әдеттегі пайда мен жалпы шығыстарды айқындау кезінде қажетті ақпарат берілетін бағаланатын тауарларды қамтитын тауарлардың аз ғана тобының немесе қатарының импорт еліне экспортқа сатылуы зерделенуге тиіс. 6-баптың мақсаттары үшін "сол сыныптағы немесе түрдегі тауарлар" бағаланатын тауарлар шығарылған елден болуға тиіс.

7-бапқа ескертпе

1. 7-баптың ережелеріне сәйкес айқындалған кедендік құндар неғұрлым ықтимал дәрежеде бұрын айқындалған кедендік құндарға негізделуге тиіс.

2. 7-бапқа сәйкес қолдануға жататын кедендік құнды айқындау әдістері ретінде 1 - 6 -баптарда жазылған әдістер пайдаланылуға тиіс, алайда 7-баптың мақсаттары мен ережелеріне сәйкес бұл ретте мұндай әдістерді қолдануда ақылға қонымды икемділікке жол берілуге тиіс.

3. Ақылға қонымды икемділіктің кейбір мысалдары:

(a) Бірдей тауарлар: бірдей тауарлар, бағаланатын тауарлар сияқты, сол немесе оған сәйкес келетін уақыт аралығында экспортталуға тиіс деген талаптан ақылға қонымды ауытқуға жол беріледі. Бағаланатын тауарлар экспортталатын елден басқа елде өндірілген бірдей импорттық тауарлардың құны кедендік құнды айқындауға негіз болуы мүмкін немесе 5 және 6-баптардың ережелеріне сәйкес айқындалған бірдей импорттық тауарлардың кедендік құны пайдаланылуы мүмкін.

(b) Біртектес тауарлар: біртектес тауарлар, бағаланатын тауарлар сияқты, сол немесе оған сәйкес келетін уақыт аралығында экспортталуға тиіс деген талаптан ақылға қонымды ауытқуға жол беріледі. Бағаланатын тауарлар экспортталатын елден басқа елде өндірілген біртектес импорттық тауарлардың құны кедендік құнды айқындауға негіз болуы мүмкін немесе 5 және 6-баптардың ережелеріне сәйкес айқындалған біртектес импорттық тауарлардың кедендік құны пайдаланылуы мүмкін.

(c) Дедуктивті әдіс: тауарлар 5-баптың 1 (a) тармағында көзделген "импортталған күйінде" сатылуға тиіс деген талаптан, сондай-ақ 90 күн жөніндегі талаптан ақылға қонымды ауытқуға жол беріледі.

8-бапқа ескертпе

1 (a) тармақтың "i" тармақшасы

"Сатып алғаны үшін сыйақы" деген термин бағаланатын тауарларды сатып алу кезінде импорттаушыны шетелде ұсыну бойынша қызметтер көрсеткені үшін импорттаушының өз өкіліне төлеген сыйақысын білдіреді.

1 (b) тармағының "ii" тармақшасы

1. Импортталған тауарлар арасында 8-баптың 1 (b) тармағының "ii" тармақшасында көрсетілген элементтердің пропорционалды бөлінуінде рөл атқаратын екі фактор бар: элементтің өзінің құны және осы құнның импортталған тауарларға қатысты бөліну тәсілі. Осы элементтерді пропорционалды бөлу бухгалтерлік есепке алудың мән-жайлары мен жалпы қабылданған қағидаттарына сәйкес ақылға қонымды түрде жүргізілуге тиіс.

2. Элементтің құнына келетін болсақ, егер импорттаушы осы элементті белгілі бір бағамен импорттаушымен өзара байланысты тұлға болып табылмайтын сатушыдан сатып алса, онда элементтің құны осы баға болып табылады. Егер элементті импорттаушы немесе импорттаушымен өзара байланысты тұлға жасаған болса, онда элементтің құны оны өндіруге жұмсалған шығыстар болады. Егер элементті импорттаушы бұрын пайдаланған болса, оны осы импорттаушы сатып алғанына немесе өндіргеніне қарамастан, сатып алудың немесе өндірудің бастапқы бағасы оны пайдалануды ескере отырып, элементтің ағымдағы құнын алу мақсатында төмендету жағына түзетуге жатады.

3. Элементтің құны айқындалған кезде бұл құнды импортталатын тауарлар арасында бөлу қажет. Көрсетілген бөлу әртүрлі тәсілдермен жүзеге асырылуы мүмкін, мысалы, егер импорттаушы барлық құнның баж салығын бірден төлеуге ниет білдірсе, құнды бірінші партияға жатқызуға болады. Тағы бір мысал ретінде: импорттаушы құнды бірінші жөнелтілген кезге дейін өндірілген тауардың бірнеше бірлігіне бөлу жөнінде өтініш білдіруі мүмкін. Сонымен қатар, импорттаушы осы өнімге қатысты

келісімшарттар немесе қатаң міндеттемелер болған жағдайда, құнды өндірілуі күтілетін бүкіл өнімдерге бөлу жөнінде өтініш білдіруі мүмкін. Бөлу әдісін таңдау импорттаушы ұсынған құжаттамаға байланысты болады.

4. Жоғарыда айтылғандарға иллюстрация ретінде мынадай мысалды қарастырған жөн: импорттаушы импортталатын тауарлар өндірісінде қолдануға жататын нысанды өндірушіге ұсынады және өндірушімен 10000 бірлік тауар сатып алу туралы келісімшарт жасасады. 1000 тауар бірлігін қамтитын бірінші партия келген кезде өндіруші 4000 тауар бірлігін шығарған. Импорттаушы кеден органынан нысанның құнын 1000 бірлікке, 4000 бірлікке немесе 10000 бірлікке бөлуді сұрай алады.

1 (b) тармағының "iv" тармақшасы

1. 8-баптың 1 (b) тармағының "iv" тармақшасында көрсетілген элементтер бөлігіндегі қосымша есепке жазулар объективті және саны тұрғысынан айқындауға болатын деректерге негізделуге тиіс. Импорттаушы үшін де, кеден органы үшін де ауыртпалықты барынша азайту мақсатында құнға қосуға жататын шаманы айқындау кезінде сатып алушының коммерциялық есептілік жүйесінде қамтылған деректер мүмкіндігінше пайдаланылуға тиіс.

2. Сатып алушы сатып алған немесе жалға алған, сатып алушы жеткізген элементтер үшін қосымша есепке жазулар сатып алу немесе жалға алу шығындарын құрайды. Қоғамдық иеліктегі элементтер үшін қосымша есепке жазулардың көшірмелерін алу шығындарын қоспағанда, қосымша есепке жазулар жүргізілмейді.

3. Қосымша есепке жазуға жататын құнды есептеудің жеңіл болу дәрежесі нақты компанияның құрылымына және оны басқару практикасына, сондай-ақ оның бухгалтерлік есепке алу әдістеріне байланысты болады.

4. Мысалы, бірнеше елден алуан түрлі тауарды импорттайтын фирма импорт елінен тысқары жерде орналасқан өзінің дизайнерлік орталығында есепке алу құжаттамасын осы тауарға қатысты шығыстар дәл көрсетілетіндей етіп жүргізуі мүмкін. Мұндай жағдайларда тиісінше 8-баптың ережелеріне сәйкес тікелей түзету жүргізілуі мүмкін.

5. Басқа жағдайды мысалға келтірейік, импорт елінен тысқары жерде орналасқан өзінің дизайнерлік орталығының шығыстарын фирма белгілі бір тауарлармен байланыстырмай, жалпы үстеме шығыстар ретінде есепке алуы мүмкін. Бұл жағдайда импортталатын тауарларға қатысты 8-баптың ережелеріне сәйкес дизайнерлік орталық бойынша барлық шығыстарды дизайнерлік орталық көрсететін қызметтер қолданылатын барлық өнімдерге бөлу және тауар бірлігінің құнына есептегенде импортқа осындай бөлінген шығыстарды қосу арқылы тиісті түзету жүргізілуі мүмкін.

6. Жоғарыда аталған жағдайлардың өзгеруі бөлудің қолайлы әдісін айқындаған кезде әртүрлі факторларды қарастыруды талап етеді.

7. Егер нақты элементтің өндірісі бірқатар елді және белгілі бір уақыт кезеңін қамтыса, түзету импорт елінен тысқары жерде осы элементке нақты қосылған құнмен шектелуге тиіс.

1(с) тармағы

1. 8-баптың 1 (с) тармағында көрсетілген роялти мен лицензиялық төлемдер, басқалармен қатар, патенттер, сауда белгілері және авторлық құқықтар үшін төлемдерді қамтуы мүмкін. Алайда, кедендік құнды айқындаған кезде импортталатын тауарларды импорт елінде көшіру құқығы үшін төлемдер импортталатын тауарлар үшін нақты төленген немесе төленуге жататын бағаға қосылмайды.

2. Импортталатын тауарларды бөлу немесе қайта сату құқығы үшін сатып алушы жүргізген төлемдер, егер мұндай төлемдер импортталатын тауарларды әкелу еліне экспортқа сату шарты болып табылмаса, импортталатын тауарлар үшін нақты төленген немесе төленуге жататын бағаға қосылмайды.

3-тармақ

8-баптың ережелеріне сәйкес жүргізілуге тиіс қосымша есепке жазуларға қатысты объективті және саны тұрғысынан айқындауға болатын деректер болмаған жағдайда, мәміленің құны 1-баптың ережелеріне сәйкес айқындала алмайды. Мысалы, килограмммен әкелінген және әкелінгеннен кейін ерітіндіге айналдырылған белгілі бір өнімнің литрін импорттайтын елде сатылған кездегі баға негізінде роялти төленеді. Егер роялти ішінара импортталатын тауарларға, ал ішінара импортталатын тауарларға ешқандай қатысы жоқ басқа факторларға негізделсе (мысалы, импортталатын тауарлар отандық құрамдастармен араласып, енді бөлек сәйкестендірілмейтін болса немесе сатып алушы мен сатушы арасындағы арнайы қаржылық уағдаластықтардан роялти бөлінбейтін болса), роялти үшін қосымша есепке жазулар жасауға тырысу орынсыз болар еді. Алайда, егер бұл роялтидің сомасы тек импортталатын тауарларға негізделсе және оның санын бағалау жеңіл болатын болса, онда нақты төленген немесе төленуге жататын бағаға қосымша есепке жазу жүргізілуі мүмкін.

11-бапқа ескертпе

1. 11-бап бағаланатын тауарлардың кедендік құны бойынша кеден органдарының шешімдеріне шағымдану құқығын импорттаушыға береді. Шешімге алдымен жоғары тұрған кеден органдарына шағым жасалуы мүмкін, бұл ретте импорттаушы мұндай шешімге сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

2. "Айыппұл санкцияларынсыз" деген ұғым импорттаушыға айыппұл салынбайды немесе импорттаушы шағымдану құқығын пайдалану жөнінде шешім қабылдағандықтан ғана, оған айыппұл салу қаупі төнеді дегенді білдіреді. Кәдімгі сот

шығасылары мен адвокат көрсететін қызметтерге ақы төлеу айыппұл ретінде қарастырылмайды.

3. Дегенмен, 11-бапта ешнәрсе Тарапқа шағымданғанға дейін есепке жазылған кедендік баждарды толық көлемде төлеуді талап етуге кедергі келтірмейді.

14-бапқа ескертпе

2-тармақ

14-баптың мақсаттары үшін "тұлғалар" деген термин тиісті жағдайларда заңды тұлғаларды қамтиды.

2 (е) тармағы

5-қосымшаның мақсаттары үшін бірінші тұлға заңды тұрғыдан немесе іс жүзінде екінші тұлғаның әрекеттерін шектеуге немесе басқаруға мүмкіндігі болған кезде бір тұлға екінші тұлғаны бақылаушы болып есептеледі.

6-ҚОСЫМША

ЗАҢНАМАНЫ, НОРМАТИВТІК АКТІЛЕРДІ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯЛАУ¹

Армения Республикасының ресми веб-сайты – <https://www.armeps.am>; <https://www.procurement.am>

Беларусь Республикасының ресми веб-сайттары – <https://gias.by/>; <https://pravo.by/>;
<http://www.zakupki.butb.by/> ; <https://goszakupki.by/>

Қазақстан Республикасының ресми веб-сайттары – <https://goszakup.gov.kz/>; <https://adilet.zan.kz/eng>

Қырғыз Республикасының ресми веб-сайты – <http://www.zakupki.gov.kg/popp/>

Ресей Федерациясының ресми веб-сайттары – <https://zakupki.gov.ru>; <http://www.pravo.gov.ru/>

Иран Ислам Республикасының ресми сайты – <https://setadiran.ir/setad/cms>

¹ Жоғарыда аталған веб-сайттарда кез келген өзгеріс болса, тиісті Тарап өзінің байланыс пункттері арқылы мұндай өзгеріс туралы екінші Тарапқа хабарлайды.

Осымен аталған мәтін 2023 жылғы 25 желтоқсанда Санкт-Петербург қаласында қол қойылған Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Иран Ислам Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісімнің толық және тең түпнұсқалық көшірмесі болып табылатынын куәландырамын:

Армения Республикасы үшін – Армения Республикасының Вице-Премьер министрі М.Г. Григорян;

Беларусь Республикасы үшін - Беларусь Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары И.В. Петришенко;

Қазақстан Республикасы үшін – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М. Жұманғарин;

Қырғыз Республикасы үшін – Қырғыз Республикасының Министрлер кабинеті Төрағасының бірінші орынбасары А.А. Касымалиев;

Ресей Федерациясы үшін – Ресей Федерациясы Үкіметі Төрағасының орынбасары А.Л. Оверчук;

Еуразиялық экономикалық одақ үшін - Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының Төрағасы М.В. Мясникович;

Иран Ислам Республикасы үшін - Иран Ислам Республикасының Өнеркәсіп, кеніштер мен сауда министрі А.Али-Абади.

Түпнұсқа данасы Еуразиялық экономикалық комиссияда сақталады.

Барлығы көшірменің тігілген, қол
қойылған және мөрмен бекітілген
205 парағы

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Құқықтық департаментінің
Директоры*

В.И.Тараскин

Осымен 2023 жылғы 25 желтоқсандағы Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Иран Ислам Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісімнің қазақ тіліндегі мәтіні ағылшын тіліндегі теңтүпнұсқалы мәтініне сәйкес келетінін растаймын.

*Қазақстан Республикасының
Сауда және интеграция министрі*

А.Шаққалиев